

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРТА БІЛІМ: ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ**

**Талдамалық жинақ**

Астана  
2015

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2015 жылғы 20 шілдедегі № 6 хаттамасы)

Қазақстандағы орта білім: жағдайы және болашағы талдамалық жинағы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 224 б.

Талдамалық жинақта жалпы білім беру мектептеріндегі оқу-тәрбие үдерісі қарастырылған, орта білім беруді дамытудың халықаралық және отандық тәжірибесіне, оқытудың негізгі әдістеріне, оқулықтар мен оқу бағдарламаларының, оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық база сапасына, сонымен қатар инновациялық технологияларды енгізу жолдарына, республикадағы кадрлық және ресурстық қамтамасыз ету жағдайына талдау жүргізілген.

Талдамалық жинақ білім беру ұйымдарының басшылары мен қызметкерлеріне, облыстардың, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының басшылары мен әдіскерлеріне арналған.

## Кіріспе

«Қазақстан-2030» Стратегиясының маңызды ұзақ мерзімдік басымдықтарының бірі білім беру болып танылды. Елімізде жалпы білім беру мақсаты білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық бейімдеу болып табылады» [1]. Мемлекет Басшысы Н.Ә. Назарбаев әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына ену туралы міндеттер қойды.

Бұл мақсатқа жетуде білім беру жүйесін жетілдіру маңызды рөл атқарады. Халықаралық тәжірибеде адам капиталына салынған инвестиция, жекелеп алғанда, балалық шақтан бастап ересек жасқа дейін экономика мен қоғамға маңызды пайда келтіретіндігін көрсетті.

Өзгермелі заманға тез бейімделе алатын озық техникалық өндіруші жұмысшы күшін құру үшін адам капиталына инвестиция салу қажет.

Болашақтың жетілген экономикасы білім, дағды және халықтың қабілетін инвестициялайтын болады. Білім беруді әлеуметтік мұқтаждықтарға жай шығын ретінде қарастырып қоймай, экономикалық инвестиция ретінде түсіну керек.

Білім беру мен экономикалық өсуді байланыстыратын көптеген дәлелдер бар: макро-микроэкономикалық халықаралық зерттеулерді шолу, білім беру, кіріс және өнімділік арасындағы тығыз байланыстарды дәлелдейді.

Сонымен қатар, оқытудың ең ерте кезеңінде инвестицияның көптеген тиімділігі атап өтіледі; зерттеулер білім беруді дамытудың маңызын дәлелдейді. Экономикалық тиімділіктермен қатар білім беру басқа да әлеуметтік тиімділіктерді жасайды, азаматтық белсенділік таныту, жоғары әлеуметтік ынтымақтастық пен кіріктіру әлеуметтік капиталды қалыптастыруға ықпал етеді.

Ерте жастан бастап білім беру әлеуметтік, эмоциялық және басқа да өмірдегі қажетті дағдыларды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Барлық білім беру қызметінің одан әрі даму үлесі дәлелдермен толықтырылады.

«Қазақстан білім беруді жаңғыртуға түбегейлі өзгерістер қажет және оның сапасын жақсартуға білім беруде инвестицияны көбейту керек. 2020 жылы Қазақстан білімді ел, саикалы экономика және жоғары білікті жұмысшы күші бар елге айналды» деген жаңа ұлттық көзқарас ұсынылуда [2].

Білім берудің дамуы еліміздің болашақ экономикалық, саяси және еліміздің әлеуметтік-мәдени гүлденуіне сүйенетін болуы керек.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жалпы білім беру мектептерінде зияткерлік, дене және рухани жағынан дамыған Қазақстан Республикасының азаматын қалыптастыру, жылдам өзгеретін әлемде жетістікке жетуді қамтамасыз ететін, білім алуға деген оның сұраныстарын қанағаттандыру, мемлекеттің экономикалық саулығы үшін бәсекеге қабілетті адам капиталын дамыту атап көрсетілген.

«Бағдарлама білім беру саласы мемлекеттік саясатының ұйымдастырушылық негізі ретінде, құрылымдағы, мазмұндағы және білім мен

тәрбие технологиясындағы, басқару жүйесіндегі білім беру қызметінің субъектілері ұйымдастырушылық-құқықтық түрдегі және қаржылық-экономикалық механизмдердегі өзгерістерді қамтитын қорлар мен шаралар мерзімі бойынша өзара байланыс кешенін ұсынады» [3].

Елімізде орта білім беруді дамыту әлемдік білім беру реформалары мәнмәтінінде қарастырылады. Осы реформа негізінде жаңғырту идеясы жатыр, әлемдік білім кеңістігіне оның болашақта кіріктірілуі жалпы орта білімнің жана үлгісін енгізуді тұжырымдайды.

Заманауи білім беру саясатының негізгі бағдарларының бірі білім беру сапасы болып табылады. Білім беру сапасы мемлекеттік деңгейде ғана емес, нақты білім беру ұйымдарының деңгейіндегі бағалау нысаны. Қазақстанда жалпы орта білімді дамытудың ерекше үрдістері мектепте оқу мерзімінің ұлғаюы, жоғары сыныптарда міндетті бейіндік оқытуды енгізу болып табылады.

Білім беру жүйесін жаңарту үшін қоғамда соңғы жылдары бірқатар қадамдар жасалынды. Осылайша, білім беру сапасын бағалау критерийлерін әзірлеу үшін жұмыстар басталып, вариативтік білім беруді енгізу, жалпыға міндетті білім беру стандартын әзірлеу және енгізу іске асырылды.

«Қазақстан қоғамының заманауи геосаяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайы, әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктіру Қазақстан Республикасында орта білім беру жүйесін жаңғыртуды талап етеді» [4].

Бір жағынан, ұлттық-тарихи және этникалық дәстүрлер, екінші жағынан, жалпы әлемдік ойлауды дамытуға бағытталған жалпы мәдениет, жалпықазақстандық менталитет, сын тұрғысынан ойлауды және этикалық өлшеуді қамтитын білім берудің мақсаты мен құндылықтары есебінде анықталады.

Құндылықтар негіздемесі, бұл Қазақстандағы білім беру жүйесінің болашақтағы беталысы, адам ықпалы мен әрекетінің құндылықтар субъектісі ретінде рухани және адамгершілік бағдары болады, оның даму стратегиясын көрсетуіне мүмкіндік береді.

Білім беру жүйесі тұлғаның өзін-өзі жетілдіру негізі: мәдениет, денсаулық, жалпы және функционалдық сауаттылық, кәсіби бейімделуге; Тұлғаның әлеуметтенуінің негізі ретінде әлем, отбасы, Отанға; Адам мен тұтас адамзат тіршілігінің негізі ретінде табиғаттың табиғи байлықтарын сақтау және көбейтуге, танымға; тұлғааралық және мәдениетаралық әрекеттестік үйлесімділігінің шарты ретінде сүйіспеншілік және үндестік, өзі және Отаны алдында жауапкершілігі, әділеттілік, толеранттылыққа бағытталуы тиіс.

Білім беру саласында өзінің барлық буынының стратегиялық мақсаттары үшін бағдарының негізгі жасаушысы гуманистік мәдениетті дамыту есебімен басталатын бұл өмірлік бағдарлар бір-бірімен әрекеттесе отырып құндылықтар негізін құрады.

Білім берудің ұлттық құндылықтары халықтың ділдік ерекшеліктері мен дәстүрлердің бірегей тұрақты жүйесін анықтайды.

Мектеп халықтың дәстүрлерін тарату мен ұлттық сана-сезімдерін

қалыптастыруға, оқушыға мәдениет құндылықтарынан жалпықазақстандық әлемдік мәдениетті дамытуды қамтамасыз етуге үндейді.

Білім беру – жүйе ретінде оқушыларды мектеп пен отбасының тұтас педагогикалық үдерістері жағдайында, мектептегі барлық оқу жылдарында сәйкесінше білім берудің барлық деңгейлерінде негізгі құндылықтарына тартуды қарастырады.

Білім беру үдерісі – оқыту үдерісі және оның нәтижесі ретінде оқушыларда жаңа білім мен дағдылар қалыптасады, қоғамдық өмірге деген көзқарас қалыптасады.

Білім берудің нәтижесі жалпы орта және негізгі орта, бастауыш білім беру деңгейлері түлектерінің үлгісінде көрінуі тиіс.

«Негізгі орта білім беру деңгейін, сабақтастықты сақтай отырып, білім беру мазмұнын ұсыну жолымен оқушылардың жас мүмкіндіктеріне сәйкес жалпыадамзаттық мәдениет компоненттерімен толықтырыла, неғұрлым кеңейтілген білім беру салаларын құруға бағытталған. Мазмұн оқушыларға әлеуметтік дағдыларды, коммуникативтік құзыреттілік тәсілдерді және шарттарын меңгеруге, оларға маңызды, сонымен қатар кезекті бір жағдайларға саналы түрде бейімделе білу, білім алуын жалғастыруға дәлелді шешім шығара білуге қызмет етеді» [5].

Қазіргі уақытта елімізде жалпы орта білім беру жүйесі білім беру ұйымдарының келесідей негізгі типтерін: құрылымы мен оқытуды ұйымдастыру бойынша бірқатар айырмашылықтары бар жалпы орта білім беретін мектептер, гимназия және лицейлерді ұсынады.

Жалпы орта білім беру деңгейінің басты міндеттерінің бірі ұлттық және жалпы әлемдік рухани құндылықтардың үйлесімді сәйкестігі негізінде оларда тұлғааралық және этникааралық қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыру және оқушыларда ғылым жүйесі негіздерін игеру болып табылады. Жалпы орта білім қоғамға оқушының жетістікпен бейімделуін, оның қоғамда өз орнын табуын қамтамасыз етеді.

## **1 Әлемдегі орта (бастауыш, негізгі және жалпы орта) білімнің дамуының негізгі үрдістері: әдіснаманың өзгеруі және мазмұнның жаңаруы**

Соңғы онжылдықта білім беру жүйесінің рөлі едәуір өсіп, түбегейлі өзгерді. Ақпараттық төңкеріс және ақпараттық қоғамды қалыптастыру білім берудің дамуына ықпал ететін басым факторлар ретінде көрсетті.

Білім беру саласындағы үрдістер әлемдік қауымдастықтың әлеуметтік-саяси және экономикалық өміріндегі өтіп жатқан өзгерістерге үздіксіз байланысты. Осы тұрғыда әлемдік білім берудің негізгі үрдістерін бөліп алып талдауға тырысамыз.

Қоғамның даму қарқынына байланысты білім беру эволюциясы байқалуда және білім беру жүйесінің дамуына ықпал ететін басым факторларды, соның ішінде практикада қолданылатын инновациялық даму мен тәсілдерін бөліп қарауға болады.

Білім беру экономиканың дамуында түйінді ұстанымдарды ала бастады, қоғамдық өмір құрылымында, оның білім беру және экономика сияқты салалары арақатынасында білім берудің алатын орнын түбегейлі өзгертті.

Жаңа білім, ақпарат, білік, дағдылар игеру, олардың жаңаруына бағдарлану және дамуы заманауи білім беруге тән, үрдістердің іргелі сипаты болып табылады.

Ақпарат және іргелі білім еліміздің стратегиялық қоры болып табылады және білім беру жүйесінің дамуына үздіксіз ықпал етеді.

Білім беру мәселелерін шешу, оның жаңаруы әлем елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына, оның келешегі мен жаһандық мәселелерін шешуге ықпал етеді.

Көбінесе білім беру ресми мектеппен, және жоғары білім беру деңгейіне де теңдестірілмейді, егерде онда адам мінез-құлқының үлгісі мен нұсқауын өзгерту мақсаты жаңа білімді беру, оның білігі мен дағдыларын дамыту жолы болса, сондай-ақ заманауи қоғамда кез келген қызмет білім беру ретінде айтылады.

ЮНЕСКО-ның «Өмір сүруді үйрену» баяндамасында білім беру мектеп қабырғасымен шектелмеуі керек» [6] деп атап айтылған. Көптеген мекемелер, оқытуға арналған не арналмағандығына қармастан білім беру мақсаттарында қолданылуы керек.

XXI ғасырға тән тұлғаның даму тұжырымдамасына өту тек басымдықтардың өзгеруіне байланысты емес: мемлекеттік тапсырыстан әрбір тұлғаның қажеттілігін қанағаттандыруға мамандар даярлауға мемлекеттік тапсырыс, білім берудің дараланған сипатын дамыту, жекелеген нақты адамның мүмкіндігін ескеруге және оның өзін жүзеге асыруға ықпал етеді.

Осы үдеріс білім берудің жаңа стандарттарын, түрлі білім беру бағдарламаларын білім алушылар, педагогтердің жекелеген мүмкіндіктеріне сәйкес әзірлеуді жобалайды.

Әлемдегі заманауи білім беруді дамытудың маңызды міндеттерінің бірі адамзаттың ғылыми жетістіктері мен заманауи және перспективті ақпараттық

технология құралдарын қолдану арқылы білім алушыларда оқу білігін, өз бетімен когнитивтік қызметте қолдана алу білігін қалыптастыру болып табылады.

XXI ғасыр адам қызметінің түрлі салаларында білім беруді жаңарту технологиясын жылдамдатумен сипатталады. Үздіксіз білім беру тұжырымдамасы, оның тәжірибеде жүзеге асырылуы, заманауи әлемде білім беру рөліне көзқарастардың радикалды өзгеруі білім берудің тиісті жүйесін қалыптастыруға ықпал етті.

Білім беру жүйесін дамыту көптеген факторларға және қоғамдағы келеңсіз үрдістерге (күйзеліс, өтпелі кезең және т.б.) байланысты. Көптеген елдердің білім беру жүйесінің қаржылық күйзелістен шығу жолдарын іздеу тек ұлттық емес, әлемдік білім беру нарығының пайда болуына алып келді. 90-шы жылдардың ортасында шетелдік азаматтарға осындай қызмет көрсету, бірқатар мемлекеттердің жалпы бюджеті мөлшерін салыстырғанда АҚШ - та шамамен 100 млрд. долларға бағаланды. Осы жалпы соммадан АҚШ 18 млрд. доллар пайда түсірді, онда «студенттерді іске тарту» бойынша мақсатқа бағытталған жұмыстар өткізілді.

Білім беру саласындағы нарықтық қатынастарды дамыту мемлекеттік қаржылық мәселелердің шиеленісуіне ықпал етті. «Егерде 60-шы жылдары көптеген елдерде білім беруге бағытталған ұлттық өнімнің барлық үлесі тез қарқында өссе, 80-ші жылдардың басында дамыған, дамушы елдерде білім беруге жұмсалатын мемлекеттік шығын қысқарды немесе сирек кездесті, тұрақтанды» [6].

АҚШ-тың өзінде мемлекеттің әлеуметтік саясатының нағыз басым саласы білім беру ( АҚШ - та бұл саланы құқығы бойынша «мемлекеттегі мемлекет») болып табылады, қорғаныспен салыстырғанда білім беруге көп қаржы бөлінеді, мемлекеттік қаржыландыру мәселелері шиеленісуде.

Аталған үрдістер жаңа білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыттарын анықтады. Бұл жаңа жүйенің дәстүрлі жүйеден түбегейлі айырмашылығы оның технологиялық базасында болып табылады.

Жаңа білім беру жүйесі жоғары әлеуетті компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларды жүзеге асыруға бағытталған. Яғни, жаңа ақпараттық технологиялардың технологиялық негізі жаңа білім беру жүйесінің басты артықшылықтарының бірі – қашықтықтан оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Заманауи білім берудің негізгі үрдістері білім алушылармен жекелеген қарым-қатынас жасау тура оқытудан біртіндеп араластыру басымдықтары болып табылады. Заманауи білім берудің негізгі белгісі ретінде оқытуда түрлі тәсілдердің, сонымен бірге оқыту әдістерін жүзеге асыруда айқындалатын диалогті атауға болады.


Заманауи мектеп түлегіне білім мен білік жиынтығы ғана емес, оны алу қабілеті; орындаушылық емес, бастамашылдық және өзіндік жұмыс керек.

Өздігінен дамуға тура үйретуге болмайды, яғни бұл қабілет бір-біріне берілмейді.

Педагог білім алушылардың өзін-өзі дамыту үшін жағдай жасау керек

және мұғалімнің осындай білігі кәсіби талап болып табылады. Жаңартылған білім беру үрдісінде кәсіби педагог пәндік білімді тасымалдаушы ғана емес, ол білім алушылардың көп жоспарлы әлеуметтік маңызды қызметін, шығармашылық тапсырмаларын шешу бойынша оқу жұмысының ұйымдастырушысы болып табылады.

Бүкіләлемдік баяндамада «Баршаға арналған білім» мониторингі бойынша түрлі әлем елдерінің білім беруді дамытудың негізгі үрдістері көрсетілген және 2015 жылы әлемде ондаған миллион бала бұрынғысынша мектепке баратындығы атап көрсетілген. Әлемде және жекелеген аймақтарда мектепке бармаған бастауыш мектеп жасындағы балалар саны көбеюде. Орта білім беруде теңсіздік сақталуда. Орта білім берумен қамтылғанына қарамастан, орта мектеп жасындағы балалардың едәуір бөлігі бұрынғысынша мектептен тысқары жұмыс істеуге мәжбүр болуда. Біреулері мектепті тастаса, басқалары жұмысты оқумен біріктіруде. Жұмыс істейтін білім алушылар базалық дағдыларды алуда замандастарынан қалып қоюда. Жұмыс істейтін білім алушылардың пайыздық үлесін көрсету мүмкін емес, сауалнамалар барысында ата-аналар олардың балаларының жұмыс істеуге мәжбүр екендігін мәлімдегісі келмейді. Алдын ала қарастырылған міндеттермен қатар үлкендер мен жастарға оқу мен дағдыларды меңгеру үшін тең мүмкіндіктер берілгендігі баяндамада атап көрсетілген, Дакарлық іс-әрекет аясына сілтеме жасалған: «Барлық үлкендер мен жастарға білім алуға мүмкіндігі беріледі және құндылық ұғымдарды, әлеуметтік нұсқауларды және кәсіптік дағдыларды дамытады, оның зардаптары оларға жұмыс жоспарында өз мүмкіндіктерін кеңейтуге, өз қоғамының өміріне жан-жақты қатысуға және оқуды жалғастыруға мүмкіндік береді» [7]. Бағдарламалық оқуға және өмірлік дағдыларды алуға жастардың қол жетімділігін қамтамасыз етуді 1-суреттен көруге болады (1-сурет).



*Дереккөз: Білім беру бойынша әлемдік форум, Дакар қ.*

1-сурет – Бағдарламалық оқуға және өмірлік дағдыларды алуға жастардың қол жетімділігін қамтамасыз ету (әлемнің 167 елі)



Көптеген елдер «қатты» және «жұмсақ» дағдылардың деңгейін үздіксіз өлшеу үшін көрсеткіштерді әзірлейді, қалыптастыру онда білім беру жүйесі аясында жүзеге асырылады.

Әлеуметтік-эмоциональды (жұмсақ) дағдылар мектептің оң тәжірибесі нәтижесінде қалыптасады және еңбек нарығында жетістік үшін маңызды, когнитивтік («қатты») дағдыларға қарағанда маңызды рөл атқаруға қабілетті. «Қатты» және «жұмсақ» дағдылар деңгейін үздіксіз өлшеу үшін көрсеткіштерді қолданудың екі үлгісімен ересектер құзыреттілігін халықаралық бағалау бойынша Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымдары бағдарламасы, сонымен қатар ағымдағы Дүниежүзі банкі «Жұмыспен қамту және өнімділікпен қамтамасыз ету үшін дағдылар» зерттеулері қызмет етуі мүмкін. Олардың нәтижелерін білім берудің түрлері түрлі дағдыларын қалыптастыруға қалай ықпал етеді, бұл дағдылар адамның қызметке орналасу мүмкіндігін кеңейту мен оның қоғам өміріне араласуына қалай көмек көрсетеді деген түйінді сұрақтарға жауап беру үшін қолдануға болады.

2000 жылдан кейін білім беру саласында көптеген ұлттық жоспарлар пайда болды. Дегенмен «Баршаға арналған білім» аймағында ұлттық саясат және практикалық қызметті нығайтуда жаңа білім мен құралдар қамтамасыз еткендігін сенімсіздікпен айтамыз. Барлығы үшін жақсы үлгерімді қамтамасыз ету мен оның барлық аспектілерінде білім беру сапасын көтеру басымдық болып табылды, әсіресе, сауаттылыққа, есептер мен маңызды өмірлік дағдыларға қатысты әрбіреуі оқыту нәтижесін бағалау мен танымалдыққа жету керек.

Білім алушылар мен мұғалімдер саны арасындағы арақатынас бастауыш білім беру сатысында әлемнің 146 елінде 83%-ға азайған.

Дегенмен, еліміздің үштен бір бөлігінде ұлттық стандарттарға жауап беретін кәсіби дайындықтан бастауыш мектептің 75%-дан кем емес мұғалімдері өткен. Зерттеудің бірінші кезеңінде 105 елдің 87-де орта білім беру деңгейінің оқушы/мұғалім арақатынасы 30:1 кем көрсеткішін құрайды.

Мысалы, 2007 жылы Корея Республикасында орта білім беруді үйлестіру, дамыту және жүзеге асыру мәселелерін қайта қарастырды.

Қызығушылық танытқан тараптарды жұмылдыру мақсатында, қызметтің көптеген бағыттары қайта қаралды, мысалы, өмір бойы білім алу үшін оқыту орталығын таңдау мен дамыту бойынша науқан өткізілді. Қатысу коэффициенті шамамен 2008 жылы 26%, 2012 жылы 36%-ға дейін өскен.

Білім беру бойынша 2000 жылы Дакарда өткен Бүкіләлемдік форум қатысушылары арасында техникалық және кәсіптік дағдыларды дамыту қажеттілігін қолдағандар болды.

Дағдылар анықтамасы кеңейді және өмір сүру жабдықтарын алуға байланысты енді дағдылар шектелмейді. Көптеген дағдыларды жасаудың жақтастары оны бүгінде жеке емес, жалпы білім берудің ажырамас бөлігі ретінде қарастырады, жұмыс дағдыларымен қатар базалық және берілетін дағдыларды, кәсіби және өмірлік дағдылармен біруақытта берілетін дағдыларды алу мен негізін салуды қалыптастыруды қамтамасыз етуге

мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта әлемнің 28 елінде кәсіби дайындықтан өткен (жалпы білімнен айырмашылығы) білім алушылардың пайыздық үлесіндегі маңызды өзгерістер атап көрсетілуде. Орта білім сатысындағы білім алушылардың жалпы санынан бұл үлес көрсеткіші 12 елде көбейсе, ал 16-сында қысқарған. Соңғы жылдары бірқатар елдер білім беру саласындағы, соның ішінде ересектер мүмкіндіктер теңдігі мәселесін шешу кезінде әртүрлі нәтижелерге жетті. Бразилияда дағдыларды қалыптастыру бойынша «Жастар мен ересектер үшін білім беру» бағдарламасы ресми білім алмаған 15 жастан асқан тұлғаларға бағытталған. 2012 жылы бұл бағдарлама аясында үш миллионға жуық оқушылар, мигранттарды қосқанда, ауыл қызметкерлері мен кедей және жұмысшы отбасының өкілдері тіркелген.

Бұл бағдарлама білім берудің төменгі сапасымен және білім алушылардың үлгере алмауының жоғары деңгейімен сипатталады.

2006 жылы Норвегияда кең масштабтағы бастаманы өткізуге кірісті, оның аясында жұмыс берушілерге тілдік қарым-қатынасы және АКТ, есеп, сауаттылық салаларында жалпы дағдылары төмен қызметкерлері үшін оқу курстарын ұйымдастыруға қаржы бөлінген.


2008 жылы Вьетнамда білім беру бағдарламаларымен 10 миллионға жуық адам қамтылған.

Дакар конференциясынан кейін көптеген мемлекеттер білімге деген қолжетімділікті кеңейту аясында үлкен жетістіктерге жетті, алайда бұл оның сапасының айтарлықтай жоғарылауына себепші болмады. «Білім сапасының нақты көрінісі 2015 жылдан кейінгі кезеңіндегі жаһандық күн тәртібінде анық көрініс табуы мүмкін, себебі 2013-2014 жылдары 250 миллион баланың 130 миллионы мектепте 4 жылдан кем емес оқыса да, ең оңай біліктерді игеруге мүмкіндіктері болмағанын көрсетеді» [8].

2007-2014 жылдар аралығында 60-тан астам мемлекет бір немесе бірнеше рет бастауыш сыныптарда оқу білігін бағалауды жүргізді. 2014 жылы 20-дан астам мемлекет бастауыш сыныпта санау білігін бағалауды жүзеге асырды. Зерттеу қорытындылары балалардың мектепте 2-3 жыл оқығаннан кейін бір сөздің басын қосып оқи алмайтынын, ал көптеген мектептерде бастауыш сыныптарда арифметика негіздері оқытылмайтындығын көрсетіп отыр. Зерттеу қорытындылары көптеген үкімет орындарын оқушылардың ең аз оқу және санау біліктерін игеретіндей етіп саясатты қайта қарастыруға мәжбүр етті.

Осылайша, аймақтық және халықаралық үлгерімді бағалау оқыту нәтижелерінің шынайылығының деңгейін өлшеуге көмектеседі. Дәстүрлі бағалаудан бөлек әлем елдері бірлесіп оқушылардың үлгерімі мен олардағы оқыту жүйелерін салыстыру жұмыстарын жүргізіп отырады. Латын Америкасында жүргізілген зерттеулері оқушылардың академиялық үлгеріміне қатысты компоненттерді – оқытуды ұйымдастыру, оқу бағдарламасы және отбасы жағдайы, сонымен қатар жалпыұлттық прогресті, оның ішінде теңсіздікті төмендету аясында мәселелерді бағалауға мүмкіндік беріп отыр (2-сурет).

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымдары жүргізген оқушыларды халықаралық бағалау бағдарламасы әлеуметтік мәртебе аясындағы және сауаттылық пен санау біліктері арасындағы теңсіздіктердің арақатынасын бақылауға мүмкіндік беретін 15 жастағы оқушылар туралы ақпаратты жинауды қамтамасыз етіп отыр.



Дереккөз: «Education for All 2000-2015: Achievements and Challenges» ЮНЕСКО

2-сурет – Бастауыш және орта білімде оқу мақсаттарына жету (үлгерімді бағалау қорытындысы бойынша)

Көптеген Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымдары мемлекеттері Оқушыларды халықаралық бағалау бағдарламасына жауап ретінде саясатқа реформалар мен бастамалар енгізді. Көптеген мемлекеттердегі оқу үлгерімдерін бағалау оқу бағдарламалары мен оқыту үдерістері реформаларына өз әсерін тигізеді. Алайда, аймақтық және халықаралық бағалаулар өз мәселелерін алға шығара алады.

Білім мен білікті талдау және мониторингтеудің тиімді стратегиялары барлық мемлекет аясында оқу нәтижелері бойынша ақпарат беретін таңдаулы зерттеулер негізінде оқушылардың үлгерімін кең ауқымда бағалауды талап етеді. Дакар конференциясы кезеңінде оқушылардың үлгерімін ұлттық бағалау

саны өсті: 1990-1999 жылдары жалпы саны 283 бағалау жүргізілсе, 2000-2013 жылдары олардың саны 1167-ге жетті. Бұндай бағалаудың кең тарауы бай мемлекеттерде ғана емес, кедей мемлекеттерде де өсті.


Ұлттық бағалаудың көпшілігі білім беру ұйымдарына оқушылардың білімі мен құзыреті деңгейін көтеруді үндейді. Білім бойынша 54 халықаралық зерттеуге шолу жасау үлгерімді ұлттық бағалау қорытындылары бойынша әзірленген білім беру аясындағы саясат оқу бағдарламаларының реформасы мен оқулықтарды қайта қараудан бастап педагогикалық білім мен мұғалімдердің біліктілігін арттыру, оқу материалдарын дайындау, ата-аналарды жұмылдыру, тиімділік стандарттарын әзірлеу мен үлгерімі төмен мектептерге қолдау көрсету үшін тәсілдер жасауға дейінгі кең ауқымға ие екенін көрсетіп отыр.

Білім беру қоғамның қарқынды дамуына қызмет етіп, әр адамға өмірден өз орнын табуға үйретуді үндейді. Білімді адам сұранысқа ие жоғары дәрежелі маман болуы мүмкін. Сондықтан жаңарған білімді жеке тұлға үшін ғана емес, әр мемлекет үшін де стратегиялық жоспар тұрғысынан ең тиімді инвестициялық жоспар деп қарастыру керек.

Білім мазмұнын жаңарту оқыту қызметінің түрі мен білім беру кеңістігі типтерінің сәйкесінше өзгерісін талап етеді. Дәстүрлі оқытуға тән мақсат пен міндеттерді, соның ішінде өзгерген жағдайлар түсіндіріліп және бейімделуге тиіс жалпыадамзаттық құндылықтарды қайта қарау, қайта бағалау мәселесі алғашқы орынға қойылып отыр.

Оқыту үдерісі «орташа» оқушыға бағытталған дәстүрлі оқытудағы мәселелерді шешу білімді жаңартудың құрама бөлігі болып табылады. Егер білім беру стандарттарының талаптары жоғарылаған жағдайда, «орташа» оқушы оқыту үдерісінен түсіп қалады, ал мықты және дарынды балаларға бұл деңгейде оқыған қызықты емес, сол себепті бұл білімді регрессивті етеді. Жаңа білім беру парадигмасында адамның, жалпы қоғамдық прогрестің дамуына себеп болатын ізгілік ұғымының мазмұны да өзгереді.

Білім мазмұнын жаңартудың шынайы тәжірибесін әлемдегі орта білім жүйесін дамытудың негізгі үрдістері көрсетеді. Білімді дамытудың үрдістерін анықтау орта білімді дамытудың дұрыс тұжырымдамаларын жасауға және оның тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Білімді дамытудың жалпы процестері көп мемлекеттерде бар, бірақ олардың көрініс табуы әр елдің қоғамының жалпы жағдайына, мәдени, ұлттық және білім берудегі үрдістерімен анықталатын ерекше сипатқа ие. Әлемнің түрлі мемлекеттеріндегі білімді дамытудың ұлттық үрдістері жалпыәлемдік тенденцияларға байланысты. Орта білімді дамытудың жалпыәлемдік үрдістері болып: ізгілендіру, демократияландыру, плюрализацияландыру (вариаттылық және баламалылық), интернационаландыру, жаһандандыру, дифференциалдандыру, үлгілендіру, аймақтандыру, үздіксіз оқыту жүйесін жасау болып саналады (3-сурет).



*Дереккөз: Болашақ: білім беру мәселелері. Париж: ЮНЕСКО, 2013., № 3*

### 3-сурет – Орта білім дамуының үрдістері

Орта білім жүйесін дамытудың негізгі үрдістерін еуропа мемлекеттерінің мысалында нақтылауға болады:

Орта білім беру жүйесіндегі жекелену және бөлшектеу үрдістері (лицейлер мен коллеждер жергілікті маңыздағы оқу орындары мәртебесін алды), білім беру жүйесін орталықсыздандыру құқықтық негізі 90 жылдары қабылданған заңдар мен оны реттеуші құжаттар болды;

Мектептегі оқыту жүйесін орталықсыздандыру үш бағыт бойынша әрекет етеді: өкілеттілікті жергілікті билік өкілдеріне тапсыру, министрлік пен білім беру ұйымдары директорлары арасында әкімшілік қызметті қайта үйлестіру

және оқыту мекемелерінің дербестігін ұлғайту;

Тану әдістері мен тәжірибелік қызметтерді игеруге, сонымен қатар жаңа білім алып оны тәжірибеде қолдануға жағдай жасайтын түбегейлі білімді алуға мүмкіндік беретін орта білім мазмұнын түбегейлендіру және кіріктіру үрдісі.

Озық оқыту арқылы білім беру үдерісінің құрылымы. Ол «қолдау» қағидатына сүйенетін дәстүрлі оқытудан ерекше. Орта білімдегі озық оқыту білім мазмұнын өзгерту арқылы қамтамасыз етіледі. Оның бағыттары болып тек бастапқы білім үлесін жоғарылату ғана емес, сонымен бірге орта білім жүйесіне ғылыми білімді енгізумен байланысты біріктіру процестері (жаңа мазмұнның жасалуы, жүйені құрастыру процесі, сапаны бағалау) саналады. Еуропа мемлекеттеріндегі орта білімдегі кіріктірілген бағдарламаға мысал ретінде физика, химия, биология, геология және астрономия білімдерінің элементтерін, эксперименттік, экономикалық және гуманитарлық, экономикалық ғылымдар бойынша кешендерді қамтитын «Жаратылыстану және технология» пәнін алуға болады. Еуропада оқытудың түбегейлігі оның тұтастығын қамтамасыз етеді: бөлек пәндер жалпы мақсатты қызмет пен пәнаралық байланысты сақтай отырып бірыңғай пәндер циклына кіріктіріледі. Соңғы 10 жыл ішінде білімнің кіріктірілуі батысеуропа елдерінің бір-бірімен жақындасып, жас ұрпаққа көпмәдениетті және көптілді Еуропада өмір сүруіне қажетті білім мен біліктерді алу процесінің жүріп жатқандығын көрсетеді.

Оқытудың дифференциалданған түрлерін дамытудың жаңа бағыттарын іздеуде байқалатын оқытуды дифференциациялау және әртараптандыру үрдісі (жаңа курстарды жасау). Білім беруде оқушылардың жеке бас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын анықтау жолдарын іздеу жүргізілді. Оқытудың дифференциациялануы құрылатын негіз өзгерді, қайта оқытудың объектісі болып «анықтау» сыныбы атауын алған лицейлердің 2-сыныбы алынды. Секциялар жойылып, мемлекеттік тіл, бірінші шет тілі, математика, барлық оқытылатын пәндер бойынша міндетті цикл, оның ішіне физикалық және жаратылыстану ғылымдары, дене шынықтыру енгізілді.

Дифференциацияның маңызды бағыты – өтемдік оқыту, яғни артта қалған оқушылармен қосымша педагогикалық жұмысты күшейту. Өтемдік оқыту жүйесіне қосымша сабақтар, сыныптардың толық болмауы, бейімделу сыныптары кіреді. «Еуропа елдерінде, яғни Францияда өтемдік оқытуды жүзеге асыруға байланысты сыныптық-сабақтық жүйені, оқыту және оқуды реформалау моделдері жасалды» [8]. «Өзіндік ырғақта» жекелей оқыту алғашқы орынға қойылды. Сабақ кестесі қайта қарастырылып, сыныптар топтарға бөлінді, үй тапсырмасы біртіндеп азая бастады. Барлық білім алушыларға арналған оқыту қызметін кеңейтуге бағытталған білім жүйесін дифференциациялауды қоғамдық талап деп тану еуропа елдеріндегі білім жүйесінің дамуындағы артықшылық болды.

Оқытудың жаңа технологияларын қолдану үдерісі. Білім беру үдерісін ұйымдастыруды жетілдіру және тиімділігін арттыруға компьютерлер, бейне-теле-галотехника үлкен мүмкіндіктер туғызды. Әртүрлі мемлекетте білім беру жүйесін үлгілендіру оқыту технологиясына сүйенген. Еуропалық орта білімдегі

инновациялар мектептерде үш бағыт бойынша инновацияларды іске асыруды көздеп отыр: информатика пәнін оқытудың сапалы жаңа деңгейін жасау; информатика мен аудиовизуалды құралдарлы кіріктіру; бұқаралық ақпарат құралдарын жұмылдыру.

Мемлекеттік заңнамамен бекітілген, жалпы білім беру деңгейін көтеруге мүмкіндік берген лицей оқушыларының саны басым бакалавр дипломын алу үдерісі. Сонымен қоса, мектептік білімді 9 жастан 12 жасқа ұзартуды шамалайды. Оқушылардың 80%-ы бакалавр дипломын алатын деңгейге көтерілулері керек. Мысалы, Францияда лицейлердің бітіруші сыныптарына оқушылардың 56% ғана өткен. Талдау емтихандарда оқушылардың іріктелу пайызы көрсеткішін сақтағанның өзінде 2000 жылы бакалавр үлесі жыл сайынғы бітірушілер санынан 30%-дан 54%-ға өсті. Бакалавр дипломын алу тәртібін жеңілдетуге бағытталған әдістердің ішінде мыналарды атап өткен дұрыс: екі жыл бір сыныпта қалушылықтың азаюы (2%), 1-сыныптан бітіруші сынапқа өту емтихандарын жеңілдеті немесе мүлдем алып тастау.

Орта білімнің жеке секторына шектеу қою және оны дәстүрліге жақындастыру үрдісі.

Орта білімнің кәсіптік біліммен бірізділігі және кәсіптік дайындауда жалпы білімдік компоненттерді көбейту үрдісі. Көптеген елдердің білім беру жүйесінің заңнамасында «әр жас адам білім деңгейіне қарамастан орта білім жүйесінде оқуын аяқтамас бұрын кәсіби даярлықтан өтеді» [9] деген ереже бар.

Еуропа заң шығарушылары міндетті онжылдық оқудан кейін, орта мектеп барлық оқушыларға мектеп бағдарламасы аясында білім алуларына ғана мүмкіндік жасап қоймай, алдағы үлкен және дербес өмір сүруіне дайындайтын кәсіби біліктерді де игеруіне жасау керек деп есептейді.

Білім мазмұнындағы өзгерістер мектеп пен өндірісте оқушылардың мектептен алған біліктерін шынайы жағдайда қолдануларына мүмкіндік жасайтын кезектестіріп оқытуды дамытуды көздейді. Кезекпен оқытудың мәні теориялық оқытудың тәжірибемен ғана емес, әрдайым мамандық бойынша толық еңбек қызметімен жалғасып, кезектесіп отыратындығында жатыр [9].

Еуропалық мектептердегі білім мазмұнын жаңарту бойынша бар құжаттарды талдай келе, 80-90-шы жылдары шынайы жүргізілген білім мазмұнын реформалау процесі нәтижесінде мектеп елеулі түрде өзгерді, көп қырларына өзгерістер енгізілді, ол өз кезегінде жаңа білім идеологиясын қалыптасуына әкеп соқты деген қорытынды жасауға болады.

XXI ғасырдың басында әлемдегі білім беру жүйесінде келесі жаһандық үрдістер айқын көрініс тапты:

1) білім беру жүйесін демократияландыруға талпыныс. Бұл мемлекет халқының барлығына, ең алдымен, қабілетті дарынды жастарға олардың әлеуметтік шығуы мен материалдық жағдайына, білім сатысы мен деңгейінің сабақтастығына байланыссыз білімді қолжетімді етеді;

2) барлық үміткерлерге білім алу құқығын қамтамасыз етуге талпыныс, яғни әр адамға қалаған оқу орнында білім алуына нақты және тең мүмкіндік беру;

3) балаларды мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің мерзімі мен

сапасын біртіндеп көтеру. Еуропаның француз тілді мемлекеттеріндегі білім беру жүйесіндегі тәжірибелер көрсеткендей мектепке дейінгі мекемелер білім берудің келесі деңгейлерінің сәтті жұмысын жеңілдетеді;

4) бастауыш мектептің тиімді жұмысын бағдарламалар мен оқыту мазмұнын қайта қарастыру, педагогикалық жұмысқа педагогикалық училищенің емес университет түлектерін тарту арқылы жоғарылату;

5) негізгі (базалық) мектепті қайта құру (оқушыларды оқу-кәсіптік бағыттауды барынша кең қамтамасыз ете отырып базалық білім мен біліктің негізін салу);

6) кәсіптік білім беру жүйесін біртіндеп қиындату, басым көпшілігі 18-23 жастағы жастарға арналған оның жаңа нұсқаларын жасау және қолдану, сонымен қатар өте тар кәсіп пен қызмет түрінен, және жастарды бірден бірнеше мамандық бойынша дайындаудан бас тарту;

7) мектептің «білімі орташа» оқушыға бағытынан ауытқып, оның дарынды балалар мен жастарға, оқыту үдерісі кезінде олардың қабілеттері мен шығармашылық әлеуеттерін ашу мен дамытудың ерекшеліктеріне деген қызығушылығын арттыру;

8) ерекше қажеттіліктерге ие балалардың білім алуын қамтамасыз етуге қосымша ресурстар іздеу;

9) оқыту нарығының біртіндеп өсуі және олардың шоғырының кеңейуі;

10) әлемнің дамыған мемлекеттерінің барлығында қаржыландырудың басым объектісіне айналу, адами капиталды қаржыландырудың болашағы барын ұғыну;

11) бір жағынан білімді қатаң орталықтандыру мен стандарттау арасында дұрыс мәміле іздеу, екінші жағынан оқу орындарын толық автономияландыру;

12) әртүрлі қызығушылықтарды, оқушылар қабілетінің дамуына бағытталған оқу-ұйымдастыру шараларының шоғырын кеңейту;

13) оқыту қарқынында және оқушылардың болашақ мамандықты таңдауда тұтастылықты қамтамасыз ететін көп деңгейлі білім беру жүйесін дамыту;

14) білім беру саласында мемлекетаралық ынтымақтастық. Аталмыш процестің белсенділігі ұлттық білім беру жүйесінің болашағы және мемлекеттердің серіктестігі мен осы ынтымақтастықтың жеке қатысушыларының тең жағдайын қамтамасыз етумен байланысты;

15) қалыптасып қалған ұлттық дәстүрлер мен мемлекет пен аймақтардағы ұлттық сәйкестіктерді сақтай отырып жаңалықтарды тарату. Білім беру кеңістігі көпмәдениетті және адамзат пен жалпы өркениеттің дамуына әлеуметті бағытталған, халықаралық білім беру кеңістігін әзірлеуге дайын, мәдени жағынан да, білім беру жағынан да ұлттық сипатта, адамзатты әлемдік өмірлік құндылықтарға, жалпы өркениеттік жетістіктер қазынасына араластыруға ашық.

Білім беруді дамытудың қарастырылған әлемдік үрдістері ортақ сипатқа ие. Бірақ білім берудің барлық деңгейін дамыту үшін өздерінің мақсаттарына, ерекшеліктеріне, орындалу сипатына және түлектерді дайындауда жаңа әлеуметтік талаптарына шартталған ерекше үрдістер орын алады.



## 2 Қазақстанда орта білім беру (бастауыш, негізгі және жалпы орта): жағдайы, проблемалары және дамуының басым бағыттары

### 2.1 Білім беру жүйесінің көрсеткіштері

Қазақстанда орта білім алу міндетті болып табылады және оқушылардың мемлекеттік мектептерде тегін оқуға құқылары бар. Оқушылар өздері білім алғысы келген мектептерді таңдауы мүмкін, мұндай жағдайда басымдылық мектеп бекітілген шағын аудандарда тұратын тұрғындарға беріледі. Оқушылардың мектепке баруы жүз пайыз болып табылады. 2013-2014 оқу жылында бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің бағдарламаларын іске асыратын 7648 мектепте 2 571 989 оқушы оқыды. Білім беру жүйесіне мектептердің әртүрлі типтері мен түрлері кіреді, оның басым бөлігі (95,5%) мемлекеттік және ҚР БҒМ ведомствалық ұйымдарына бағынысты мектептер болып табылады (1-кесте).

1-кесте – Негізгі білім беру статистикасы, 2013-2014 оқу жылы

Жалпы білім беретін орта мектеп	Мектеп саны	%
Мемлекеттік мектептер	7 307	95,5
Жекеменшік мектептер	107	1,4
Кешкі мектептер	81	1,1
Назарбаев Зияткерлік мектебі (НЗМ)	15	0,2
Басқа мектептер	138	1,8
<b>Барлығы</b>	<b>7 648</b>	<b>100</b>

Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

Соңғы он жылда мемлекеттік емес мектептердің саны көбейе түсті, бірақ олар еліміздегі барлық мектептердің 1,4% құрайды, онда 0,8% оқушы білім алуда. Елімізде 2013-2014 оқу жылында жұмыс істеген 107 мемлекеттік емес мектептердің жартысынан астамы Алматы және Астана қалаларына тиісті. Мемлекеттік емес мектептер халықаралық іс-тәжірибелерді ескере отырып әзірленген оқу бағдарламаларымен оқытады, оқу үшін төленетін ақыны өздері белгілейді және олар мемлекет тарапынан қаржыландырылмайды.

Мектептердің басым бөлігі жалпы білім беретін күндізгі мектептерге жатады, оларда балалар 1-сыныптан 11 немесе 12-сыныпқа дейін оқиды; күндізгі мектептердің 13%-ы тек бастауыш сыныпта, яғни 1-ден 4-ке дейін; мектептердің 15%-ы 5-9-сыныптарда ғана оқытуды жүзеге асырады. Жалпы білім беретін күндізгі мектептердің жартысынан астамы (52%) қазақ тілінде, 18,4% - орыс тілінде білім береді және 28,5% мектеп «аралас тілде оқытатын» мектептердің қатарына жатады; одан басқа жалпы білім беретін күндізгі 3 мектеп - тәжік тілінде, 14 – ұйғыр тілінде , 57 – өзбек тілінде білім береді (2-кесте).


2-кесте – Білім беру статистикасы, 2013-2014 оқу жылы

Мемлекеттік күндізгі жалпы білім беретін мектептер	Мектеп саны	%	Бала саны	%
Қазақ тілінде оқытатын	3 800	52	1 649 059	65,3
Орыс тілінде оқытатын	1 345	18,4	779 748	30,8
Басқа тілде оқытатын	74	1	96 240	3,8
Бір тілден артық тілде оқытатын мектептер	2 088	28,5	34 807	1,4
Қалалық мектептер	1 605	22	1 403 377	55,6
Ауылдық мектептер	5 702	78	1 121 670	44,4
<b>Барлығы</b>	<b>7 307</b>	<b>100</b>	<b>2 525 047</b>	<b>100</b>

Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

Дарынды балаларға арналған мектептер мен пәнді тереңдетіп оқытатын (мысалы, математика, жаратылыстану ғылымдары, әлеуметтік ғылымдар, гуманитарлық пәндер, музыка, өнер) мектептердегі оқушылар саны өсуде. Гимназиялар мен лицейлер пәндерді тереңдетіп оқыту бойынша басқа мектептерге үлгі бола алады. Алайда, Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасымен құрылған Назарбаев Зияткерлік мектептері (НЗМ) жаңа білім беру практикаларын дамытуға арналған алдыңғы қатарлы, беделді білім беру ұйымдары болып табылады.

2014-2015 оқу жылында 7563 мектеп жұмыс істеді, оның ішінде 7 517-і ҚР Білім және ғылым министрлігіне және жергілікті атқарушы органдарға, 5-еуі – ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне, 1 мектеп ҚР Қорғаныс министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары (4-сурет).



Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

4-сурет – Ведомствалық ұйымдарға қарасты білім беру ұйымдарының желісі

Жергілікті атқарушы органдарға қарасты білім беру ұйымдарының желісіне (7 504), мемлекеттік емес (99), кешкі (79), мемлекеттік күндізгі жалпы білім беретін мектептер (7 222), арнайы білім беру ұйымдары (97) және девиантты мінез-құлықтағы балаларға арналған (7) мектептер кіреді. ҚР БҒМ

ведомствалық бағынысты ұйымдарына 13 білім беру ұйымы кіреді, оның ішінде, 8 мектеп республикалық мәртебеге ие және 5 мектеп еліміздің колледждері және жоғары оқу орындарының қасында жұмыс істейді (3-кесте).

3-кесте – негізгі білім беру статистикасы, 2014-2015 оқу жылы

Жалпы білім беретін орта мектептер	Мектеп саны	%
Мемлекеттік мектептер	7 222	95,5
Жекеменшік мектептер	99	1,3
Кешкі мектептер	79	1
Назарбаев Зияткерлік мектебі (НЗМ)	16	0,2
Басқа мектептер	147	2
<b>Барлығы</b>	<b>7 563</b>	<b>100</b>

Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

Елімізде мемлекеттік мектептермен қатар жекеменшік мектептер де жұмыс істейді. Бұл мектептер жекелеген пәндерді тереңдетіп оқытумен қатар, түрлі әлемдік педагогикалық әдістемелерді, оқытудың эксклюзивті авторлық бағдарламаларын пайдаланады.

Талдау деректері бойынша 2013 жылы 7648 білім беру ұйымы, 2014 жылы 7563 білім беру ұйымы жұмыс істеді. Мектептер санынан оң өзгерісті байқауға болады. Халықтың табиғи өсуіне байланысты халық санының өсу динамикасы жоғары екені көрінеді.

Ауылдық білім беру ұйымдарының саны қалалық білім беру ұйымдарына қарағанда басым түседі (4-кесте).


4-кесте – Облыстар бойынша білім беру ұйымдарының саны, 2014-2015 оқу жылы

Облыс	Барлық мектептер	Оның ішінде:	
		Қалалық мектептер	Ауылдық мектептер
Ақмола	613	98	515
Ақтөбе	443	99	344
Алматы	757	107	650
Атырау	199	61	138
Шығыс Қазақстан	709	180	529
Жамбыл	464	98	366
Батыс Қазақстан	411	72	339
Қарағанды	563	225	338
Қостанай	565	95	470
Қызылорда	306	63	243
Маңғыстау	145	52	93
Павлодар	418	96	322
Солтүстік Қазақстан	558	65	493
Оңтүстік Қазақстан	1053	261	792
Астана қ.	96	96	0
Алматы қ.	263	263	0
<b>Барлығы</b>	<b>7563</b>	<b>1931</b>	<b>5632</b>

Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

2014 жылы ауылдық білім беру ұйымдарының үлесі 5632 мектепті (75%) құрады. Ауылдық мектептердің басым бөлігі Солтүстік Қазақстан (88,3%), Алматы (85,8%), Ақмола (84%), Оңтүстік Қазақстан (75,2%) облыстарына тиесілі.

2014 жылы қала мектептерінің үлесі 1931 (25%) құрады (5-сурет).



Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

5-сурет – Облыстар бойынша білім беру ұйымдарының саны, 2014-2015 оқу жылы

Бірқатар басымдылықтарға ие болуына байланысты, жекеменшік мектептер ерекше танымалдық танытуда, оның ішінде: жеке көңіл бөлу (сыныпта 15 адамнан көп емес), жақсы тамақтандыру, қолайлы орта, беделдің болуы. Бүгінде мұндай мектептер саны – 99 (2013 жыл – 106), бұл жалпы білім

беретін мектептер санының 1,3% құрайды. Онда 18,5 мың оқушы оқиды, жалпы оқушылар санының 7% құрайды (2013 жыл – 19,5 мың).

ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын ескере отырып өз бетінше әзірленген кіріктірілген білім берудің оқу бағдарламаларын және халықаралық білім беру бағдарламаларын халықаралық мектептер іске асырады. Мұндай мектептердің қатарына «НұрОрда» (Астана, Алматы, Өскемен), «Мирас» (Астана, Алматы), «Хэйлибэри» (Астана, Алматы), «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ (Астана), Алматы қаласындағы халықаралық мектептер (МША) және басқалары жатады.

Жастар мен жасөспірімдерге үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды бөлігі кешкі мектептер болып табылады, кезінде түрлі себептермен орта білім ала алмаған барлық санаттағы азаматтарға білім алуға кең мүмкіндік береді.

2014 жылы оқытудың әртүрлі нысандары бойынша (күндізгі, сырттай, жеке, экстернат) 79 кешкі мектепке 11 825 адам қамтылды (2013 жылы – 81 мектеп, контингент – 12 661 адам). Кешкі мектептер Ақмола (11), Қарағанды (9), Қызылорда (8), Оңтүстік Қазақстан (8) және Шығыс Қазақстан (8 мектеп) облыстарына барынша қажет.

7 222 мемлекеттік күндізгі білім беру ұйымдарының басым бөлігі ауылдық жерлерге тән (5 569 мектеп), 869-ы - бастауыш мектеп, 1 075-і - негізгі мектеп, 5 278-і - орта мектеп. Оның ішінде, 231-і - гимназия, 95-і лицей және 1 270-і - пәндерді тереңдетіп оқытатын мектептер.

Мемлекеттік күндізгі білім беру ұйымдарының жалпы санынан 3 794 мектеп оқытуды қазақ тілінде жүргізеді, 1 291 мектеп – орыс тілінде, 2 100 мектеп – орыс-қазақ тілдерінде (аралас), 19 мектеп – өзбек тілінде, 13 мектеп – ұйғыр тілінде және 4 мектеп – тәжік тілінде білім береді. 29 мектепте этникалық тұрғындарға ана тілінде білім беретін сыныптар бар (шешен, әзірбайжан, дүнген, поляк, курд, түрік т.б.) (5-кесте).

5-кесте – Білім беру статистикасы, 2014-2015 оқу жылы


Мемлекеттік күндізгі жалпы білім беретін мектептер	Мектеп саны	%	Бала саны	%
Қазақ тілінде оқытатын	3 794	52,5	1 716 110	65,6
Орыс тілінде оқытатын	1 291	17,8	802 096	30,6
Басқа тілде оқытатын	37	0,5	97 692	3,7
Бір тілден артық тілде оқытатын мектептер	2 100	29	36 336	1,4
Қалалық мектептер	1 653	22,9	1 339 936	51,2
Ауылдық мектептер	5 569	77,1	1 275 962	48,8
<b>Барлығы</b>	<b>7 222</b>	<b>100</b>	<b>2 615 898</b>	<b>100</b>

Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

2013-2014 оқу жылының көрсеткіштерін салыстырып қарағанда, 2014-2015 оқу жылында жабылған және жаңадан ашылған мектептерді есепке алғанда,

жалпы елімізде күндізгі мемлекеттік білім беру ұйымдары желісінің азаюы 85 бірлікті құрады.


Жыл сайынғы мектептер желісінің қысқаруының аясында оқушылар саны өсуінің оң өзгерістерін байқауға болады. 2013 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда күндізгі жалпы білім беретін мектептердегі оқушылар контингенті көбейді және 2,6 млн. адамды құрады (90 851 адам), бұл оң демографиялық және көші-қон процестерімен байланысты (6-сурет).



Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

6-сурет – Күндізгі жалпы білім беретін мектептер желісі және контингенті


Облыстарда күндізгі жалпы білім беретін мектептер желісі санының қысқару үрдісі байқалады, бұл сыныптардың толмау себебі олардың жабылуымен байланысты болған (7-сурет). Мысалы, Ақмола облысында 2013 жылы 621 мектеп жұмыс істесе, ал 2014 жылы – 592 мектеп, бұл 29 мектепке аз. Батыс Қазақстан облысында 2013 жылы 407 мектеп болса, ал 2014 жылы – 397 мектеп.



Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

7-сурет– Облыстар бойынша күндізгі жалпы білім беретін мектептер саны

Атап айтқанда, бір жылдың ішінде ауылдық мектептер саны 133 бірлікке азайған. Осыған байланысты, қала мектептерінің саны 48-ге, оның ішінде Алматы (Наурызбай ауданы) және Оңтүстік Қазақстан (Сайрам, Ордабасы, Төле би аудандары) облыстарындағы ауылдық жерлердегі мектептердің бір бөлігінің, тиісінше Алматы және Шымкент қалаларына берілуі есебінен өскен (8-сурет).



*Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)*

8-сурет – Қала және ауылдық жалпы білім беретін мектептердің желісі

Талдау деректері бойынша 2014 жылы 7222 мемлекеттік күндізгі жалпы білім беретін мектептер жұмыс істеді. Мектеп санының өсуі оң өзгерісті байқатады.

Пайыздық арақатынаста ауылдық мектептердің үлесі қала мектептері санына қарағанда басым түседі. Төменде күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін қала және ауыл мектептерінің саны көрсетілген (6-кесте).

6-кесте – Облыстар бойынша күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер саны, 2014-2015 оқу жылы

Облыстар	Барлық мектеп	Оның ішінде:	
		Қала мектептері	Ауыл мектептері
Ақмола	592	84	508
Ақтөбе	428	86	342
Алматы	734	91	643
Атырау	193	57	136
Шығыс Қазақстан	676	151	525
Жамбыл	450	87	363
Батыс Қазақстан	397	58	339
Қарағанды	531	206	325
Қостанай	548	80	468
Қызылорда	292	56	236
Маңғыстау	130	41	89
Павлодар	405	85	320
Солтүстік Қазақстан	547	58	489
Оңтүстік Қазақстан	1021	235	786
Астана қ.	77	77	0
Алматы қ.	201	201	0
<b>ҚР</b>	<b>7222</b>	<b>1653</b>	<b>5569</b>

*Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)*

2013 жылы ауыл мектептерінің үлесі 5702 (78 %), ал 2014 жылы 5569 (75%) мектепті құрады. Ауыл мектептерінің басым бөлігі Солтүстік Қазақстан (88,3%), Алматы (85,8%), Ақмола (84%), Оңтүстік Қазақстан (75,2%) облыстарына тиесілі болып отыр.

2013 жылы қала мектептерінің үлесі 1605 мектеп (22%), ал 2014 жылы 1931 (25%) мектепті құрады. Қала мектептері үлесінің өсу өзгерісі байқалады. Бұл жергілікті тұрғындардың қалаға көшуімен және қала тұрғындарының табиғи өсімімен байланысты (9-сурет).

Талдау нәтижесі бойынша республикада бастауыш мектептер саны - 869 екені анықталды. Олардың негізгі бөлігі, яғни 830 мектеп ауылдық жерлерде, ал қалада - 39 мектеп орналасқан. Облыс орталықтары: Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Қызылорда облыстарының орталықтарында және Алматы қаласында бастауыш мектептер жоқ (7-кесте).


7-кесте – Облыстар бойынша бастауыш мектептер саны, 2014-2015 оқу жылы

Облыстар	Барлық мектептер	Оның ішінде:	
		Қала мектептері	Ауыл мектептері
Ақмола	79	1	78
Ақтөбе	52	2	50
Алматы	68	0	68
Атырау	12	0	12
Шығыс Қазақстан	56	5	51
Жамбыл	62	4	58
Батыс Қазақстан	88	0	88
Қарағанды	57	1	56
Қостанай	112	4	108
Қызылорда	16	0	16
Маңғыстау	10	3	7
Павлодар	50	3	47
Солтүстік Қазақстан	92	2	90
Оңтүстік Қазақстан	112	11	101
Астана қ.	3	3	0
Алматы қ.	0	0	0
<b>ҚР</b>	<b>869</b>	<b>39</b>	<b>830</b>

*Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)*


Бастауыш мектептердің басым бөлігі Қостанай (108), Оңтүстік Қазақстан (101), Солтүстік Қазақстан (90), Батыс Қазақстан (88), Ақмола (78), Алматы (68 мектеп) облыстарында орналасқан (10-сурет).





*Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)*

9-сурет – Облыстар бойынша күндізгі жалпы білім беретін мемлекеттік мектеп саны, 2014-2015 оқу жылы



Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

10-сурет – Облыстар бойынша бастауыш мектептер саны, 2014-2015 оқу жылы

Статистика бойынша республикада негізгі деңгейлі білім беретін мектептер саны – 1075. Негізгі мектептердің басым бөлігі, яғни 994-і – ауылдық жерлерде, ал қалада – 81 мектеп орналасқан. Қызылорда, Маңғыстау облыстарының орталықтарында және Астана қаласында негізгі мектептер жоқ (8-кесте).


8-кесте – Облыстар бойынша негізгі мектептердің саны, 2014-2015 оқу жылы

Облыстар	Барлық мектептер	Оның ішінде:	
		Қала мектептері	Ауылдық мектептер
Ақмола	160	6	154
Ақтөбе	79	3	76
Алматы	49	1	48
Атырау	15	4	11
Шығыс Қазақстан	127	8	119
Жамбыл	36	2	34
Батыс Қазақстан	73	2	71
Қарағанды	102	27	75
Қостанай	114	9	105
Қызылорда	25	0	25
Маңғыстау	3	0	3
Павлодар	68	2	66
Солтүстік Қазақстан	124	3	121
Оңтүстік Қазақстан	96	10	86
Астана қ.	0	0	0
Алматы қ.	4	4	0
<b>ҚР</b>	<b>1075</b>	<b>81</b>	<b>994</b>

Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

Негізгі мектептердің басым бөлігі Ақмола (154), Солтүстік Қазақстан (121 мектеп), Батыс Қазақстан (119), Қостанай (105), Оңтүстік Қазақстан (86), Ақтөбе (76), Қарағанды облыстарына (75 мектеп) тиесілі.

Бастауыш мектептердің санымен салыстырғанда республикада негізгі мектеп саны 206 мектепке артық (11-сурет).



Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

11-сурет – Облыс бойынша негізгі мектептер саны, 2014-2015 оқу жылы

Сонымен қатар, талдау көрсеткендей, орта мектептер саны – 5278-ді құрайды. Орта мектептердің басым бөлігі қала мен ауылдың ірі елді мекендерде орналасқан (9-кесте).

9-кесте – Облыстар бойынша орта мектептер саны, 2014-2015 оқу жылы


Облыстар	Барлық мектептер	Оның ішінде:	
		Қала мектептері	Ауыл мектептері
1	2	3	4
Ақмола	353	77	276
Ақтөбе	297	81	216
Алматы	617	90	527
Атырау	166	53	113
Шығыс Қазақстан	493	138	355
Жамбыл	352	81	271
Батыс Қазақстан	236	56	180
Қарағанды	372	171	201

9-кестенің жалғасы			
1	2	3	4
Қостанай	322	67	255
Қызылорда	251	56	195
Маңғыстау	117	38	79
Павлодар	287	80	207
Солтүстік Қазақстан	331	53	278
Оңтүстік Қазақстан	813	214	599
Астана қ.	74	74	0
Алматы қ.	197	197	0
<b>ҚР</b>	<b>5278</b>	<b>1526</b>	<b>3752</b>

Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

Орта мектептердің басым бөлігі Оңтүстік Қазақстан (813), Алматы (617), Шығыс Қазақстан (493), Қарағанды облыстарына (372 мектеп) тиесілі.

Негізгі мектептер санымен салыстырғанда республикада орта мектептер саны 4203 мектепке артық (12-сурет).




Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

12-сурет – Облыс бойынша орта мектептер саны, 2014-2015 оқу жылы

Республика бойынша күндізгі жалпы білім беретін мектептер санымен алғанда ауыл мектептерінің саны 2013 жылы 78% құрады, ал 2014 жылы 77,2% құраған. Қала мектептерінің саны 2013 жылы 22% құрады, ал 2014 жылы 22,7% құрады. Бұл қала мектептері санының едәуір өскенін көрсетеді.

2014 жылы ауылдық жерлердегі мектептер саны 5576, қалада – 1646 болды.

Жоғарыда атап көрсеткендей, ауылдық жерлерде орналасқан мектептердің саны қала мектептеріне қарағанда басымырақ (3,3 есе артық). Осыған сәйкес, қала оқушылары мен ауыл оқушылары санында айтарлықтай айырмашылықтар жоқ (13-сурет).



Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

13-сурет – Жалпы білім беретін қала және ауыл мектептерінің құрамы

2013-2014 оқу жылында күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердегі оқушылардың саны 2 525 047, ал 2014-2015 оқу жылында 2 615 898 оқушы болды, бұл оқушылар санының өскендігін көрсетеді. Республика бойынша күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердегі барлық оқушылар санынан ауыл мектептеріндегі оқушылар үлесі 1 275 962 оқушы (48,7 % ) құрайды (10-кесте).


10-кесте – Облыстар бойынша күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердегі оқушылардың саны, 2014-2015 оқу жылы

Облыс	Барлық оқушылар	Оның ішінде:	
		қала мектептерінде	ауыл мектептерінде
1	2	3	4
Ақмола	105 963	46 526	59 437
Ақтөбе	119 383	67 841	51 542
Алматы	314 019	75 315	238 704
Атырау	99 835	46 850	52 985
Шығыс Қазақстан	169 629	92 763	76 866
Жамбыл	191 699	74 572	117 127
Батыс Қазақстан	88 628	42 298	46 330
Қарағанды	175 071	131 255	43 816
Қостанай	99 793	48 704	51 089
Қызылорда	128 303	49 759	78 544
Маңғыстау	106 542	46 193	60 349
Павлодар	89 522	58 570	30 952

10-кестенің жалғасы			
1	2	3	4
Солтүстік Қазақстан	70 509	26 634	43 875
Оңтүстік Қазақстан	562 605	238 259	324 346
Астана қ.	102 687	102 687	0
Алматы қ.	191 710	191 710	0
<b>ҚР</b>	<b>2 615 898</b>	<b>1 339 936</b>	<b>1 275 962</b>

Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

Облыстар бөлінісінде ауыл мектептеріндегі оқушылар санының көп болуы Оңтүстік Қазақстан (324 346), Алматы (238 704), Жамбыл (117 127 оқушы) облыстарында байқалады. Бұл негізінен оңтүстік Облыстардағы тұрғындар санының табиғи өсімінің көрсеткішімен байланысты (14-сурет).



Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

14-сурет – Облыстар бойынша жалпы білім беретін мектептердегі оқушылар саны

2014-2015 оқу жылында күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін бастауыш мектептердегі оқушылардың саны – 26 139 адамды құрады.


Ауыл мектептеріндегі бастауыш сынып оқушыларының үлесі республика бойынша күндізгі жалпы білім беретін бастауыш мектептердегі жалпы оқушылар саны 16 755 оқушы (64 %) құрады (11-кесте).

11-кесте – Облыстар бойынша, бастауыш мектептердегі оқушылардың саны, 2014-2015 оқу жылы

Облыстар	Барлық оқушылар	Оның ішінде:	
		қала мектептерінде	ауыл мектептерінде
Ақмола	942	24	918
Ақтөбе	934	246	688
Алматы	2 190	0	2 190
Атырау	418	0	418
Шығыс Қазақстан	1 823	760	1 063
Жамбыл	2 504	951	1 553
Батыс Қазақстан	1 031	0	1 031
Қарағанды	678	104	574
Қостанай	3 373	2 065	1 308
Қызылорда	151	0	151
Маңғыстау	2 527	2 152	375
Павлодар	562	139	423
Солтүстік Қазақстан	742	39	703
Оңтүстік Қазақстан	7 783	2 423	5 360
Астана қ.	481	481	0
<b>ҚР</b>	<b>26 139</b>	<b>9 384</b>	<b>16 755</b>

*Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)*

Облыстар бөлінісінде ауыл мектептеріндегі бастауыш сынып оқушылар санының көп болуы Оңтүстік Қазақстан (5 360), Алматы (2 190), Жамбыл (1 553 оқушы) облыстарына тиесілі болып отыр (15-сурет).



Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

15-сурет – Облыстар бойынша бастауыш мектептердегі оқушылар саны

2014-2015 оқу жылында негізгі мектептердегі оқушылардың саны – 80 529 адамды құрады. Ауылдық мектептердегі негізгі деңгейдегі оқушылар үлесі республика бойынша негізгі мектептердегі жалпы оқушылар санының 75,9% құрайды, яғни 61 188 оқушы. Қызылорда және Маңғыстау облыстарында негізгі мектептер жоқ (12-кесте).




12-кесте – Облыстар бойынша негізгі мектептердегі оқушылардың саны, 2014-2015 оқу жылы

Облыс	Барлық оқушылар	Оның ішінде:	
		қала мектептерінде	ауыл мектептерінде
Ақмола	7 737	734	7 003
Ақтөбе	4 554	979	3 575
Алматы	4 241	260	3 981
Атырау	1 887	926	961
Шығыс Қазақстан	6 334	1 178	5 156
Жамбыл	4 089	814	3 275
Батыс Қазақстан	4 055	175	3 880
Қарағанды	10 533	6 774	3 759
Қостанай	6 463	1 817	4 646
Қызылорда	1 831	0	1 831
Маңғыстауы	218	0	218
Павлодар	2 657	444	2 213
Солтүстік Қазақстан	5 291	547	4 744
Оңтүстік Қазақстан	20 019	4 073	15 946
Алматы қ.	620	620	0
<b>ҚР</b>	<b>80 529</b>	<b>19 341</b>	<b>61 188</b>

Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

Облыстар бөлінісінде қарастырсақ, ауыл мектептеріндегі оқушылар санының неғұрлым көп болуы Оңтүстік Қазақстан (15 946), Ақмола (7 003), Шығыс Қазақстан (5 156), Солтүстік Қазақстан (4 744), Қостанай (4 646 оқушы) облыстарына тиесілі болып отыр (16-сурет).



Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

16-сурет – Облыстар бойынша негізгі мектептердегі оқушылар саны

2014-2015 оқу жылында орта мектептердегі оқушылар саны – 2 509 230 адамды құрады. Ауыл мектептеріндегі жалпы орта білім беру деңгейіндегі оқушылар үлесі республика бойынша жалпы білім беретін мектептердегі жалпы оқушылар санының 47,7% құрайды, яғни 1 198 019 оқушы. Бастауыш және негізгі мектептердегі оқушылар санымен салыстырғанда қала мектептеріндегі орта білім деңгейіндегі оқушылар саны жоғары, яғни 52,2% құрайды (13-кесте).


13-кесте – Облыстар бойынша орта мектептердегі оқушылардың саны

Облыс	Барлық оқушылар	Оның ішінде:	
		қала мектептерінде	ауыл мектептерінде
1	2	3	4
Ақмола	97284	45768	51516
Ақтөбе	113895	66616	47279
Алматы	307588	75055	232533
Атырау	97530	45924	51606
Шығыс Қазақстан	161472	90825	70647
Жамбыл	185106	72807	112299

13-кестенің жалғасы			
1	2	3	4
Батыс Қазақстан	83542	42123	41419
Қарағанды	163860	124377	39483
Қостанай	89957	44822	45135
Қызылорда	126321	49759	76562
Маңғыстау	103797	44041	59756
Павлодар	86303	57987	28316
Солтүстік Қазақстан	64476	26048	38428
Оңтүстік Қазақстан	534803	231763	303040
Астана қ.	102206	102206	0
Алматы қ.	191090	191090	0
<b>ҚР</b>	<b>2509230</b>	<b>1311211</b>	<b>1198019</b>

Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)


Халық тығыз орналасқан Облыстар бөлінісінде қала мектептерінде оқитын оқушылардың көп болуы Оңтүстік Қазақстан (231763), Қарағанды (124 377) облыстарына және Алматы қаласына (191 090 оқушы) тиесілі болып отыр (17-сурет).



Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

17-сурет – Облыстар бойынша орта мектептердегі оқушылар саны

2013 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда 2014 жылы күндізгі жалпы білім беретін мектептердің (оқыту қазақ тілінде және орыс тілінде) саны тиісінше 6 және 54 бірлікке төмендеді (17-сурет), ал оқушылардың саны керісінше өсіп отыр (18-сурет).



Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

18-сурет – Оқыту тілі бойынша жалпы білім беретін мектептер желісі

Статистика бойынша 2013 жылы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің саны – 3 800, 2014 жылы – 3 794 құрады; 2013 жылы оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектептердің саны – 1 345, 2014 жылы – 1 291 құрады; 2013 жылы оқыту аралас тілде жүргізілетін мектептер – 2 088, 2014 жылы – 2 100 құрады (14-кесте).

14-кесте – Облыстар бөлінісінде оқыту қазақ, орыс, аралас тілдерде жүргізілетін мектептердің саны


Облыс	Оқыту қазақ тілінде		Оқыту орыс тілінде		Оқыту аралас тілдерде	
	2013	2014	2013	2014	2013	2014
1	2	3	4	5	6	7
Ақмола	177	168	212	194	232	230
Ақтөбе	281	276	31	28	123	124
Алматы	400	410	19	15	313	299
Атырау	136	136	5	5	54	52
Шығыс Қазақстан	351	348	156	149	180	179
Жамбыл	311	312	15	16	126	121
Батыс Қазақстан	276	269	35	33	96	95
Қарағанды	245	243	104	103	189	185

14-кестенің жалғасы						
1	2	3	4	5	6	7
Қостанай	136	137	292	290	127	121
Қызылорда	260	260	4	4	27	28
Маңғыстау	106	109	4	4	16	17
Павлодар	157	159	89	84	161	162
Солтүстік Қазақстан	139	136	295	281	136	130
Оңтүстік Қазақстан	741	741	9	9	213	248
Астана қ.	24	28	10	10	37	39
Алматы қ.	60	62	65	66	58	70
<b>ҚР</b>	<b>3800</b>	<b>3794</b>	<b>1345</b>	<b>1291</b>	<b>2088</b>	<b>2100</b>

Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)


Мектептерді ірілендіру процесі шағын мектептер есебінен азайып отыр.

Оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізілетін мектептер үлесі төмендеп, ал аралас тілдегі мектептер саны артып отыр. Алматы, Жамбыл, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар облыстарында оқыту қазақ тіліндегі мектептер үлесінің арту үрдісі байқалады. Республика бойынша оқыту орыс тіліндегі мектептер саны азаюда. Ақтөбе, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстарында және Астана мен Алматы қалаларында оқыту аралас тілде жүргізілетін мектептер саны артып отыр. Ақмола, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстарында оқытудың үш типі бойынша да төмендеуде (19-21 – суреттер).




Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

19-сурет – Облыстар бойынша оқыту қазақ тіліндегі мектептер саны



Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

20-сурет – Облыстар бойынша оқыту орыс тіліндегі мектептер саны



Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

21-сурет – Облыстар бойынша оқыту аралас тілдегі мектептер саны.

Талдау нәтижелері бойынша 2013 жылы ұйғыр тіліндегі оқытатын мектептер саны – 14, өзбек тілінде – 57, тәжік тілінде – 3, ал 2014 жылы ұйғыр тілінде оқытатын мектептер саны – 13, өзбек тілінде – 20, тәжік тілінде – 4 мектеп болғанын көрсетіп отыр.

Ұйғыр, өзбек тілдерінде оқытатын мектептер үлесінің азайғанын, ал тәжік тілінде оқытатын мектептер санын көбейгені байқалады.


Оңтүстік Қазақстан облысында өзбек тілінде оқытатын мектептер саны күрт төмендеді. Алматы облысында ұйғыр тілінде оқытатын мектептер санының азайғаны байқалады (15-кесте).

15-кесте – Облыстар бөлінісінде оқыту ұйғыр, өзбек, тәжік тілдерінде жүргізілетін мектептердің саны

Облыс	Оқыту ұйғыр тілінде		Оқыту өзбек тілінде		Оқыту тәжік тілінде	
	2013	2014	2013	2014	2013	2014
Алматы	11	10	0	0	0	0
Жамбыл	0	0	1	1	0	0
Оңтүстік Қазақстан	0	0	56	19	3	4
Алматы қ.	3	3	0	0	0	0
<b>ҚР</b>	<b>14</b>	<b>13</b>	<b>57</b>	<b>20</b>	<b>3</b>	<b>4</b>

Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

Республика бойынша мектептер санының қысқару, ал оқушылар санының өсу үрдісі байқалады. Мектептерді шоғырландыру процесі жүргізіліп жатыр (22-сурет).



Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

22-сурет – Оқыту тілдері бойынша жалпы білім беретін мектептер контингенті

Қазақстандағы мектептер елдің этностық, діни және тілдің көптілділігін көрсетеді. Оларда 23 әртүрлі ұлт оқушылары білім алуда. Этникалық қазақтар – 73%, этникалық орыстар – 14%, этникалық өзбектер – 4% оқушы құрайды. Басқа аз ұлт өкілдері Кеңес Үкіметі кезеңінде тұрғындардың көшіп-қонуынан пайда болған: ұйғырлар (1,5%), украиндар (1,3%), немістер (1,0%).

Оқушылар екі ресми тілдердің (қазақ немесе орыс тілдері) біреуінде немесе басқа аз ұлттардың тілінде білім алады. Ұлттық мәртебені көтерудегі қазақ тілінің басымдылығы қазақ тілінде оқытатын мектептер санының артуына әсер етті.

2012 жылы мектептердің басым көпшілігінде оқыту тілі қазақ тілі (3 819 мектеп), орыс тілі (1 394), өзбек тілі – (60), ұйғыр тілі – (14), тәжік тілінде– (2 мектеп) болды [12]. 2013 жылмен салыстырғанда республика бойынша оқушылардың саны өсуде: қазақ тілінде оқытатын мектептерде 67 051 оқушыға, орыс тілінде оқытатын мектептерде – 22 348 оқушыға артты.

Қазақ тілінде білім алатын оқушылар саны Оңтүстік Қазақстан облысында 11 817 оқушыға, Алматы қаласында 11 439, Астана қаласында – 7 369, Алматы облысында – 7 228, Жамбыл облысында – 5 946, Маңғыстау облысында – 5 896 оқушыға артқаны байқалады. Солтүстік Қазақстан облысында қазақ тілінде оқитын оқушылар саны азайып отыр.

2013 жылмен салыстырғанда 2014 жылы орыс тілінде оқитын оқушылар саны Алматы қаласында – 8 600 оқушыға, Оңтүстік Қазақстан облысында – 6 107, Астана қаласында – 3 700 оқушыға артқаны, ал Ақмола, Алматы, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында төмендегені байқалады (16-кесте).

16-кесте – Облыстар бойынша оқыту қазақ, орыс тілдерінде оқитын оқушылардың саны

Облыс	Оқыту қазақ тілінде		Оқыту орыс тілінде	
	2013	2014	2013	2014
Ақмола	46216	48991	57247	56972
Ақтөбе	87718	91290	27706	28093
Алматы	220205	227433	75878	74566
Атырау	75753	78494	20290	21341
Шығыс Қазақстан	99202	101337	67850	68292
Жамбыл	139781	145727	45232	45801
Батыс Қазақстан	60010	61239	27003	27389
Қарағанды	89524	90745	82184	84326
Қостанай	29894	30273	69846	69520
Қызылорда	115982	118221	9821	10082
Маңғыстау	86573	92469	13531	14073
Павлодар	38972	40340	48246	49182
Солтүстік Қазақстан	21116	20813	50558	49696
Оңтүстік Қазақстан	405901	417718	55953	62060
Астана қ.	53213	60582	38405	42105
Алматы қ.	78999	90438	89998	98598
<b>ҚР</b>	<b>1649059</b>	<b>1716110</b>	<b>779748</b>	<b>802096</b>

Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)



Статистика бойынша оқушылардың саны республика бойынша 2013 жылмен салыстырғанда ұйғыр тілді мектептерде – 298 оқушыға, өзбек тілді мектептерде – 1 112, тәжік тілді мектептерде – 42 оқушыға артып отыр.

Өзбек тілінде оқитын оқушылар саны Оңтүстік Қазақстан облысында 1 119 оқушыға дейін едәуір өскені, ал Жамбыл облысында ұйғыр тілінде оқитын оқушылар саны 7 оқушыға кемігені байқалады (17-кесте).

17-кесте – Облыстар бойынша оқыту ұйғыр, өзбек, тәжік тілдерінде оқитын оқушылар саны

Облыс	Оқыту ұйғыр тілінде		Оқыту өзбек тілінде		Оқыту тәжік тілінде	
	2013	2014	2013	2014	2013	2014
1	2	3	4	5	6	7
Ақмола	0	0	0	0	0	0
Ақтөбе	0	0	0	0	0	0
Алматы	11817	12020	0	0	0	0
Атырау	0	0	0	0	0	0
Шығыс Қазақстан	0	0	0	0	0	0
Жамбыл	0	0	178	171	0	0
Батыс Қазақстан	0	0	0	0	0	0
Қарағанды	0	0	0	0	0	0
Қостанай	0	0	0	0	0	0
Қызылорда	0	0	0	0	0	0
Маңғыстау	0	0	0	0	0	0
Павлодар	0	0	0	0	0	0
Солтүстік Қазақстан	0	0	0	0	0	0
Оңтүстік Қазақстан	0	0	77696	78815	3970	4012
Астана қ.	0	0	0	0	0	0
Алматы қ.	2579	2674	0	0	0	0
<b>ҚР</b>	<b>14396</b>	<b>14694</b>	<b>77874</b>	<b>78986</b>	<b>3970</b>	<b>4012</b>


Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

2014-2015 оқу жылында жалпы білім беретін мектепті 11-сыныптың 116 739 бітірушісі аяқтады және жалпы орта білімі туралы аттестат алды. Түлектердің 75 716-сы (64,8%) 2015 жылғы Ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі – ҰБТ) рәсіміне қатысты. ҰБТ-ға қатысушылардың орташа баллы – 79,4. Бұл көрсеткіш 2014 жылғы республикалық көрсеткішпен салыстырғанда 2,5 балға жоғары (76,9 ұпай). ҰБТ қорытындысы бойынша «Алтын белгі» белгісін 1999 түлек, үздік аттестатты – 628 түлек растады (18-кесте, 23-сурет).

18-кесте – Түлектердің сандық көрсеткіші / 2015 жыл

Облыс	Түлектер саны	Дәстүрлі емтихан тапсырған оқушылар саны	Қоры-тынды		Алтын белгі		Үздік аттестат	
			Сапа (%)	Үлгерім (%)	Үміткер	Растады	Үміткер	Растады
Ақмола	4440	1403	55	100	184	84	58	32
Ақтөбе	6431	1800	56,5	99,9	339	156	94	35
Алматы	14295	5036	58,1	99,9	173	112	61	35
Атырау	4828	1298	38	100	100	25	43	9
Жамбыл	8879	2876	59	100	223	124	58	27
Батыс Қазақстан	4544	1409	48,9	100	235	120	98	32
Қарағанды	7493	2184	58,8	99	226	110	112	35
Қостанай	4397	1721	41,3	99,9	120	41	35	11
Қызылорда	6452	2146	70	100	231	139	65	29
Маңғыстау	4188	3243	47,4	99,8	78	46	87	32
Павлодар	3768	1160	42,4	100	124	60	72	28
Солтүстік Қазақстан	3733	1352	72,1	99,4	111	37	53	11
Оңтүстік Қазақстан	30982	12390	61,8	83,1	1085	608	424	153
Астана қ.	4407	591	58,1	99,9	173	112	61	35
Алматы қ.	7902	2414	69	99,1	282	225	203	124
<b>ҚР</b>	<b>116739</b>	<b>41023</b>	<b>55,7</b>	<b>98,6</b>	<b>3684</b>	<b>1999</b>	<b>1524</b>	<b>628</b>

Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)



Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

23-сурет – Облыстар бөлінісінде мектеп бітірушілер саны


Кадрлық әлеует жоғары сапалы білім берумен қамтамасыз етудің аса маңызды шарты болып табылады. Оқушылардың даму траекториясын дұрыс таңдауы олардың алдағы болашағына тәуелді, ал ол мұғалімдердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігіне байланысты.

Педагог мәртебесін көтеру қазақстандық білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз етуді шешуші факторларының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен педагогтің беделін қалыптастырудың және оның өз бетімен білім алу шеберлігі уәждемесіне нақты бағыттар анықталған [10].

Үздік жанашыл педагогтердің алдыңғы қатарлы озық тәжірибесі мен жетістіктерін тарату химия және биология мұғалімдерінің І съезінің, информатика мұғалімдерінің «Алтын диск» республикалық байқауының, «Дарынды балаға-талантты мұғалім» VII Республикалық педагогикалық олимпиаданың, білім беру саласы қызметкерлерінің «Білім беру жүйесін жаңғырту – адами капиталдың сапалы өсуінің басты бағыты» атты тамыз педагогикалық кеңесінің негізгі арқауы болды [2].

Заманауи ақиқат жағдайында барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының кадрлық әлеуетіне бірден-бір сарқылмас ресурс ретінде ерекше назар аударылды.

2014-2015 оқу жылында мектептегі білім жүйесін кадрмен қамтамасыз етудің тиімді динамикасы белгіленді. Жалпы білім беретін мектептердегі мұғалімдер саны 297 293 адамды құрайды, бұл 2013 жылғы көрсеткіштен 2396, ал 2012 жылғы көрсеткіштен 5229 мұғалімге артық (24-сурет).



*Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері*

24-сурет – Жалпы білім беретін мектептердегі мұғалімдер саны

Осы оқу жылындағы статистикалық деректерді салыстырмалы талдау қалалық мектеп мұғалімдерінің үлесі 37,6%, ал ауылдық мектеп мұғалімдерінің үлесі - 62,3% құрайтынын көрсетті (25-сурет).



Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)  
 25-сурет – Білім беру деңгейі бойынша қала-ауыл бөлінісіндегі мұғалімдер үлесінің көрсеткіштері, %

Мектеп педагогтерінің білім беру деңгейлерін талдау жоғары білімі бар педагог қызметкерлер бойынша көрсеткіштің 5,7%-ға ( 2012 жылы - 87,9 %, 2013 жылы - 87,5%) азайғанын, ал арнайы орта білімі бар мұғалімдер үлесінің 5,8%-ға (2013 жылы-11,2%) артқанын көрсетті және 17 %-ды құрады. Жалпы орта білімі бар педагогтер үлесі 0,3% (2013 жылы – 0,1%) құрады (26-сурет).




Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

26-сурет – Жалпы орта білім беру ұйымдарындағы мұғалімдердің білім деңгейінің динамикасы

Үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесімен қамтылған мұғалімдер үлесін Облыстық салыстырғанда Алматы (789), Атырау (188) және Қызылорда (187) облыстарында барынша жоғары.

Орта кәсіби білімі бар педагогтер үлесінің ең жоғары көрсеткіші Ақмола, Батыс Қазақстан, Маңғыстау және Солтүстік Қазақстан облыстарында байқалады. Жоғары педагогикалық білімі бар педагог кадрларға деген тапшылық Ақтөбе, Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстарында әлі де сақталып отыр (27-сурет) [10].



Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері

27-сурет – Білім деңгейі бойынша Облыстар бөлінісіндегі педагогтер үлесі

Облыстар ұсынған деректер бойынша қала-ауыл бөлінісіндегі жоғары білімі бар мұғалімдер үлесінің көрсеткіштері әркелкі екенін көрсетуге болады. Жоғары білімі бар мұғалімдер ауыл мұғалімдерінің үлесі – 87,7%-ға (қалада - 91,9) төмен екені және арнайы орта білімі бар педагогтер үлесінің 4,4%-ға артқаны анықталып отыр (28-сурет).




28-сурет – Қала-ауыл бөлінісіндегі педагогтердің білім деңгейлері, %

Педагог-психологтердің ғылыми зерттеулері, яғни мұғалімдердің педагогикалық қызметі өтіліне байланысты кәсіби қалыптасудың бес негізгі сатысынан өтетінін дәлелдейді: жаңадан бастаған педагогтер (1 – 2 жыл), жас мамандар (2 – 5 жыл), тәжірибелі мұғалімдер (5 – 10 жыл), кәсіби мамандар (10 – 20 жыл) және сарапшылар (20 жылдан жоғары). Аталған дәйектемені назарға ала отырып қорытынды шығаруға болады, яғни республикадағы мұғалімдер контингенті педагогикалық еңбек өтілі бойынша «8 жылға дейін», «9 жылдан 20 жылға дейін» және «20 жылдан жоғары» етіп бірдей бөлінген.

Демек, жалпы орта білім беру жүйесінде өз ісінің кәсіби шебер

педагогтері, сондай-ақ жаңадан бастаған педагогтер қызмет етеді.


Салыстырмалы талдау республика бойынша 9-20 жылға дейінгі (2013 жылы - 33,5%) жұмыс тәжірибесі бар мұғалімдер үлесі басым екенін көрсетті (29-сурет).



Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)  
29-сурет – Еңбек өтілі бойынша педагогтер үлесі, %

2014 жылы 20 жылдан жоғары еңбек өтілі бар педагог қызметкерлердің ең жоғары үлесі Оңтүстік Қазақстан (26,8% ) және Алматы (35,8%) облысының мектептерінде анықталды. Мектептерге жас кадрлардың шамалас келу көрсеткіштері Ақмола, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында белгіленді. 3 жылдан кем жұмыс өтілі бар жаңадан бастаған педагогтер үлесінің ең жоғарғы көрсеткіші Алматы (3,6%), Оңтүстік Қазақстан (2,5%), Жамбыл (3,9%) және Қызылорда (2,9%) облыстарында көрініс тапты [10].

Мұғалімдер қатары жас мамандармен толықтырылуда. Сонымен, 2013 жылы 51 жас және одан жоғары жастағы мұғалімдердің үлесі 20,6% болды, 2014 жылы 51 жас және одан жоғары жастағы мұғалімдер үлесі 5,5%-ға азайды. 20-дан 30 жасқа дейінгі жаңадан бастаған педагогтер саны 6,9%-ға артты. 31-ден 40 жасқа дейінгі ең тиімді жасына педагогтер үлесінің 2013 жылы – 29,1%, ал 2014 жылы – 26,9%-дан астамы келеді (30-сурет).



Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)  
30-сурет – Мұғалімдердің жас ерекшелік құрылымы, %

Облыстық салыстыруда зейнеткерлік жастағы мұғалімдер үлесінің ең жоғары көрсеткіші Алматы қаласында (8,4%) байқалады. Кадрлық әлеуеттің жасаруы Алматы, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарында орын алуда [10].

Сонымен, талдау жасару бағытындағы педагогтердің сапалық құрамы педагогикалық ұжымның құрамында кәсіби тәжірибені меңгерген кемел жастағы педагогтерді сақтап қалу үрдісімен үйлесетінін көрсетті.

Педагог кадрларға деген қажеттілік мәселесі өзекті болып қалып отыр. 2014 жылғы талдау қорытындысы бойынша мектептердегі кадрлық тапшылық 2994 педагог кадрды құрайды. 2013 жылмен салыстырғанда (2076 бос орын) кадрларға деген қажеттілік 918 мұғалімге өсті.

Пән мұғалімдерінің толық жасақталмаған штаты бар мектептердің ең көп үлесі Жамбыл облысында – 670 мұғалім, оның ішінде бастауыш мектеп мұғалімі – 158, негізгі мектеп – 144, жоғарғы мектеп – 368; Ақмола облысында – 407 мұғалім, оның ішінде бастауыш мектеп мұғалімі – 30, негізгі мектеп – 49, жоғарғы мектеп – 198 мұғалім тіркелді.


Оңтүстік Қазақстан облысында – 12, Атырау облысында – 13, Қызылорда облысында – 18 педагог кадрмен табысты жасақтау байқалады (19-кесте).

19-кесте – Облыстар бөлінісінде педагогикалық кадрларға қажеттілік

№	Облыс	Бастауыш мектеп				Негізгі мектеп				Орта мектеп			
		Барлығы	қазақ	орыс	аралас	Барлығы	қазақ	орыс	аралас	Барлығы	қазақ	орыс	аралас
1.	Алматы қ.	84	20	40	24								
2.	Ақмола	30	12	15	3	179	79	94	6	198	76	11 4	8
3.	Ақтөбе					29	19	10	-	205	134	64	12
4.	Алматы	10	5	5	-	119	81	32	9	16	15	-	1
5.	Астана	12	-	7	5	27	11	16		25	9	11	5
6.	Атырауы	5	-	5	-	1		1		7	-	7	
7.	Батыс Қазақстан	2	2			62	54	8		118	75	43	
8.	Жамбыл	158	94	64	-	144	82	62	-	368	249	119	-
9.	Қарағанды	11	-	11		55	27	28		9	5	4	
10.	Қостанай	1	1			17	8	8	1	22	9	9	4
11.	Қызылорда					2	1	1	-	16	15	1	
12.	Маңғыстау	6	6			18	7	11		16	8	8	
13.	Оңтүстік Қазақстан					1			1	11	8	3	
14.	Павлодар	20	9	11		20	12	8		15	9	6	
15.	Солтүстік Қазақстан	31	4	27		248	72	153	23	305	96	15 1	58
16.	Шығыс Қазақстан	16	2	14	-	127	61	48	2 0	228	82	11 8	28
	Барлығы	386	155	199	32	1048	514	480	60	1559	790	658	116

Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

Бастауыш мектепте педагог кадрлармен жасақтау жөніндегі статистика бойынша барынша дұрыс жолға қойылған. Бастауыш сынып мұғалімдерінің жетіспеушілігі – 386 мұғалімді, негізгі мектеп – 1048 мұғалімді құрайды. Едәуір жоғары кадрлық тапшылық жоғарғы мектепте - 1559 мұғалімді құрайды (31-сурет).




Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

31-сурет – Облыстар бөлінісіндегі педагог кадрларға қажеттілік

Деректерді талдау еліміздің жалпы білім беретін мектептеріндегі пән мұғалімдеріне деген қажеттіліктерді анықтады. Сонымен, егер 2013-2014 оқу жылында математика пәні мұғалімдеріне деген тапшылық 415-ті құраса, 2014-2015 оқу жылында – 767 мұғалімді құрады. Мұғалімдерге тапшылық мынадай пәндер бойынша да байқалды: шет тілі – 428 мұғалім, физика – 312, орыс тілі – 311, бастауыш сынып мұғалімдері – 310, химия – 229, информатика – 120, география – 104, тарих – 101, қазақ тілі және әдебиеті – 96, биология – 94, музыка – 60 мұғалім.

Қазақстандық мектептер кадрлық тапшылыққа жылдан жылға көбірек байқалып отыр. Аталған мамандықтарды бітірушілер жоғары оқу орнын аяқтаған соң мектепте жұмыс істеуге бармайды (32-сурет).






*Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)*

32-сурет – Пәндер бойынша педагог кадрларға деген қажеттілік, 2014 жыл

Екі жылдағы педагогтердің сапалық құрамы жоғары санаты бар педагогтер үлесінің өсу динамикасы 1,5%-ға артқанын, бірақ бірінші санатты мұғалімдер үлесінің 1%-ға төмендегенін көрсетті. 2014 жылы жоғары және бірінші санатты мұғалімдердің жалпы пайызы 48,5%-ды құрады. Мұғалім мамандығының әлі де ел жастары үшін беделді болмауының себебі – соңғы екі жылда санаты жоқ педагог кадрлар үлесінің төмендеуімен (-1,8%) сипатталады. Мұғалім еңбекақысының төмен болуынан педагогикалық жоғары оқу орнының және колледждердің бітірушілері еңбекақысы жоғары қызмет саласын таңдағанды жөн көреді (33-сурет) [2].



Дереккөзі: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

### 33-сурет - Педагог кадрлардың сапалық құрамы, %

Ауылдық мектептерде жұмыс істейтін мұғалімдердің көптігіне қарамастан аумақтық мәнмәтінде олардың жоғары санаттыларының үлесі қалаға қарағанда екі есе төмен. Аталған үйлесімсіздік біріншіден, ауыл мектептерінде тиісті педагогикалық қызмет өтілі жоқ жас мамандар үлесімен байланысты. Екіншіден, мұғалімдер өздерінің біліктілік санаттарын көтеруге саналы түрде ұмтылмайды, яғни олардың облыс орталықтарындағы біліктілікті арттыру курсынан өтуге арналған бос уақытының шектелген ресурсы салдарынан болып табылады (ауылдағы тұрмыс салтының ерекшелігі, алмастыратын пән мұғалімдерінің жоқтығы) (20-кесте).

### 20-кесте – Педагог кадрлардың сапалық құрамы 2014-2015 жж.

	Мұғалімдердің барлығы	Үлесі, %	Біліктілік деңгейі, %			
			Жоғары санат	Бірінші санат	Екінші санат	Санаты жоқ
қала	112031	37,7	25,8	28	25,1	20,9
ауыл	185262	62,3	13,8	34,1	29,6	22,4

Дереккөз: ҚР БҒМ мәліметтері (ҰББДБ, 2014 ж.)

Облыстар бөлінісінде жоғары білікті мұғалімдерді бөлу бірдей емес. Сонымен, жоғары санатты мұғалімдер үлесі Астана және Алматы қалаларында (16-29%), Оңтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстарында (18,9-21,7%) неғұрлым жоғары, яғни олардың тек жеке ғана емес (әдістемелік жинақ, жарияланымдар және т.б.), сондай-ақ Облыстық және республикалық деңгейдегі (олимпиадалар, байқаулар) оқушылардың жетістіктерін көбірек көрсету мүмкіндігімен байланысты. Біліктілік санаты жоқ мұғалімдер үлесінің ең көп көрсеткіші Маңғыстау (31 %) және Ақтөбе (26,5%) облыстарында байқалады.

Екі жыл бойына жоғары біліктілік санаты бар мұғалімдер үлесінің ең төменгі көрсеткіші Қызылорда облысында (2013 жыл – 4,4%, 2014 жыл – 5,5%)

байқалады. Жоғары санаты бар педагогтердің біліктілік деңгейінің ең көп көрсеткіші Алматы қаласында (29% және 22,3%) және Павлодар облысында (25,1% және 19,3%) тіркелген.

Сонымен бірге, бір жағынан білікті мамандар әлеуетін сақтап қалуға, ал басқа жағынан білім беру жүйесін тұтастай дамыта отырып, өзінің білім деңгейін көтеруге педагогтерді уәждеуге мүмкіндік беретін аттестаттау рәсімін өткізу механизмін әзірлеу өзекті болып қалады.

## **2.2 Инклюзивті білім беру**

Инклюзивті білім беру жүйесін дамыту – Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басым бағыттарының бірі. Тең құқылы сапалы білім алуға мүмкіндіктері шектеулі балалардың құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген [3].

Баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі, әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидалары болып табылады [12].

Ерекше оқытуды қажет ететін балаларды жалпы білім беру ортасына қосу, яғни барлық санаттағы балалардың сапалы білім алуы үшін барлық кедергілерді жою және олардың әлеуметтік бейімделуі мен қоғамға кіріктірілуі инклюзивті білім беру арқылы іске асырылады. Инклюзивті білім беруді ендіру негізінде гуманистік идея жатқанымен де, қоғамның осындай өзгеріске экономикалық және әлеуметтік-психологиялық дайындығын ескеру қажет.

Әлемдік тәжірибеде инклюзивті білім мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды оқыту мен тәрбиелеуде дербестендірілген ықпалды жүзеге асыруға негізделеді. Дүниежүзінің көптеген дамыған елдерінде инклюзивті білім берудің дамуы өткен жүзжылдықтың соңынан бастап білім саясатының жетекші бағдары болды.

Инклюзивті білім – бұл ерекше оқытуды қажет ететін тұлғалардың жалпы білім беру үдерісіне қосылуы мен кедергілердің жойылуына және олардың сапалы білім алуына тең қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік бейімделуіне бағытталған білім беру үдерісі [13].

Инклюзивті орта ерекше оқытуды қажет ететін балалардың азаматтық, әлеуметтік, коммуникативтік және басқа да құзыреттерін дамыту мүмкіндігін ұсынады, яғни олардың оқу-тәрбие үдерісінің толыққанды қатысушысы болуы мен өзін-өзі жоғары бағалауына мүмкіндік береді және білім беру ортасында жайлы сезінуін қамтамасыз етеді.

Білім берудегі инклюзивті процестерді кеңінен ұғыну барлық балалар үшін сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету міндеттерін қояды.

Қазақстанда инклюзивті білім берудің енгеніне көп болған жоқ және ол үздіксіз дамыту мен одан әрі жетілдіруді талап етеді.

Қазақстан Республикасында балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау арқылы инклюзивті оқыту үшін жалпы білім беретін күндізгі мемлекеттік 7222 мектептердің жалпы санынан 39% құрайтын 2858 білім беру ұйымдарында жағдай жасалған [11].

Республиканың жалпы білім беретін мектептерінде арнайы жағдайларды қамтамасыз етудің оңтайлы динамика үрдісі байқалады.

Республика бойынша жалпы білім беретін мектептерде 1219 – арнайы сыныптар тіркелді. Қазіргі уақытта мүмкіндіктері шектеулі балаларға түзеу-педагогикалық қолдау 17 оңалту орталықтарында, 133 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінде, мектептердегі 558 логопедиялық пунктарда көрсетіледі.

Мектептер үлесінен даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың қолжетімділігі үшін құрылған «кедергісіз орта» 4506 мектепте (62%) қамтамасыз етілген.

2014-2015 оқу жылында 129 980 – мүмкіндіктері шектеулі балалар 91,5% құрайтын білім беру ұйымдарындағы, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, қоғамдық және жекеменшік ұйымдардағы білім беру бағдарламалары және түзеу-педагогикалық қолдау бойынша оқу-тәрбиемен қамтылған.

129 980 – мүмкіндіктері шектеулі баланың ішінде: мектеп жасында – 84 120 (89,2%), мектепке дейінгі – 36 377 (93,6 %), ерте жаста - 5428 (61,5%).

84120 - мүмкіндіктері шектеулі балалардың жалпы санынан 68 209 бала инклюзивті біліммен қамтылған.

68 209 – мектеп жасындағы мүмкіндіктері шектеулі балалардың ішінен:

- жалпы білім беретін мектептердегі арнайы сыныптарда – 11 461 (12,2%);

- инклюзивті сыныптарда (дені сау балалармен бірге оқитын) – 46 340 – мүмкіндіктері шектеулі балалар 49,1%;

- үйде оқитындар – 10 408 (7,3%)» [14].

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын білім беру ұйымдарындағы мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін білім беру үдерісі ПМПК (психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес) ұсынымдары бойынша жалпы білім беретін, сондай-ақ арнайы типтік оқу бағдарламалары бойынша да іске асырылады.

2014 жылы типтік оқу жоспарлар мен мүмкіндіктері шектеулі оқушыларға арналған бастауыш деңгейдің типтік оқу бағдарламалары әзірленді [15].

«2012-2014 жылдар кезеңінде инклюзивті білім беру бойынша біліктілікті арттыру курстарынан білім беру ұйымдарының 5 мыңнан аса (30%) педагог қызметкерлері өтті.

«Дефектология» мамандығы бойынша мемлекеттік тапсырыс 25 грантқа арттырылды және 265 орынды құрайды; жалпы білім беретін мектептер жағдайында мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс бойынша біліктілікті арттыру курстарының саны 29-дан 43-ке артты.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде инклюзивті білім беруді кадрлық қамтамасыз ету бойынша жұмыс жалғастырылатын болады. Қазақстан

Республикасында 2015-2020 жылдарға арналған инклюзивті білім беру жүйесін одан әрі дамыту бойынша шаралар кешені іске асырылады.

2014 жылы «Арнайы білім беру саласында біліктілікті арттыру және кадрларды қайта даярлау» 023 бюджеттік бағдарламасы шеңберінде Түзеу педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығымен біліктілікті арттырудың 13 курсы (6 орыс тілінде, 7 қазақ тілінде) жүргізілді.

2014 жылы мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс істейтін 357 педагог біліктілікті арттырудан өтті.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының кешенді зерттеулері шеңберінде еліміздің жекеленген Облыстар бөлінісінде: Ақтөбе, Атырау, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстарында және Астана мен Алматы қалаларында білім беру үдерісінің жағдайы мен инклюзивті білім беруге қатысушылардың сандық құрамы зерделенді.

Инклюзивті білім беру бойынша салыстырмалы талдау жасау негізінде ақпараттар мен мәліметтер облыстық және қалалық білім басқармаларынан алынды.

Жүргізілген мониторингтік зерттеулердің мақсаты: ҚР инклюзивті білім берудің даму жағдайын анықтау және оның одан әрі жетілдірілуіне үлес қосу болып табылады.

Аталған облыстар бойынша мониторингтік зерттеу барысында салыстырмалы талдау жүргізілді және:

- инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын жалпы білім беретін мектептер, оның ішінде арнайы және инклюзивті сыныптар;
- инклюзивті біліммен қамтылған, сонымен бірге үйде білім алатын мүмкіндіктері шектеулі оқушылар (оқыту қазақ және орыс тілдерінде);
- инклюзивті білім беру саласында қызмет ететін арнайы педагогтар (логопедтер, сурдопедагогтер, тифлопедагогтар, олигофренопедагогтар, психологтар);
- инклюзивті білім беру курсынан өткен педагогтер;
- инклюзивті білім беруді жетілдіру үшін қажетті арнайы мамандар саны анықталды.

Мониторингтік зерттеуді талдау мынадай қорытындыларды көрсетті:

Аталған 11 облыста 2014-2015 оқу жылында 5264 - жалпы білім беретін мектеп қызмет етуде, оның ішінде 1849 (35,1 %) - инклюзивті біліммен қамтылған (21-кесте).

Инклюзивті біліммен қамтылған мектептер санын салыстырмалы талдау мыналарды көрсетеді (34-сурет):

– инклюзивті біліммен қамтылған мектептер саны Алматы, Атырау, Жамбыл, Павлодар және Оңтүстік Қазақстан облыстарында жылдан жылға өсуде;


– инклюзивті біліммен қамтылған мектептер саны Қарағанды, Қостанай, Оңтүстік Қазақстан облыстарында және Алматы, Астана қалаларында шамалас;

– Ақтөбе және Шығыс Қазақстан облыстарының мектептерінде тепе-теңдік байқалады.

21-кесте – Жекелеген облыстар бөлінісінде инклюзивті біліммен қамтылған мектептер

№	Облыс/қала	2013-2014 оқу жылы	2014-2015 оқу жылы
1	2	3	4
1	Ақтөбе	234	234
2	Алматы	61	147
3	Атырау	77	87
4	Жамбыл	264	290
5	Қарағанды	25	27
6	Қостанай	425	426
7	Оңтүстік Қазақстан	255	268
8	Павлодар	148	155
9	Шығыс Қазақстан	128	128
10	Астана	47	49
11	Алматы	34	38

*Дереккөз: Облыстардың, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының мәліметтері*



*Дереккөз: Облыстардың, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының мәліметтері*

34-сурет – Жекелеген облыстар бөлінісінде инклюзивті біліммен қамтылған мектептер саны

Арнайы сыныптар саны 1045 (инклюзивті біліммен қамтылған жалпы сыныптар санынан 15,5%) құрайды (22-кесте).

22-кесте – Жекелеген облыстар бөлінісінде мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған арнайы сыныптар

№	Облыс/қала	2013-2014 оқу жылы	2014-2015 оқу жылы
1	Ақтөбе	10	12
2	Алматы	55	48
3	Атырау	49	46
4	Жамбыл	62	70
5	Қарағанды	104	99
6	Қостанай	227	205
7	Оңтүстік Қазақстан	8	34
8	Павлодар	113	116
9	Шығыс Қазақстан	86	96
10	Астана	120	121
11	Алматы	189	198


*Дереккөз: Облыстардың, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының мәліметтері*

Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған арнайы сыныптар санын салыстырмалы талдау мыналарды көрсетеді (35-сурет):

– арнайы сыныптар саны Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарында және Алматы қаласында жылдан жылға азайып келеді;

– арнайы сыныптар саны Ақтөбе, Атырау, Павлодар облыстарында және Астана қаласында шамалас;

– Алматы, Қарағанды және Қостанай облыстарында арнайы сыныптардың артуы байқалады.



*Дереккөз: Облыстардың, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының мәліметтері*

35-сурет – Жекелеген облыстар бөлінісінде арнайы сыныптар саны

Инклюзивті сыныптар саны 5721 (инклюзивті біліммен қамтылған жалпы сыныптар санынан 84,5%) құрайды (23-кесте).

23-кесте – Жекелеген облыстар бөлінісінде инклюзивті сыныптар


№	Облыс/қала	2013-2014 оқу жылы	2014-2015 оқу жылы
1	Ақтөбе	534	531
2	Алматы	113	747
3	Атырау	55	85
4	Жамбыл	720	734
5	Қарағанды	21	24
6	Қостанай	1987	1987
7	Оңтүстік Қазақстан	331	627
8	Павлодар	515	644
9	Шығыс Қазақстан	125	196
10	Астана	119	143
11	Алматы	3	3

*Дереккөз: Облыстардың, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының мәліметтері*

Инклюзивті сыныптар санын салыстырмалы талдау мыналарды көрсетеді (36-сурет):

– Алматы, Атырау, Жамбыл, Павлодар, Шығыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында инклюзивті сыныптардың артуы орын алады;

– инклюзивті сыныптар саны Ақтөбе, Қарағанды, Павлодар облыстарында және Астана қаласында шамалас.



*Дереккөзі: Облыстардың, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының мәліметтері*

36-сурет – Жекелеген облыстар бөлінісінде инклюзивті сыныптар саны



Бүгінгі таңда Қазақстанда инклюзивті білім беру ұғымы жалпы білім беру жүйесіне мүмкіндіктері шектеулі балаларды қосу басымдылығына ие. Инклюзивті білім беру жүйесін дамыту тек мектепте оқытуды ғана емес, сондай-ақ үйде білім алатын оқушымен жұмыс түрлерін, оқушыларды жалпы білім беретін мектептердің оқу үдерісіне қосуды қарастырады.

Инклюзивті біліммен қамтылған мектеп жасындағы балалардың жалпы саны 68209-ды құрайды, оның ішінде: мүмкіндіктері шектеулі оқушылар - 16243 (оқыту қазақ тілінде - 8814 (54,2%), оқыту орыс тілінде – 7429 (45,8%). Үйде білім алатын оқушылар саны - 8433 (оқыту қазақ тілінде - 6005 (71,2%), оқыту орыс тілінде –2428 (28,8%) (24-25 – кестелер).


24-кесте – Жекелеген облыстар бөлінісінде қазақ тілінде білім алатын мүмкіндіктері шектеулі оқушылар саны

№	Облыс/қала	МШ оқушылар	Үйде оқитын оқушылар
1	Ақтөбе	874	172
2	Алматы	1347	794
3	Атырау	231	187
4	Жамбыл	1060	1048
5	Қарағанды	168	189
6	Қостанай	53	35
7	Оңтүстік Қазақстан	2637	2780
8	Павлодар	596	128
9	Шығыс Қазақстан	824	412
10	Астана	288	108
11	Алматы	736	152

*Дереккөз: Облыстардың, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының мәліметтері*

Салыстырмалы талдау көрсеткендей, республика облыстарында: Алматы қаласында және Ақтөбе, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы қазақ тілінде білім алатын мүмкіндіктері шектеулі оқушылар саны жоғары пайызды құрайды.

Сонымен бірге, оқушыларды үйде оқыту Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Алматы облыстарында аса көп іске асырылатынын айтуға болады (37-сурет).



*Дереккөз: Облыстардың, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының мәліметтері*  
 37-сурет – Жекелеген облыстар бөлінісінде қазақ тілінде білім алатын мүмкіндіктері шектеулі оқушылар саны

25-кесте – Жекелеген облыстар бөлінісінде орыс тілінде білім алатын мүмкіндіктері шектеулі оқушылар саны

№	Облыс/қала	МШ оқушылар	Үйде оқитын оқушылар
1	Ақтөбе	304	82
2	Алматы	505	651
3	Атырау	50	5
4	Жамбыл	435	382
5	Қарағанды	650	310
6	Қостанай	2026	184
7	Оңтүстік Қазақстан	6	25
8	Павлодар	1148	129
9	Шығыс Қазақстан	988	313
10	Астана	799	257
11	Алматы	518	90


*Дереккөз: Облыстардың, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының мәліметтері*

Орыс тілінде білім алатын мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды талдау мыналарды көрсетеді (38-сурет):

–Қостанай, Қарағанды, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарында және Астана қаласында мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың саны басқа облыстардан артық;

–Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Атырау және Жамбыл облыстарында мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың саны басқа облыстарға қарағанда әлдеқайда аз;

–үйде білім алатын оқушылар саны Алматы және Жамбыл облыстарында орташа көрсеткішті және Атырау, Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Павлодар, Қостанай облыстары мен Алматы қаласында төменгі көрсеткіштерді құрайды.



*Дереккөз: Облыстардың, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының мәліметтері*

38-сурет – Жекелеген облыстар бөлінісінде орыс тілінде білім алатын мүмкіндіктері шектеулі оқушылар саны

Инклюзивті білім беру табысты жұмыс үшін дайындығы бар білікті кадрлардың болуын болжайды. Бүгінгі таңда елімізде инклюзивті білім беру бойынша кадрларды даярлаудың жеткіліксіздігі өзекті мәселе болып отыр. Әрбір білім беру ұйымдарында ерекше оқытуды қажет ететін балаларға білім беру қызметін көрсететін мамандарға қажеттілік бар.

Жағдайды талдау көрсеткендей, мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс істейтін арнайы мамандар (сурдопедагогтер, тифлопедагогтер, логопедтер, олигофренопедагогтер) саны - 1963 (педагог кадрлардың жалпы санынан 1,2 %) құрайды (26-кесте).

26-кесте – Жекелеген облыстар бөлінісінде арнайы педагогтер саны


№	Облыс/қала	2013-2014 оқу жылы	2014-2015 оқу жылы
1	Ақтөбе	531	569
2	Алматы	103	273
3	Атырау	257	276
4	Жамбыл	11	11
5	Қарағанды	79	79
6	Оңтүстік Қазақстан	25	50
7	Павлодар	280	287
8	Шығыс Қазақстан	141	142
9	Астана	50	78
10	Алматы	189	198

*Дереккөз: Облыстардың, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының мәліметтері*

Арнайы педагогтер санын салыстырмалы талдау мыналарды көрсетеді (39-сурет):

– арнайы педагогтер саны Ақтөбе, Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Павлодар, Атырау облыстарында және Астана, Алматы қалаларында жылдан жылға артып келеді;

– арнайы педагогтер саны өткен жылмен салыстырғанда Жамбыл және Қарағанды облыстарында өзгермеген.



*Дереккөз: Облыстардың, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының мәліметтері*

39-сурет – Жекелеген облыстар бөлінісінде арнайы педагогтер саны

Инклюзивті білім беруді сапалы ұйымдастыру үшін кіріктірілген оқушылардың қиындықтарын еңсеруде сыныпта жағымды атмосфераны құра білетін психологтер қажет.

Инклюзивті білім беру саласында көмек көрсететін психологтер саны 2014-2015 оқу жылы - 2619 құрайды (27-кесте).


27-кесте – Жекелеген облыстар бөлінісінде психологтар саны

№	Облыс/қала	2013-2014 оқу жылы	2014-2015 оқу жылы
1	Ақтөбе	421	451
2	Алматы	61	147
3	Атырау	195	206
4	Жамбыл	390	410
5	Қарағанды	21	24
6	Қостанай	580	580
7	Оңтүстік Қазақстан	148	268
8	Павлодар	240	239
9	Шығыс Қазақстан	128	128
10	Астана	125	128
11	Алматы	34	38

Дереккөз: Облыстардың, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының мәліметтері

Психологтер санын салыстырмалы талдау мыналарды көрсетеді (40-сурет):

- психологтер саны Ақтөбе, Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Атырау облыстарында жылдан жылға артуда;
- психологтер саны Қарағанды облысы және Астана, Алматы қалаларында шамалас.



Дереккөз: Облыстардың, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының мәліметтері  
40-сурет – Жекелеген облыстар бөлінісінде психологтар саны

Жалпы білім беретін мектеп ұйымдарының барлық мұғалімдері инклюзивті білім беру мәселелері бойынша біліктіліктерін арттыру мен қайта даярлаудан өтуге мұқтаж. Инклюзивті сыныпта педагогтің рөлі маңызды және әрбір оқушының қабілеттерін ескере отырып, ерекше оқытуды қажет ететін балалардың сыныпта ең жақсы нәтижеге жетуі үшін жеке білім беру сапасын дамытумен сипатталады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда инклюзивті білім беруді ұйымдастыру үшін арнайы педагогиканың әр саласы бойынша - олигофренопедагогтерді, тифлопедагогтерді, сурдопедагогтерді, логопедтерді, сондай-ақ психологтерді қайта даярлау іске асырылуда.

Инклюзивті білім беру курсынан өткен педагогтер саны 2014-2015 оқу жылы – 589-ды құрайды (28-кесте).

28-кесте – Жекелеген облыстар бөлінісінде инклюзивті білім беру курсынан өткен педагогтер саны


№	Облыс/қала	2013-2014 оқу жылы	2014-2015 оқу жылы
1	Ақтөбе	46	68
2	Алматы	20	55
3	Атырау	46	50
4	Жамбыл	30	46
5	Қарағанды	27	23
6	Қостанай	20	20
7	Оңтүстік Қазақстан	41	51
8	Павлодар	24	33
9	Шығыс Қазақстан	54	55
10	Астана	75	150
11	Алматы	34	38

*Дереккөз: Облыстардың, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының мәліметтері*

Инклюзивті білім беру курсынан өткен педагогтер санын салыстырмалы талдау мыналарды көрсетеді (41-сурет):

– инклюзивті білім беру курсынан өткен педагогтер саны Ақтөбе, Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстарында және Астана қаласында жылдан жылға артуда;

– инклюзивті білім беру курсынан өткен педагогтер саны Атырау, Қарағанды облыстарында және Алматы қаласында шамалас.



Дереккөз: Облыстардың, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының мәліметтері  
41-сурет – Жекелеген облыстар бөлінісінде инклюзивті білім беру курсынан өткен педагогтер саны

Арнайы сыныптарда мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту және оларды жалпы білім беру үдерісіне қосу үшін арнайы дайындығы бар кадрлардың жеткіліксіздігі кері әсерін тигізеді. Арнайы сыныптар мен инклюзивті оқытатын қалыпты сыныптарда мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс істейтін және арнайы дайындығы жоқ мұғалімдер оқу үдерісін ұйымдастыруда қиындықтарға кездеседі.

Инклюзивті білім беру жүйесінде дефектолог кадрлардың тапшылығымен байланысты, кәсіби қайта даярлау қысқа уақыт ішінде мамандар мен басшылардың педагог-дефектологтің кәсіби қызметін атқаруы үшін қосымша білім, білік және дағдыларды меңгеруіне мүмкіндік беретін қосымша білім берудің бір түрі болып табылады.

Қажетті арнайы педагогтер саны 2014-2015 оқу жылы – 617-ні құрайды (29-кесте).


29-кесте – Жекелеген облыстар бөлінісінде қажетті арнайы педагогтер саны

№	Облыс/қала	2013-2014 оқу жылы	2014-2015 оқу жылы
1	Ақтөбе	15	8
2	Алматы	26	53
3	Атырау	10	13
4	Жамбыл	50	83
5	Қостанай	200	200
6	Оңтүстік Қазақстан	25	57
7	Павлодар	9	9
8	Шығыс Қазақстан	85	85
9	Астана	98	101
10	Алматы	8	8

Дереккөз: Облыстардың, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының мәліметтері

Республиканың жекелеген облыстарын салыстырмалы талдау көрсеткендей, арнайы педагогтерге сұраныс басқа облыстарға қарағанда Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында көп.

Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар облыстарында және Алматы қаласында инклюзивті білім беру үшін кадрларға сұраныс өзгеріссіз қалуда (42-сурет).



*Дереккөз: Облыстардың, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының мәліметтері*

42-сурет – Жекелеген облыстар бөлінісінде қажетті арнайы мамандар саны

Сонымен, инклюзивті білім беру жағдайын зерттеу барысында мыналар байқалады:

- инклюзивті біліммен қамтылған жалпы білім беретін мектептер саны бір оқу жылында 2,9%-ға артқан, яғни бұл қарқынды динамиканы көрсетіп отыр;

- арнайы сыныптар өткен жылмен салыстырғанда 2,9%-ға азайған, инклюзивті сыныптар 2,9%-ға артқан. Мәліметтер қорытындысы оқушылардың қалыпты сыныптарға жылдан жылға табысты ауысуын көрсетіп отыр;

- қазақ тілінде оқитын инклюзивті біліммен қамтылған мүмкіндіктері шектеулі оқушылар саны 8,4%-ға көбейген, сондай-ақ үйде білім алатындар 42,4%-ға артқан. Қазақ тілінде үйде білім алатын оқушылардың пайыздық қатынасы (17%) жалпы білім беретін мектептерде білім алатын мүмкіндіктері шектеулі оқушыларға қарағанда жоғарылаған. Сонымен бірге, пайыздық қатынас бойынша (17%) орыс тілінде оқитын мүмкіндіктері шектеулі оқушылар көп екенін атап өту қажет;

- инклюзивті білім беру саласында жұмыс істейтін арнайы педагогтердің (логопед, сурдопедагог, тифлопедагог, олигофренопедагог) 8%-ға өсімі байқалады;

- салыстырмалы талдау көрсеткендей, келесі оқу жылына ауыса отырып, инклюзивті білім беру саласында көмек көрсететін психологтар саны 5,6%-ға



артқан;

– өткен оқу жылымен салыстырғанда инклюзивті білім беру курсынан өткен педагогтер саны 17,8%-ға артып отыр;

– инклюзивті білім беруді жетілдіру үшін қажетті арнайы педагогтарды зерделеуді талдау өткен жылмен салыстырғанда 8%-ға өсті.

### **2.3 Шағын жинақты мектепте оқыту проблемалары, жағдайы, шешу жолдары, келешегі, ұсыныстар**

Ауыл мектептерінің даму болашағын айқындайтын маңызды фактор демографиялық процестер. Соңғы жылдары адамдар қала мүмкіншіліктері жоғары болуына байланысты ауылдық аймақтардан қалаға көшуі орын алуда. Бұл ауыл мектептерінің жабылуына, оның нәтижесінде елді мекеннің жойылуына әкеліп соғады.

Еліміздің білім беру жүйесінде көптеген факторлар – білім беру ұйымдарының бір-бірінен алыс орналасуы, қала маңынан алыс орналасқан, халық саны аз елді мекендердің көп болуы, ауылдық аймақтардың инфраструктурасының нашар дамуы және т.б. шағын жинақталған мектептің есебінен бірнеше проблемаларды шешуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бойынша жалпы орта білім беруде мемлекет саясатының басымдық бағыттарының бірі шағын жинақталған мектептің (бұдан әрі ШЖМ) проблемаларын шешу болып табылады.

Осыған орай, ШЖМ дамыту ретінде «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі №375 бұйрығы бекітілді. Осы бұйрықтың 6-тармағында «Тұрғындарының саны аз әрбір елді мекенде:

1) бастауыш ШЖМ білім алушылардың саны 5-тен 40 адамға дейін;

2) негізгі ШЖМ білім алушылардың саны 41-ден 80 адамға дейін;

3) орта ШЖМ білім алушылардың саны 81-ден 180 адамға дейін болған жағдайда жұмыс істейді» деп көрсетілген.

Қазақстанда 2014-2015 оқу жылының мәліметі бойынша 3268 шағын жинақты мектеп жұмыс істейді, ол 45,3%-ды құрайды, соның ішінде 3209 (98,2%) мектеп ауылдық елді мекенде, ал қалада 59 (1,8%) мектеп орналасқан. 765 бастауыш ШЖМ-те, 9381 кіші жастағы мектеп оқушылары оқиды. 849 негізгі ШЖМ-те 35 231 оқушы оқиды. 1654 орта ШЖМ-те 177 355 оқушы білім алуда. Шағын жинақталған мектепте 221 879 оқушы оқиды, ол мектеп оқушыларының жалпы санның 8,5% құрайды (2 615 898 оқушы). Салыстырмалы кестеде көрсетілгендей елімізде осындай мектептердің саны азайып келеді (29-кесте).

Соңғы 5 жылда елімізде ШЖМ санының азаю үрдісі байқалуда, осыған сәйкес ШЖМ-да білім алушылардың саны да азаюда. Салыстырмалы кестеде шағын жинақталған мектептің азаю үрдісі көрсетілген (30-кесте).

### 30-кесте – Шағын жинақты мектеп саны

	2012-2013 оқу жылы	2013-2014 оқу жылы	2014-2015 оқу жылы
ШЖМ саны	4145	3639	3268
ШЖМ-те білім алушылардың саны	385342	284267	221879

*Дереккөз: ҚР БҒМ-нің статистикасы (ҰБДҚ деректері, 2014 ж.)*

ШЖМ-ның қызметін талдауда олардың қызметінің ерекшеліктері және білім беру үдерісін ұйымдастыруда әсер ететін факторлар айқындалды:

– әкімшілік және мәдени орталықтардың қашықта болуына байланысты әлеуметтік кеңістіктің шектелуі;

– білім алушылар контингентінің аздығы және біріктірілген сыныптардың болуы;

– ШЖМ мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін жүйелі дамыту мүмкіндіктерінің шектеулігі.

ШЖМ-ді қолдау мемлекеттің білім беру саясатының маңызды бағыттары және келесі бағыттар арқылы жүзеге асырылады:

- шағын жинақталған мектепті оқу-әдістемелікпен қамтамасыз ету;

- облыстық білім басқармалары жанынан құрылған әдістемелік орталықтар, кабинеттердің қызметін үйлестіру;

- барлық білім беру деңгейіндегі білім беру үдерісін ұйымдастыру, білім сапасына мониторинг жасау;

- шағын жинақталған мектептермен кері байланысты жүзеге асыру.

Шағын жинақталған мектеп қызметін талдау көрсеткендей, ШЖМ-ны сапалы білім беру үдерісімен қамтамасыз ету, қазіргі таңда өз мақсатына жетті деуге болады, ол білім беру қорларын шоғырландыру есебінен және жақын орналасқан ШЖМ-ның өзара бірлесіп қызмет етуі, әдістер мен құралдарды таңдау есебінен, білім алушыларға білім беру мақсатын алға қоюды қамтамасыз етуі, электрондық оқыту және түрлі бағалау стратегиясын қолдану, оқу-тәрбие үдерісінде жеке білім беру маршруттарын және әр оқушының оқу жетістігін бағалау болып табылады.

Елімізде ШЖМ-ның қызметін қолдау келесі бағыттар арқылы жүзеге асырылады:

- ШЖМ-ның қызметін қамтамасыз етуде, олардың ерекшеліктерін ескере отырып, нормативтік-құқықтық, ғылыми-әдістемелік, оқу-әдістемеліктермен қамтамасыз етуді жетілдіру;

- ШЖМ-ның инфраструктурасын жаңарту;


- ШЖМ-ның кадрлар деңгейін және ресурстар әлеуетін арттыру.

2011 жылдан бастап ШЖМ-да жаңа модификациялы компьютерлер, контингенті 10-ға таяу және одан жоғары оқушылары бар ШЖМ-ның көпшілігі кең жолақты интернетпен қамтамасыз етілген. Бірнеше ШЖМ-де электрондық оқыту аясында «e-learning» және қашықта оқыту ұйымдастырылған.

ШЖМ-ның мұғалімдерін қолдау мақсатында облыстық білім басқармасы және аудандық (қалалық) білім басқармалары жанынан ашылған әдістемелік

қызмет жұмыс атқаруда, ШЖМ-да білім беру үдерісіне қашықтан оқыту енгізілген.


2014-2015 оқу жылы еліміздің ШЖМ-де жоғары санатты – 5127 (9,3%), бірінші санатты – 17478 (31,6%), екінші санатты – 16694 (30,2%), «санаты жоқ» - 15953 (28,9%) мұғалім қызмет еткен. Басқа жылдармен салыстырғанда ШЖМ-де білікті мамандар саны және педагог кадрлармен қамтамасыз етілуінің өсу үрдісі байқалады (43-сурет).



43-сурет – Шағын жинақты мектептің педагог кадрлармен қамтамасыз етілуі

Қазіргі кезде әлі де болса кейбір пәндерден педагог кадрлармен қамтамасыз етілуі өзекті мәселе болып келеді (*математикадан – 101; химиядан – 83; ағылшын тілінен – 74; физикадан – 66; орыс тілінен – 59; информатикадан – 34; биологиядан – 29; географиядан – 21; тарихтан – 14, бейнелеу өнері және технология пәндерінен – 12, бастауыш сыныптарға – 22 мұғалім жетіспейді*), сондай-ақ ШЖМ мұғалімдерінің апталық жүктемесі толық болмай отыр және кейбір пәндерден білікті емес мамандардың сабақ беруі сақталуда.

44-суретте ШЖМ мұғалімдерінің 2015 жылғы педагог кадрларға қажеттілігі көрсетілген. ШЖМ-да педагогтердің жетіспеушілігінен біліктілігін арттыруға мүмкіндіктері және аралас пәндерден дайындықтары болмайды, кейде бір мұғалім әртүрлі пәндерден, әртүрлі тақырыпта және әртүрлі сынып оқушыларына сабақ беруіне тура келеді.



44-сурет – Шағын жинақты мектептің педагог кадрлармен қамтамасыз етілу қажеттілігі

2013 жылы білім беру мазмұнын жаңарту және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» мен ТМ (РО)+ШЖМ білім беру кешенінің тәжірибелерін ескере отырып, мектеп басшыларының және ШЖМ мұғалімдерінің біліктілігін арттыру мақсатында Қарағанды облысындағы «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалының орталығы педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты базасында «Бірыңғай білім кеңістігінде шағын жинақты мектептер мен тірек мектептерді (ресурстық орталықтарды) дамыту» тірек мектептер (ресурстық орталықтар) мен шағын жинақты мектеп педагогтері тағылымдамасын ұйымдастырды. Онда ресурстық орталықтарды ашу қызметін дамыту мәселелері көтерілді.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес ҚР Білім және ғылым министрлігінің іс-шаралар жоспарын іске асыру бойынша 2020 жылға дейін Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы базасында шағын жинақты мектептерді дамыту орталығы және облыста педагог кадрларды қайта даярлау институтының жанынан 14 Облыстық орталық құрылды, олар ШЖМ-ны әдістемелік ілестірмелермен қамтамасыз етеді.

Іс жүзінде ШЖМ-ға нақты көмек территориялық принциппен құрылған, өздерінде білім беру үдерісін сапалы ұйымдастыруға жеткілікті қорлары бар және өзіне жақын аумақтағы бірнеше магниттік мектептерді (5-8 мектеп) біріктіретін ТМ (РО) болып саналады, және де мемлекеттік бағдарламаға сәйкес 120 тірек мектебі (ресурстық орталық) құрылды [3].

Тірек мектебі (ресурс орталығы) – шағын жинақталған мектеп оқушыларының сапалы білім алуына қол жетімділігін қамтамасыз ету мақсатында қысқа мерзімді сессиялық сабақтарды және аралық әрі қорытынды аттестаттауды өткізу үшін базасында таяу маңдағы шағын жинақталған мектептердің білім беру ресурстары шоғырланатын жалпы орта білім беру ұйымы болып табылады.

ШЖМ-ның оқушылары жылына үш рет (бастапқы – қазан айының бірінші онкүндігінде, аралық – ақпан айының бірінші онкүндігінде, қорытынды – сәуір айының үшінші онкүндігінде) ресурстық орталықта оқиды, аралық және қорытынды сессияларынан кейін аттестаттау тапсырады. ШЖМ-ның оқушыларына тірек мектебі (ресурстық орталықтың) пән мұғалімдері сабақ береді және сессияаралық кезеңде қашықтан оқытуды реттейді.

Әдеттегідей, магниттік мектеп оқушылары жалпы білім беретін мектептер базасында базалық пәндер бойынша білікті мамандардан көмек алады, практикалық бейіндік дағдыларын меңгереді, сонымен бірге сыныптан тыс уақытта немесе сессия уақытында олқылықтарды жою мақсатында зертханалық-практикалық сабақтар өткізіліп, оқушылар топтық немесе жеке кеңестер алады. Бұдан басқа шағын мектептердің барлық оқушылары сессияаралық кезеңде тапсырмалар алады. Оқушылардың сыныптан тыс әрекеті іс-шаралар мен әртүрлі үйірме жұмыстары, сабақтың жеке-жеке формасы арқылы сыныптан тыс ұйымдастырылған. Сессияаралық кезең қашықтан оқыту арқылы жүзеге асырылады.

Облыстардағы шағын мектептің қызметін талдау кезінде Қарағанды облысы ресурстық орталықтардың (Ақтоғай ауданындағы ресурстық орталық - Шашубай мектеп-балабақша кешені, Бұқар жырау ауданында – Ростовка ТМ-РО, Осакаровка ауданында – Осакаровка №9 мектеп гимназиясының) озық іс-тәжірибелері жинақталған. Шығыс Қазақстан облысында ШЖМ қызметінің табысты болуы «Шығыс» облыстық орталығымен байланысты, ол шағын жинақты мектептер және тірек мектептері (ресурстық орталық) оқушыларына түрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға қолдау көрсетуімен қатар ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асыруда.

Облыстардағы әдістемелік ілестірімелер РО және магниттік мектептерде шығармашылық топтар құру, ШЖМ-да білім беру үдерісін тиімді арттыру, баланың тұлғасын дамытуға; ресурстық орталықтардың жұмысын ұйымдастырудың озық педагогикалық тәжірибесін жинақтау, облыстық семинарларды, ғылыми –практикалық конференцияларды және конкурстарды ұйымдастыру және өткізуге бағытталған.

Елімізде құрылған РО жақын аумақтағы ШЖМ-ның оқушыларына сапалы білім беру үдерісіне қол жеткізуді, олардың арнайы жабдықталған кабинеттерде зерттеу және зертханалық жұмыстарды орындауға, әлеуметтік тәжірибені және ШЖМ жағдайында білім алушылардың мүмкіндігін кеңейтуді қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес ШЖМ-ның оқушыларына сапалы білім беру мақсатында 2015жылы қосымша 40РО құру және олардың санын 160 –қа көтеру белгіленген.

2020 жылға қарай ШЖМ негізінде бастауыш және негізгі орта білім беру деңгейінде қызмет ететін болады. Жоғарғы сынып (10-11сынып) оқушылары ТМ (РО)-тағы интернатқа көшіріледі, онда сапалы білім беру үдерісі қамтамасыз етіледі. Қазіргі таңда «Жергілікті жерде мектебі жоқ білім алушылар мен тәрбиеленушілердің мектептен барып-келу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін» құжат бойынша бастауыш және негізгі орта мектеп оқушыларын тасымалдау мәселесі шешіледі.

ШЖМ қызметіне талдау жасағанда ресурстық орталыққа бекітілген мектептердің білім сапасы артқаны көрінді, мысалы ауылдық елді мекенде ұлттық бірыңғай тестілеуді (бұдан әрі –ҰБТ) тапсырудың орташа баллы -59,4, қалада - 65,7(-6,3балл).

2013-2014 оқу жылында ауыл мектебінің 9-сынып оқушыларының оқу жетістіктерін сырттай бағалау (бұдан әрі - ОЖСБ) нәтижесі бойынша – 37,6 балл, қалада – 41,5 балға (-3,9балл) тең болды (31-кесте).

31-кесте – ШЖМ оқушыларының оқу жетістіктерін сырттай бағалау (ОЖСБ)

ШЖМ оқушыларының нәтижелері	ОЖСБ (балл)	ҰБТ (балл)	ЖОО түсу гранты (%)
қаланың ШЖМ	41,5	65,7	45,7%
ауылдың ШЖМ	37,6	59,4	57,6%

*Дереккөзі: Облыстардың мәліметі бойынша*

Ауылдық жердегі ШЖМ әр екінші ҰБТ-ға қатысушы грантқа ие болу конкурсына қатысқан, қалалық жермен салыстырғанда әр бесінші ҰБТ-ға қатысушы болып отыр. Нәтижесінде грантқа 57,6% ауыл мектебін бітіргендер, 45,7 % қала мектебін бітірушілері грантқа ие болды. Ең жоғары көрсеткіш Батыс Қазақстан облысы (орташа балы – 63,83), Ақтөбе облысы (63,58) болса, ең төмен көрсеткіш Атырау (49,08), Қостанай (57,61), Алматы (58,69) облыстарында болды. (2014 оқу жылы, *ҰБДҚ деректері*).

2014 жылдың нәтижесі бойынша 9-сынып оқушыларының ОЖСБ нәтижесінде Ақтөбе (63,58), Шығыс Қазақстан (49,76 балл), Ақмола (48,11 балл), Алматы (42,58 балл), ал төмен көрсеткіштерді Оңтүстік Қазақстан (31,6 балл), Атырау (33,58 балл), Қостанай облыстары (33,18 балл) көрсетті.

Республика бойынша мектеп бітірушілер арасында грант иегері – 9437 оқушы, оның ішінде ауыл мектебінен – 2829 оқушы болды.

Жоғарғы оқу орнына түсу грантының 26,61%-ын ауылдық ШЖМ мектеп бітірушілері, ал 8,89%-ын қала мектебін бітіруші ШЖМ ие болды. 2013-2014 оқу жылының қорытындысы бойынша грантты ең көп алған облыстар: Оңтүстік Қазақстан облысының мектеп бітірушілері – 31,6%, Шығыс Қазақстан облысы – 30,3%, Алматы облысы – 28,8%, Жамбыл облысы – 24,8%.

ШЖМ қызметін талдау қорытындысы барлық ШЖМ-ға тән проблемалар сипатын көрсетті:

Материалды-техникалық базасының толық жабдықталмауы 1389 (42,5%) мектеп бейімделген ғимаратта, оның ішінде апатты жағдайда – 34 (1,04%) мектеп, күрделі жөндеуді – 479 (14,7%) мектеп қажет етеді; жана модификациялы кабинеттердің болмауы: 1102 – физика, 1273 – химия, 1283 – биология, 958 – математика, 456 – информатика, 1600 – лингафон кабинеті; 672-сі мектеп асханасы, ал 707-сі мектеп спортзалымен қамтамасыз етілмеген;

- білікті мамандардың жетіспеушілігі, ауылдық елді мекенде тұрғын үймен қамтамасыз етілу проблемасы және инфраструктураның дамымағандығы ауылға жас мамандардың келмеуіне себепкер болуда.

ШЖМ және тірек мектептері (ресурстық орталықтардың) білім беру үдерісін қолдау мақсатында келесі ұсынымдарды ескеру қажет:

1. ШЖМ және тірек мектептері (ресурстық орталықтардың) қызметін қарастыратын нормативтік – құқықтық актілерді жетілдіру ( «Тірек мектебі (ресурстық орталық) туралы ережені» әзірлеу);

2. Біріктірілген сыныптардың санына байланысты бастауыш сынып мұғалімдерінің жүктемесіне өзгерістер енгізу:

- 2 сынып біріктірілгенде – 1,5 еңбек ақы мөлшерінде,

- 3 сынып біріктірілгенде – 2 еңбек ақы мөлшерінде.

3. Көп салалы мамандықтар бойынша жоғары білікті педагог кадрларды дайындауды жүзеге асыру;

4. педагогикалық мамандықтары бар жоғарғы оқу орындарының элективтік пәндер және арнайы курстар мазмұнына ШЖМ-нің көкейтесті проблемаларын және білім беру үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерін еңбек нарығының мамандарға қажеттілігін ескере отырып оқу жоспарына енгізу;

5. Облыстық білім басқармасына және «Өрлеу» БАҰО» АҚ облыстық филиалында біріктірілген сыныптарда сабақ өткізу әдістемесі бойынша ШЖМ мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курстарын жүйелі ұйымдастыру;

6. ШЖМ мұғалімдеріне арналған электрондық оқу құралдарының базасын дамыту;

7. ШЖМ пен РО-ның білім беру үдерісінде қашықта оқытуды белсенді қолдану;

8. Жас мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсетуді күшейту, сондай-ақ облыстық ресурстық орталықтарда ШЖМ мұғалімдерінің озық іс-тәжірибесін тарату;

9. Желілік қауымдастық және ресурстық қамтамасыз ету қызметін орындайтын және әдістемелік материалдардан құралған интернет сайттар құруды қамтамасыз ету;

10. Интернаттық ұйымдар желісінің альтернативасы ретінде мектептен алыста тұратын облыстардағы балалар үшін интернат желісін ұлғайту;

11. Еліміздің ШЖМ және ТМ (РО)-ты жетілдіру мақсатында, олардың қызметі мен қолжеткізген нәтижелеріне тұрақты мониторинг жүргізу.

Жоғарыда көрсетілген ұсынымдарды қорытындылай келе, ШЖМ-ның қазіргі таңдағы көкейтесті проблемаларын нормативтік қаржы құжаттардан басқасын облыстық әкімшілік пен облыстық білім басқармасы, облыстық «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалының орталығы мен әдістемелік кабинеттердің құзыреттілігінің жеткілікті екендігіне көз жеткізуге болады. Мысалы:

- материалдық- техникалық базаны күшейту, ТМ (РО) мен ШЖМ-ның оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру, білім сапасына мониторинг жүргізу, интернаттың қажеттілігін уақытында шешу;

- облыстық білім басқармасына және «Өрлеу» БАҰО» АҚ облыстық филиалында біріктірілген сыныптарда сабақ өткізу әдістемесі бойынша қысқы және жазғы каникулдар арасында біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және ауылдағы ШЖМ-мен (шығу семинарларын, он-лайн режимінде конференциялар, шығармашылық сыныбын, дөңгелек үстелдерге) ынтымақтастық бағдарлама әзірлеу және оны жүзеге асыру;

- Шағын жинақты мектептердің педагогтерін жаңа интерактивтік және жаңа технологияларды қолдануға үйрету, электрондық оқу құралдарының базасын дамыту және оны қолдану, педагог кадрларды қайта даярлауға жіберу;

- Жергілікті бюджет қаржысынан шағын жинақты мектептердің материалдық-техникалық базасын, кабинеттерді жабдықтау, тамақтану, жатын орын және оқушыларды тасымалдауды ұйымдастыру болып табылады.

## **2.4 Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беретін мектептеріндегі балаларға қосымша білім беру**

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын («Білім туралы» ҚР Заңы 37-бап 1-тармақ) жүзеге асыратын біртұтас білім беру

үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі білім ұйымдары мен мектептен тыс білім ұйымдарында білім беруді іске асыратын қосымша білім беру болып табылады [12].


Қосымша білім берудің мақсаты – тұлғалық өзін-өзі билеуін дамыту үшін жағдай жасау, оқушылардың шығармашылығы, олардың қабілеттерін жүзеге асыру, қоғам өміріне бейімделу, азаматтық сана-сезімін қалыптастыру, жалпы мәдениет, салауатты өмір салты, мазмұнды демалыстарын («Білім туралы» ҚР Заңы 14-бап 4-тармақ) ұйымдастыру [12].

Мектептің қосымша білім беру жүйесі бірлестіктер мен үйірме жұмыстарындағы сабақтастық пен бірізділік, әлеуметтік маңызды нәтиже беретіндей баланы іс-әрекетке жұмылдыру, жеке және топтастыра оқыту, еріктілік ретіндегі қағидаларға сүйенеді. Қосымша білім беру мектеп бағдарламасындағы пәндердің байланысын іс жүзіне асыруға мүмкіндік береді. Қосымша білім беру жүйесінде барлық топтағы балалардың әлеуметтену мен бейімделуі, дамыту бағдарламасы іске асырылады, білім, тәрбие беру, әлеуметтік қызметтер, балалардың өмір салтына әлеуметтік-педагогикалық моделі әзірленіп енгізіледі.

Заманауи қосымша білім беру екі топта: білімдік және мәдени демалыс ұсынылады.

Балаларға қосымша білім беру жүйесінің қызметі заңнамалық және нормативтік құқықтық актілермен реттелген.

2013-2014 оқу жылында 680 қосымша білім беру ұйымдары жұмыс істеді, 2012-2013 оқу жылымен салыстырғанда (2012 ж. – 641 бірлік) қосымша білім беру ұйымдарының желісі 39 бірлікке ұлғайды. Елімізде балаларды қосымша білім ұйымдарымен қамту 2012-2013 оқу жылы - 22,9 % құраса, 2013-2014 оқу жылы 23,1% құраған (45-сурет).



Дереккөз: Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы деректері  
45-сурет – Қосымша білім беру ұйымдарының контингенті мен желісі


Үш жылдық динамика көрсеткендей қосымша білім беру қызметін көрсететін әртүрлі ұйымдар желісінің түрлері өскен (+243 бірлік), соның ішінде 24-і жеке меншік болып табылады. Бұлардың қатарында балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы, экология және өлкетану орталықтары, оқу-әдістемелік және экологиялық орталықтар, аула клубтары, спорт және өнер мектептері, балалар сауықтыру лагерлері, балалар мен жасөспірімдердің



арнайы олимпиадалық резерв мектептері т.б. ұйымдар.

ҚР БҒМ деректері бойынша 6 мен 18 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдерді қамту көрсеткіші 598 769 адамды құраған, соның ішінде мемлекеттік ұйымдарға баратын оқушылар 583 280, жеке меншік мекемелерде 15 489 адам.


Балаларды тәрбиелеу, сонымен қатар оқыту ретінде білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру формасы ретінде осы уақыт аралығындағы мектептен тыс ұйымдар желісі мен контингентінің өсуі қосымша білім беруге сұраныстардың бар екеніне дәлел бола алады (46-сурет).



Дереккөз: Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы

46-сурет – Республика бойынша оқушыларды қосымша білім берумен қамту %

Республикада қосымша білім беру жүйесінің мазмұны ғылыми-техникалық, туристік-өлкетану, эколого-биологиялық, көркемдік-эстетикалық және басқа да бағыттар бойынша балалардың жан-жақты қызығушылығы мен қабілеттерін ескеретін мектептен тыс тәрбиенің таңдаулы дәстүрлерін сақтап қалуға негізделген (47-сурет).




Дереккөз: ҚР БҒМ деректері

47-сурет – Қосымша білім беру ұйымдар бағыттар бойынша

Республиканың қосымша білім беру жүйесін дамыту шеңберінде бұқаралық, оның ішінде мектеп жасындағы балалар арасындағы спортты дамыту бойынша мақсатты жұмыстар жүргізілуде. Орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың жалпы санынан спорт секцияларымен қамтылған оқушылар үлесі 30,5% құрады. Бұқаралық спортты тиімді дамыту үшін Республикада спорт залдардың, спорттық инвентарлар мен жабдықтардың жетіспеушілігі байқалады. Облыстық білім басқармаларының мәліметтері бойынша 26,7% жалпы білім беретін мектептердің спорт залдары жоқ, сол себепті дене тәрбиесі бойынша міндетті сабақтар өткізуді толық қамтамасыз ету мүмкін емес [10].

2014-2015 оқу жылында республикада 833 қосымша білім беру ұйымы (2012 ж. – 641 бірл.) жұмыс атқарды, онда 620 мыңнан аса бала қамтылған, ол барлық оқушылар санынан 24%-ды құрайды (2012 ж. – 22,9%). Қосымша білім беру ұйымдары соңғы үш жылдағы жалпы саны 192 бірлікке өскен. Көбінесе ауылдық жерде осындай ұйымдардың өсу қарқыны есебінен (ауыл: +175, қала: +17 бірлік). Ауылдық жерде – 465 ұйым бар, оның жалпы оқушылар санының 8,6% қамтылған.

Соңғы үш жылда қосымша білім беру ұйымдары желісін кеңейту ауылдық жердегі балалардың қатысуын 51,5 мың адамға өсуін қамтамасыз етті. Бұл қалалық жерде қазіргі кездегі қосымша білім берумен қамту өсімінен 2,6 есе көп. Алайда ауылдық жердегі қосымша білім беру ұйымдары асып түсуіне қарамастан қалалық жердегімен салыстырғанда қамтылуы 172,2 мың балаға кем болып отыр (48-сурет).




*Дереккөз: Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы деректері*

Соңғы он жылда елімізде 11 техникалық бағыттағы қосымша білім беру ұйымдары (2004 ж. -14 бірлік, 2014 ж. - 25 бірлік) ғана ашылған. Қазіргі таңда ең көп қосымша білім беру ұйымдары Шығыс Қазақстан облысында (116) болса, ең аз қосымша білім беру ұйымдары Маңғыстау облысында (11) болып отыр. Алматы қаласы, Қызылорда, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарында бірде-бір техникалық шығармашылық орталықтары жоқ. Қосымша білім беру ұйымдарының өсімі Батыс Қазақстан – 84,9%, Шығыс Қазақстан – 59,1%, Қостанай – 59 %, Павлодар – 58 %, Солтүстік Қазақстан – 52,5 %, Ақтөбе – 48 %, Қарағанды – 45,2% облыстарында байқалады (49-сурет).

Мектеп оқушыларының қосымша білім берумен барынша көп қамтылуы Батыс Қазақстан – 59,9 %, Қостанай – 47,1 %, Шығыс Қазақстан – 44,4%, Ақтөбе – 34,6 %, Павлодар – 34 % облыстарында көрінеді. Қосымша білім берумен ең аз қамтылған – Алматы облысының (10,4% мектеп жасындағы балалар) оқушылары.

Қосымша білім беру баланың бейінділігі мен сұранысын, әртүрлі қызығушылықтарын қанағаттандыратын ұйымдар желісімен қамтамасыз етеді. Олар оқушылар сарайлары – 198 (2012 - 189); жас туристер станциялары – 35 (2012-26); жас техниктер станциялары – 25 (2012-21); жас натуралистер станциялары – 19 (2012-18); музыкалық мектептер – 200 (2012-206); көркемдік мектептер – 30 (2012-30); өнер мектептері – 127 (2012-110); аула клубтары – 51 (2012-31); сауықтыру лагерьлері-148 (2012-11) оның ішінде жыл бойғы лагерьлері -7 (2012-5) (50-сурет).




Дереккөз: Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы деректері

49-сурет – ҚБ ұйымдарының желісі бағыттар бойынша

Балаларға қосымша білім беру бағдарламалары жалпы білім беретін мектептердегі 59 006 үйірмелердің 961 524 баланы қамту қызметтері арқылы іске асырылуда, ол оқушылардың жалпы санының 36,6% бала санын құрайды (2012 – 53мың үйірмелерде 35,1% балалар қамтылған ) (49-сурет).

Мектептердегі 59 006 үйірмелер 961 524  
баланы (36,6% ) қамтиды



Дереккөз: Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы деректері

#### 50-сурет – Мектеп үйірмелері

Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық әлеуетін дамытуға әлеуметтік маңызы бар акциялар («Қазақстан, біз – сенің балаларыңбыз, Біз жаңа әлемде өмір сүреміз!» «XXI ғасырдың балалары әлем мәдениеті жолында» «Қазақстанның балалары. Біздің құқықтарымыз және мүмкіндіктеріміз» т.б.) өткізу арқылы жағымды тенденциялар байқалды. Бұл шаралардың барлығы ата-аналар мен балалардың қосымша білімге деген қызығушылықтары артып, қосымша білім беру ұйымдарына қызығушылықтарының артуына мүмкіндік туғызды. Қосымша білім беру ұйымдарына мүмкіншілігі шектеулі балаларды тарту жұмыстары іске қосылды.

2014 жылы 1,5 миллионнан астам балалар қосымша білім беру ұйымдары мен мектеп үйірмелеріне қатысқан, бұл жалпы оқушылар санының 60,8% құрап отыр. 2015 жылы балаларды қосымша білім берумен қамтуды 70% ұлғайту жоспарлануда.

Бүгінгі таңда жалпы білім және қосымша білім беру ұйымдарында техникалық бағыттағы бағдарламалар бойынша 47 000 астам балалар қатысады. Соның ішінде 75% (35 937 адам) – ер балалар және 25% (11 965 адам) – қыз балалар. Техникалық шығармашылыққа жалпы қамту 1,8% құрап отыр. Ауылдық жерде мектеп жасындағы балалар (20913 адам) жалпы санының 0,8% қамтылған. Техникалық шығармашылық бірлестіктерінде айналысатын төменгі (9477) және орта мектеп (27629) жасындағы балалардың тұрақты өсу үрдістері

байқалады. Сонымен қатар, техникалық шығармашылықпен қамтылған жоғары сынып оқушыларының саны жалпы балалар санының 1/4 құрайды [10].

Қосымша білім берудің маңызды сипаттамасының бірі оның мазмұны болып табылады. Қосымша білім қызметін беретін ұйымдардың (балаларға арналған музыкалық, көркем-сурет мектептері мен өнер мектебі) білім мазмұны әдістемелік немесе педагогикалық кеңеспен үлгілендірілген (бейімделген), эксперименттелген, бекітілген, уәкілетті органмен бекітілген және әдістемелік немесе педагогикалық кеңеспен ұсынылған авторлық бағдарламалар ҚР БҒМ бекіткен үлгілік бағдарламалар негізінде құрылады.

Қосымша білім беру жүйесін дамыту шынтуайтында, егер қосымша білім беру бағдарламалары балалардың қажеттілігі мен қызығушылығына сәйкес болып жатса тиімді болып табылады. Нақты мекемелерде олардың шынайы мүмкіндіктерін қанағаттандыруын ескеріп, балаға өзіндік әрекеттік және құндылықтық ұстанымдарын қалыптастыруға көмектеседі, оның өзін дамыту және өздігінен білім алуын ынталандырады.

2014 жылы Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы музыкалық, өнер және сурет мектептеріне арналған 5 бағдарлама, 3 оқу-әдістемелік құрал, 13 әдістемелік нұсқаулық, педагогтерге арналған 2 сценарий мен бағдарламалар жинағын әзірледі. Балаларға арналған «Экоәлем» және «Темірқазық» танымдық журналдарының 16 нөмірі, педагогтерге арналған «Қосымша білім және тәрбие. Дополнительное образование и воспитание» журналы жарық көрді. Балаларға арналған республикалық ғылыми-танымдық «www.ziyatker.kz» сайты жасалынды.

Қосымша білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базаларын нығайтуда оң өзгерістер орын алуда:

- типтік орынжайларда орналасқан ұйымдардың саны 138 бірлікке ұлғайды (2014 жылы – 321, 2012 жылы - 163);


- күрделі жөндеуді талап ететін ұйымдар саны 70 бірлікке азайды (2014 жылы – 109 бірлік, 2012 жылы – 179);

- апаттық жағдайлардағы ұйымдар саны 20 бірлікке азайды (2014 жылы – 2 бірлік, 2012 жылы – 22 бірлік);

- мектептен тыс ұйымдардың материалдық жарақталуы 64,8 % құрайды (2012 жылы - 60%, ауылда – 52,0%);

- мектептен тыс 202 ұйым кітапханамен қамтамасыз етілді, оның ішінде ауылдық жерлерде -79.

Талдау нәтижесі бойынша қосымша білім беру ғимараттарының саны 2012 жылмен салыстырғанда 192-ге көбейіп отыр. Оның ішінде типтік ғимараттар – 112; бейімделген ғимараттар – 255. Апаттық жағдайда тұрған ғимараттар саны 20-ға кеміді, қалған жөндеуді қажет етіп тұрғаны – екеу. Күрделі жөндеуді қажет ететін ғимараттар саны 52-ге өсіп отыр (51-сурет).



Дереккөз: Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы деректері  
51-сурет – ҚБҰ материалдық-техникалық жағдайы

Сонымен бірге техникалық бағыттағы қосымша білім беру ұйымдары материалды-техникалық базасы заманауи техника-технологиялық талаптардан айтарлықтай артта қалып отыр. Қажетті шығыс материалдарымен қамту қажеттіліктен 50%-дан төмен. Жабдықтардың көп бөлігі тозған, сапалық ескірген техникалар. Техникалық шығармашылық орталықтарының 7 ғимаратына күрделі жөндеу қажет етеді, 14 бейінделген мекемелерде және 3 жалдамалы ғимараттарда орналасқан.

Балалардың қосымша білім беру жүйесін табысты дамыту үшін кадр әлеуетін жоғары дәрежеде қамтамасыз ету қажет. Оқушылардың сабақтан тыс уақыттағы жұмыспен қамтылуын ұйымдастырумен 70 мың маман айналысады: 18,4 мың балаларға қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері, 53,1 мың мектеп үйірмелерінің жетекшілері (52-сурет) [10].


Қосымша білім беру ұйымдары педагог кадрларының сапалық құрамы туралы сараптамалық деректер көрсеткендей, жұмыс істеп жатқан мамандардың 75% ғана жоғары техникалық және педагогикалық білімі бар. Кадрлардың бағдары бойынша кәсіптік және техникалық жоғары білім алғандардың салыстырмалы салмағы жалпы санынан 25% құрап отыр.



Дереккөз: Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы деректері

52-сурет – Қосымша білім беру жүйесінің кадрлық қамтылуы

Үш жылды салыстырғанда жоғары педагогикалық білімі бар (2012 ж. – 58,3% адам, 2014 жыл – 60% адам) педагогтер үлесінің өсуі көрінеді. Қосымша білім беру ұйымдары жұмыс жасайтын жалпы орта білімі бар педагогтер саны 152 адамға төмендеген (53-сурет).



*Дереккөз: Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы деректері*

53-сурет – ҚБҰ педагогтерінің сапалық құрамы, мың адам

Қазіргі уақытта, балаларға қосымша білім беру жүйесі ұйымдарында балалар мен жасөспірімдердің ғылыми-техникалық шығармашылығы мен туризмін дамыту, балалардың әлеуметтік тәрбиесінің инновациялық бағыттары болып табылады. Осы салада жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Қазақстан Республикасында балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығы жүйесін және туризмін 2015-2018 жылдары дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері әзірленіп бекітілді.

Қазақстан Республикасында балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығы жүйесін 2015-2018 жылдары дамыту бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді (*ҚР БҒМ 10.02.2015 ж. № 61, ҚМ 11.02.2015 ж. № 85, ҰЭМ 16.02.2015 ж. № 100 біріккен бұйрықтары*).

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес «Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында оқушылардың жалпы санынан қосымша білім берумен қамтылған балалардың үлесі 2020 жылы – 70 %» мақсаттық индикаторы (2014 жылы – 60,5%) және «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының саны, оның ішінде техникалық және туристік-өлкетану бағыттары бойынша 2020 жылы – 900 ұйым» (2014 жылы – 833) көрсеткіш енгізілді [3].

Балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі позитивтік өзгерістермен қатар республикада шешімін талап ететін бірнеше мәселелер бар:

1) Балаларды статистикалық есепке алудың қолданыстағы жүйесі балалардың қосымша біліммен қамтылуы растайтын объективтік ақпаратпен

қамтамасыз етпейді. Әлеуметтік жағынан осал топ тұрғындарының балалары туралы толық статистикалық ақпарат жоқ.

2) ҚР-да мектептен тыс ұйымдарда балалардың қосымша біліммен қамтылуы төмен. Барлығы – 23,9 %-ды (833 бірл. ұйымда) құрайды, оның ішінде ауылдық жерде – 8,6% (466 бірл.) (Беларусь – 44%, Өзбекстан – 16,9%, Тәжікстан – 1 %, Ресей – 51%). Жалпы білім беретін мектептердегі МББС-ның элективті сағаттарының мақсатты қолданылмауы, баланың қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып, шығармашылығын, интеллектуалды дамуын толық қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

3) Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың қызметін үйлестіру жұмысындағы жүйесіздік байқалады.

4) Қосымша білім беру жүйесіндегі педагогикалық технологияларды меңгерген кадрлардың төмен деңгейдегі дайындығы. ЖОО және колледждердегі педагогтерді дайындаудың Типтік жоспарларында «Балаларға қосымша білім беру педагогикасы» пәнінің болмауы.

5) Қаржылық-экономикалық механизмнің игерілмегені, балаларға қосымша білім беруді қаржыландырудың қалдық принципі, ұйымның техникалық, туристік профилі бойынша материалдық-техникалық даму қарқынының кешігуі, инновациялық қызметтің, ақпараттық технологияның дамуына бағытталған жаңа буындағы бағдарламалардың жетіспеушілігі, қосымша білім берудің дамуын тежеп тұратын фактор болып табылады.

6) Балаларға қосымша білім берудің бағыты бойынша дағдыларын дамыту үшін мамандардың біліктілігін арттырудағы жүйелі көзқарастың жоқтығы (жылына курстармен қамту – қажеттіліктің 36,6%).

7) Қосымша білім беру ұйымдарының әлсіз инфра құрылымы (еліміздегі он бір аймақтағы жас техниктер, натуралистер және туристер станцияларының болмауы).

8) Қосымша білім беру жүйесін балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, өзекті әлеуметтік-экономикалық ағымдағы контекстінде, ғылыми-техникалық, туристік-өлкетанулық, әлеуметтік-педагогикалық, әскери-патриоттық, көркем-эстетикалық бағыттары бойынша бағдарламалық және әдістемелік қамтамасыз етудің қаржылық жетіспеушілігі.

Қосымша білім беру жүйесін жетілдіру мақсатында төмендегі міндеттер ұсынылады:

- қосымша білім беру жүйесінде тиімді бюджеттік жоспарлау және желілік жобалау үшін балаларды статистикалық есепке алу жүйесін жетілдіру;

- қосымша білім берудегі балалардың, әсіресе, әлеуметтік қорғалмаған және девиантты мінез-құлыққа бейім балалардың қамтылу санын көбейту;

- қосымша білім берудің мазмұнын жаңарту, жаңа буын бағдарламаларын әзірлеу;

- сыныптан тыс ұйымдар мен жалпы орта мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту;

- мектепте балалардың қызығушылық үйірмелерін ашу үшін мектеп мұғалімдері мен қосымша білім беру педагогтерінің кадрлық әлеуетін тарту,



қолданыстағы мектептен тыс ұйымдарды қосымша білім берудің ресурстық орталығы ретінде пайдалану;

- балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын ұйымдарды сапалы үйлестіру қызметімен қамтамасыз ету;

- қосымша білім беру бағдарламаларына балалардың қатысу құқығын қолдаудың қаржылық-экономикалық тетігін әзірлеу, балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы техникалық, туристік, экологиялық және басқа да бағыттарының материалдық және техникалық базасын қамтамасыз ету;

- педагогикалық жоғары оқу орындары мен колледждердің педагогтер дайындау типтік жоспарларына «Балаларға қосымша білім беру педагогикасы» пәнін енгізу;

- балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі мәселелер бойынша терең қолданбалы зерттеулер жүргізу. Білім беру ұйымдарының білім беру сапасын өлшеу және бағалау шарттарының, бәсекелік құралдарын дамыту;

- қосымша білім беруді дамыту мәселелері бойынша БАҚ-тағы ақпараттық-ағартушылық жұмыс;

- қосымша білім беру ұйымдары инфрақұрылымын дамытудағы жағдайларды қамтамасыз ету бойынша облыстық жоспарлар әзірлеу;

- қосымша білім беру ұйымдары балаларды қамту мақсатында 6 бағыт бойынша республикалық іс-шаралар өткізу;

- қосымша білім берудің көркем-эстетика, музыка, ғылым және техника, туризм және өлкетану, биология-экология, әлеуметтік-педагогикалық, әскери-патриоттық және т.б. бағыттары бойынша педагогтер мен ата-аналарға көмек ретінде балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, әдістемелік құралдар, бағдарламалар, ұсынымдар, жинақтар әзірлеу, тарату және іске асыру.

## **2.5 Орта білім беру жүйесіндегі мәселелер және оларды шешу жолдары**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес «Орта білім – азаматтардың Қазақстан Республикасының Конституциясымен (1995) кепілдік берілген, білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеруі нәтижесінде алатын білімі» [12].

Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995) және «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2007) бойынша «Мемлекет Қазақстан Республикасы азаматтарының тегін мектепалды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алуын қамтамасыз етеді» [16].

Еліміздің тәуелсіздік кезеңіндегі орта білім беру жүйесінде қоғамның экономикалық, әлеуметтік-демографиялық себептеріне байланысты көптеген өзгерістер болды. Жүргізілген реформалардың бағдарламалары мектепке дейінгі білім беру жүйесін кеңейтуді, мектепті қаржыландырудың жаңа жолдарын әзірлеуді, білім беру мазмұнын жаңартуды, мектеп

инфрокұрылымын дамытуды инвестициялауды, мектептерде кеңінен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдануды қамтыды.

Қазақстан Республикасында білім беру үдерісін жаңғырту Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы арқылы жүзеге асырылып жатыр. Мұнда сапалы білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мен адами капиталды дамыту саясатының негізгі бағыттары көрсетілген [3].

Республикамыз білім саласын жақсарту мен жетілдіруде өзіндік көзқарастарымен қатар жүргізілген реформалардың тиімділігін қадағалау мақсатында халықаралық және ұлттық зерттеулерге белсенді түрде қатысып келеді және халықаралық стандарттар мен озық тәжірибелерге көбірек сүйенеді.

*TIMSS*, *PISA* халықаралық зерттеулердегі, оқу жетістіктерін сырттай бағалау (бұдан әрі ОЖСБ), ұлттық бірыңғай тестілеулердегі (бұдан әрі ҰБТ) оқушылардың оқу жетістіктерін мониторингілеу [17], Экономикалық ынтымақтастық және даму жөніндегі ұйымы (бұдан әрі ЭЫДҰ) мен Халықаралық банктің бірлесіп жүргізген жобасы аясында мектептердегі ресурстарды қолдану тиімділігін жақсарту бойынша елдердің саясатына шолу жасауға қатысу, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне бағынысты ұйымдардың жұмыстарын талдау осы күндегі орта білім беру жүйесінің алдына қойылып отырған негізгі мәселелерді айқындауға мүмкіндік берді.

Бұл мәселелер материалдық-техникалық, оқу-әдістемелік базаның төмендігімен және білім мазмұны мен оқыту әдістерін жаңартудың қажеттілігімен байланысты болады. Осы мәселелердің өзара байланыстылығынан біреуінің шешімі екіншісіне де әсерін тигізіп отыр.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесінде төмендегі мәселелер анықталды:

1. Білім беруді қаржыландырудың жетілдірілмеген жүйесі мен инвестиция деңгейінің төмендігі:

- бір оқушыға бөлінген мемлекеттік шығын деңгейі үлгерімге тікелей әсер етеді;

- Қазақстан Республикасы ЭЫДҰ елдерімен салыстырғанда бір оқушының біліміне 2,3 есе кем шығындалады және Ресеймен салыстырғанда 2 есе кем болып отыр [17]. Нәтижесінде – мұғалімдердің жалақысы, жалпы білім беретін мектептердің материалдық техникалық базасы төмен.

Шешімі:

- 2020 жылға қарай білім беруге бөлінетін бюджеттік шығындарды дамыған елдердің орташа деңгейіне дейін кезеңмен арттыру, жалпы ішкі өнімдегі олардың үлесін көтеруді қамтамасыз ету;

- бір оқушыға бөлінетін шығындарды арттыру;

- білім сапасын арттыруға және білім беру қызметінде тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған қаржыландыру жүйесін жетілдіру;

- бюджеттік шығындардың тиімділігін арттыруға және әртүрлі тұрғындар

қатарына сапалы білім беруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жан басына қаржыландыру механизмін енгізу;

- педагогтер біліктілігін арттыру үшін ваучерлі модульдік жүйесін жан басына қаржыландыруды енгізу және оның аясында педагогке біліктілік арттыру орны мен өту мерзімін таңдауына мүмкіндік беріліп, төлемақы соммасын педагогтің өзіне аудару.

2. Білім берудегі менеджменттің нашар дамуы:

- еңбек нарығындағы қатаң түрдегі бәсекелестік білім берудегі менеджменттің икемділігі мен өсуін талап етеді;

- білім берудегі мемлекеттік жеке серіктестікті қолданудың төмен деңгейі.

Шешімі:

- білім беруді басқарудың мемлекеттік қоғамдық жүйесін әзірлеу; педагогикалық ұжыммен қатар әртүрлі тұрғындар қатарын білім беруді басқаруға кеңінен тарту (қамқоршылық кеңесін құру), қамқоршылық кеңестің білім беруді дамытуға қатысу механизмін әзірлеу;

- корпоративтік басқару принциптерін енгізу: басқарудағы әріптестілік, қызметті атқарудағы өзінділік, қызметтің нәтижесіндегі міндеттілік, қызметтің ашықтылығы, жауапкершілік. Корпоративтік басқару принциптері басқару қызметінде үш негізгі аспектілерді қамтиды: стратегияны қабылдау, бюджетті бекіту, кадрлық саясат;

- менеджмент саласында білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау.

3. Мектептегі оқу бағдарламаларының күрделілігі және білім мазмұнының заманауи талаптарға сәйкес келмеуі:

- білім мазмұнын іріктеудің ескірген әдіснамасы мен принциптерінің сақталуы;

- оқу жетістіктері бойынша халықаралық зерттеулер ЭЫДҰ елдерімен салыстырғанда қазақстандық оқушылар математика бойынша – 1,5 жылға, жаратылыстану бойынша – 2 жылға, оқу сауаттылығы бойынша – 2,5 жылға артта қалғанын көрсетеді [17].

Қазақстандық оқушылар үзік-үзік мәтіндерді (графикпен, кестемен және т.б. берілген мәтіндерді) нашар оқиды, оқылған ақпаратты түсініп, бағалай білмейді. Түсіндіруге арналған есептерді нашар шығарып, ықтималдық пен статистикалық құбылыстарды орындай, мәліметтерді болжай және дәлелдей алмайды. Заманауи білім берудегі негізгі стандарттардың бірі – функционалдық сауаттылықты және танымдық дағдыларды дамыту. ЭЫДҰ сарапшылары «Қазақстандық білім беру – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (бұдан әрі МЖМБС) қатаң жүйесін сақтайтын дәстүрлі теориялық білімге бағытталған модель. Ақпараттың көбеюі денсаулықтың бұзылуына және оқуға деген ынтасының төмендеуіне әсер етеді», - деп қорытынды жасаған [18];

- оқыту тұлғаны дамытуға емес, формальді нәтижелерді алуға бағдарлануы;

- заманауи талаптарға сәйкес жалпы білім беретін пәндер бойынша

оқулықтарды жетілдірудің қажеттілігі.

Шешімі:

- МЖМБС-ға сәйкесінше өзгертулер енгізу;
- оқу бағдарламаларын жаңарту;
- жаңартылған оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеу;
- білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту.

4. Жалпы білім беретін мектептердің материалдық техникалық базасының төмен болуы:

2014-2015 оқу жылы бойынша республикамызда 7222 мемлекеттік күндізгі жалпы білім беретін мектеп қызмет атқарып, оларда шамамен 2,5 млн оқушылар білім алады [18].

Барлық мектептер санының 64,6%-ы типтік, 35,4% - бейімделген ғимараттарда, 177 (2,4%) мектеп апаттық жағдайда (апаттық жағдайдағы мектептер саны Оңтүстік Қазақстан облысында – 48 бірлік (27,1%), Шығыс Қазақстан облысында – 36 бірлік (20,3%), Қызылорда облысында – 25 (14,1%) және Жамбыл облысында – 25 (14,1%)); 112 (1,5%) мектеп 3 ауысымды болып, 1452 (20,1%) мектеп күрделі жөндеуді қажет етеді.

Оқушылар орнының тапшылығын 129 601 құрайды.

ББСҰО мәліметтері бойынша кабинеттермен жабдықталған еліміздегі мектептердің үлесі шамамен 40-60%, кейбір аймақтарда мұндай көрсеткіш тек 20-30% мектепті құрайды [18].

Жаңа түрленімді физика кабинетімен 3071 (42,5%) мектеп, химия кабинетімен – 2552 (35,3%) мектеп, биология кабинетімен – 2687 (37,2%) мектеп, ЛМК – 3789 (52,4%) жабдықталған.

1776 (24,6%) мектеп тасымалданған суды пайдаланады, өйткені олар негізінен ауылдық жерлерде орналасқан.

Әрбір бесінші мектептің асханасы, 1975 (27,3%) мектептің спорт залы болмай отыр. Мектептердің жабдыкталуы 1:13 қатынаста компьютерлердің болуымен сипатталады. Мектепке балаларды мемлекетпен қаржыландырылған арнайы автобустармен тасымалдау бағдарламасы жоқ.

Шешімі:

- оқушылар орындарының тапшылығын, үш ауысымды және апаттық мектептерді жою мақсатында жаңа мектептер салу;

- мектептерді заманауи жабдықталған спорт залмен, жаңа түрленімді физика, химия, биология кабинеттерімен, лингафондық және мультимедиялық кабинеттермен (олардың сервистік қызмет көрсетуімен) жабдықтау мәселесін шешу;

- мектепте тамақтандырудың тиімді менеджменті;

- мектеп жасындағы балаларды медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету;

- мектептерді компьютерлендіру, кеңжолақты интернет желісіне қосу мүмкіндігін арттыру.

5. Шағын жинақты мектептердің (бұдан әрі ШЖМ) мәселелері:

- ШЖМ кеңейтілген желісі – білім беру қызметін ұсынудың тиімсіз

нұсқасы болуда.

2014 жылғы мәліметтер бойынша Республикамызда 3639 (49,8%) ШЖМ қызмет атқарады. Кейбір облыстарда шағын көптеген мектептер жинақты болуда, атап айтсақ: Солтүстік Қазақстан облысында – 81,2%, Ақмола облысында – 81,8%, Қостанай облысында – 77,6%, Ақтөбе облысында – 67,8%, Батыс Қазақстан облысында – 61,6% және Шығыс Қазақстан облысында – 57,3%. Іс-жүзінде әрбір төртінші мұғалім және әрбір алтыншы оқушы ШЖМ-де оқиды [18].

- ШЖМ-де білім беру қызметі сапасының төмен болуы;
- білікті педагогтердің жетіспеушілігі;
- мұғалімдердің біліктілігін көтеруге, техникалық қызмет ету, жабдықтар және оқу материалдарына жұмсалатын шығындар, оқушы-мұғалімнің төменгі ара-қатынасынан төмендеген.

Шешімі:

- бастауыш және негізгі орта білім беру деңгейлері үшін ғана ШЖМ қызметін ұйымдастыру;

- тірек мектептер желісін кеңейту;
- ШЖМ мектептер үшін көппәнді мұғалімдердің дайындығын көбейту;
- ШЖМ үшін педагогтерді даярлау бағдарламаларын жетілдіру;
- интернаттар салу, білім алушыларды тасымалдауды ұйымдастыру;
- ШЖМ-ны жаңа түрленімді компьютерлермен және кеңжақты интернет желісіне қосуды қамтамасыз ету;

- «*E-learning*» электрондық оқыту аясында қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру;

- ШЖМ-ды бірыңғай ақпараттық желіге қосу.

6. Инклюзивті білім беру дамуының бастапқы сатысы:

- бүгінгі күні республика бойынша инклюзивтік білім беру үшін жағдай жасалған мектептер 1232-ні (16,8%) құрайды [18];

инклюзивтік білім берумен қамтылған, бала саны-20567.

Шешімі:

- инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын мектептер санын арттыру;
- мектептерде мүгедек балаларға арналған көтергіш құрылғыларды, пандустарды, санитариялық бөлмелерде арнайы тетіктерді орнату және тұтқалармен, арнайы оқу үстелімен, орындықпен және т.б. арнайы өтемдеуіштік құралдармен жабдықтау арқылы «кедергісіз қолжетімділікті» жасау;

- инклюзивті білім беруді дамытуда мүмкіндігі шектеулі балалардың қамтылуын арттыру;

- мүмкіндігі шектеулі балаларды кіріктіріп оқытудың модульдік бағдарламаларын жасау;

- мүгедек балаларды қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру;

- мүмкіндігі шектеулі балаларды тең қолжетімді оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдай жасау (мектептерде педагог-дефектологтардың, балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаулардың, арнайы жекелей техникалық

және өтемдеуіштік құралдардың болуы);

- мүгедек балаларды, үйде оқитын білім алушыларды жекелей мүмкіндіктері мен сұраныстарын ескере отырып, компьютерлік техника және компьютерлік қолдаудың кешенімен қамтамасыз ету.

7. Педагогтің еңбегін материалдық және моральдық ынталандырудың жетілмеген жүйесі және әлеуметтік мәртебесі мен оның біліктілігін көтеру:

- педагог мамандығының төменгі мәртебесі;

- балалардың құқығын қорғау саласында педагог кадрлар мен мамандарды дайындаудың жеткіліксіз сапасы;

- жоғары білікті педагог кадрлардың тапшылығы;

- 50 және жоғары жаста жұмыс істейтін әрбір бесінші мұғалім; педагогтердің жалпы өтілінен 3 жылға дейін 12,8 %;

- жыл сайын жас кадрлармен толықтыру 3,3% құрайды;

- педагогтердің төменгі жалақысы. Төменгі жалақы (ел бойынша орташа жалақы 60% құрайды), педагог мамандығы мәртебесінің жеткіліксіздігі жоғары білікті кадрлардың кетуіне ықпал етеді;

2000 -дан бастап білім беру қызметкерлерінің жалақысы 400% өскен, оның деңгейі елімізде төмен болып табылады;

2001 гендерлік теңсіздік, мамандықтарда әйелдердің көбеюі байқалуда (236585 (80,2%) мұғалім – әйелдер);

- ұлттық біліктілік жүйесінің жоқтығы.

Шешім:

- мемлекеттік қолдауды және педагогикалық қызметкерлердің ынтасын күшейту: нәтижеге бағдарланған еңбек жалақысын енгізу механизмдерін әзірлеу;

- педагогтерге талапты күшейту;

- педагогикалық қызметке бейімділік бойынша педагогикалық мамандықтарға ЖОО абитуриенттерді таңдау;

- педагогтерді аттестаттау және біліктілігін көтеру жүйесін жетілдіру;

- бағдарламаларды жаңарту мен мұғалімдердің біліктілігін көтерудің ваучерлік-модульдік жүйесін енгізу;

педагог кадрлардың біліктілігін көтерудің ваучерлік-модульдік жүйесін енгізу;

- ағылшын тілді, көп тілді педагогикалық кадрларды дайындау;

- педагог кадрларды қайта даярлау мен кадрлардың біліктілігін көтеруді ұйымдастыру;

- мұғалімдердің кәсіби білімінің сапасының ұлттық мониторингтік сапасын ұйымдастыру;

– мұғалімдер конкурсын, акцияларын, БАҚ біріккен жобалар, шеберсыныптар, жаңашыл педагогтердің форумдары, конкурстар, педагог әулеттер слеттары, ғылыми-тәжірибелік семинарлар және симпозиумдар, семинар-тренингтер және дөңгелек үстелдер өткізу.

8. Орта білім беру сапасын саралаудың жоғары дәрежесі:

- оқырмандар сауаттылығы бойынша төменгі және жоғары-экономикалық

мәртебелі отбасынан шыққан оқушылар арасындағы айырмашылық *PISA* 73 баллды ( 2 жыл оқыту шамасында) құрайды;

- қала және ауыл мектептері оқушыларының оқу жетістігі арасындағы айырмашылық;

- төменгі әлеуметтік мәртебелі топтан шыққан үлгерімі төмен оқушы топтарына ерекше мән берілу керек;

- ауыл мектептерінде білім сапасын көтеру бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілуде.

9. Білім беру ұйымдары мен балалардың қоғамдық ұйымдарының тәрбиелеуші әулетінің төменгі тиімділігі:

- еңбекке тәрбиелеу мен мектептерде кәсіби бағдарлар жүйесі жоғалған, мектептерде және мектептен тыс ұйымдарда көркем және музыкалық шығармашылық үйірмелер санының жеткіліксіздігі. Балалар және мектептегі қоғамдық ұйымдардың қызметі дұрыс жолға қойылмаған;

- республика бойынша қосымша білім беру ұйымдарының саны – 828. Олардың мемлекеттігі – 803, жекелеп алғандар – 24. Республика бойынша балаларды көркем, музыкалық, техникалық және ғылыми шығармашылықпен қамту 32,4%. Білім алушылардың балалар-жасөспірімдердің спорт мектептерімен қамтылуы 11,5%.

Шешім:

- жастардың әлеуетін ашу механизмдері және әлеуметтік жауапкершілік, азаматтық белсенділігін қалыптастыру және патриоттық тәрбие бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру;

- волонтерлық, әскери-патриоттық ұйымдар, әскери-спорттық, әскери-іздеушілік және спорттық-техникалық клубтар желісінің көбеюі;

- білім беру ұйымдарында спорттық секциялар желісінің дамуы;

- тарих, дәстүрлер және ана тілі бойынша білімді қалыптастыру, мемлекеттік рәміздердің өзектілігі бойынша шараларды өткізу;

- түрлі жобаларды жүзеге асыру арқылы жастар ортасында қайырымдылық мәдениетін қалыптастыру;

- девиантық және деликвенттық мінез-құлықты балалармен жұмысты күшейту;

- қосымша білім беру мазмұнын жетілдіру.

10. Білімді ақпараттандыру әлсіз дамыған:

- ОЖСБ, ҰБТ жүйесін жақсартуды талап етеді;

- мониторингті өткізудің аяқталмаған механизмдері (шешім шығару үшін мәтіндік талдау қажет);

- білім беру статистикасы халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді;

- білім беру статистикасы алушыларға жеткіліксіз.

Шешім:

- білім беруді дамытудың мониторингтік жүйесін жетілдіру, соның ішінде халықаралық талаптарды ескере ұлттық білім беру статистикасын құру;

- бастауыш, негізгі және бейіндік мектептерді аяқтағаннан кейін ұлттық тестілеу өткізу: бастауыш мектепте – оқушылардың оқу жетістігін бағалаудың

мониторингін өткізу мақсатында, таңдап алынған таңдамалы (10-сыныптан кейін) - оқытудың одан арғы траекториясын анықтау мақсатында; бейіндік мектепте- алынған білім мен білік деңгейін бағалау мақсатында;

- жазба жұмыстарын қосумен, білім алушыларда құзыреттілікті қалыптастыру деңгейін анықтауға бағдарланған базалық тест тапсырмаларын қалыптастыру;

- білім беру сапасының халықаралық зерттеулеріне Қазақстандық оқушылардың қатысуын қамтамасыз ету: *PISA* (15-16 жастағы математикалық және оқу, жаратылыстану сауаттылығын бағалау), *TIMSS* (4 және 8-сыныптағы оқушылардың математикалық және ғылыми жаратылыстану сапасын бағалау), *PIRLS* (әлемнің елдерінде бастауыш мектепте оқушылардың мәтінді оқу түсіну, салыстыру деңгейі), *TIMSS ADVANCED* (11-сыныптарда оқушыларды бұл пәндерді тереңдетіп оқуда математика және жаратылыстану (физика) сауаттылығын бағалау), *ICILS* (8-сынып оқушыларының компьютерлік және ақпараттық сауаттылығын бағалау);

- «Жалпы оқумен қамту» оқушылар қозғалысы мониторингісінің бірыңғай ведомствоаралық кешенін енгізу, соның ішінде оқумен қамтылмаған «тәуекел тобы» балаларын дербес есепке алу бойынша мәліметтер.

#### 11. «e-learning» оқытуды құрудың қажеттілігі:

Білім беруді жаңғырту ісі оқыту үдерісіне қатысушылардың үздік білім беру ресурстары мен технологиялардың бәріне бірдей қолжетімді болу мақсатын қамтамасыз ету үшін оқыту үдерісін автоматтандыруды енгізуге жағдай жасауды көздейді. Алға қойған мақсатқа қол жеткізу -білім сапасының артуына, білім беруді тиімді басқаруға, сыртқы ортамен ақпараттық бірлестік орнатуға мүмкіндік береді.

#### Шешім:

- электронды оқытуды енгізу;

- электрондық оқыту жүйесінде қызмет жасау үшін мемлекеттік стандартқа өзгеріс пен толықтырулар енгізу үшін жоғарғы, техникалық және кәсіби білім беру бөліктеріне электронды оқытуды міндетті түрде пайдалануға арналған педагог кадрларды қайта даярлықтан өткізу;

- электронды оқыту жүйесін пайдалану үшін электрондық оқулықтар мен әдістемелік кешенді әзірлеуге арналған талаптарды бекіту, пайдаланушылар үшін оқыту жүйесінде жекелей және ұжымдық техникалық, жұмыс тәртібін сақтау (әрі қарай – ОӘК), (электронды оқытумен қоса жүру және эксплуатациялау);

- электронды оқыту жүйесін пайдаланушыларын кәсіби білімін көтеру және қайта даярлау;

- Білім беру ұйымдарын өткізу мүмкіндігі 4-10 Мбит/сек интернет желісіне қосу;

- интернет-ресурстар және оқыту ресурстарымен қамтамасыз ету;

- интерактивті және зияткерлік сандық оқыту ресурстарын құрастыру.

12. Мектепте білім беруге әсер ететін басқа деңгейдегі білім беру проблемалары:



- мектепке дейінгі білім берудің төмен қолжетімділігіне байланысты мектепке оқушылардың жеткілікті деңгейде дайындықпен келмеуі;
- мектепке дейінгі білім беру желісін кеңейту;
- мектепке дейінгі білім беру мен оқытуды жаңғырту;
- мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын оқыту және тәрбиелеуші мамандармен қамтамасыз ету;
- қауіпті топтардағы балаларға арналған ерте дамыту кешенді бағдарламаларын құрастыруға аса мән беру.

13. Мектеп пен жоғарғы білім беру мазмұны арасындағы байланыстың дұрыс болмауы. Балалар мен жасөспірімдердің оқуға деген қызығушылықтарының төмендеуі:

Шешім:

Сәйкес бағдарламаны құрастыру және іске асыру.

### 3 Орта білім жүйесіндегі менеджментке заманауи көзқарас

Жоғары нәтижелі білім беру жүйесі елдің экономикасы мен қоғамның тұрақты өсуін қамтамасыз ететін факторлардың бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым жетістіктері мен тәжірибе негізінде тұлғаның кәсіби қалыптасуы және дамуына бағытталған білім алуы үшін қажетті жағдайлар жасау.

Білім беру жүйесін басқару екі деңгейде жүзеге асырылады.

Басқарудың бірінші деңгейі – жинақталған тәжірибені талдау негізінде білім беру жүйесінің дұрыс жұмыс істеу тәртібінің нормалары мен критерийлерін әзірлеуге мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасында білім берудің жаңа нормалары мен құндылықтарын, білім беру мекемелерінің жұмыс істеуінің ұйымдастырушылық және экономикалық негіздерін заңды нормаларда бекітуді, білім беру бойынша мемлекеттік заңдылықты жетілдіруді Қазақстан Республикасы Үкіметі және ел Парламенті жүзеге асырады.

Білім беру жүйесін басқарудың екінші деңгейі – ең алыс немесе ең жақын келешектегі басқару жүйесінің бағыты барысын анықтай отырып стратегиялық сипатқа ие. Ол нормативтік-басқару актілерін, мемлекеттік білім беру стандарттарын және тағы басқаларын әзірлеу арқылы іске асырылады және білім беру саласындағы орталық уәкілетті органы – Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігімен жүзеге асырылады.

Жергілікті жерлерде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жергілікті атқарушы органдар мен жергілікті білім беруді басқарушы органдар жүзеге асырады.

Білім беру жүйелерін басқарудың көмегімен екі міндет шешімін табады: әр түрлі деңгейдегі білім беруді басқару ұйымдары арасындағы міндеттерді бөлу және қажетті нәтижеге жету мақсатында оларды үйлестіру.

Білім беру жүйелерін басқару сыртқы ортадағы өзгерістерді, сыртқы ортамен беріліп отырған белгілі бір мақсаттарды қою және оларды бар ресурстар негізінде жүзеге асыруды көрсетуі керек. Білім беруді басқару әлеуметтік басқару түрі ретінде білім беру жүйесіндегі үдерістер жүйесінің жұмысын қамтамасыз ететін оқу-тәрбие үдерісіндегі мақсаттылық және ұйымшылдық, инновациялық және басқаларды қолдайды. Әлеуметтік басқарудың жалпы заңдылықтарына бағына отырып, білім беруді басқарудың, нақты жағдайлардағы ұйымдастырылған оқу-тәрбие үдерісінің әлеуметтік маңызды мақсаттарды қою тәсілі мен оған жетуді ескерген өзгеше ерекшеліктері бар.

Егер білім беру жүйесін басқаруды әрбір білім беру мекемесінің және бүтіндей білім беру жүйесінің барлық буындарының қалыптасуы, тиімді жұмыс істеуі және міндетті дамуын қамтамасыз ету бойынша барлық білім беру субъектілерінің мақсатты іс-әрекеттері ретінде анықтайтын болсақ, онда ұлттық білім беру жүйесінің басқару моделі мемлекеттік білім беру жүйесін басқару қызметін үйлестіруді және реттеуді жүзеге асыратын, оның даму стратегиясы

мен кезеңдерін анықтайтын, ұлттық білім беру саясатын іске асырушы билік органдары, жергілікті органдар мен білім беру мекемелерінің бірлескен іс-әрекеттеріне негізделеді.

Қазіргі заман жағдайында білім беру жүйесін басқарудың мәні білім беруді басқарудың мақсаттары мен көпшілік параметрлерін анықтаушы, себеп-салдарлы байланыстарын ашып көрсететін, әлеуметтік-экономикалық шарттары бар білім беру саласындағы іс-әрекеттердің реттілігі мен келісімділігіне жетуге бағытталғандығын көрсететін басқарудың ұйымдастыру-технологиялық сипаттарының біртұтастығы ретінде қарастырылады [18].

Білім беру жүйесін басқарудың мәніне беріліп отырған анықтама орталықтандырылған және директивті-регламенттеуші басқару жүйесінің құрылымын көрсетеді. Заманауи басқару жүйесі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға ілесіп және үйлесуі ғана емес, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы стратегиясы мен қарқынынан қаншалықты алға шығуымен таңдандыруы, икемді болуы, жетілдіру үшін ашық, оңай ауыстыруға және қоғамның қажеттілігіне, әрі елдің жедел қарқынды дамуына сәйкес өзгеруге келетін болуы керек.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі әдістері берілген: білім жүйесін дамыту басымдығы; адамның бостандығы мен құқығын қорғау; оқыту, тәрбиелеу мен дамыту бірлігі; білімді басқарудың демократиялық сипаты, білім жүйесі қызметінің ашықтығы [12].

Аталған заңның 5-бабында білім саласындағы уәкілетті орган білім беру сапасын басқаруды, білім беру ұйымдары ұсынатын білім беру қызметін әдістемелік және әдіснамалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру бойынша уәкілдікті орындайтындығы көрсетілген.

44-бапта білім беру ұйымдарында алқалы басқару органдары құрылатындығы берілген.

Білім беруді басқарудың алқалы органдары: білім беру ұйымының кеңесі (ғылыми кеңес), қамқоршылық кеңесі, педагогикалық, әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңестер және басқа формалар, білім беру саласындағы өкілетті орган бекітетін жұмысты ұйымдастырудың үлгілік ережелері жатады [12].

Басқарудың алқалы органдарына түрлі құрылымдарды жатқызуға болады: білім беру мекемесі мен ұжымдарындағы қызметкерлердің (оқушылардың) жалпы жиналысы; педагогикалық кеңес; ғылыми кеңес; қамқоршылық кеңес; әдістемелік кеңес; оқу-әдістемелік кеңес; ғылыми-әдістемелік кеңес; басқарушылық кеңес; бақылаушы кеңес; басқа да басқарудың алқалы органдары.

Жоғарыда көрсетілген құрылымдар білім берудің тиісті мекемелерінің жарғыларында көрсетіледі. Басқарудың алқалы органдарының жұмысын ұйымдастырудың типтік бағдарламасы оларды таңдау тәртібін қоса алғанда, әдетте білім саласындағы әкімшіл уәкілетті органмен бекітіледі.


Білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына кәметке

толмаған балалардың ата-аналары және басқа да заңды өкілдері ата-аналар комитеті арқылы қатысуға құқылы.

51-бапқа сәйкес, педагогикалық қызметкерлер білім беру ұйымдарын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатыса алады.

Басқарудың алқалы қағидаларын жүзеге асыру білім беру ұйымдары мен мекемелерінің қызметіне қатысты басқарушылық шешімдердің сапасын арттырады, бұл көбінесе кәсіби немесе сараптамалық өкілдік арқылы қамтамасыз етіледі. Ол алқаластық жоспарлаудан басталып, қадағалаумен аяқталатын басқарушылық циклдың барлық кезеңдеріндегі функция арқылы жүзеге асырылатын өзіндік басқаруға қарағанда басқарушылық шешімдерді қабылдау үдерісінің ішінде болады.

Басқарудың алқалы органдары уақытша және тұрақты болуы мүмкін, мәртебесі мен ұсынатын өкілдіктер деңгейі әртүрлі және түрлі міндеттерді атқаруы мүмкін. Басқарудың алқалы моделінің негізгі сипаттамалары 54-суретте берілген.



54-сурет – Алқалы басқару моделінің негізгі сипаттамалары

Басқарудың алқалы органдарының ақпараттық; кеңесшілік; шешім қабылдауға өкілеттілер; қадағалаушы түрлері бар.

Басқарудың алқалы органдары білім беру мекемелері мен ұйымдардың жергілікті нормативті актілерін (Ереже) дайындайды [19].

Ең алдымен білім беру үдерісінің ерекшеліктері мен өзгешеліктерін, ұжымның болуын есепке ала отырып, аталған ұйымның жағдайына қатысты жалпы, заңнамалық құқықтық нормаларды талдап-тексеру, нақтылау,

толықтыру, тіпті кейде орнын толтыру жергілікті нормативті актілердің қызметі болып табылады.

Педагогтер жұмысына қатыса алатын басқарудың алқалы органдарымен қатар, білім беру ұйымдарына оқушылардың, кәмелетке толмаған оқушылардың ата-аналарының (заңды өкілдердің) және педагогикалық қызметкерлердің бастамасымен оқушылар кеңесін, ата-аналар кеңесін, қызметкерлердің өкілдік органдарын құру мүмкіндігі беріледі және органдардың құрамы мен жұмыс тәртібі осындай өкілдік органдардың ішкі ережелерімен және басқа да құжаттармен реттеледі.

Оқушылардың өкілдері, олардың ата-аналары (заңды өкілдері) қамқоршылық кеңестің, педагогикалық кеңестің, білім беру ұйымының жарғысында қарастырылған білім беру ұйымы кеңесі немесе басқа соған ұқсас органдардың құрамына қосыла алады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін реформалау лауазымды тұлғаларға жүктелген ресми қызметтік міндеттері үшін жеке жауапкершілігін сақтаудағы басқарушылық шешімдерді қабылдаудың алқалы формасын кеңінен қолдануды объективті түрде көрсетті.

Білім саласына нарықтың тұрақты түрде енуі білім беру ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін көтеруін талап етеді, бұл тұлғаның, педагогикалық ұжым мен оқушылар ұжымы мүшелерінің жоғары рөлін сақтай отырып басқаруды кәсібилендіру қажеттілігіне алып келеді. Сонымен, алқалы басқару органдарын құрудың екі аспектісін тұжырымдауға болады:

– біріншіден, білім беру мекемелерінің басшыларына ғылыми педагогикалық ұжыммен байланысты сақтай отырып, кәсіби менеджер бола білу;

– екіншіден, педагогтер мен оқушылар шешім қабылдайтын адамдарға ортақ ұйымдастырушылық мақсатқа тиімді қол жеткізуге көмектесетін өз пікірін жеткізу.

Ресми сайттарда орналастырылған ақпараттарды талдай отырып, Қазақстан Республикасының білім беру мекемелерінің көпшілігі қазіргі таңда алқалы басқарудың түрлі формаларын енгізіп жатқанын айта кетуге болады[20].

Білім беру және әлеуметтік қорғау салаларындағы проблемалар соңғы кездері мемлекет пен жұртшылық тарабынан қызығушылық туғызып отыр, және қамқоршылық кеңестерін құру осы салаларда қызмет ететін мекеме қызметінің тиімділігін арттырудың бірден бір тетігі болуы мүмкін.

Білім беру саласында қамқоршылық кеңестері өзге құрылымдармен қатар білім беруді дамыту үшін жағдайлар туғызуға, оның қолжетімдігін, сапасын және еңбек нарығының ағымдағы әрі болашақтағы сұранысына сәйкестігін, балалар мен жастарды қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өміріне белсенді қатысуын қамтамасыз етуге қабілетті.

Қазақстандағы қамқоршылық кеңестері мазмұны жағынан білім беру ұйымдарын басқарудың жаңа, прогрессивті формасы болып отыр. Жаңа құрылымдарға мектептің стратегиясын анықтауды жүктейді, басшылық қызметтерге мамандарды тағайындайды, сондай-ақ қаржы қызметін бақылауға

кеңес береді.

Білім беру ұйымдары қамқоршылық кеңестерінде ата-аналар жұртшылығы, үкіметтік емес ұйымдары, бизнес өкілдері және педагогтардың өздері қызмет етеді.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы «басқарудың мемлекеттік-қоғамдық жүйесін» құру мақсатымен қатар «білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестерінің үлесін 2015 жылы 45%-дан 2020 жылы 60% - ға арттыру» міндетін белгіледі [3].

Бағдарлама Қазақстандағы білім беруді басқаруда қамқоршылық кеңестеріне жұртшылықты тарту ісінде басты механизм рөлін белгіледі. «Қамқоршылық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік ережелері» (2007 ж.) қамқоршылық кеңестерін құруды және қызметін реттейтін ереже болып табылады [21].

Бүгінгі күні Қазақстанда мектептер жанында 3259 қамқоршылық кеңестері құрылған және ол жалпы мектептердің санының 44,1% құрайды (2011-2012 оқу жылында – 2666 мектеп және 35,7% құрады).

Олардың көпшілігі Үлгілік жоспарға сәйкес мектеп ұйымы жанындағы өзін өзі басқару органы ретінде ресімделген. Жеке қамқоршылық кеңестер ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жеке заңды тұлға түрінде қоғамдық қор немесе бірлестіктер ретінде құрылған. Жеке облыстар бойынша қарастырсақ: Ақтөбе облысында 344, ШҚО - 632, БҚО - 310, Жамбыл - 135, Қарағанды - 539, Қызылорда - 231, Павлодар - 356, СҚО- 519 мектепте қамқоршылық кеңестері құрылған.

Қамқоршылық кеңестерінің жұмыс істеуі нәтижесінде мектептер үшін істің кең аясы ашылады. Мектеп бюджеті үш бөлімнен тұратын болады. Бірінші бөлім – негізгі, яғни стандарттарды ұстау, екінші – ғимаратты ұстау. Үшінші – гранттар – бұл ынталандыру бөлімі. Жыл бойы атқарылған жұмыстың қорытындысы балдық жүйе бойынша шығарылады, егер мектеп жақсы жұмыс атқарса, қосымша гранттар бөлінеді.

Білім беру ұйымдары арасынан қамқоршылық кеңестері қызметінің жақсы тәжірибесі бар Шығыс Қазақстан облысы №1 Жезкент орта мектебін атап көрсетуге болады. Бұл мектепте мектеп дамуына қажет неғұрлым көп ресурстар тартуы үшін қамқоршылық кеңестері мен демеушілердің өзара шығармашылық қарым-қатынасы қалыптасқан. Қатысу үшін мысалы, агороқұрылымдар мен кәсіпорындардың басшылары шақырылады. Олардың көпшілігі қамқоршылық кеңестерімен белсенді түрде жұмыс жүргізе бастады және айтарлықтай материалдық қолдау көрсетуде. Қамқоршылық кеңестер пилоттық жоба ретінде құрылған Алматы қаласындағы бірнеше мектептің іс-тәжірибесі құптауға тұрарлық. Мысалы, №158 мектептің қамқоршылық кеңесі болып табылатын «Үміт» қоғамдық қоры. Сол сияқты Алматы қаласындағы № 175 мектеп-гимназиясының, Қостанай қаласындағы физикалық-математикалық лицейдің іс-тәжірибесі қызықты. Ақмола облысы Аршалы ауданы Арнасай ауылы Вячеслав орта мектебі қамқоршылық кеңесінде «Ақ бота» қоғамдық қоры, әкімшілік

құрылымдар (ауыл әкімі), Ардагерлер кеңесінің мүшелері, амбулатория, клуб, бала бақша басшылары, әскери бөлімдердің өкілдері бар.

Мысалы, «Ақ бота» ҚҚ тек мектеп үшін ғана емес, сондай-ақ жергілікті жұртшылыққа қажет жобаға, мысалы, балаларға ғана емес, сол сияқты олардың ата-аналарына, ауылдың барлық тұрғындарына қызмет көрсететін физио- және стоматология кабинеттеріне жабдықтар алу үшін тиісті гранттар іздестіруде.

«Пар айдайтын жердің топырақты қорғаудың баламалы табиғатты сақтау технологияларын көрсету», «Тұқымдық картофельді мерестемдік технология бойынша өсіру», «Вячеслав ауылының табиғи ауыз су көздерін сақтау» және т.б. жобалар мектепке елеулі қаржы түсірді. Бірақ бұл тек қаржы ғана емес – сондай-ақ бұл оқушылардың зерттеу жұмыстары, отандық және шетелдік оқымыстылармен танысуы, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуы. Бұл жобалардың нәтижелерін ауданның (олар картофельдің аудандастырылған элиталы тұқымдарын алды) және Арнасай ауылының фермерлері (су құбыры жөндеу жұмысына жабылған кезде халық ауыз суды балалардың жобасы бойынша түзетілген бұлақтардан алды) пайдалана алды.

Республиканың көптеген мектептерінде құрылған қамқоршылық кеңестері қызметін зерттеу және талдау мақсатты бағдардың екі тобын көрсетуге мүмкіндік берді:

мақсатты бағдардың бірінші тобы нақты білім беру ұйымының білім беру бағдарламасын дамытуды қолдауға байланысты;

екінші топ білім беру ұйымында жеке мәселелерді шешуге байланысты (сапарларға шығу, костюмдер сатып алу және т.б.), мектепке материалдық көмек көрсету және т.б.) іс-шаралар өткізу.

Қамқоршылық кеңесі көбінесе білім беру ұйымы қызметінің тиімділігін арттырумен байланысты мәселелерді шешуге бағдарланады. Мысалы, білім беру мекемесіне бюджеттен тыс қаражатты тарту, білім беру ұйымының төлем қабілеттілігін көтеру, түрлі іс-шаралар өткізу және т.б. ең көп тараған мақсатты бағдарлар болып табылады.

Жоғарыда айтылғандар негізінде осы кеңестер қызметінің іс жүзіндегі басты екі тобын көрсетуге болады:

- қызметтердің бірінші тобы бюджеттен тыс қаржыны тартумен және олардың игерілуіне бақылау жүргізумен байланысты;

- қызметтердің екінші тобы қоғамның білім берудегі әлеуметтік тапсырысына және білім беру жүйесінің мазмұндық аспектісіне байланысты бағдарланған.

Жалпы білім беретін мектептерде қамқоршылық кеңестері қызметін ұйымдастыруға жүргізілген мониторинг көрсеткендей, мектептердегі қамқоршылық кеңестері қызметінің басты тақырыбы: дарынды және аз қамсыздандырылған балаларды қолдау, түрлі үйірмелер мен секциялар ашу, балалар мен жасөспірімдер үшін акциялар ұйымдастыру және өткізу, сол сияқты мектепте инновацияға қолдау көрсету болып табылады.

Қамқоршылық білім беру бағдарламаларын, мектеп бюджетін, яғни осы келісілген бағдарламаның бағасын ұйғаруда және т.б. белсенділік танытады.

Қамқоршылық кеңестері мектеп пен қоғам арасындағы буын болуы тиіс, себебі мектеп – қызмет көрсетуші, ал қоғам (ата-аналар, жұмыс берушілер, бизнес, БАҚ және т.б.) – оны тұтынушылар. Мектепте қамқоршылық кеңесінің болуы мектепке артықшылықтар беретіні түсінікті. Ол тек бюджеттен тыс қаржыны іздестіріп қана қоймай, оның мүдделерін түрлі деңгейлерде алға бастыратын адамдарды тартады. Ашықтық және айқындық мақсатында мектеп бюджеттік және бюджеттен тыс қаржыны игеруі бойынша ата-аналар, мектеп педагогтері алдында жыл сайын есеп беріп отыруы қажет.

Қамқоршылық кеңестері міндеттерінің бірі – мектепке демеушілік және қайырымдылық көмек түрінде бюджеттен тыс қаржы тарту болып табылады.

Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысында ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілердің демеушілік және қайырымдылық көмектерінің арқасында мектепалды, бастауыш сынып оқушыларының барлығын және тұрмысы төмен отбасы балаларын қамтыған «Мектеп сүті» және «Мектеп балы» жобалары табысты жүзеге асырылуда. Сол сияқты, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «20 қайырымды іс» патриоттық акция аясында жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған облыстық мектеп-интернатқа 39 ұйым мен мекеме 800 мың теңге көлемінде қайырымдылық көмек көрсетті [22].

Алматы облысында балалардың иммундық жүйесін күшейту, ағзаларын дәрумендермен толықтыру және жасөспірімдерді қоршаған ортаның зиянды әрекеттерінен қорғау мақсатында «Мектеп балы» жобасы енгізілді. Қазақстан Республикасы тамақтану академиясының қолдауымен Ақсу, Сарқан, Кербұлақ, Балқаш, Алакөл және Райымбек аудандары мектептерінде бірінші сыныптан бастап төртінші сынып аралығында оқитын әрбір балаға тегін бал беріле бастады. Бағдарлама 246 мектептің 51 мың оқушысын қамтыды. Төменгі сынып оқушылары үшін күн сайын берілетін балдың нормасы 10 граммды құрады. Бұл жоба облыстың басқа аудандарында да жалғасын табады.

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Менкесер ауылында қамқоршылық кеңесін «Мамбетов және К» серіктестігінің бас директоры басқарады. Мысалы, өткен оқу жылында мектепке жалпы құны 12 млн. теңгеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жыл сайын бірінші сынып оқушылары мектеп жабдықтарымен қамтамасыз етіледі. Шаруашылық есебінен мектептің бастауыш буын оқушыларына тегін тамақ ұйымдастырылған.

«Мамбетов және К» шаруашылығы ауылда спортты дамытуға, оқушыларда салауатты өмір салтын тәрбиелеуге зор үлес қосып келеді. Осының дәлелі: «Мамбетов және К» жұлдесі үшін волейбол, баскетбол, стол теннисінен және грек-рим күресінен турнир өтті, спорттық инвентарьлар сатып алынды.

Демеушілік қолдау көрсетудің арқасында оқушылардың түрлі спорттық жарыстарға сапары ұйымдастырылған. Стол теннисі үйірмесі құрылды, тренажер залы жабдықталды.

Кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыруда қамқоршылық кеңесінің күш салуы арқасында Менкесер ауылының көптеген түлектері ауыл шаруашылығымен байланысты мамандықты таңдайды. Қазіргі күні



шаруашылықта мектеп түлектері құрылыс шебері, механик, агроном, электрик болып қызмет етуде.

Алматы облысы Жамбыл ауданы Абай атындағы мектептің қамқоршылық кеңесі құрылған 5 жыл арасында заманауи талапқа сәйкес «Өзін-өзі тану», «Құқық» кабинеттерін жабдықтады. Спорттық жабдықтар мен музыкалық аппаратура сатып алынды, аз қамсыздандырылған және көп балалы отбасы балаларына материалдық көмек көрсетілді және т.б.

Қамқоршылық кеңесінің қолдауымен оқушылардың «Медеу» мұз айдынына, Іле-Алатау ұлттық саябағына және т.б. саяхаттары ұйымдастырылды, мұғалімдерге жергілікті мекен-жай бойынша рейдтер жүргізуіне және балалардың сабақтан бос уақытын қызықты өткізуіне көмектеседі. Материалдық қолдау көрсету мақсатында көп балалы және тұрмысы төмен отбасылардың үйіне барады.

Алматыдағы № 79 гимназия қамқоршылық кеңесін құру тәжірибесі қызықты. Қамқоршылық кеңесі педагогикалық кеңес жұмыстарына, ішкі тәртіп ережелерін дайындауда, кадрлық әлеуетті, оның ішінде гимназия әкімшілігін құруда, шығармашылық, зияткерлік байқаулар, сайыстар ұйымдастыруда, даму бағдарламаларын бекітуде, оқыту сапасына бақылау жүргізуде, бюджеттік және бюджеттен тыс қаржыны мақсатты игеруде қатысуға құқылы.

Гимназияда қамқоршылық кеңесі қызметін ұйымдастыру және жүргізу бойынша жұмыс тобы құрылған. Қамқоршылық кеңесі туралы ереже дайындалған. Қамқоршылық кеңесі туралы ереже заңгерлермен келісілген, қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес құрастырылған. Кеңес құрамына ата-аналар, мұғалімдер, БАҚ, «Ұстаз» қалалық кәсіподақ өкілдері, мәслихат депутаты, барлығы 19 адам кірді.

Мектепте қамқоршылық кеңесі қажеттігін анықтау мақсатында 1-11 сынып оқушыларының ата-аналары арасында сауалнама жүргізілді. Ата-аналардың 100% қамқоршылық кеңесін құруға келісім берді.

Ата-аналар тарапынан айтылған тілектер:

- кабинеттерді жаңа оргтехникамен және құралдармен жабдықтау;
- мектеп жанындағы телімді қосымша көгалдандыру;
- бастауыш мектеп кабинеттері терезесінің сыртына гүлзарлар жасау және көшеттер отырғызу;
- жазғы бейіндік практиканы ұйымдастыруға жаңа көзқараспен қарау (жазғы математикалық мектеп, тілдік мектеп, олимпияда резервтерінің жазғы мектебін ұйымдастыру);
- ата-аналар көшіру және бітіру емтихандарына қатысуға тілек білдірді;
- мектептің 30 жылдығын тойлау қарсаңында ата-аналар жұртшылығын мерейтой дайындығына және тойлауға тарту (мектеп туралы «Мектеп менің өмірімде» альманахын шығаруға қатысу, БАҚ-да мектеп өмірі туралы репортаж дайындау) және т.б.

Ұсыныстар мен пікірлер ескеріле отырып, гимназияның және қамқоршылық кеңесінің жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспары түзетілді.

Қамқоршылық кеңесі 4 комиссиядан тұрады, олардың әрқайсысы жеке

бағдарламаны жүзеге асырады:

- Денсаулық, жайлылық, қауіпсіздік (медициналық қызмет көрсету, ыстық тамақ, күзет, мектеп полицейімен өзара әрекеттесу, жөндеу жұмысы).

- Педагогтерді, қызметкерлерді, оқушыларды әлеуметтік қорғау (бюджеттен тыс қаржының игерілуін бақылау, қосымша ақыларды бөлу, мұғалімдер мен оқушыларға сыйлық беру).

- Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру. Білім беру сапасы (жылдық жоспарды бекіту, даму бағдарламасы, білім беру сапасын арттыру бойынша ұсыныстардың есебі, дарынды балалармен, олимпияда резервтерімен жұмыс, жоба жұмысы, «Зерттеуші-оқушы», «Жыл оқушысы» байқауын ұйымдастыру және өткізу).

- Әлеуметтік серіктестік (ЖОО-мен байланыс, демеушілермен, Сынып ата-аналар комитетімен және гимназия кеңесімен өзара әрекеттесу).

Кеңес отырысы әр тоқсанда бір рет өтеді және ашық сипатқа ие. Қамқоршылық кеңесі өз қызметі туралы жылына 2 рет ата-аналар және педагогикалық жұртшылық алдында есеп береді.

Қостанай қаласындағы физикалық-математикалық лицей директоры ата-аналар жиналысында «Өткенді «қайталама», алға бір қадам жаса» деген ұсыныспен сөз сөйледі. 2001 жылы ата-аналардың қатысуымен «Мейірім» қоғамдық қоры құрылды, мұнда қамқоршылық кеңесі басқарудың алқалы органы болып саналады. Бірқатар жылдар бойы қамқоршылық кеңесі демеуші және барлық іс-шаралардың белсенді қатысушысы бола отыра, мектеппен белсенді түрде ынтымақтастықта қызмет етуде. Олардың құзырына балалардың тамақтандыруын ұйымдастыру, мектепке материалдық-техникалық демеу, педагогикалық процесті ұйымдастыруға көмек көрсету кіреді. Кеңестің құрамында 30 адам бар. Мектеп директоры – кеңестің қатардағы мүшесі. Әрбір сынып қамқоршылық кеңесіне өз мүшесін сайлайды. Мұнан бөлек, кеңес құрамында қаланың беделді азаматтары және демеушілер болады. Бұл кеңес Жарғысымен ескерілген.

Жұмыс барысында қор осы кезге дейін өзі айналысып келген материалдық техникалық қамтамасыз ету мәселесін шешу қызметінен оқу процесіне қатысу қызметіне қайта бағдарланды. Мысалы, қамқоршылық кеңесінің ұйытқы болуымен 25 мамыр – соңғы қоңырау күні бүкіл мектеп ұжымы табиғатқа серуенге шығады, балалар үшін спорттық мереке ұйымдастырылады, сыйлықтар тапсырылады.

Қор айына бір рет қаржылық есеп жасайды және ол туралы әрбір сыныпты хабардар етеді. Ата-аналар қорға сенім артады, ал бюджеттік қаржыға Кеңестің еш қатысы жоқ. Сайтта мектеп бюджеті және мемлекеттік сатып алу туралы толық ақпарат орналастырылады.

Заңнама тұрғысынан қамқоршылық кеңестерінің қызметін қамтамасыз ету тақырыбына келесі пайымдаулар бар – оқу орнының қамқоршылық кеңесі айналысатын қызмет түріне қарай:

1. Қамқоршылық кеңесі бір мезгілде мектепті және оның қасында құрылған қоғамдық қорды басқарудың алқалы органы;

2. Заңды тұлға мәртебесінсіз оқу орны – мектепті басқарудың алқалы органы мәртебесіне ие бола алады.

Мектептің тәрбие жүйесін құрудың бір бағыты – оқушылардың мектептік өзін-өзі басқаруын дамыту. Оқушылардың мектептік өзін-өзі басқарудың басты міндеті – ең алдымен, білім алушылардың азаматтық құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған жеке мүдделерін қанағаттандыру, жалпы білім беру мекемесінің маңызды проблемаларын шешуге қатысу болып табылады.

Оқушылардың өзін-өзі басқару өздігімен бастама білдіру, шешім қабылдау және оларды оқушылар ұжымының мүддесіне іске асыру мүмкіншілігін білдіреді. Әдетте, өзін-өзі басқару ұжымның іс-әрекетін жоспарлауда, өз жұмысын талдауда, атқарылған істің қорытындысын шығаруда және тиісті шешім қабылдауда көрінеді.

Бұл тұрғыда оқушылар арасында командалық рухты тәрбиелейтін, оқушылардың мектептік өзін-өзі басқаруды жетілдіретін Назарбаев зияткерлік мектептерінде құрылған «Шаңырақ» мектептік қауымдастықтары қызығушылық туғызып отыр.

Шаңырақ – мектеп өмірінде оқушыларға ұжымда командалық рухты сезіну мүмкіндігін беретін шағын қауымдастық. «Шаңырақ» қауымдастығында түрлі жастағы екі сынып (12 және 9, 11 және 8, 10 және 7) серіктеседі. «Шаңырақтың» ерекшелігі – әр қауымдастықтың өз эмблемасы, девизи, түсінің болуы және куратормен үйлестірілетіндігі. «Шаңырақ» қауымдастығының міндеттері қызықтырады, себебі олардың әрқайсысында көшбасшылық қасиеттері бар, ұтқыр, тиімді басқаруға, табысты әлеуметтенуге, өздігінен білім алуға, жан-жақты өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге саналы түрде қатысуға білікті Қазақстан азаматын дайындау проблемасын шешу болжанады.

Міндеттері:

- мектепте оқушылардың командалық рухын және өмірлік позициясын қалыптастыру, оқушылардың, ата-аналардың біртұтас, ұйымшыл қоғамын құру;
- оң өзара түсіністік пен ынтымақтастықты қалыптастыру;
- саламатты бәсекелестік орта құру арқылы бәсекелесуге қабілетті тұлға қалыптастыру;
- түрлі жастағылар топтарында өзара әрекеттесу арқылы өз бірегейлігін қабылдау және түсіну;
- адамдарды қабылдау және құрметтеу, шиеленісті шешу, өздігінен іс-әрекет ету, креативті ойлау, шешім қабылдау және оларды жүзеге асыру білігі;
- мектепшілік қозғалысқа тарту (оқушылардың сындарлы қарым-қатынасы өз «Шаңырақ» қауымдастығын қолдаудағы іс-шараларға барлығын қызығуға мәжбүр етеді);
- ересектердің кішілерді қамқорлыққа алуын қамтамасыз ету және жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық қасиеттерін дамытуға әсер ету;
- біртұтас, ұйымдасқан командаларды, корпоративтік рухты, бос уақытты бірге өткізуді қалыптастыруға ықпал ету;

– оқуда, әлеуметтік жобаларда, іс-шаралар өткізуде, үйірме таңдауда және т.б. оқушылардың бірін-бірі қолдауына ықпал ету.

Жыл бойы қауымдастықтар арасында түрлі сайыстар мен жарыстар (спорттық, зияткерлік, мәдени) ұйымдастырылатынын атап өту қажет, қатысқаны және жеңісі үшін балл беріледі, олар жинақталады. Жылдың соңында ең көп балл жинаған «Шаңырақ» қауымдастығына «Өркен кубогы» және Қазақстанның ең әсем жеріне, «Туған елге тағзым» өлкетану экспедициясына жолдама тапсырылады. Әр тоқсанның соңында оқушыларды «Өркен кубогын» алуға ынталандыратын аралық жүлделер (киноға, театрға билет) беріледі. Шаңырақтардың оқушылар өзін-өзі басқарудың инновациялық формасы ретінде артықшылықтары:

– түрлі жастағылар арасындағы қарым-қатынас және ынтымақтастық, басқа сынып оқушыларымен танысу мүмкіндіктері;

– көшбасшылық қасиеттерді, төменгі сынып оқушыларын қамқорлыққа алуды дамыту;

– уақытты бірге өткізу, корпоративтік рух;

– іс-шараларға тарту;

– оқуда, ғылыми және әлеуметтік жобаларда, іс-шаралар өткізуде, үйірмелер мен клубтарды таңдауда өзара көмек көрсету;

– біртұтас, ұйымшыл команда құру;

– дұрыс бәсекелестікке үйрету.

Оқушылардың мектептік өзін-өзі басқарудың инновациялық формасы ретінде «Мың бала» жобасын (авторы – «Астана дарыны» АҒПО директоры М.Ж. Құрманбаева) атауға болады. Астана қаласындағы № 49 орта мектебі эксперименттік алаң ретінде тағайындалды. Жобаның мазмұны төмендегідей: әр мектеп 1000-1200 оқушыға есептелген. Әр педагогке 10 баладан бөлген жағдайда, директордан бастап жетекшіге дейін, әрбір мұғалім 10 оқушыға күнделікті бақылау жүргізеді, олардың бағаларын, сабаққа, түрлі іс-шараларға қатысу белсенділігін тексереді. Мұнан басқа, педагогтердің әрқайсысы өз «бақылауындағы» оқушыларды қандай да бір білікке: ән салуға, билеуге, шахмат ойнауға және т.б. үйретуі тиіс. Осылайша, мұғалім мен оқушы, ата-аналар арасында тығыз байланыс орнайды, ал бала екіжақты бақылауда болады. Бүгінгі таңда «Мың бала» жобасы Қазақстанның көптеген қалаларында үлкен сұранысқа ие болып отыр. Астана қаласындағы №№ 49, 7, 51, 24, 4 - мектептерде осы жобаны енгізу қолға алынған.

Алматы облысы Кербұлақ ауданының жалпы білім беретін мектептерінде оқушылардың өзін-өзі басқарудың түрлі формалары құралған. Соңғы жылдары ауданның бірыңғай білім беру кеңістігінде бірыңғай оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесін қалыптастыру мәселесі өзекті болып келеді. Мектеп оқушыларының аудандық кеңесі құрылған. Соңғы жылдары аудан мектептерінде, аудандық оқушылардың өзін-өзі басқаруы арқасында, оқушылардың өзін-өзі басқаруының жаңа моделін жасауға күш салынып келеді. Қазіргі кезде аудан мектептерінде оқушылардың өзін-өзі басқаруы келесі түрде

жүзеге асырылуда: оқушылар кеңесі, старостат, оқушылық қоғамның кеңесі, командирлер кеңесі, министрлер кабинеті, мектептік үйлестіруші оқушылар кеңесі т.б.

Оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысы тиімділігінің критерилері ретінде мыналар анықталды:

- тұрақтылық дәрежесі және оқушылардың өзін-өзі басқаруының барлық буынындағы жұмыстың өте дәлдігі;

- оқушылардың түрлі мектепшілік және мектептен тыс іс-шараларға қатысудағы белсенділігі мен бұқаралығы;

- барлық деңгейлердегі бәйгелерге, жарыстарға, фестивальдерге қатысушылардың нәтижелілігі;

- оқушылардың ынтагерлігі, оқудан тыс іс-шаралардың жаңа түрлерін өздігімен іздеуі;

- оқушылардың өзін-өзі басқаруының мектептегі, ауылдағы, аудандағы т.б. жастар саясатына ықпал жасау дәрежесі.

Аудандағы оқушылардың өзін-өзі басқаруы бүгінде – оқушылардың ынтагер, дербес, жауапкершілікті, қоғамдық қызметінің ерекше түрі болып табылады. Оның қызметі студент жастардың өмірлік маңызы жоғары мәселелерін шешуге, әлеуметтік белсенділігін дамытуға, зияткер, әлеуметтік бейімделген және құзыретті тұлға қалыптастыруға бағытталған.

Оқушылардың белсенді тобының жұмысы мектепте ұйымдастырушы-педагогтермен үйлестіріледі және келесі бағыттар бойынша іске асырылады:

- патриоттық, адамгершілік; оқу-пәндік; ақпараттық; көркем-эстетикалық; спорттық-сауықтырушылық; кәсіби-еңбек; волонтерлік қозғалыспен және тәрбиелік жұмыстың басқа бағыттарымен байланысты.

Оқушылардың өзін-өзі басқару органдарының атқаратын қызметі мектеп оқушыларын әлеуметтендіруге бағытталған. Ол қызметтердің ішінен төмендегілерді атап көрсетуге болады:

- әкімшілік алдында оқушылардың талап-көзқарастарын білдіру (оқушылардың әлеуметтік-құқықтық мәселелерін шешуде, оқу процесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу т.б.);

- оқушылардың әлеуметтік тұрғыдан маңызды болып табылатын қоғамдық іс-әрекеттерін ұйымдастыру;

- оқушыларды, мектеп әкімшілігін мектеп өмірінің сан қырынан хабардар ету;

- оқушылардың белсенді тобын қалыптастыру және оқыту.

Бұл ретте Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының тәжірибесі қызғылықты болып табылады. Олар «Қоғамдық өзін-өзі басқару ұстанымын оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамыту арқылы іске асыру» жобасы бойынша жұмыс жасап келеді. Жобаның мақсаты: оқушыларды түрліше жеке және ұжымдық қызметке араластыра отырып, оларды ауыл мектебі жағдайындағы әлеуметтік белсенділік пен шығармашылыққа ынталандыру жолымен өзін танытуына, өзіне сенімділік қалыптастыруына жайлы жағдайлар жасау.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2010 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында

«2015 жылға қарай Ұлттық инновациялық жүйе толыққанды жұмыс істеп, 2020 жылға қарай елде енгізілетін талдаулар, патенттер мен дайын технологиялар түрінде өз нәтижелерін беруге тиіс. Білім беру саласында Астана қаласында құрылып жатқан бірегей оқу орындары – «Жаңа халықаралық университет», «Арнаулы Қор» және қазірдің өзінде табысты жұмыс істеп жатқан «Интеллектуалдық мектептер» секілді жобалар ерекше басымдыққа ие болмақ... Олардың отандық білім беру жүйесінің флагманы болып, осы заманғы оқу бағдарламаларын кейіннен оларды бүкіл республика бойынша енгізетіндей етіп әзірлеу мен байқап көру жөніндегі басты алаңға айналуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасау қажет» деп атап кеткен болатын [12].

Әлемдік білім беру кеңістігіне енудің мемлекеттік саясатын ескеріп, Қазақстандағы білім беру жүйесінің заманауи даму деңгейі білім беру ұйымдарының жаңа үлгілері ретіндегі халықаралық мектептердің пайда болуы оларды басқару үдерісіне ғылыми-педагогикалық мағына беруді талап етеді.

Инновациялы-бейімделгіш, құзыретті және кәсіби-бағдарлы сипатты қамтамасыз ететін білім беру бағдарламалары, мазмұны мен сапасына қойылатын заманауи талаптарға сай келетін, халықаралық үлгідегі мектептердің білім беру жүйесін басқарудың тұжырымдамалық моделінің әдіснамалық негіздерін ғылыми тұрғыда әзірлеу өзекті әрі заңды болып табылады. Тереңдетіп оқуға сәйкес, осы моделді жасауға бағытталған халықаралық білім беруді басқарудың тұжырымдамалық негізі әдіснамалық негіздеу мен әзірлеуді талап етеді.

Жаңа білім беру жүйелеріне қойылатын заманауи талаптарға сәйкес білім беруді стратегиялық басқарудың негізгі бағыттары:

- білім берудің халықаралық-стандарттық сапасын;
- білім берудегі өнімнің бәсекеге қабілеттілігін;
- білім берудің ұлттық және халықаралық танылған моделдердің кіріктіруші өзара бейімделу негіздерінде білім беру жүйесінің инновациялығын;
- келешектің сапалы деңгейіне бейімделуді қамтамасыз ету болып табылады [19].

Республиканың білім беру мекемелерінің жүйесі мектептердің түрлі типтерін қамтиды. Ол мектептердің басым көпшілігі (95,5 %) мемлекеттік болып табылады және Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің ведомствасына қарайды. Мемлекеттік емес мектептер саны соңғы онжылдықта өскен, бірақ олардың саны еліміздегі барлық мектептер санының 1,4%-ын құрайды. Осы мектептерде барлық оқушылардың 0,8%-ы оқиды. Мемлекеттік емес мектептер халықаралық тәжірибеге бейімделген оқу бағдарламаларын ұсынады.

Қазіргі таңда республикамызда мектептердің сапалы жаңа деңгейін білдіретін білім беру мекемелерінің түрлері құрылған – оқыту жүйесі мемлекеттің саясатына, атап айтқанда халықаралық ынтымақтастық пен өзара қарым-қатынасының негізгі басымдылықтарына жауап беретін білім берудің ұлттық және халықаралық моделдерінің органикалық кірігуі тұрғысында

құрылған, әлемдік білім беру стандарттарына сай халықаралық үлгідегі мектептер құрылған.

Бүгінгі таңда халықаралық мектептерде, оның ішінде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша үлкен тәжірибе жинастырылған.

Халықаралық мектептердің, атап айтқанда Қазақ-Түрік лицейлері, «Мирас» халықаралық мектебі, «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, Астанадағы *Heileybury* мектебі және Алматыдағы *Heileybury* мектебі (бұдан әрі – Хейлибэри мектебі) оқу орындарындағы басқарудың, басшылық ету және бақылаудың жүргізу жолдарына тоқталайық.

Халықаралық мектептер:

- Қазақ-түрік лицейлері - Қазақстанда "KATEV" халықаралық қоғамдық қорының басшылығымен жұмыс атқаратын мектептер желісі;

- «Мирас» халықаралық мектебі – ұлттық бағдарламалар және халықаралық Бакалавриат бағдарламалары кіріктірілген мемлекеттік емес білім беру мекемесі;

- «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ – ғылым, экономика және саясат саласында дарынды балаларды оқытуға арналған мемлекеттік Зияткерлік мектептер желісі;

Хэйлибэри - мектебі - Англиядағы ең атақты тәуелсіз британ мектептердің бірі Хэйлибэри мектебінде қабылданған дәстүрлі оқыту қағидаларына негізделген мектеп.

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде оқыту үдерісі:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде;

- Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 және 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;

- Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген орта мектептің оқу бағдарламалары мен мектепалды даярлық сыныптарына арналған оқу бағдарламалары («Біз мектепке барамыз», 2010 ж.) арқылы жүзеге асырылады.

Еліміздегі халықаралық мектептердегі білім беру үдерісі келесі түрде жүзеге асырылады:

- Қазақ-Түрік лицейі өзінің қызметтік іс-әрекеттерінде Қазақстан Республикасы Конституциясын, «Білім туралы» Заңын, басқа да нормативтік-құқықтық актілерін, халықаралық келісімдерін, бұйрықтарын, тиісті құзыретті ұйымдардың нұсқаулары мен жарғыларын басшылыққа алады;

- «Мирас» мектебінің қызметі ұлттық білім беру стандарттары мен Халықаралық Бакалавриат бағдарламаларымен оқыту тәсілдерінің философиясы мен талаптарының мазмұнды компоненттерін кіріктіру арқылы

оқытудың педагогикалық технологиялары мен әдістерін енгізу болып табылады;

- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰҰ қызметі «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері», «Назарбаев Қоры» Мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы 2011 жылғы 19 қаңтардағы №394-IV Заңымен реттеледі. Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Зияткерлік мектептер дербес білім беру ұйымы мәртебесіне ие, яғни Қазақстан Республикасы Үкіметімен құрылған бейкоммерциялық ұйым, іс-әрекет етудің құқықтық мәртебесі және ерекше құқықтық тәртібі жоғарыда көрсетілген Заңмен анықталады. Мектептің миссиясы: Қазақстанның Зияткерлік әлеуетін ең үздік қазақстандық дәстүр, халықаралық тәжірибені қамтитын жаратылыстану-математикалық бағыттағы мектептік білім берудің көптілділік жүйесін, инновациялық моделін әзірлеу мен енгізу арқылы көтеруге жағдай жасау;

- Хэйлибэри мектебінің оқу жоспары Қазақстанның білім беру жүйесіне бейімделген британдық оқыту стандартына негізделген.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім бағдарламаларын жүзеге асыратын жалпы білім беретін мектептердің қызмет тәртібі «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰҰ қоспағанда 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Білім Заңына» сәйкес дайындалған Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі №375 бұйрығымен бекітілген білім деңгейлері бойынша Білім беру ұйымдары қызметінің Типтік ережелерімен анықталады.

Халықаралық мектептерде оқу үдерісін ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері бар. Қазақ-Түрік лицейі, «Мирас» мектебі, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰҰ, Хэйлибэри мектебінің құрылымдары сәйкесінше 32-35 кестелерде көрсетілген.

### 32-кесте – Қазақ-Түрік лицейінің құрылымы

Білім беру деңгейлері	Оқушылардың жасы	Сыныптар
Негізгі орта	13-15	7-9
Жалпы орта	16-17	10-11

*Дереккөз: Қазақ-түрік лицейлерінің мәліметі*

### 33-кесте - «Мирас» мектебінің құрылымы

Білім беру деңгейлері	Оқушылардың жасы	Сыныптар
Бастауыш	3-5	Балабақша
	5-6	Мектепалды дайындық
	6-11	1-5
Негізгі орта	11-16	6-10
Жалпы орта	16-18	11-12

*Дереккөз: «Мирас» халықаралық мектебінің мәліметі*



### 34-кесте - «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ-ның құрылымы

Білім беру деңгейлері	Оқушылардың жасы	Сыныптар
Бастауыш	3-5	Бала бақша (кіші, орта және жоғарғы топтар)
	6-11	1-5 – бастауыш сыныптар
Негізгі орта	12-16	6-10
Жалпы орта	17-18	11-12

*Дереккөз: «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ мәліметі*

### 35-кесте – Хэйлибэри мектебінің құрылымы

Білім беру деңгейлері	Оқушылардың жасы	Сыныптар
1	5-7	1-2
2	7-11	3-6
3	11-14	7-9
4	14-16	10-11
5	16-18	12-13


*Дереккөз: Хэйлибэри-Алматы халықаралық мектебінің мәліметі*

Қазақ тілі мемлекеттік тілі болып табылады, ал орыс тілі ұлтаралық қатыс тілі болып саналады. Ұлттық бірегейлікті бекітуде қазақ тілінің басымдығы соңғы жылдары қазақ тіліндегі мектептер санының ұлғайуына әкелді. 2012 жылы мектептердің басым көпшілігінде оқыту тілі қазақ тілінде (3 819 мектеп), одан кейін орыс тілінде (1 394), өзбек тілінде (60), ұйғыр тілінде (14), тәжік тілінде (2) болған (АТО, 2014). Шамамен 2 113 мектепте оқыту екі және одан артық тілде жүргізілген.

Халықаралық мектептерде оқыту бірнеше тілде жүргізіледі.

Қазақ-Түрік лицейлерінің басты ерекшелігі - оқыту төрт тілде: қазақ тілі, орыс, ағылшын және түрік тілдерінде жүргізу және әлемдік стандарттарға сай келетін көптілді білім беру қағидасын жүзеге асыру.

Қазақ тілі мен әдебиеті, Қазақстан тарихы, география, Қазақстан географиясы, құқық негіздері, дүние жүзі тарихы, алғашқы әскери дайындық, дене шынықтыру, өзін-өзі тану, сызу – қазақ тілінде; ағылшын тілі, алгебра, геометрия, химия, физика, биология, информатика ағылшын тілінде жүргізіледі; түрік тілі – түрік тілінде; орыс тілі мен әдебиеті – орыс тілінде жүргізіледі. Пәндерді көп тілді оқытудың салыстырмалы талдауы 55-суретте келтірілген.



*Дереккөз: Қазақ-түрік лицейлерінің мәліметі*

55-сурет – Пәндерді көп тілді оқытудың салыстырмалы талдауы

«Мирас» мектебінде бастауыш сыныпта оқыту: ағылшын /қазақ тілде және ағылшын/орыс тілде жүргізіледі; негізгі мектепте - қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде; 11 – сыныпта қазақстандық оқу бағдарламалары - қазақ және орыс тілдерде; 11-12 – сыныптарда Халықаралық Бакалавриаттың дипломдық бағдарламасы ағылшын тілде жүргізіледі.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-да оқыту мен тәрбие жұмыстарын жүргізу тілдері қазақ, орыс және ағылшын тілдері болып табылады. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін оқытудың әдіс-тәсілдері толығымен өзгертілген. Грамматикалық-аударма әдісінен сөйлеу әрекетінің төрт түрін (сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу) дамытуға көшірілген. Сонымен қатар, мектептің тағы бір ерекшелігі бірі тілдік және тілдік емес пәндерді пәнаралық кіріктіру болып табылады.

Хэйлибэри мектебінде тіл пәндерінен басқа пәндерді оқыту ағылшын тілінде жүргізіледі.

«Мирас» мектебі – Халықаралық Бакалавриаттың барлық үш бағдарламасымен оқытады. Атап айтқанда бастауыш мектеп бағдарламасы (*IB PYP – Primary Years Programme*); негізгі мектеп бағдарламасы (*IB MYP Middle Years Programme*), негізгі мектепті аяқтағаннан кейін Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінде танылған сертификат беріледі, ол сертификат негізгі білім беру деңгейін бітіргенде берілетін куәлікке пара-пар; Дипломдық бағдарлама (*IB DP – Diploma Programme*), осы бағдарлама бойынша оқытуды тәмәмдаған оқушыға әлемнің іргелі университеттеріне емтихансыз түсу құқығын береді. Сонымен қатар, мектептің оқу жоспарына «Қазақ тілі», «Орыс тілі» пәндері, «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан тарихы», «Қазақстан географиясы» және «Орыс әдебиеті» кіріктірілген курстары енгізілген.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-нда екі үздік білім беру модельдері қолданылады. Біріншісі – Кембридж университетінің Халықаралық емтихандық кеңесімен бірлесіп дайындалған жаратылыстану-математикалық бағыттағы кіріктірілген білім беру бағдарламасы. Екіншісі – Халықаралық Бакалавриат бағдарламасы.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-да өз қызметкерлерімен дайындалған оқу бағдарламалары, сонымен қатар шет елдердегі әріптестерінің таңдаулы оқу бағдарламалары қолданылады. Осы мектептерде білім берудің үш бағыты жүзеге асырылуда: физика-математика, химия-биология, сонымен қатар Астана қаласындағы «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ-да The International Baccalaureate оқыту бағдарламасы.

Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін 10 стратегиялық міндет орындалуы қажет. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ өзінің қызметінде келесі қағидаттарды ұстаным етеді: заңдылық, отаншылдық, төзімділік, тепе-теңдік, ашықтық, академиялық еркіндік, инновациялық, білім, ғылым мен өндірісті біріктіру, автономдық және өзін-өзі басқару, алқалылық, әлеуметтік жауапкершілік және айқындық [19].

Зияткерлік мектептер білім беру бағдарламалары мен технологиялардың

заманауи модельдерін әзірлеу, мониторингілеу, зерттеу, талдау, апробациялау, енгізу және жүзеге асыру бойынша эксперименттік алаң болып табылады.

Оқу жетістіктерін бағалау мақсаты оқу бағдарламаларында көрсетілген дайындық деңгейіне қойылатын талаптардың оқушының нақты жеке жетістіктеріне сәйкестігін анықтауды көздейді. Жоспарланған нәтижелерге жетуді бағалауға арналған жүйе өзара байланыстағы екі бағалау жүйесінен тұрады: ішкі баға (немесе оқушымен, оқытушылармен, мектеп әкімшілігімен қойылатын баға) және сыртқы баға (немесе мектеп қызметтеріне қатысты жүзеге асырылатын сыртқы баға).

Қазақ-Түрік лицейлерінде оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда дәстүрлі бағалау шкаласы, яғни бес балдық бағалау жүйесі қолданылады.

Кейбір халықаралық мектептерде критериалдық бағалау жүйесі қолданылады. Критериалдық бағалау - бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критериялармен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс.

«Мирас» мектебінде оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлік болып табылады, бұл мұғалімдердің оқушының үлгерімін бағалауды сыныптың басқа оқушыларына қатысты емес нақты пәндік критерийлеріне сәйкес жүргізеді.

«Мирас» мектебінде оқытылатын әр пән бойынша Халықаралық Бакалавриат ұйымымен бекітілген бірқатар критерийлер бар. Әр критерий үшін бағалау мезетінде оқушының қызметіне негізделген бірнеше пункттер келтірілген. Бағалау мезетінде әр оқушының жетістігін түсіндіретін нақты сипаттамалар берілген.

Семестр соңында әр критерийдің нәтижелері қосылып, жалпы балл Халықаралық Бакалавриат бағаларының кестесіне келтіріледі және 1-7 шкалаларына сәйкестендіріледі. Оқушылардың жетістіктері бойынша есеп жасау кезінде МҮР шкаласы қазақстандық бағалау шкаласымен салыстырылады (36-кесте).

36-кесте – Оқушылардың жетістіктерін бағалау шкаласы

МҮР бойынша бағалу шкала	1	2	3	4	5	6	7
Дәстүрлі бағалау шкаласы	1	2	3	4	5		

*Дереккөз: «Мирас» халықаралық мектебінің мәліметі*

Оқу жетістіктерін объективті және анық болу үшін «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰҰ-да критериалды бағалау жүйесі жүзеге асырылады. Қалыптастырушы, жиынтық (ішкі және сыртқы) бағалау жүйесі арқылы тоқсандық, жартыжылдық және жылдық оқу жетістіктерінің қорытындысын шығарудың нақты тәжірибесі қалыптасқан және Назарбаев Зияткерлік мектебі ДБҰҰ-ның педагогикалық өлшемдер орталығымен (ПӨО) жүзеге асырылады.

Қалыптастырушы бағалау әр тоқсан барысында өткізіліп, келесі үшін пайдаланылады: оқу бағдарламасының пәндері бойынша білім мен дағдыны игеру деңгейі туралы деректерді алу; сабақ беру мен оқыту туралы ақпаратты және қалыптастырушы бағалау негізінде мұғалімдер, оқушылар және ата-аналармен тұрақты кері байланысты көрсету.

Ішкі жиынтық бағалау әр тоқсан аяғында, тоқсан мақсатының жетістіктерін бағалауға тестілеу немесе прогресс тапсырмалары үлгісінде өткізіледі.

Сыртқы жиынтық бағалау 5,10,11 және 12-сыныптардан кейін оқушылардың оқу жетістіктерін сыртқы жиынтық бағалау моделіне сәйкес емтихан түрінде өткізіледі.

«Хэйлибэри Алматы» мектебінде оқыту таңдау және ұжымдық оқыту қағидасы бойынша негізінде сараланып жүргізіледі. Әр апта сайын әрбір оқушыға оның жас ерекшелігімен және оқуға деген қызығушылығы ескерілген жеке кесте құрастырылады. Кейбір пәндерді тереңдетіп оқыту үшін сынып топтарға бөлінеді.

Қазақ-Түрік лицейлерінің қоғамдық өмірінде келесі құндылықтарға ерекше мән беріледі:

- жетілдіру – барлық аспектілерде (білім алуда, жеке басының дамуы және қоғамдық өмірде) жоғары деңгейге жету;

- өзара құрметтеу – өзін-өзі қадірлеу, маңындағыларды құрметтеу; басқалардың құқығы мен көзқарастарын сыйлау;

- жауапкершілік – қоғамдық ортада өз қылықтары үшін жауапкершілікті сезіну;

- ынтымақтастық – ортақ мақсаттарға жетуде көмек көрсету;

- белсенділік – топты басқаруға қабілетті шығармашыл тұлға болу, мектептің іс-шараларына белсенді қатысу;

- өзара қарым-қатынас – бөтен біреулермен қатынас жасауда төзімді болу, күнделікті өмірдегі қиындықтарға төзімділік таныту, психологиялық тұрғыда орнықты болу;

- әділеттілік – әлеуметтік ережелерге бағына отырып әділетсіздікке көнбеу;

- этика – адамгершілік құндылықтарды сақтау.

Ұлттық және мәдени құндылықтарды оқушылардың бойына қалыптастыруда патриоттық тәрбиелеу бағдарламасының орны ерекше. Тәрбие жұмысы 9 бағытты қамтиды: азаматтық-патриоттық тәрбие; әскери-патриоттық тәрбие; полимәдени тәрбие; салауатты өмір салты; рухани-адамгершілік тәрбие; экологиялық тәрбие; құқықтық тәрбие; отбасылық тәрбие; өзін-өзі басқару. Қазақ-Түрік лицейлері тәрбие үдерісінде оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыс жасайды. Әрбір ата-ана мектеп өміріне және сыныпта өткізілетін іс-шараларға белсене араласады. Сонымен қатар лицейде балалар үшін әр түрлі үйірмелер мен секциялар жұмыс істейді (футбол, баскетбол, волейбол, тоғызқұмалақ, таэквандо, би, қолданбалы өнер, домбыра, өлкетану).

«Мирас» мектебінде тұлғаның альтруистік сапасының дамуына, белсенді өмірлік позициясын қалыптастыруға бағытталған тәрбие концепциясы

дайындалған. Оқушының мәдениаралық түсінісуі полилингвальды тілдік ортамен қамтамасыз ету және тілдік саясатты жүзеге асыру, мектептің студенттер кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру, БҰҰБҚ, БҰҰ БҰМ халықаралық ұйымдарымен байланыстар орнату арқылы жүзеге асырылады. Әлемнің 20-дан астам елінің оқушылары мен мұғалімдерінен тұратын "Мирас" халықаралық мектебі өзінің рухы, мазмұны және құрамы бойынша интернационалды мектеп. Қазақстандық және халықаралық тәрбие жүйесін, дәстүрлер мен мәдениеттің байлығын бойына сіңірген мектепте ұлтаралық бірлік пен қалыптасқан қарым-қатынасты «Біздің бірлігіміздің - біздің көптүрлілігімізде» атты мектептің ұраны көрсетеді.

Зияткерлік мектептерде тәрбиелеу жүйесі бәсекелік ортада тиімді іс-әрекет ете алатын, жоғары мәдениетті, өз Отанына берілген адамгершілігі жоғары шығармашылық тұлғаны қалыптастыруға бағытталған және келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- патриоттық тәрбиелеу;
- зияткерлік дамыту;
- адамгершілік тәрбиесі, физикалық және психологиялық дамыту;
- көпмәдениетті дамыту;
- жетекшілік қасиетті дамыту;
- көркем-эстетикалық даму.

Білім беру қызметін біріктіру нәтижесінде тәрбие жұмысы келесі әдістер арқылы ұйымдастырылады: әлеуметтік жобалар мен тәжірибелер; Қазақстанда өлкетанулық экспедициялар; қызығушылық бойынша қызмет (спорттық, көркем, технологиялық, және зияткерлік); элективті курстар; оқушылық өзін-өзі басқару және қоғамдастықтар («Шаңырақ» және т.б.); драмалық және театрлық көріністер; зияткерлік және іскерлік ойындар; желілік іс-шаралар.

*Heileybury* – Хэйлибери мектебінің ұстанатын моральдық құндылықтары:

- оқушыларды жақсы мен жаманды айыра білуге баулу;
- оқушыларды қоғамда өзін-өзі дұрыс ұстай білуге үйрету;
- оқушыларды сыйластыққа, топпен жұмыс істеуге, бірлесіп еңбек етуге, қоғамдық жұмысқа және түрлі ұлт өкілдерін сыйлауға баулу;
- оқушылар арасында көшбасшылықты дамыту.

Қазақ-Түрік лицейлерінде жылына 2 рет тестілеу түрінде өткізілетін мұғалімдерді аттестациялаудың тиімді жүйесі ойдағыдай жүзеге асырылуда. Мұғалімдер 5 жылда бір рет аттестациядан өтетін әдеттегі мектептерге қарағанда бұл тәжірибе пайдалы, мұғалімдерді аттестациялау мәселесі ол тікелей мұғалімдердің біліктіліктерін арттыру жүйесі мен сапасына тікелей әсер етеді.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-нда педагогикалық қызметкерлердің аттестациялаудың бірегей моделі жүзеге асырылады. Мұғалімдер алты педагогикалық шеберлік деңгейінен өтуі тиіс: мұғалім-стажер, мұғалім, мұғалім-модератор, мұғалім-эксперт, мұғалім-зерттеуші және мұғалім-мастер. Шетелдік педагогтер үздік халықаралық тәжірибені енгізу

үшін қабылданады.

Сонымен, орта білім жүйесіндегі менеджментті зерттеу барысында мыналар байқалады:

1. Бүгінде заманауи білім беру жүйесін басқарудың төмендегідей талаптары қалыптасқан:

- басқарудың барлық үдерістерінің тиімді қызмет ету;
- даму үшін сыртқы ресурстарды тартудың тетіктерін жасау;
- орталықтанған жоспарлаудан стратегиялық менеджментке көшу;
- басқарушы қызметкерлердің біліктілік деңгейін тұрақты түрде көтеру;
- өзіндік имидж құру және қолдау;
- дамудың ішкі интеллектуалдық, материалдық-техникалық және шығармашылық ресурстарын жинақтау мен біріктіру;
- балансты қалыптастыру негізінде орталықтандыру мен бейорталықтандыру арасындағы басқару құрылымының икемділігі.

2. Орта білім жүйесінде қамқоршылық кеңестері қызметін ұйымдастыру өзіндік орын алған. Қамқоршылық кеңестері институтын дамыту үшін төмендегі ұсынымдарды ұсынамыз:

– Қамқоршылық кеңестерін құру және дамыту процесін ақпараттық, оқу, әдістемелік сүйемелдеу;

– Демеушілік көмек көрсеткен жеке және заңды тұлғаларды ынталандыру механизмін дайындау;

– Жаңа үлгілік ережелерді дайындауда мектепті дамыту стратегиясын дайындауда, бюджетті бекіту және т.б. қамқоршылық кеңестерінің өкілеттігіне қосу.

3. Қазақстанда білім беру саласында оқушылардың өзін-өзі басқару процесі жетілдірілуде. Оқушылардың өзін-өзі басқаруы – баланың жеке тұлғасының әлеуметтенуінің маңызды қозғаушы күші болып табылады. Оқушылардың өзін-өзі басқаруы балалардың әлеуметтік байланыстарын кеңейтіп, әрбір жеке бала үшін қажетті әлеуметтік әлемге бейімделу жолын табуға көмектеседі. Өзі өмір сүру үшін еніп отырған әлеуметтік жүйені бала да өзгертуге, дамытуға, жетілдіруге, сөйтіп, соның ортасынан әлеуметтік әлемдегі өзіндік орнын табуына мүмкіндіктер туғызады.

4. Халықаралық мектептерде:

- тілдік дағдының төрт түрі дамытылуда;
- үштілдік саясат жүзеге асырылуда;
- оқу пәндері кіріктіріліп оқытылуда;
- оқушының дамуын шынайы бағалау мақсатында оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі қолданылады және одан оқушының әрі жеке даму траекториясы құрылады.

#### **4 Мектептегі білім беру үдерісіне ғылыми-әдістемелік тұрғыдан көмек көрсету**

Ғылыми-әдістемелік тұрғыдан көмек көрсету – бұл пайда болған проблемалық жағдаяттарға бағытталған, өзара іс-әрекетке білім беру үдерісі субъектісін қатыстыруға арнайы ұйымдастырылған және бақыланатын үдеріс.

Ғылыми-зерттеу қызмет білім беру ұйымдарының ғылыми-зерттеу жұмысы жүйесінің барлық іс-әрекетінің ажырамас элементі болып табылады. Бір жағынан, педагогикалық қызметкерлердің ғылыми және шығармашылық өсуіне мүмкіндік туғызып, екінші жағынан, педагогтің кәсіби өсуіне барынша үлес қосу мақсатын қадағалайды.

2012-2014 жылдары орта білім саласында Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының қызметкерлерімен келесідей әртүрлі бағытта ғылыми зерттеулер жүзеге асырылды:

1) 12 жылдық мектептің білім беру мазмұнын жаңарту мәнмәтінінде білім беру стандарттарын жасаудың теориялық-әдіснамалық негіздері [23].

*Зерттеу нысаны:* орта білім саласын стандарттау.

*Зерттеу мақсаты:* білім беру мазмұнын жаңарту аясында 12 жылдық мектептің білім беру стандартын әзірлеудің ғылыми- әдіснамалық негіздерін анықтау.

*Зерттеу әдістері:* зерттеу тақырыбына сәйкес философиялық, психологиялық, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, нормативтік және бағдарламалық- әдістемелік құжаттарды зерделеу және талдау; модельдеу, болжау, салыстыру, құрылымдық талдау, жинақтау, жалпылау, қорытынды жасау, сондай-ақ шетелдік және отандық тәжірибелерді зерделеу.

*Зерттеу барысында анықталды:*

– білім мазмұнын жаңарту жағдайында шағын жинақты мектептердегі білім беру үдерісін ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік және психологиялық-педагогикалық негіздері;

– білім мазмұнын жаңарту жағдайында орта мектеп пен жоғары оқу орнындағы білім беруді кіріктірудің теориялық негіздері және әдіснамасы;

– критериалды бағалау жүйесінің ғылыми-әдістемелік негіздері, оқу үдерісінде критериалды бағалауды қолданудың шарттары мен практикалық маңыздылығы.

*Әзірленді:*

– білім мазмұнын жаңарту жағдайында шағын жинақты мектептердегі білім беру үдерісін ұйымдастырудың әдістемесі;

– білім мазмұнын жаңарту жағдайында білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі;

– оқу үдерісінде критериалды бағалауды қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар;

– білім мазмұнының барлық компоненттерін жүйелі кіріктіру негізінде 12 жылдық мектепке арналған білім беру стандартының моделі.

Зерттеу нәтижелері негізінен жаңаша сипатқа ие, өйткені ұсынылып отырған 12 жылдық мектепке арналған білім беру стандартының моделі қазақстандық білім беру жүйесінің 12 жылдық оқытуға көшуінің шынайы жағдайын ескере отырып, білім берудің барлық деңгейлерінде білім мазмұнын жаңарту аясында әзірленіп отыр. Сонымен бірге, ұсынылған білім беру стандартының моделі халықаралық іс-тәжірибелер мен «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның тәжірибесі негізінде орта білімнің барлық деңгейлерінің білім мазмұнының сабақтастығын ескереді.

Алынған зерттеу нәтижелерін білім беру ұйымдарындағы педагогикалық үдерістің нақты жағдайларына бейімдеу негізінде барлық типті мектептердің оқу-тәрбие үдерісінде, сондай-ақ, жалпы алғанда, қазақстандық білім беру жүйесін дамытудың басым бағыттарын анықтауда және ішінара білім мазмұнын жаңарту мәселелерін шешуде қолдануға ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) стандартын, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) стандарттарының жобасын, жалпы орта білім беру деңгейінде бейіндік оқытуға арналған үлгілік оқу жоспарларының жобасын әзірлеуде қолданылды. Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері эксперименттік оқу жоспарларын, оқу бағдарламаларын, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеуде пайдаланылады.

*Қолдану аясы:* ғылыми-педагогикалық орта, орта білім беру жүйесі, білім беру ұйымдарының қызметін нормативті-құқықтық қамтамасыз ету жүйесі, үздіксіз білім беру жүйесі.

*Нәтижелердің маңыздылығы* олардың Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін дамытудың 2014-2016 жылдарға арналған басым бағыттарына, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында белгіленген міндеттерге, ғылымды, инновацияны және технологиялық жаңғыртуды дамытудың 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламасына толық сәйкес келеді.

*Зерттеу нысанын дамыту туралы болжамдық ұсыныстар:* орта білім саласын стандарттау әлі де зерттеуді қажет етеді, себебі білім беру стандарттарын әзірлеу және қабылдау Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына жоспарланған өзгертулер мен толықтырулар енгізумен, сондай-ақ білім беру практикасын дамыту және жетілдіру қажеттілігімен тығыз байланысты болып табылады.

2) орта және жоғары мектеп жүйесінде көптілді білім беруді ғылыми-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету [24].

*Зерттеу объектісі:* орта және жоғары мектеп жүйесінде көптілді білім берудің үдерісі.

*Зерттеу мақсаты:* орта және жоғары мектеп жүйесінде көптілді білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу және негіздеу.



*Зерттеу барысында:*

- тілдерді оқытудың деңгейлік моделі негізінде көптілді білім беру саласындағы шетелдік тәжірибе зерттелді;

- «мектеп-жоғары оқу орны» жүйесінде тілдерді оқытудың деңгейлік моделі негізінде көп тілді білім беру сабақтастығының дидактикалық негіздері анықталды;

- орта және жоғары мектепте көп тілді білім беру үшін үш тілдік жүйенің лексика-грамматикалық құралдарына лингводидактикалық сипаттама берілді – үш тілді функционалды лексика-грамматикалық минимум әзірленді (орта және жоғары мектептерде көп тілді білім беру үшін);

- орта және жоғары мектептің оқу үдерісінде үш тілді функционалды лексика-грамматикалық минимумды пайдалану механизмдері әзірленді.

Зерттеу нәтижелері жаңашылдығымен ерекшеленеді, өйткені көптілді оқыту жүйесінде функционалды-коммуникативтік және когнитивтік-коммуникативтік технологияларды қолдану алғаш рет негізделді.

*Жүзеге асырылу деңгейі:* зерттеу нәтижелері 21 ғылыми мақалада, 18 әдістемелік құралда және көп тілді функционалды лексика-грамматикалық минимумда көрініс тапты.

*Енгізу жөніндегі ұсынымдар:* зерттеуден алынған қолданбалы нәтижелерді көптілді оқытуды жүзеге асырушы білім беру ұйымдарындағы нақты педагогикалық үдерісте қолдану ұсынылады.

*Қолданылу саласы:* зерттеу нәтижелері тілдік және тілдік емес пәндер сабақтарында көптілдікті дамыту үшін мектептерге қажет.

*Нәтижелердің маңызы* Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары т.б. белгілеген қазақстандық қоғамның өзекті және әлеуметтік маңызы бар міндеттерін шешуге бағытталуымен айқындалады.

3) қоғамды инновациялық тұрғыда дамыту мәнмәтінінде орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың ғылыми-әдістемелік негіздері [25].

*Зерттеу нысаны:* орта білім жүйесін ақпараттандыру үдерісі.

*Зерттеу мақсаты:* қоғамның инновациялық дамуы шартында орта білім жүйесін ақпараттандырудың ғылыми-әдістемелік, технологиялық және қолданбалық аспектілерін анықтау және сандық білім ресурстарын оқу үдерісінде қолданудың әдістемесін ұсыну.

*Зерттеу әдістері:*

– ғылыми-теориялық: білім беру саласын ақпараттандырудың заманауи үрдістеріне талдау, білім беруді ақпараттандырудың болашақтағы дамуына қатысты футуристік болжамдарды қарастыру, шетелдік және отандық сандық білім беру ресурстарын қалыптастырудағы ұстанымдарды қарастыру;

– қолданбалы-тәжірибелік: ІТ саласындағы әлемдік және отандық сараптамалық компаниялардың деректерін салыстыру, сандық білім беру ресурстарын оқу үдерісінде қолдану әдістемелеріне талдау жасау және оларды салыстыру, зерттеу болжамдарын, ұсыныстары мен қорытындыларды

қашықтықтан жүргізілетін (дистанттық) семинарлар, шеберлік класстары, конференциялар мен әдістемелік семинарлар арқылы апробациялау.

*Ғылыми зерттеу аясында келесідей нәтижелер алынды:*

- білім беру саласын ақпараттандырудың заманауи үрдістері анықталды;
- ғылыми зерттеудің ғылыми-әдістемелік, технологиялық және қолданбалы аспектілері белгілі болды;
- орта білім беру саласын ақпараттандырудың ұйымдастыру-педагогикалық жағдайы негізделіп айқындалды;
- білім беру саласында заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдарын қолданудың психологиялы-педагогикалық аспектілері анықталды;
- оқытудың ақпараттық-білім беру ортасын қалыптастырудың негізгі факторы мен қағидалары белгілі болды;
- сандық білім беру ресурстарын құру, оларды білім беру үдерістеріне енгізу проблемалары мен мүмкіндіктері зерттелді;
- диагностикалық зерттеу тәсілімен орта мектепте сандық білім беру ресурстарын қолданудың деңгейлері анықталды. Диагностикалық зерттеулерге 3 қалалық және 2 ауылдық мектептердің оқушылары мен мұғалімдері («Павлодар облысы Баянауыл ауданы Зейтін Ақышев атындағы жалпы орта білім беру мектебі» ММ, «Қарағанды облысы Осакаровка ауданы Осакаровка әкімшілігінің №12 орта мектебі» МҚМ, «Степногорск қаласы Л.Н.Толстой атындағы №4 мектеп-гимназиясы» ММ, «Астана қаласы №54 мектеп-лицейі» ММ, «Астана қаласы №66 мектеп-лицейі» ММ) қамтылған болатын;
- мектепте сандық білім ресурстарын пайдаланудың әдістемесі даярланды;
- Сандық білім ресурстарын даярлау мен оқу үдерісінде пайдаланудың ұсынылған әдістемесін апробациядан өткізу барысында аталған диагностикалық зерттеудегі мектептер мұғалімдерінің қатысуымен дистанттық семинар және шеберлік класстары өткізілді.

Келешек сандық ғасырдағы білім беру, біліктіліктің жоғары талаптарына сәйкес орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың заманауи кезеңінің негізгі міндеттері ғылыми зерттеу қызметінің нәтижелерін болжау болып табылады.

Серпінді дамушы ІТ салалары білім беру жүйесіне көбіне-көп өзінің толықтыруларын енгізеді. Қоғамды инновациялық дамыту контекстінде білім беруді ақпараттандырудағы ғылыми-әдістемелік негізін дамыту жоспарында оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану мәселелерін жүйелі зерттеуді жалғастыруды талап етеді.

*Енгізілу дәрежесі:* зерттеу жұмысының аралық және қорытынды нәтижелері орта білім беретін мектептердің пән мұғалімдері қатысуымен өткен семинарлар мен конференцияларда ұсынылып, талқыланды, орта мектептің оқу үдерісінде сандық білім ресурстарын қолданудың ұсынылған әдістемесін мектеп мұғалімдері өздерінің кәсіби іс-әрекеттерінде қолдана алады, зерттеудің кейбір нәтижелерін басқа ғылыми-диагностикалық зерттеулерде пайдалануға болады, ғылыми мақалалар, әдістемелік ұсыныстар мен құралдар түрінде

жарияланған зерттеу нәтижелері жалпы білім беруді ақпараттандыру саласына өзіндік үлесін қоса алады.

*Қолдану аясы:* жалпы білім беру жүйесі, оның ішінде жалпы білім беретін орта мектептер, білім беруді ақпараттандыру орталықтары, білім беру саласындағы ғылыми-зерттеу және білім жетілдіру мекемелері, әдістемелік қызмет көрсетуші орталықтар, сандық ақпарат және сандық білім ресурстарын таратушы ақпарат көздері.

*Жұмыстың маңыздылығы:* зерттеу нәтижелері «Ақпаратты Қазақстан - 2020» және ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде жүзеге асырылуы тиіс міндеттерді орындауға тікелей үлес қоса алады.

*Зерттеу нысанының дамуы туралы болжам:* мобильдік технологиялардың, ұлттық және смарт шешімдердің, әлеуметтік желілердің жаппай қарқын алуы, жалпы ақпараттың жаһандануы мен әлеуметтік сипатқа ие болуы білім беруді ақпараттандыру мәселесінде де жаңаша көзқарастағы заманауи зерттеулердің қажеттілігін көрсетіп отыр.

4) орта білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері [26].

*Зерттеу нысаны:* орта білім беру жүйесін жаңашаландыру жағдайында оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру үдерісін ғылыми әдістемелік және оқу-ұйымдастырушылық тұрғыдан қамтамасыз ету.

*Мақсаты:* орта білім беру жүйесін жаңашаландыру жағдайында оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру моделін ғылыми әдіснамалық тұрғыдан негіздеу және әдістемесін әзірлеу.

*Ғылыми-зерттеу жұмысының әдіснамасы:* жобаның теориялық тұғырлар ретінде диалектиканың, синергетиканың, аксиологияның, экологиялық этиканың, экологиялық білім берудің салалары алынды.

Алға қойылған міндеттерді шешу үшін тақырып және зерттеу проблемасы бойынша мынадай *зерттеу әдістері қолданылды:* теориялық - философиялық, психологиялық, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік әдебиетті, нормативтік және бағдарламалық-әдістемелік құжаттарды зерделеп тану және талдау; модельдеу, болжау, салыстыру, құрылымдық және факторлық талдау, жинақтау, топтастыру, жіктеу, қорытынды байламдар жасау т.б.; эмпирикалық-бақылау, сауалнама жүргізу, сұрау салу, әңгімелесу, эксперттік бағалау т.б.

*Алынған нәтижелер мен олардың жаңашылдығы:*

1) орта білім беру жүйесін жаңашаландыру жағдайында оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру әдістемесі әзірленіп апробациядан өткізілді;

2) орта білім беру жүйесін жаңашаландыру жағдайында оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру бойынша оқу-әдістемелік құжаттар жиынтығы құрастырылды;

3) орта білім беру жүйесін жаңашаландыру жағдайында оқушылардың экологиялық мәдениетін болашақта қалыптастырудың жолдары анықталды [27].

Зерттеу нәтижелері айқын түрде жаңа сипатқа ие. Өйткені ұсынылып отырған оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру әдістемесі кезінде әзірленген педагогикалық модельдің функционалдық мазмұны мен анықталған ғылыми-әдістемелік негіздерге сай және қазіргі замандағы білім беру практикасының объективтік шынайы болмысын ескереді, сонымен қатар конференцияларда, семинарларда апробациядан өтіп, көпшілік пікірлері мен оқушылар, ата-аналар, мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орындарының оқытушы-профессорлар құрамы арасында жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижелерін ескере отырып толықтырылды. Оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру бойынша оқу-әдістемелік құжаттар жиынтығы апробация қорытындыларын ескере келе құрастырылды.

*Енгізілу дәрежесі:* зерттеу нәтижелері Ғылыми-зерттеу орталығы мәжілістерінде, түрлі деңгейдегі ғылыми-практикалық конференцияларда, мектеп басшылары мен мұғалімдерінің ғылыми-әдістемелік семинарларында талқыланды, сонымен бірге ашық баспада жарияланды.

*Енгізу бойынша ұсыныстар:* қол жеткізілген зерттеу нәтижелері барлық типтегі мектептердің оқу-тәрбие процесінде қандай да болмасын білім беру ұйымдарының өзіндік ерекшелігі бар педагогикалық үдерісіне бейімделе отырып пайдалануына ұсынылады.

*Қолданылу саласы:* мектептің тұтас педагогикалық үдерісі, мектептің дидактикалық үдерісі мен тәрбие жұмысы үдерісі, мектептен және сыныптан тыс жұмыс жүйесі, оқушыларға қосымша білім беру жүйесі.

Алынған нәтижелердің маңыздылығы, олардың Қазақстан Республикасының білімді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында, Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында, Қазақстан Республикасының 2020 жылдарға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында, Ғылым, инновация мен технологиялық жаңашаландыруғы ықпал етудің 2010-2014 жылдарға арналған Бағдарламасында көрсетілген ғылыми және әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарына толыққанды түрде жауап бере алатындығымен танылады.

*Зерттеу нысанының дамуы туралы болжам ұсыныстар:* оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруды ғылыми-әдістемелік және оқыту-ұйымдастырушылық тұрғыдан қамтамасыз етуі әлі де болса ғылыми зертеулерді талап етеді, өйткені бұл мәселе орта білім жүйесінде өткізіліп жатқан құрылымдық реформаларына, сонымен қатар білім беру жүйесін жетілдіруі мен дамыту қажеттіліктеріне тәуелді.

5) Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жоғарғы білім мазмұнын интеграциялаудың дидактикалық негіздері.

*Зерттеу объектісі:* орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жоғарғы білім мазмұнын интеграциялау.

*Зерттеу мақсаты:* орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жоғарғы білім мазмұнын интеграциялаудың дидактикалық негіздерін жасау.

*Зерттеу әдістері:*

– салыстырмалы: білім мазмұнын интеграциялау мәнмәтінінде орта білім, техникалық және кәсіптік білім ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясын қолданудың тиімділігін талдау негізінде салыстырмалы зерделеу;

– индуктивтік және дедуктивтік: қолданыстағы бағалау жүйесін талдау негізінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың интеграцияланған жүйесі бойынша эмпирикалық жолмен алынған деректерді жалпылаудың логикалық әдістері; жеке білім деңгейлері мазмұнының бірізділігін және үйлесімін қамтамасыз ету бойынша инструментарийді жасау және сипаттау;

– эксперименттік: білім жүйесінің эксперименттік ұйымдары жағдайында орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жоғарғы білім мазмұнын интеграциялаудың моделін қалыпқа келтіру.

*Зерттеу нәтижелері:*

– Зерттеу тақырыбы бойынша теоретикалық материалдар зерделенді және жүйеленді;

– Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жоғарғы білім мазмұнын интеграциялау мәнмәтінінде бағалаудың түрлерінің жіктеуіші жасалды;

– Мектептер, колледждердің білім алушылары мен жоғары оқу орындары студенттерінің жетістіктерін бағалаудың қолданыстағы жүйесіне талдау жасалды;

– Жеке білім деңгейлері мазмұнының бірізділігі мен үйлесімін қамтамасыз етудің инструментарийін сынақтан өткізу жүргізілді;

– Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жоғарғы білім мазмұнын интеграциялаудың дидактикалық негіздері жасалды;

– Графикалық пәндер циклінің мазмұнын интеграциялау бойынша білім берудің оқу бағдарламалары жасалды;

– Білім берудің барлық деңгейлерінің мазмұнын интеграциялау мәнмәтінінде оқу жетістіктерін бағалау бойынша ұсынымдар жасалды.

*Енгізу дәрежесі:* Енгізудің негізгі нәтижелері 23 ғылыми мақалаларда, 6 білім берудің оқу бағдарламалары мен әдістемелік ұсынымдарда жарияланды.

*Зерттеу нәтижелері мынадай эксперименттік алаңдарда:* Қазақ-Ресей университетінде, Астана қаласы колледждерінде (Қазақ технология және бизнес университетінің, Қазақстан-Ресей университетінің, Еуразия гуманитарлық институты колледждерінде), Ақмола облысы Оқжетпес орта мектебінде, Ақтөбе облысы Лингвистикалық мектеп гимназиясында, Алматы облысы М. Ломоносов атындағы №5 мектеп-лицейінде, Атырау облысы Қ.Сәтбаев атындағы орта мектепте, Шығыс Қазақстан облысы Уваров атындағы орта мектепте, Жамбыл облысы Төле би атындағы орта мектепте, Батыс Қазақстан облысы Дариялық орта мектепте, Қарағанды облысы №101 мектеп-лицейінде, Қостанай облысы №17 орта мектебінде, Қызылорда облысы Қ.Баймағамбет атындағы №42 орта мектебінде, Маңғыстау облысының М.Атымұмов атындағы №6 орта мектепте, Павлодар облысы №8 орта мектепте,

Солтүстік Қазақстан облысы №2 Бескөл орта мектебінде, Оңтүстік Қазақстан облысы №8 М.Х. Дулати атындағы мектеп гимназиясында сынақтан өтті.

*Қолдану саласы:* интеграцияланған білім берудің оқу бағдарламалары жасау процесі.

*Зерттеу объектісінің дамуы туралы жобалау ұсыныстары:* барлық білім беру деңгейлерінде бағалаудың критерийлік жүйесінің (БКЖ) мен оқытудың кредиттік технологиясының (ОКТ) инструментарийін жасау жөнінде қосалқы ғылыми зерттеулер жүргізу.

б) Тұлғаны этномәдени кеңістікте рухани-адамгершілік дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері [28].

*Зерттеу нысаны:* оқушыларға рухани-адамгершілік тәрбие беру жүйесі.

*Зерттеу мақсаты:* тұлғаны этномәдени кеңістікте рухани-адамгершілік дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін дайындау, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың, инновациялық тәрбие қызметінің ғылыми-әдіснамалық негіздерінің басымдығы негізінде оқушыларға отбасылық тәрбие беруді дамытуды ғылыми-әдіснамалық қамтамасыз ету, тұлғаны мәдениетаралық қатынастар субъектісі ретінде тәрбиелеудің кешенді бағдарламасын теориялық негіздеу және дайындау.

*Зерттеу әдістері:* проблеманың ғылыми аясын теориялық-әдіснамалық талдау, ғылыми дереккөздерді, нормативтік-құқықтық құжаттарды, БАҚ материалдарын теориялық талдау және жинақтау, теориялық модельдеу, дерексіздендіру, ұқсату және жалпылау және т.б.

*Алынған нәтижелер және олардың жаңалығы:*

– Білім мазмұнын жаңарту жағдайында тәрбие процесін ұйымдастырудың әдіснамалық негіздері айқындалды;

– Білім мазмұнын жаңарту жағдайында инновациялық тәрбие процесінің моделі дайындалды;

– Тұлғаға мәдениетаралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбие берудің теориялық-әдіснамалық негіздері зерделенді;

– Тұлғаны мәдениетаралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеудің кешенді бағдарламасы дайындалды.

*Енгізу деңгейі:* Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін білім беру ұйымдарының басшы қызметкерлері, әдіскерлер, мектеп мұғалімдері, ғалым-педагогтер, психологтар, саясаткерлер, мемлекеттік орган қызметкерлері, ата-аналар жұртшылығы тұлғаға этномәдени кеңістікте рухани-адамгершілік дамыту жөніндегі тәжірибеде қолданады.

Ғылыми жобаның ғылыми-әдістемелік ұсынымдары түрлі мемлекеттік органдардың практикалық қызметінде қолдануы үшін ҚР БҒМ Ғылым комитетіне жолданды. Ғылыми-зерттеу жобасы (бұдан әрі ҒЗЖ) орындаушылары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Мектепке дейінгі және орта білім, ақпараттық технологиялар департаменті қарауына берілген Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері жобасын дайындауға қатысты.

Жобаның ғылыми нәтижелері 13 мақалада, соның ішінде 8 мақала –

халықаралық конференциялар материалдарының жинақтарында жарияланды. «Білім беру инновациялары: іздестіру және шешімдер» халықаралық конференциясы аясында «Тұлғаны мәдениетаралық қатынастар субъектісі ретінде тәрбиелеу» тақырыбында «Дөңгелек үстел» отырысы өткізілді. «Тұлғаның этномәдени кеңістікте рухани-адамгершілік дамуының психологиялық-педагогикалық негіздері» атты ұжымдық монография дайындалды, ол Қазақстан халқы Ассамблеясы депозитарийіне жіберіледі.

*Қолдану саласы:* ҚР білім беру және тәрбие жүйесі.

*Жұмыстың маңыздылығы:* Күтілетін нәтижелердің ғылыми маңыздылығы тәрбие процесін ұйымдастырудың әдіснамалық негіздерінің анықталғандығында; инновациялық тәрбие процесінің моделі дайындалғандығында; тұлғаны мәдениетаралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеудің теориялық-әдіснамалық негіздері зерделенгендігінде; тұлғаны мәдениетаралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеудің кешенді бағдарламасы дайындалғандығында болып табылады.

*Зерттеу нысанын дамыту туралы болжам ұсыныстар.* ҒЗЖ оқушы тұлғасын этномәдени кеңістікте рухани-адамгершілік дамытуды инновациялық тұрғыдан ғылыми қолдауға, білім мазмұнын жаңарту жағдайында инновациялық тәрбие процесінің моделін, тұлғаны мәдениетаралық қатынастар субъектісі ретінде тәрбиелеудің кешенді бағдарламасын ендіруге және т.б. жол ашады.

Тәжірибелік іс-шараларға дайындық пен өткізуі аясындағы педагогтің іс-әрекеті әрбіреуіне жеке ерекше өзіндік үлес қосуына мүмкіндік беріп, тәжірибе, идеялар, қызмет тәсілдерін алмасу болып жатады.

Мектептегі ғылыми-зерттеу қызметі дәстүрлі түрде озық педагогикалық тәжірибелерді қалыптастыруға үлкен мән береді: «Өсуді» анықтаудан әртүрлі деңгейдегі конкурстар мен конференцияларда көрінуі, яғни мектеп мұғалімдері нәтижені лайықты түрде көрсетеді.

Орта білім беруді негізгі ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету: Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (одан әрі-МЖБС), үлгілік оқу жоспары (одан әрі-ҮОЖ), оқу бағдарламасы, оқулық және оқу-әдістемелік кешен (одан әрі-ОӘК), сандық білім беру қорлары (одан әрі- СБҚ) болып табылады.

Университетке дейінгі стандарттар халықаралық тәжірибесін талдау, Қазақстанда және шетелдерде, соның ішінде жақын шетелдер ғылыми әдебиеттерінде баяндалған білім беру стандарттарын анықтаудың түрлі тұжырымдамалары білім беру стандарттары туралы жаңа білімді жинақтауға мүмкіндік береді:

- білім берудің даму жолы мен стратегиялық мақсатына *бағдар ретінде*;
- инновациялық процестердің дамуы; білім беру саясатын демократияландыру; азаматтардың білімінің динамикалық *өсуінің факторы ретінде*;

- білім беру үдерісін басқаруды жетілдіру; оқу мекемелерінің түрлерін кеңейту; білім беру сапасының әділдік мәселелерін *шешу негіздері ретінде*;

- педагогтер қызметінің тиімді белсенділігі; білім беру деңгейін қолдау;

олардың жаңару жолдарын, білім беру мазмұны мен мақсатын өзгеше ойлау құралы ретінде;

- бәсекеге қабілетті мемлекет құрудағы қоғамның білім беру рөліне қатысты рефлексиясы; азаматтардың білімділік деңгейі үшін мемлекеттің жауапкершілігі өсуінің нысаны ретінде қарастырады.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңына сәйкес білім берудің әрбір деңгейі бойынша жалпы талаптардың жиынтығын анықтайтын, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты тағайындалады [12]:

1) білім беру мазмұны;

2) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің максималды көлемі;

3) білім алушылардың дайындық деңгейі.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты білім беру деңгейіне сәйкес барлық білім беру ұйымдарының типтері мен түрлері, меншік нысандарына қарамастан міндетті.

11 жылдық мектепке арналған жалпы орта білім беруді стандарттау отандық мектептерді құру тарихына қойылған мақсаттар мен іске асырылған әлеуметтік-педагогикалық міндеттерді есепке ала отырып бес кезеңге бөлуге болады: 1992-1996 ж.ж., 1997-1998 ж.ж., 1999-2002 ж.ж., 2008-2010 ж.ж., 2012-2015 ж.ж.

Төрт кезеңнің әрқайсысында әлеуметтік құбылыстардың даму динамикасы білім беру жүйесі, педагогика ғылымы үшін негізгі білім беру стандарты қалай болу керектігі туралы теориялық ойлау деңгейі туралы міндеттер шешілді.

*Сонымен қатар мынадай мәселелер:*

- білім беру жүйесін жаңартуда тұжырымдамалық база жасау;

- білім беру жүйесін ұйымдастыруда нұсқау құжаттары мен нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру;

- жаңа буын оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеу және енгізу қарастырылды.

Жаңартылған білім беру мазмұны міндеттері МЖБС аясында жүзеге асырылады. 11 жылдық мектептердегі жалпы орта білім стандарттарының отандық мектептердегі даму тарихы алға қойған мақсаттар мен жүзеге асырылатын әлеуметтік-педагогикалық міндеттерді ескере отырып алты кезеңге: 1998, 2001, 2002, 2010, 2012, 2015 жылдар аралығына бөлуге болады (37-кесте).

Білім беруге ғылыми-әдістемелік тұрғыдан көмек көрсетудің келесідей элементтері үлгілік оқу жоспары болып табылады.

ҚР МЖБС 1.4.002-2012 жүзеге асыру мақсатында және 2007 ж. 27 шілдесінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 5 бабы 6-тармақшасына сәйкес 2012 жылғы 8 қарашасындағы ҚР БҒМ №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру типтік оқу жоспарлары әзірленді [31].

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңына сәйкес «Оқу жоспары - білім берудің тиісті деңгейіндегі оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін, оларды



зерделеу тәртібі мен бақылау нысандарын регламенттейтін құжат» [12].

Үлгілік оқу жоспары (одан әрі-ҮОЖ)-нормативтік құқықтық акт, мемлекеттік жалпыға міндетті жалпы орта білім беру стандартының құрамдас бөлігі болып табылады, оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін реттейтін, орта білім берудің қу жүктемесінің инварианттық және вариативтік компоненттерін тағайындайтын және оқыту тілі бастауыш, негізгі орта білім беру деңгейін сипаттайтын, жалпы орта білім беру деңгейінде оқыту тілі мен бағыты; білім беру ұйымдарының қызметін қаржыландыру үшін бастапқы құжат болып табылады [29].

Үлгілік оқу жоспарының инвариантты компоненті – жалпы білім беретін ұйымдарда оқу үшін міндетті және мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандартына енгізілген пәндер жиынтығы.

ҚР БҒМ тапсырмасы бойынша ҚР МЖМБС 1.4002–2012 сәйкес білім беру мазмұнын жаңарту аясында ҚР БҒМ 2010 жылғы 9 шілдеде №367 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ҮОЖ өзгертулер мен толықтырулар енгізілген (38-кесте).

37-кесте- 1998-2015 жылдардағы ҚР орта білім беру стандарттарына сипаттама

№	Стандарт атауы	Стандартты бекіту нормативі	Стандарт құрылымы мен мазмұнының ерекшеліктері
1	Бастауыш білім берудің мемлекеттік стандарты. Орта білім берудің мемлекеттік стандарты. Оқыту тілі қазақ және орыс тілдеріндегі мектептер үшін оқу пәндері бойынша стандарттар	1998 жыл 21 тамыздағы Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау Министрлігінің №456 бұйрығы бойынша	Базистік оқу жоспары екі бөліктен тұрады-базалық (инварианттық компонент) және мектеп (вариативтік компонент). БОЖ вариативтік бөлігі-бастауыш мектептегі қосымша сабақтар, негізгі мектептегі факультативтер, бейіндік пәндер, қолданбалы курстар, бейіндік мектептегі таңдау бойынша курстар Бейіндік пәндер аясында пәндерді тереңдетіп оқу қарастырылған. Білім беру саласының базалық стандарттары анықталған.Стандарттар негізінде оқу бағдарламалары мен оқу әдістемелік кешендерін әзірлеу жүзеге асырылады
2	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты <i>Негізгі ережелер</i> [4].	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің 2001 жылғы 30 мамырындағы №404 «Орта білім беруді стандарттау негізгі ережелерін бекіту туралы» бұйрығы	Базистік оқу жоспары білім берудің мемлекеттік және мектеп компоненттерінен тұрады. Жалпы білім беретін бастауыш, негізгі, орта мектептердің мектеп компонентіне таңдау бойынша пәндер, факультативтік курстар, сыныптан тыс сабақтар жатады. Бейінді-бағдарлау қарастырылмаған, тереңдетіп оқыту таңдау курстары есебінен іске асырылады. МЖМБС бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің базалық мазмұнын көрсетеді. Бастауыш мектептегі «Дүниетану» пәні «Қоғамтану» және «Жаратылыстану» пәндеріне бөлінген. Қолданыстағы стандарт <i>Негізгі ережелер</i> ҚР БҒМ 24 қыркүйек 2002 жылғы №93 бұйрығының 5 т. сәйкес тоқтатылды. ҚР БҒМ 30 мамыр 2001 жылғы №404 бұйрығы тоқтатылды «2000 ж. «Рауан» баспасынан шыққан, оқу бағдарламалары мен 2001-2002 жж. енгізілген стандарттың Базистік оқу жоспарында көрсетілген оқу сағаттары санының сәйкес келмеуіне байланысты» (2001 жылғы 1 желтоқсандағы ҚР БҒМ мәжілісіндегі №1 хаттама).

3	<p>1.Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті жалпы орта білім беру стандарты «Негізгі ережелер» ( ҚР МЖБС 2.003-2002).</p> <p>2. Мектептің бастауыш, негізгі, жоғары сатысында 34 оқу пәні бойынша Қазақстан Республикасы жалпы орта білім беру Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (63 бірлік).</p>	<p>ҚР БҒМ 24 қыркүйек 2002 жылғы №693 бұйрығы.</p>	<p>2001 жылдың 9 қыркүйегіндегі өткізілген Қазақстан Республикасы Премьер-министрі Қ.Тоқаевтың № 20-21/И-802: «Келешектегі қоғам мен ел экономикасының прогностикалық дамуы және қазіргі жағдайды ескере Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептердің базистік оқу жоспары Ұлттық жобасын әзірлеу» орындау жөніндегі 2001 жылдың 1 желтоқсанындағы ҚР БҒМ өткізілген мәжілістің № 1 хаттамасы.</p> <p>Стандарт мазмұны пәндік-бағдарланған, яғни әр пәннің базалық мазмұны сипатталған.</p> <p>Базистік және үлгілік оқу жоспары (12 ҰОЖ) базалық (инварианттық) және мектептік (варианттық) компоненттерден тұрады.</p> <p>Бағыттар бойынша бөлініс (10-11 сыныптар): қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық. МЖМБС бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің базалық мазмұнынан тұрады.</p> <p>10-11 сыныптардағы Вариативтік компонентке «Этика және психология» жаңа пәндері енгізілді.</p> <p>Оқу жүктемесінің көлемі: 1-сыныпта – 24 сағат; 2-сыныпта – 25 сағат; 3,4-сыныптарда – 29 сағаттан құралған.</p>
4	<p>ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру</p>	<p>ҚР БҒМ 9 шілде қыркүйек 2010 жылғы №367 бұйрығымен бекітіліп және қолданысқа енгізілген.</p>	<p>Стандарт Жалпы ережелерден тұрады. Орта білім берудің барлық деңгейлері мазмұнының негізгі талаптары анықталды. ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес «Базалық оқу жоспары» ұғымы алынып тасталды, оның орнына қосымшада деңгейлік және тілдік оқыту бойынша үлгілік оқу жоспарлары енгізілді.Бұл МЖМБС айрықша ерекшелігі бейінді пәндер мектеп компоненттерінің ҰОЖ ауыстырылған.</p> <p>Үлгілік оқу жоспары (8 ҰОЖ) инвариантивтік (базалық) және вариативтік (мектептік және оқушы) компоненттерінен тұрады.</p>

			<p>Енгiзiлген пән: 1-11 сыныптарда «Өзiн-өзi тану».</p> <p>Оқу жүктемесiнiң көлемi: 1-сыныпта – 24 сағат, 2-сыныпта – 25 сағат, 3,4-сыныптарда – 29 сағаттан, 5,6-сыныптарда – 33 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағат, 8-сыныпта – 36 сағат, 9-сыныпта – 38 сағат, 10,11-сыныптарда – 39 сағаттан тұрады.</p>
5	<p>Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға мiндеттi жалпы орта бiлiм беру стандарты (бастауыш, негiзгi орта, жалпы орта бiлiм беру) ҚР МЖБС 1.4.002-2012</p>	<p>Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекiтiлген және қолданысқа енгiзiлдi.</p>	<p>МЖМБС-2012 24 қазан 2011 жылғы ҚР «Бiлiм туралы» Заңына өзгерiстер мен толықтырулар енгiзiлуiне байланысты 2012 жылы әзiрлендi.</p> <p>МЖМБС-2012 ерекшелiгi:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- орта бiлiм берудiң барлық үш деңгейiне негiзгi ережелер формасында әзiрлендi;</li> <li>- оқу пәндерiнiң мазмұны толық сипатталмаған, бiлiм беру мазмұнының талаптары тұтастай көрсетiледi;</li> <li>- бiлiмге бағытталудан оқытудың iс-әркеттiк үлгiсiне өту мақсатында онда пәндiк нәтижелерден басқа жүйелiк iс-әркеттер мен тұлғалық нәтижелер аталып көрсетiледi.</li> </ul> <p>-11 жылдық мектептен 12 жылдық бiлiм беруге өтпелi кезеңi болуға арналған, сондықтан мазмұндық және құрылымдық сипаттамаларына айтарлықтай өзгерiстер қарастырылды.</p> <p>Бастауыш, негiзгi орта, жалпы орта бiлiм берудiң үлгiлiк оқу жоспары (12 ҮОЖ) деңгейлiк, тiлдiк және бағыттық оқытуға арналып әзiрленген.</p> <p>Енгiзiлген пәндер: «Шетел (ағылшын) тiлi» 1-сыныптан; «Информатика» 5-6-сыныптан; бiрiктiрiлген «Адам.Қоғам.Құқық» пәнi 9-11-сыныптарда («Қоғамтану негiздерi», «Адам және қоғам» мен «Құқық негiздерi» мәнделес пәндерiнде оқу материалдарын қайталау болмайды);</p> <p>Оқу жүктемесiнiң көлемi: 1-сыныпта – 24 сағат, 2-сыныпта – 25 сағат, 3,4-сыныптарда – 29 сағаттан, 5-сыныпта – 32 сағат, 6-сыныпта – 33 сағат, 7-сыныпта – 34 сағат, 8-сыныпта – 36 сағат, 9-сыныпта – 38 сағат, 10, 11-</p>

			сыныптарда – 39 сағаттан тұрады. МЖМБС-2010 салыстырсақ оқу жүктемесінің көлемінде өзгеріс тек 5-сыныпта 1 сағатқа қысқарту болды.
6	Бастауыш білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ары қарай – ББМЖМС)	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №327 қаулысымен бекітілген 2016 жылдың 1 қыркүйегінен қолданысқа енгізіледі.	ББМЖМС республиканың жалпы білім беру мектептеріне «НЗМ» ДББҰ тәжірибесін жүйелі-бейімделген тарату аясында әзірленді. ББМЖМС тұжырымдамалық негіздері: – ББ МЖМС тұжырымдамалық негіздері: – қоғамның даму үрдісі мен заманауи шынайылығы көрініс табатын мектептегі білім берудің құндылығы, мақсаты мен міндеттері анықталған; – тұлғаның рухани-адамгершілігін қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік аспекті күшейтілген; – Қазақстанның тұтас ұлтты ұйыстырушы «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік, құрмет көрсету, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық, өмір бойы білім алу тәрізді құндылықтар арқылы жүзеге асыру қамтамасыз етіледі; – кең ауқымды дағдылар түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелері анықталған (білімін функционалдық тұрғыдан қолдану, АКТ дағдысы, зерттеушілік, коммуникативтік, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауы, топпен және жеке жұмыс істеу дағдылары); – қоршаған ортаны біртұтас қабылдау үшін пәндер мен мазмұнның кіріктірілуі қарастырылған; – пән бағдарламалары нақты күтілетін нәтижемен қамтамасыз етілген, ол білімін практикада қолдана алуға, зерттеушілік және жобалау жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді; – білім беру саласында күтілетін нәтиже қызметтік әрекет, яғни, оқушылардың «білуі», «түсінуі», «қолдануы», «талдауы», «жинақтауы», «бағалауы» арқылы көрініс табады;

			<p>– бастауыш сыныптар бағдарламасына дұрыс және қауіпсіз қолдануға басымдық беріле отырып, ақпараттық-коммуникативтік технологиялар бойынша пәндер енгізілген, сонымен қатар ерте жастан қоршаған орта туралы бүтін түсінік қалыптастыру үшін жаратылыстану ғылымдары бойынша да пәндер енгізілген;</p> <p>– үштілді білім беруді енгізу, тілді оқытуда коммуникативтік аспект күшейеді (тілдік дағдылар: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым);</p> <p>– оқушының дамуына, оның оқуға деген ынта-жігерін, қызығушылығын арттыруға бағытталған оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін енгізу. Қазіргі заман мектептеріне бес балдық бағалау жүйесі бағаның шынайылығын анықтауға мүмкіндік бермейді;</p> <p>Енгізілген пәндер: «Жаратылыстану» (жаратылыстану ғылымдары негіздері) (1-4 сыныптар), «Дүниетану» (қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар негізі) (1-4 сыныптар), «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» (3-4 сыныптар), тілдерді деңгейлік оқыту «Қазақ тілі», «Орыс тілі», «Ағылшын тілі» (1-4 сыныптар).</p> <p>Бастауыш мектепте оқытылатын оқу жүктемесінің көлемі 29 сағаттан көп емес.</p>
--	--	--	--

*Дереккөз: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы*

38-кесте – Мектеп пәндері бойынша апталық оқу жүктемесіндегі өзгерістер

<p>Енгізілген пәндер: «Шетел (ағылшын) тілі» 1-сыныптан; «Информатика» 5-6-сыныптан; біріктірілген «Адам.Қоғам.Құқық» пәні 9-11-сыныптарда («Қоғамтану негіздері», «Адам және қоғам» мен «Құқық негіздері» мәндес пәндерінде оқу материалдарын қайталау болмайды).</p> <p>Элективтік курстар енгізілген: «Абайтану» (9-11- сыныптарда), «Өлкетану» (7 сынып), «Дінтану негіздері» (9 сынып).</p>	<p>+ 2 сағат: - «Шетел тілі» (11-сынып, ҚГБ)</p> <p>+ 1 сағат: - «Математика» (5-11 сыныптар) - «Қазақ тілі» (8 сынып) қазақ тілінде оқытылатын мектептерде - «Қазақстан тарихы» (6 сынып, 10 сынып, ҚГБ) (10-11 сыныптар, ЖМБ) - «Дүниежүзі тарихы» (10-11 сыныптар, ҚГБ) (11 сынып, ЖМБ)</p> <p>+ 0,5 сағат: - «География», «Биология» (6 сынып) - «Қазақстан тарихы» (7-9 сыныптар)</p>	<p>– 1 сағат: - «Дүниетану» (1-4 сыныптар) - «Жаратылыстану» (5 сынып) - «Қазақ тілі» (5-9 сыныптар) қазақ тілі емес мектептерде - «Қазақстан тарихы» (5 сынып) - «Химия» (8 сынып, 10-11 сыныптар, ЖМБ) - «Технология» (5-11 сыныптар) - «Алғашқы әскери дайындық» (10-11 сыныптар)</p>
--	--	--

*Дереккөз: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА*

Оқу жүктемесінің көлемін анықтау мақсатында (сағаттардың қысқаруы және көбеюі) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру пәндері бойынша оқыту тілі қазақ, орыс және ұйғыр, өзбек, тәжік тілдеріндегі мектептерде 2010 және 2012 жж. үлгілік оқу жоспарларын салыстырмалы талдау жасалды. (3-14 кесте) [30, 31].

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ (ары қарай «НЗМ» ДББҰ) инновациялық тәжірибесін есепке ала отырып жетілдірілген жаңартылған бастауыш білім мазмұнының үлгілік оқу бағдарламасы ББМЖБС негізінде әзірленді (39-кесте).

39-кесте. Бастауыш білім берудің жаңартылған білім мазмұны ҮОЖ ерекшеліктері

Жаңа пәндер	Аптасына сағат санын ұлғайту	Аптасына сағат санын азаюы
<p>–«Орыс тілі (Т2)» қазақ тілінде оқытылатын мектептерге (1-2 сыныптар) аптасына 2 сағаттан;                      –«Орыс тілі (Т2)» ұйғыр, өзбек, тәжік тілінде оқытатын мектептерге арналған (2 сынып) аптасына 2 сағаттан;                      –Ақпараттық-коммуникациялық технология» (3-4 сыныптар) аптасына 1 сағаттан;                      –«Жаратылыстану» (жаратылыстану-математикалық ғылымдар негізі) (1-2 сыныптарда аптасына 1 сағаттан және 3-4 сыныптарда 2 сағаттан);                      – «Дүниетану» (қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар негізі) (1-4 сыныптар).</p>	<p>+ 1 сағат:                      – «Ағылшын тілі» (2-4 сыныптар);</p>	<p>– 2 сағат:                      – ұйғыр, өзбек, тәжік тілінде оқытатын мектептерге арналған «Әдебиеттік оқу» (2-4 сынып);                      – 1 сағат:                      – «Сауат ашу» (1-сынып);                      – «Әдебиеттік оқу» (2-4 сыныптар);                      – «Еңбекке баулу» (1-4 сыныптар);                      – қазақ тілінде оқытылмайтын мектептерге «Қазақ тілі (Т2)» (3-4 сыныптар).</p>

*Дереккөз: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА*

Бүгінгі таңда жалпы білім беретін мектептердегі білім беру үдерісі оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын іске асыру мақсатында әзірленген үлгілік оқу жоспарымен (ҚР БҒМ 3 сәуір 2013 жылғы №115 бұйрығымен бекітілген ) жүзеге асырылады [15].

ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес «оқу бағдарламасы – игеруге тиісті, құзыреттілік және дағды, біліктілік, білім көлемі мен мазмұнын әр оқу пәні бойынша айқындаушы» [12].

Осы нормативтік құжат бойынша вариативтік және инварианттық компоненттерінің тиімді арақатынасын қадағалау барысында базалық білім мазмұнын сақтау, жалпы білім беретін ұйымдардың әртүрлі түрі мен типтерінде қызмет ету жағдайында оқушылардың тең мүмкіндіктер қағидасы реттеледі.

1.4002–2012 МЖМБС сәйкес білім мазмұнын жаңарту аясында жалпы білім беретін мектептерге арналған оқу бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, келесі бағытта ҚР БҒМ 9 шілде 2010 жылғы №367 бұйрығымен бекітілген, 2010 жылғы үлгілік оқу бағдарламасы түзетілді:

- 1) Жүйелі іс-әрекеттік тәсілді жүзеге асыру арқылы тәжірибеге – бағдарланған білім беруді күшейту;
- 2) Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту;
- 3) Білім беру деңгейі бойынша пән аралық кіріктіруді күшейту және оқу материалдарын қайта бөлу жолымен пәндер мазмұнын жүйелеу;



- 4) Қазақстандық компонентті кеңейту;
- 5) Тәрбие әлеуетін күшейту;
- 6) Тәжірибелік, жобалық-зерттеушілік жұмыстар және эксперименттік тапсырмалар санын көбейту;
- 7) Бағдарламадан ескірген оқу материалдары мен тақырыптарын алып тастау, қазақстандық қоғамның заманауи әлеуметтік-экономикалық көрінісін бейнелейтін жаңа материалдар енгізу;
- 8) Оқу пәні бөлімдерін зерделеуге уақытты тиімді бөлу;
- 9) Оқылған материалдарға сәйкес оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды нақтылау, пәндік (ББД), тұлғалық, жүйелі іс-әрекеттік нәтижелерге анықтама беру.

Оқушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің деңгейін қалыптастыру мен «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығын орындау мақсатында 1-4 сыныптар «Дүниетану» және 9-11 сыныптар «Адам. Қоғам. Құқық» пәнінің типтік оқу бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Өзгерістер мен толықтырулар тұлғаны қазақстандық патриотизм және сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыруға бағытталды.

«Қазақстан – 2050» қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясының негізгі бағыттарын, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Нұрлы жол – Болашаққа бастар жол» атты 2014 жылғы 11 қарашадағы Жолдауын іске асыру және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ұлттық тарихты дамытудағы және тарихи сананы жаңғыртудағы рөлін айқындау және ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы №32 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын, оқулықтар мен оқу-әдістемелік материалдарын жетілдіру туралы» бұйрығын орындау мақсатында 9-11 сыныптардың «Қазақ тілі», «Орыс тілі», 11-сыныптардың «Қазақ әдебиеті», «Орыс әдебиеті», 5-11 сыныптар «Қазақстан тарихы» пәндерінің үлгілік оқу бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Оқу пәнінің базалық білім мазмұнына Елбасының 2014 жылғы 14 желтоқсандағы «Тәуелсіздік толғауы» атты сөйлеген сөзі қосылды. Қазақстандықтардың алдында тұрған аса маңызды міндет – «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру. Мәтін мазмұны рухани-адамгершілік қасиеттері мен білім алушылардың патриоттық сезімдерін қалыптастыруға, қазақстандық отаншылдық пен азаматтық жауапкершілік, ұлттық сана-сезім мен толеранттылық, Қазақстанның көпэтникалық жағдайында қарым-қатынас жасай білуіне бағытталуы тиіс.

Экономикалық Үнтымақтастық және Даму Ұйымдарының 2014 жылғы өткізген зерттеулері қорытындысына ерекше назар аударсақ [32]:

– қолданыстағы орта білім беру бағдарламаларын талдау және қайта қарастыру, қолданыстағы бағдарламалар оқушылардың функционалдық және математикалық сауаттылығы ең төменгі деңгейге жетуге мүмкіндік бермейді;

– оқу бағдарламалары аясында ескеру қажет; академиялық пәндерге артық жүктеме; теорияға шамадан тыс ерекше назар аудару, аталған кемшіліктер бағдарламаны күрделендіреді және үлгермейтін балалар үшін қол жетімсіз;

- тиісінше оқу бағдарламасын қайта қарастыру, әсіресе жоғары сынып оқушылары үшін, пәндердің шағын ортасында тереңдетіп оқытуды қамтамасыз ету және оқушыларға пәндерді таңдау еркіндігін беруді ұсыну.

«НЗМ» ДББҰ тәжірибесін ескере отырып білім беру мазмұнын жаңарту аясында МЖБС сәйкес бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары әзірленді, 2015 жылдың 1 қыркүйегінен (1-сыныптан бастап) бастап үлгілік оқу жоспарларымен, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен республиканың 30 пилоттық мектебі кезеңдермен апробациядан өтеді.

Оқу бағдарламаларының құрылымдық-мазмұндық ерекшеліктері 40-кестеде берілген. (одан әрі - ОБ).

Жаңартылған ОБ мазмұнды айырмашылықтары:

– пән мазмұнын жобалау кезінде спиральдық қағидалары, көлбеу бойынша білім және білікті жай қарқынмен, сондай ақ көлденең бойынша (сыныптар және тақырыптар бойынша дағдыларды күрделендіру) өсіру;

– пәндік операциялардың ең маңызды түрлері бойынша таным заңдылықтары жіктелетін және таным заңдылықтарына негізделген, Блум таксоманиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы;

– білім беру деңгейі бойынша педагогикалық мақсатты тұжырымдау және оқытудың барлық курсы бойы, пән ішіндегі байланыстарды барынша ескеруге мүмкіндік береді;

– пән аралық байланыстарды жүзеге асыру кезінде және білім беру саласының бірінің ішіндегі пәндер арасындағы «өтпелі тақырыптар» болуы;

– әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға акцент, уақыт сұранысына сәйкес ұсынылған тақырыптар мен бөлім мазмұнына сәйкес;

– ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар түрінде білім беру үрдісін технологияландыру болып табылады.

Пән бойынша оқу бағдарламаларына ұзақ және орта мерзімді жоспарлардан құралған оқу жоспарлары тіркеледі.

Ұзақ мерзімді жоспарлар жыл бойы өтетін оқу материалының бөлімдерін анықтайды.

Оқу материалының бөлімі- бір оқу тақырыбымен біріктірілген, бұл сабақтар сериясы.

#### 40-кесте – ОБ құрылымдық –мазмұндық ерекшеліктері

Қолданыстағы 11 жылдық мектептің ОБ	Жаңартылған білім мазмұны ОБ
1.ҚР МЖБС 1.4002-2012 сәйкес әзірленген. ОБ оқу пәнінің базалық мазмұнын жүзеге асырады және орта білім деңгейіне сәйкес білім алушылардың дайындығына қойылатын талаптарды анықтайды.	«НЗБ» ДББҰ тәжірибесін ескере ББ МЖБС сәйкес әзірленген. ОБ оқытудың нақты мақсаттарын сипаттайды, білім мен дағдыларды анықтайды, оқушылар әрбір деңгей, сынып, пән және тақырып бойынша анықтайды.

2. Оқу бағдарламаларының құрылымы	
<p>1) Түсінік хат:  - оқыту мақсаттары мен міндеттері;  - пән аралық байланыстар;  - пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі .</p> <p>2) оқу пәнінің базалық мазмұны:  - көрсетілген сағаттар көлемі мен сыныптар бойынша мазмұнын құрылымдау;</p> <p>3) Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар :  - сыныптар бойынша пәндік нәтижелер: білім, білік , дағдылар,  - жүйелі іс-әрекеттік нәтижелер.</p>	<p><i>1Бөлім</i>  1.1 Пәннің маңызы  1.2 Пән бойынша оқу бағдарламаларының мақсаты  1.3 Үш тілді саясатты жүзеге асыру  1.4 Пәнді оқыту үрдісіне қойылатын ұйымдастырушылық талаптар  1.5 Пәнді оқыту кезінде қолданылатын, педагогикалық тәсілдер  1.6 Мәдениет және пікірлердің әр түрлігіне құрметті қалыптастыру  1.7 Ақпараттық –коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі  1.8 Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту  1.9 Пәнді оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдері</p> <p><i>2Бөлім</i>  2.1 Мазмұны, ұйымдастыру және пән бойынша бағдарламалар сабақтастығы</p>

*Дереккөз: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА*

Орта мерзімді жоспарда бөлімде қамтылған оқу мақсаттары көрсетіледі, және кейбір ұсынылатын әдістемелік тәсілдер мен үйретушілік қызмет, сонымен қатар оқу қорлары (интернет, мәтіндер, жаттығулар, бейне-аудиоматериалдар және т.б.).

Орта мерзімді жоспарлар негізінде мұғалімдер қысқа мерзімді (сабақ жоспары) жоспарын дамытады.

Орта білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудің логикалық элементі оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер (одан әрі - ОӘК), сандық білім беру қорлары (одан әрі - СБҚ).

Қазіргі уақытта оқулықтар мен ОӘК қорландыру циклына сәйкес 4 жылда 1 рет қайта баспадан шығады.

Қолданыстағы оқу бағдарламаларына сәйкес 2013 жылы 2-сынып пен 9-сыныптар үшін және 5-сынып үшін «Информатика», 1-сынып үшін «Ағылшын тілі» оқулықтары, 2014 жылы 3-сынып пен 10-сынып үшін және 2-сынып үшін «Ағылшын тілі», 6-сынып үшін «Информатика» оқулықтары, биылғы жылы 4-6-сыныптар мен 11-сыныптар және 3-сынып үшін «Ағылшын тілі», 7-сынып үшін «Информатика» оқулықтары қайтадан баспадан шықты.

2016-2017 оқу 1, 7, 8 сыныптар үшін оқулықтарды қайтадан баспадан шығару жоспарлануда. Сонымен қатар бірінші сыныптар үшін жаңартылған білім мазмұнындағы апробациядан өткен оқулықтар қайта басылып шығатын болады. Осы оқу жылынан бастап барлық сыныптар бірқатар қорландырусыз жаңартылған білім мазмұны оқулықтарымен қамтамасыз етілетін болады.

Оқулықтар барлық оқушыларға тегін беріледі, оларды қамту коэффициенті жалпы міндетті болып табылады.


Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес аудан және қала деңгейіндегі жергілікті атқарушы органдар барлық оқушыларға міндетті атаулы тізімдер бойынша өздеріне қарасты мемлекеттік білім беру ұйымдарына оқулықтармен қамтамасыз етіп сатып алуға жауап береді.

Оқу басылымдарының сапасы білім беру сапасын көтерудің ажырамас шарттары болып табылады. Осыған байланысты білім беру саласындағы мемлекеттің бірден-бір басым міндеттері оқулықтарды жетілдіру болып табылады. Осы бағытта оқу әдебиеттерін басу және сараптау, әзірлеу жүйелері сапалы өзгеріп, оқулықтар мен ОӘК әзірлеу үдерісін әдістемелік және әдіснамалық қамтамасыз ету мәселелері жандандырылып қайта қарастырылды.

Оқу әдебиеттері мемлекеттік сараптамадан өткеннен кейін баспаға жіберіледі. Бір оқу басылымына сараптауға 3 сарапшы тартылады: ғалым, әдіскер, практик-мұғалім. Қазіргі таңда сарапшылар базасына 600-ден астам мектеп мұғалімдері мен әдіскерлер, 900 ғылым докторы мен кандидаттар кіретін ЖОО оқытушылары кіреді.

Мемлекеттік сараптаманың нәтижесінде оң бағасын алған оқулықтар ҚР БҒМ жанында құрылған Республикалық комиссияның талқылауына ұсынылады. Бұл комиссияның құрамында ҚР Парламентінің депутаттары, үкіметтік емес және қоғамдық, мемлекеттік ұйымдардың, педагогикалық және ғылыми қауымдастықтың өкілдері кіреді.

ҚР БҒМ «Оқулық» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы деректері бойынша 2013 жылы 1985 атаулы оқу әдебиеттер сараптамаға түскен, сонын ішінде 1342 басылым (67%) Республикалық комиссияның қарауына ұсынылған, 643 басылым (33%) оқу үдерістеріне қолдануға ұсынылмады. 2014 жылы – 2427 атаулы оқу әдебиеттері сараптамаға түскен, сонын ішінде 1715 басылым (70,6%) ұсынылған, 712 (29,4%) оқу үдерістеріне қолдануға ұсынылмады (56-сурет).



Дереккөз: «Оқулық» РҒПО деректері  
56-сурет – Оқу әдебиеттерінің сараптама нәтижесі

Оқулықтар мен ОӘК оқу үрдісіне пайдалануға ұсынылмауының негізгі себептері:

- 1) олардың МЖБС –қа және оқу бағдарламасына сәйкес келмеуі;
- 2) ОӘК компоненттерінің оқулыққа сәйкес келмеуі;
- 3) оқу басылымының мазмұнында дәйексіз ғылыми деректер, фактологиялық, ұғымдық қателердің, дәлсіздіктердің болуы;
- 4) параграфтардың, бөлімдердің тараулардың сюжеттік тұтастығы және тақырыптық аяқталудың, құрылымдық ұйымдастырудың бұзылуы;
- 5) материалдардың Ресей оқулықтарынан және қазақстандық ғалымдардың жарияланымдарына сілтеме көрсетпей алынуы;
- 6) ақпараттық-анықтамалық аппараттың жоқтығы (пәнді және атаулар көрсеткіші, кесте әдебиеттердің тізімі, интернет қорға сілтеме және т.б.);
- 7) оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға ықпал ететін мәтіндік материалдың, жаттығулар мен тапсырмалардың тәжірибеге бағыттылығының толық болуы;
- 8) оқушылардың шығармашылық белсенділігі мен зияткерлік әулеті, логикалық ойлауының дамуын қамтамасыз ететін материалдың жеткіліксіздігі;
- 9) оқушылардың танымдық, шығармашылық қызметін дамытуды қамтамасыз ететін мәселелік оқу материалын баяндаудың жоқтығы;
- 10) бейімделген оқулықтардағы қазақстандық компоненттердің жоқтығы.

ҚР Білім және Ғылым министрілігінің сараптамасы нәтижесі бойынша әр жыл сайын білім беру ұйымдарында қолдануға рұқсат етілген электрондық тасымалдағыштар, оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, оқу құралдары және басқа да қосымша әдебиеттер тізімі құрастырылады.

2007 жылы білім сапасын арттыру мақсатында ҚР «Білім туралы» Заңына толықтырулар енгізілді (30-бап, 10-тармақ), онда білім беру ұйымдарының оқу үдерістеріне балаламалы оқулықтарды енгізу және оқу әдебиеттерін таңдау мүмкіндіктері қарастырылған. Сондықтан жалпы білім беру мектептерінің оқу үдерістеріне МЖМБС мен үлгілік оқу бағдарламалары негізінде әзірленген оқулықтар енгізілді.

Бүгінгі күні 2, 3, 4, 5, 6, 9, 10 және 11-сыныптарға арналған оқу басылымдарының тізімі «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 400 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрілігінің 2014 жылғы 10 желтоқсандағы № 515 бұйрығымен анықталды. 1,7 және 8-сыныптарға арналған оқулықтар 2013 жылдың 18 қарашасындағы № 460 бұйрығымен бекітілген оқулықтармен оқытылады.

Еліміздегі білім беру жүйесіндегі барлық білім беру үдерісіне қатысушыларға және барлық білім беру секторларына сандық білім беру ресурстары (ары қарай - СБР) таныс болып табылады.

СБР – бұл ЭОЖ қосылған онлайн мектептерге қол жетімді оқу пәнінің нақты тақырыбына әзірленген сандық форматтағы дидактикалық материалдар.


Электрондық кітапхана 7511 сандық білім ресурстары (ары қарай - СБР)

орналасқан электрондық оқыту ақпараттық жүйесінің (ары қарай - ЭОАЖ) маңызды компоненті болып табылады.

Бүгінгі таңда сандық білім беру ресурстарды тек қана Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ механика және математика институты, Гумилев атындағы ЕҰУ, ««I-QAZAQ» ШСЖ, «Sled production house» ШСЖ сияқты отандық компаниялармен қоса әлемде танымал «СИБЕКО-Румыния», «WhizzEducation – Англия», «Young Digital Planet – Польша» фирмалары да әзірлеуде. Осы ресурстар арқасында оқыту әдістері жетілдірілуде, білім беру үдерісінде жаңалықтар, инновациялар енгізіліп жатыр.

2011 ж. бастап ЭБҚ- на 14511 СБР, олардың орта білім бойынша 10603 СБР әзірленді және орналастырылды (57-сурет):

- 1159 СБР, оқыту тілі қазақ тіліндегі 2-11 сыныптар үшін қазақ тілі;
- 468 СБР, Қазақстан тарихы қазақ және орыс тілінде;
- 806 СБР, Математика қазақ және орыс тілінде;
- 712 СБР, Алгебра қазақ және орыс тілінде;
- 600 СБР, Геометрия қазақ және орыс тілінде;
- 872 СБР, Физика қазақ және орыс тілінде;
- 920 СБР, Химия на қазақ және орыс тілінде;
- 548 СБР, Қазақ әдебиеті;
- 207 СБР, Жаратылыстану қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде;
- 240 СБР, Дүниетану қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде;
- 882 СБР, Ағылшын тілі;
- 702 СБР, Информатика қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде;
- 870 СБР, География қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде;
- 465 СБР, Дүние жүзі тарихы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде;
- 1152 СБР, Биология қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде.



Дереккөз: Ұлттық ақпараттандыру орталығының мәліметі  
57-сурет – Пәндер бойынша әзірленген СБР

Оқу жоспарына сәйкес барлық ресурстар іс жүзінде пәндерді оқытудың толық курстарын қамтиды: қазақ тілі бойынша 2-11-сыныптар үшін (90,9%); 5-11-сыныптар үшін Қазақстан тарихы бойынша (100%); 1-6 сыныптар үшін математика (100%); 7-11 сыныптар үшін алгебра (100%); 7-11 сыныптар үшін геометрия (100%); 7-11 сыныптар үшін физика (100%); 8-11 сыныптар үшін химия (100%). Сонымен қатар, шағын тілді қолдайтын, жүйе, басқа тілде оқу материалын орналастыруға және тануға мүмкіндік беретін Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарында, сонымен қатар шетел тілінде оқылатын жүйе [33].

Бейнесабак – бұл оқу-танымдық бейнефильмдер мен анимациялық фильмдер. Олар білім беру қызметінің сапасын арттыруды қамтамасыз ететін және заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (ары қарай-АКТ) қолдану тәсілдерін толықтыратын, оқу бағдарламасының жеке тақырыптары немесе мәселелері бойынша оқу ақпараттарын беретін, дидактикалық материалдар ұсынады. Мектептер мен колледждердегі мұғалімдердің бейнесабактарын орналастыру үшін электрондық оқытуды енгізу жобасы аясында 1159 білім беру ұйымдарында орнатылған жергілікті қойма жасалды.


СБР мұғалімдер, оқытушыларға ғана емес, оқушылар, студенттер үшін де өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіруге сенімді көмекші болды.

Ұлттық ақпараттандыру орталығының басшылығымен Шығыс Қазақстан облысының 11 мектебі және Солтүстік Қазақстанның 16 шағын мектептері базасында сандық білім беру ресурстарының тиімділігі дәлелденіп, тексерілді. Жүргізілген эксперимент оқу үдерісінде сандық білім беру ресурстарын пайдалану білім сапасы мен үлгерімін екі-үш рет арттыратынын көрсетеді. Қазақстандық мұғалімдер мен оқушылардың сандық білім беру ресурстарын оқу үдерісінде тұрақты пайдаланып отыруды қолдайтындықтарын кейінгі жылдардағы білімді ақпараттандырудағы тәжірибе көрсетіп отыр. Мысалы, «Қазақстан тарихы» пәні бойынша сандық білім беру ресурстарын апробациядан өткізу барысында таңдалынып алынған, жалпы білім беретін мектептерінде жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша пән мұғалімдерінің 98,2% оқыту үдерісі кезінде сандық білім беру ресурстарын қолдануды тиімді деп бағалаған. Мұғалімдердің пікірі бойынша, сандық білім беру ресурстарын оқыту үдерісінің барлық кезеңдерінде тиімді қолдану сабақтың көрнекілігін, оқушыларды жалықтырмай қызықты өтуін арттырып, оқушының өздігінен ізденіп жұмыс жасай атқаруына жағдай жасап, мұғалімнің өзінің әдістемелік шешімдерін жүзеге асыруына септігін тигізеді [34].

Сандық білім ресурстарды оқу үдерісінің қолдану жобасына қатысқан аймақтар: Астана, Алматы, Қарағанды облысы – барлығы қазақ тілінде оқытатын 16 мектеп қатысқан: 5-сыныптың 41 сынып, 21 мұғалім және 272 оқушысы (41-кесте).

41-кесте – Қазақстан тарихы бойынша пилоттық мектептердің Сандық білім беру ресурстарын пайдалану нәтижесі

Аймақ, қала	Қатысқан мектептер саны	Сұрақтарға жауап бергендердің саны	Сандық білім беру ресурстарын сабақта пайдаланатындар саны		Сандық білім беру ресурстарын үйде пайдаланатындар саны	
			Саны	Пайыз (%)	Саны	Пайыз (%)
Астана	3	96	96	100%	14	14,5%
Алматы	6	120	117	97,5%	26	21,6%
Қарағанды облысы	5	56	56	100%	4	7,1%
Барлығы	16	272	269	98,8%	44	16,2%



Дереккөз: Ұлттық ақпараттандыру орталығының мәліметі

58-сурет – Пилоттық мектептерде Қазақстан тарихы бойынша СБР апробация нәтижесі

Пилоттық мектептерде сандық білім беру ресурстарын бейіндеу нәтижесінің сараптамасы көрсеткендей: Астана мектептеріндегі оқушылар сандық білім беру ресурстарды сабақтарда толық пайдаланады, 14,5% оқушылар сандық білім беру ресурстарын үйде пайдаланады, Алматы мектептерінде оқушылардың 97,5% сандық білім беру ресурстарын сабақта, ал 21,6% үйде пайдаланады, Қарағанды облысында сандық білім беру ресурстарын сабақта толық пайдаланады, 7,1% сандық білім беру ресурстарын үйде пайдаланады екен (58-сурет).

Сандық білім беру ресурстары – ол «e-Learning» жүйесінің ажырамас бөлігі, білім жүйесінің жаңа білім беру парадигмасына көшу шарты ретінде қарастырыла отырып, әлемнің кез келген елінің білім жүйесі сандық болашаққа бағытталатынын айтуға болады. Сондықтан, сандық білім беру ресурстарын оқу үдерісіне енгізе отырып, оны жан-жақты пайдалану әдіс-тәсілдерін жетілдіру қажеттілігі туындап отыр. Тағы бір назардан тыс қалмайтын, ол сандық білім беру ресурстарын әзірлеуде, оның мазмұнына қойылатын талаптар мен оқу үдерісінде мақсатқа сай пайдалану үшін қажетті әдістемелік көмек керек екені сөзсіз. Ол мұғалімдерге инновациялық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, оқушылардың өзіндік таным іс-әрекеттерін дамытуға мүмкіндік береді.



## **5 Орта білім деңгейлері бойынша білім алушылардың оқу жетістігінің мониторингі: ұлттық бағалау жүйесінің және халықаралық салыстырмалы зерттеулердің нәтижелері**

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы тәуелсіз сыртқы бағалауы: лицензиялауды, аттестаттауды, аккредиттеуді, рейтингті, оқу жетістіктерін сыртқы бағалауды, ұлттық бірыңғай тестілеуді, талапкерлерді кешенді тестілеуді қамтиды.

Білімді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының қабылдануына сәйкес 2011-2012 оқу жылынан бастап, білім беру ұйымынан тәуелсіз оқытудың сапасын бақылау мониторингінің бір түрі – оқу жетістіктерін сыртқы бағалау енгізілген болатын. Оқу жетістіктерін сыртқы бағалау (бұдан әрі – ОЖСБ) Қазақстанда білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің маңызды элементтерінің бірі болып табылады. ОЖСБ білім алушылардың оқу жетістіктерінің мониторингін жүргізу, білім беру қызметінің сапасына салыстырмалы талдау жасау және білім беру ұйымдарындағы оқу үдерісін ұйымдастырудың тиімділігін бағалау мақсатында жүзеге асырылады. Сонымен қатар негізгі мектептің 9-сыныбында білім берудің ары қарайғы бағытын анықтау, оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау мақсатында өткізіледі [35].

Оқу жетістіктерін сыртқы бағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес әзірленген нұсқаулық анықтайды. Тапсырмалар жалпы білім беретін оқу бағдарламаларының негізінде әзірленеді, олардың мазмұны аталған бағдарламалардың шеңберінен шықпауы тиіс.

Білім және ғылым министрінің 2015 жылдың 6 наурызындағы «2015 жылы Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарында оқу жетістіктерін сырттай бағалауды өткізу туралы» №118 бұйрығына сәйкес, еліміздің негізгі орта білім деңгейіндегі 9-сынып оқушыларының оқу жетістіктерін сырттай бағалау 2015 жылдың 6-23 сәуір аралығында өткізілді. ОЖСБ кешенді тестілеу түрінде тапсырмалар жазылған арнайы бланкілермен қатар, компьютерлерді қолдану арқылы 4 лек бойынша өткізілді.

Жалпы білім беретін мектептердің 9-сыныптарында ОЖСБ Білім және ғылым министрлігі жыл сайын бекітетін 3 пәнмен қатар міндетті түрде «Қазақ тілі» пәнін қамтиды. 2015 жылғы ОЖСБ келесі топтағы пәндер қатарынан анықталды: қазақ тілі, математика, физика, биология, химия, география. Яғни тапсырылатын пәндердің құрамы әр мектеп үшін жеке-жеке анықталды. Әр пән бойынша 20 тест тапсырмалары беріледі. Сонымен қатар ОЖСБ мазмұнына функционалдық сауаттылық бойынша тапсырмалар енгізілген [35].


ОЖСБ 2014 жылы 648 мектеп қамтылған болса, 2015 жылы сыртқы бағалауға 1210 мектеп қатысты, өткен оқу жылымен салыстырғанда екі еседен артық. Соның ішінде тестілеуді 967 мектеп – бланкі, 243 мектеп – компьютер арқылы өтті. Қатысқан оқушылар саны – 43780, 2014 жылмен салыстырғанда оқушылар саны 16367 оқушыға артық, яғни 2014 жылы 27413 білім алушының оқу жетістігі бағаланған (42-кесте).

42-кесте – Облыстар бойынша ОЖСБ қатысқан білім алушылар саны

№	Облыс	Барлығы		қазақша		орысша	
		2014	2015	2014	2015	2014	2015
1	Ақмола	1520	1772	675	870	863	902
2	Ақтөбе	1493	2147	1135	1564	358	583
3	Алматы	2930	4650	2077	3582	853	1068
4	Атырау	957	1732	720	1478	237	254
5	БҚО	933	1300	541	895	392	405
6	Жамбыл	1887	3537	1391	2614	496	923
7	Қарағанды	1841	2883	619	1383	1222	1500
8	Қостанай	1377	1912	276	497	1101	1415
9	Қызылорда	1544	2361	1348	2229	196	132
10	Маңғыстау	917	2144	827	1899	90	245
11	ОҚО	5205	8601	4430	7425	775	1176
12	Павлодар	1305	1550	447	773	858	777
13	СҚО	1124	1368	280	344	844	1024
14	ШҚО	2128	2622	1178	1670	950	952
15	Астана қ.	971	2237	319	1369	652	868
16	Алматы қ.	1281	2964	336	1419	945	1545
<b>Республика бойынша</b>		<b>27413</b>	<b>43780</b>	<b>16581</b>	<b>30011</b>	<b>10832</b>	<b>13769</b>

Дереккөз: ҚР БҒМ ҰБТ орталығының мәліметтері бойынша

Республика аймақтарының ОЖСБ қатысушыларын сандық көрсеткіші бойынша салыстыратын болсақ соңғы екі жылы ең көп қатысушы Оңтүстік Қазақстан (5205; 8601) және Алматы (2930; 4650) облыстарынан. Ең аз қатысушылар саны 2014 жылы Маңғыстау (917), ағымдағы жылы бұл аймақтан қатысушылардың саны 2,34 есеге өскен, Батыс Қазақстан (933; 1300) (59-сурет).




59-сурет – Облыстар бойынша ОЖСБ қатысқан білім алушылар саны

ОЖСБ-ға қазақ және орыс тілінде оқитын мектептердің білім алушылары қатысты. 2014 жылғы сыртқы бағалауға 16581 қазақ тілінде және 10832 орыс тілінде оқитын оқушы қатысса, 2015 жылы қамтылған мектептердің көп


болуына байланысты сәйкесінше қазақ тілінде оқитын 30011 және орыс тілінде оқитын 13769 білім алушының білімі бағаланды. Қазақ тілінде білім алушылардың саны жағынан айырмашылығы 2014 жылғы қатысушыларға қарағанда 2015 жылы 13430 оқушыға, орыс тілінде білім алушылардың саны 2937-і оқушыға артық.

Бағалауға қатысқан білім алушылардың сан айырмашылығын оқыту тіліне байланысты салыстыратын болсақ қазақ тілінде (2015 ж.) оқитын оқушылардың саны орыс тілінде оқитын білім алушылардан 6242-ге көп, яғни орыс тілінде оқитын білім алушылардан 2,17 есеге артық болғанын көруге болады (60-сурет).



60-сурет – Оқыту тіліне байланысты ОЖСБ-ға қатысқан оқушылар үлесі

2014 жылы қазақ тілінде оқитын 16581 оқушының білімі бағаланған болса, 2015 жылы сынаққа 30011 оқушы қатысты, яғни өткен жылмен салыстырғанда 1,81 есеге артық. Сырттай бағалауға 2014 жылы орыс тілінде оқитын 10832 оқушы қатысқан, 2015 жылы 1,27 есеге көп, яғни 13769 оқушы (61-сурет).



61-сурет – Білім алушылардың облыстар бөлінісіндегі оқыту тіліне байланысты ара қатынасы (2015 ж.)


Республика бойынша ОЖСБ-ның 2014 жылы орташа балы 39,58 болса, 2015 жылы 37,36 көрсетті. Ағымдағы жылдың ОЖСБ көрсеткіші 2,22 балға төмендеген (43-кесте).

43-кесте – ОЖСБ-ға қатысушылардың орташа көрсеткіші (балл есебімен)

№	Облыс	Барлығы		қазақша		орысша	
		2014	2015	2014	2015	2014	2015
1	Ақмола	48,76	47,02	48,13	47,31	49,24	46,75
2	Ақтөбе	36,10	34,67	35,69	34,84	37,40	34,22
3	Алматы	42,96	36,67	42,93	37,42	43,05	34,16
4	Атырау	33,52	29,17	32,63	28,59	32,60	36,22
5	БҚО	40,00	33,96	37,93	34,77	42,85	32,15
6	Жамбыл	35,73	40,64	36,32	39,82	34,08	42,97
7	Қарағанды	35,42	30,62	33,93	30,74	36,18	30,51
8	Қостанай	43,60	38,74	43,22	36,15	43,69	39,64
9	Қызылорда	37,96	33,27	38,22	33,08	36,17	36,46
10	Маңғыстау	36,38	30,37	37,08	30,34	29,90	30,54
11	ОҚО	31,41	34,09	31,02	33,84	33,68	35,71
12	Павлодар	34,29	33,99	34,61	37,03	34,12	30,95
13	СҚО	35,42	33,32	36,80	38,41	34,97	31,61
14	ШҚО	51,60	48,12	51,09	51,05	52,24	42,98
15	Астана қ.	52,91	39,63	49,35	38,13	54,65	41,98
16	Алматы қ.	53,00	52,78	51,73	52,70	53,46	52,86
<b>Республика бойынша</b>		<b>39,58</b>	<b>37,36</b>	<b>37,84</b>	<b>36,80</b>	<b>42,25</b>	<b>38,58</b>


*Дереккөз: ҚР БҒМ ҰБТ орталығының мәліметтері бойынша*

2014 жылы ең жоғары балды Алматы қаласының (53,00), Астана қаласының (52,91), Шығыс Қазақстан облысының (51,60) білім алушылары жинады. 2015 жылғы бағалауда жоғары көрсеткішті Алматы қаласының (52,78), Шығыс Қазақстан облысының (48,12), Ақмола облысының (47,02) оқушылары көрсетті. Астана қаласының оқушыларының ағымдағы жылғы көрсеткіштері өткен жылмен салыстырғанда 13,28 балға төмен болды, қала бойынша сырттай бағалауға қатысқан оқушыларының саны 2015 жылы өткен жылмен салыстырғанда 2,3 есеге немесе 1266 адамға көп болды. 2014 жылы ең төмен балл жинаған Павлодар (34,29), Атырау (33,52), Оңтүстік Қазақстан (31,41) облыстарының білім алушылары. Аталған облыстардың ішінен Оңтүстік Қазақстан оқушылары 2015 жылы көрсеткіштерін 2,68 балға жоғарылатқан (31,49 және 34,09), Атырау (33,52 және 29,17) және Павлодар (34,29 және 33,99) облыстарының көрсеткіші төмендеген (62-сурет).




62-сурет – Облыстар бойынша ОЖСБ орташа балы

Оқыту тіліне байланысты қарастыратын болсақ Алматы қаласының (51,73 және 52,70); Шығыс Қазақстанның (51,09 және 51,05); Ақмола облысының (48,13 және 47,31) қазақ сыныптарының оқушылары салыстыруға алынған екі жылда ең жоғары балл жинаған (5-сурет). Орыс тілінде білім беретін мектердің ең жоғары көрсеткіші өткен оқу жылында Астана қаласы (54,65); Алматы қаласы (53,46); Шығыс Қазақстан облысы (52,24) оқушыларының еншісінде болған, алайда соңғы бағалауда аталған аймақтардың көрсеткіші төмендеп кеткен, Астана қаласында (41,98 немесе -12,67); Алматы қаласында (52,86 немесе -0,6); Шығыс Қазақстан облысында (42,98 немесе -9,26) (63-сурет).



63-сурет – Қазақ тілінде оқитын мектептердің ОЖСБ орташа балы


2014 және 2015 жылдардағы сыртқы бағалауда Қарағанды (33,93; 30,74 немесе -3,19); Атырау (32,63; 28,59 немесе -4,04); Оңтүстік Қазақстан (31,02; 33,84 немесе +2,82) облыстарының қазақ тілінде оқитын білім алушылары ең төмен балл жинаған.



64-сурет – Орыс тілінде оқитын мектептердің ОЖСБ орташа балы

Орыс тілінде білім алатын мектептердің ішінде 2014 жылғы бағалауда Оңтүстік Қазақстан (33,68); Атырау (32,60); Маңғыстау (29,90) облыстары төмен балл жинаған, алайда келесі 2015 жылғы бақылауда Оңтүстік Қазақстан облысының көрсеткіші +2,03 (35,71); Атырау облысы +3,62 (36,22); Маңғыстау облысы +0,64 (30,54) балға жоғарылаған (64-сурет).

ОЖСБ өткізілген соңғы екі жылда Жамбыл облысы 9-сынып оқушыларының орташа көрсеткішінің біртіндеп (қазақ тілді сыныптарда 36,32 балдан 39,82 балға және орыс тілінде оқитын сыныптарда 34,08 балдан 42,97 балға); Оңтүстік Қазақстан облысында (қазақ тілді сыныптарда 31,02 балдан 33,84 балға және орыс тілінде оқитын сыныптарда 33,68 балдан 35,71 балға) жоғарылаған. Сонымен қатар, Атырау облысының орыс тілді мектептеріндегі орташа көрсеткіш 32,60 балдан 36,22 балға өскендігін, яғни жоғарылаудың оң динамикасын көрсеткендігін атап өту қажет (2014 жылмен салыстырғанда +3,62 балл). Аталған облыстардың пән мұғалімдерінің білім сапасын көтеру бағытында жүргізген жұмыстарының нәтижесін бақылауға болады.



65-сурет – ОЖСБ орташа көрсеткішінің салыстырмасы

Еліміздің мектептерінде өткен сыртқы бағалаудың орташа көрсеткіші (балл есебімен) 2014 жылы жоғары болғанын жоғарыдағы 65-суреттен айқын көруге болады. 2015 жылы көрсеткіштің күрт төмендеуін бағалауға қатысқан білім алушы санының өткен жылғы оқушылардан 2,17 есеге артық болуымен түсіндіруге болады.

Оқушылардың ОЖСБ-дағы көрсеткіштерін жинаған балдары бойынша салыстыратын болсақ, 2014 жылы тестіленушілердің ең көбі, яғни 6978 оқушы (25,46%) 30-39 балдың ортасында жинаған, ал 2015 жылы 11652 оқушы (26,61%) 20-29 балдың ортасында жинаған, яғни көрсеткіш 10 балға төмендеген (44-кесте).

70-79 балл аралығындағы көрсеткішке 2014 жылы 522 білім алушы, 2015 жылы 458 оқушы қол жеткізген, яғни барлық қатысушылардың 1,90 және 1,05%-ы. 2014 жылы Қостанай облысының 1 оқушысы ең жоғары 80 балл алған.

60-69 аралығында балды 2014 ж. Шығыс Қазақстан облысының 500 оқушысы жинаған, алайда ағымдағы жылы бұл көрсеткіш (57) төмендеген, яғни аталған балдарды 443 оқушы алған. Осындай балды Алматы қаласының 319 оқушысы (2014 ж.) жинаған және келесі жылы осындай көрсеткішке қол жеткізген білім алушылардың саны 422-ге артып, 741 оқушы болғанын атап өту қажет.

2014 жылғы сырттай бағалауда Оңтүстік Қазақстан аймағының 517 оқушысы 10-19 аралығындағы төмен балл жинаған және келесі 2015 жылы төмен балл жинаған оқушылардың саны 887 жеткен. Сондай-ақ Жамбыл (156), Атырау (105), Қарағанды (105) облыстарының оқушылары төмен балл алған және ағымдағы жылы аталған облыстардың сәйкесінше 110; 254; 359 оқушысы аталған аралықтағы балды жинаған, яғни республика бойынша төмен 10-19 аралығында балл жинағандардың саны 2014 жылы 1416 болса, 2015 жылы олардың саны 2,29 есеге өскен (3241 оқушы). Пайыз мөлшерімен айтатын болсақ өткен оқу жылында бұл көрсеткіш 5,17%, ағымдағы жылы 7,40%. Алайда оқушылар санының көбеюі білім сапасының жоғарылау көрсеткішін емес, керісінше төмендеу динамикасын байқатады.

2014 жылғы сыртқы бағалауда Оңтүстік Қазақстанның – 21, Ақтөбенің – 3, Қызылорданың – 2, Жамбыл, Маңғыстау және Солтүстік Қазақстан облыстарынан – 1 білім алушыдан, яғни барлық қатысушының 0,08 %-ы, 2015 жылы 0,11 %-ы Оңтүстік Қазақстанның – 13, Қостанай – 6, Алматы – 5, Атырау, Маңғыстау, Павлодар – 2, Қарағанды – 1 оқушы 0-9 балл аралығында жинаған, бұл ең төмен көрсеткіш. Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарының және Алматы қаласының 9-сынып оқушыларының ең төмен балл алмағанын атап өту қажет.

44-кесте – ОЖСБ-ға қатысушылардың жинаған балдары негізінде облыстар бойынша бөлінуі

Облыс	Барлығы		Оның ішінде жинаған балдар бөлінісі																	
			0-9 балл		10-19 балл		20-29 балл		30-39 балл		40-49 балл		50-59 балл		60-69 балл		70-79 балл		80 балл	
	2014	2015	2014	2015	2014	2015	2014	2015	2014	2015	2014	2015	2014	2015	2014	2015	2014	2015	2014	2015
1 Ақмола	1520	1772	0	1	3	16	56	130	199	288	510	510	549	601	193	221	10	5	0	0
2 Ақтөбе	1493	2147	3	0	80	145	445	644	441	709	274	400	169	204	75	45	6	0	0	0
3 Алматы	2930	4650	0	5	75	350	405	1201	667	1272	806	942	736	671	231	204	10	5	0	0
4 Атырау	957	1732	0	2	105	254	323	802	262	415	137	150	88	86	42	22	0	1	0	0
5 БҚО	933	1300	0	0	24	81	206	395	269	476	224	238	115	93	75	15	20	2	0	0
6 Жамбыл	1887	3537	1	0	156	110	537	628	543	884	362	1050	181	630	97	225	10	10	0	0
7 Қарағанды	1841	2883	0	1	105	359	509	1123	627	852	368	395	176	133	52	20	4	0	0	0
8 Қостанай	1377	1912	0	6	64	156	317	587	309	413	186	236	127	188	224	194	149	132	1	0
9 Қызылорда	1544	2361	2	1	80	225	359	827	443	680	372	354	191	184	92	89	5	1	0	0
10 Маңғыстау	917	2144	1	2	64	301	266	875	236	532	170	300	140	123	39	10	1	1	0	0
11 ОҚО	5205	8601	21	13	517	887	1986	2763	1620	2353	726	1382	270	788	59	353	6	62	0	0
12 Павлодар	1305	1550	0	2	76	124	383	514	461	467	278	268	95	114	11	60	1	1	0	0
13 СҚО	1124	1368	1	0	50	95	324	460	387	434	233	292	104	71	21	16	4	0	0	0
14 ШҚО	2128	2622	0	0	13	36	102	200	247	389	468	680	699	834	500	443	99	40	0	0
15 Астана қ.	971	2237	0	2	1	96	34	420	106	646	207	542	303	370	274	154	46	7	0	0
16 Алматы қ.	1281	2964	0	0	3	6	80	83	161	337	236	678	331	928	319	741	151	191	0	0
<b>ҚР бойынша</b>	<b>27413</b>	<b>43780</b>	<b>29</b>	<b>35</b>	<b>1416</b>	<b>3241</b>	<b>6332</b>	<b>11652</b>	<b>6978</b>	<b>11147</b>	<b>557</b>	<b>8417</b>	<b>4274</b>	<b>6018</b>	<b>2304</b>	<b>2812</b>	<b>522</b>	<b>458</b>	<b>1</b>	<b>0</b>
<b>% бойынша</b>			0,08	0,11	5,17	7,40	23,10	26,61	25,46	25,46	20,27	19,23	15,59	13,75	8,40	6,42	1,90	1,05	0,00	0

Дереккөз: ҚР БҒМ ҰБТ орталығының мәліметтері бойынша



Білім жетістігін бағалау тестерін табысты орындаудың жалпы нәтижесі мониторингтің құрамына енгізілген әр пән бойынша дұрыс орындалған тест тапсырмаларына берілген балға байланысты болады. Қазақ тілі пәні ОЖСБ-дың құрамына міндетті түрде кіретін пән.

«Қазақ тілі» пәні бойынша ОЖСБ-дың нәтижесін қазақ және орыс тілінде оқитын сыныптар арасында жеке-жеке салыстыру қажет, себебі оқыту тіліне байланысты оқу бағдарламаларының арасында айырмашылық бар. Облыстар бөлінісіндегі қазақ тілі пәнінің 2015 жылғы орташа балы 45-кестеде көрсетілген.

45-кесте – Облыстар бойынша орташа балл (қазақ тілі пәні)

№	Облыс	ОЖСБ-ға қатысқандар саны			Қазақ тілі пәні (балл)	
		Барлығы	Қазақ	Орыс	Қазақ	Орыс
1	Ақмола	1772	870	902	13,48	13,25
2	Ақтөбе	2147	1564	583	10,90	9,92
3	Алматы	4650	3582	1068	11,17	9,99
4	Атырау	1732	1478	254	8,99	10,63
5	БҚО	1300	895	405	11,12	9,20
6	Жамбыл	3537	2614	923	11,37	11,99
7	Қарағанды	2883	1383	1500	9,65	8,24
8	Қостанай	1912	497	1415	10,61	10,49
9	Қызылорда	2361	2229	132	10,30	13,23
10	Маңғыстау	2144	1899	245	9,56	9,72
11	ОҚО	8601	7425	1176	10,08	10,68
12	Павлодар	1550	773	777	11,37	8,21
13	СҚО	1368	344	1024	11,86	8,26
14	ШҚО	2622	1670	952	14,16	11,67
15	Астана қ.	2237	1369	868	10,43	10,87
16	Алматы қ.	2964	1419	1545	13,80	13,64
<b>Республика бойынша</b>		<b>43780</b>	<b>30011</b>	<b>13769</b>	<b>10,89</b>	<b>10,62</b>


*Дереккөз: ҚР БҒМ ҰБТ орталығының мәліметтері бойынша*

Қазақ тілінде оқитын мектептердің «Қазақ тілі» пәні бойынша ОЖСБ-дың 2015 ж. нәтижелерінің қорытындысы Республика бойынша 10,89 балды құраған. Негізгі орта мектепті бітіру сатысындағы қазақ тілінде оқитын 9-сынып оқушыларының көпшілігі республиканың орташа көрсеткішінен жоғары балл жинаған. Атап айтқанда: Шығыс Қазақстан облысы – 14,16 балл; Алматы қаласы – 13,80 балл; Ақмола облысы – 13,48 балл; Солтүстік Қазақстан (11,86), Павлодар және Жамбыл (11,37); Алматы (11,17); Батыс Қазақстан (11,12) және Ақтөбе облысының оқушылары (10,90).

Атырау – 8,99; Маңғыстау – 9,56; Қарағанды – 9,65 облыстарының 9-сынып оқушылары республикалық деңгейден төмен көрсеткіш көрсеткен (бб-сурет).

Орыс тілінде білім алатын 9-сынып оқушыларының үстіміздегі жылы өткен сырттай бағалауда республика бойынша орташа көрсеткіші 10,62 балды құрады. Республикалық көрсеткіштен Алматы қаласы – 13,64; Ақмола – 13,25; Қызылорда – 13,23 жоғары білім деңгейін көрсетті. Павлодар (8,21), Қарағанды

(8,24), Солтүстік Қазақстан (8,26) облыстарының оқушылары ең төмен балл жинаған.




66-сурет – Қазақ тілі пәні бойынша облыстар бөлінісіндегі орташа балл

«Математика» пәнінен жақсы нәтижені Алматы қаласының оқушылары көрсетті, жалпы орташа балл – 12,82. Алматылық қазақ тілінде оқитын сыныптардың орташа көрсеткіші – 13,10 балл болса, орыс тілінде білім алушылардың нәтижесі 0,53 балға төмен, яғни 12,57 балды құрады. Екінші орында Шығыс Қазақстан облысының 9-сынып оқушылары, орташа көрсеткіш – 11,88 балл. Шығыс Қазақстан облысының қазақ тілінде оқитын сыныптарының орташа балы – 12,72 және орыс тілді сыныптарында – 10,41 немесе мемлекеттік тілде оқитын тоғызыншы сыныптықтардың нәтижесі орыс тілінде оқитын оқушылардан 2,31 балға жоғары. Келесі сатыда Ақмола облысының мектептері, облыстың орташа көрсеткіші – 11,46 балды құрады. Облыстың қазақ тілді сыныптарында орташа көрсеткіш – 12,23 балл және орыс тілді сыныптарда – 10,71 балды құрады, яғни қазақ тілінде оқитын сыныптардың орташа нәтижесі 1,52 балға артық.

Республика бойынша математиканың ОЖСБ орташа көрсеткіші 8,96 балды құрады (2015 ж.). Еліміздің он аймағының орташа нәтижесі республика бойынша орташа көрсеткіштен төмен болған: Алматы (8,86), Павлодар (8,40), Ақтөбе (8,24), Оңтүстік Қазақстан (8,23), Солтүстік Қазақстан (8,07), Қызылорда (7,98), Батыс Қазақстан (7,88), Қарағанды (7,41), Маңғыстау (7,08), Атырау (6,56) облыстары, яғни балды баға түрінде көрсететін болсақ бұл көрсеткіштер «3» бағасына сәйкес болады.

Батыс Қазақстан облысының қазақ тілінде оқитын сыныптарының сыртқы бағалауда алған орташа балы облыстың орташа көрсеткішінен 0,46 балға және орыс тілінде білім алатын сыныптардың нәтижесінен 1,50 балға жоғары болды. Ең төмен нәтиже көрсеткен Атырау облысының қазақ тілді сынып оқушылары 6,55 және орыс тілді сыныптары 6,61 орташа балл алған (67-сурет).



67-сурет – Математика пәні бойынша облыстар бөлінісіндегі орташа балл


«Физика» пәнінен республика бойынша орташа жалпы балл – 7,12-ні құрады, бұл ОЖСБ-2015-ке енгізілген пәндердің ішіндегі көрсеткіштердің ең төмен нәтиже болды. 2013 жылығы сырттай бағалауда физика пәнінің көрсеткіші 7,08 балды құраған болатын, яғни үстіміздегі жылы көрсеткіш 0,4 балға ғана көтерілген. Бұл көрсеткіштерден шығатын қорытынды: еліміздің 9-сынып оқушылары аталған пәннен берілетін тапсырмалардың 28-30%-ын ғана орындаған. Соңғы екі бағалау бойынша аймақтар бөлінісіндегі өзгеріс шамалы: еліміздің барлық дерлік облысы 2013 жылғы көрсеткішке жуық нәтиже берді, яғни өзгеріс +/- 1 балл маңайында.

Аталған пәннен неғұрлым жоғары орташа балды Алматы қаласының (10,73) оқушылары алды. Қазақ тілінде оқитын сыныптардың орташа көрсеткіші – 10,39 балл, бұл көрсеткіш орыс тілінде білім алатын сыныптармен салыстырғанда 0,65 балға төмен, яғни орыс тілді сыныптардың орташа көрсеткіші – 11,04. 2013 жылғы сырттай бағалауда да Алматы қаласы оқушыларының көрсеткіші алдыңғы қатарда болған болатын.

Маңғыстау (5,89), Қызылорда (5,83), Қарағанды (5,80), Атырау (5,43) облыстарының 9-сынып оқушылары орташа есеппен алғанда тесттің 5-6 тапсырмасын ғана дұрыс орындап, төмен нәтиже көрсеткен. Ағымдағы жылғы бағалауда ең төмен нәтиже көрсеткен Атырау облысының нәтижесі 2013 жылы 8,99 балды құраған болатын.

«Физика» пәнінің нәтижесін оқыту тіліне байланысты қарастыратын болсақ, Алматы қаласының қазақ тілінде оқитын оқушыларының көрсеткіштері 10,39 балл болды. Мемлекеттік тілде оқитын сыныптардың арасында ең төмен көрсеткішті Атырау облысының 9-сынып оқушылары көрсетті. Ең жоғары және ең төмен балл арасындағы айырмашылық 5,03 балды құрайды.


Алматы қаласының орыс тілінде білім алатын оқушыларының орташа балы – 11,04, бұл көрсеткіш республика бойынша жоғары нәтиже. Төмен нәтижені Қызылорда облысының оқушылары көрсетті (5,70). Жоғары және төмен нәтиже аралығындағы айырмашылық 5,34 балл (68-сурет).



68-сурет – Физика пәні бойынша облыстар бөлінісіндегі орташа балл

«Биология» пәні ОЖСБ үрдісіне 2015 жылы бірінші рет қамтылды. Пән бойынша ОЖСБ-дың орташа балы 9,52-ні құрады, таңдауы бойынша пәндердің ішінде екінші көрсеткіш (бірінші көрсеткіш «География» пәнінен – 9,73 балл), яғни оқушылар мүмкін 20 балдың жартысына 50%-ға жуығын жинаған.

ОЖСБ тестілеуінің нәтижесі бойынша Алматы қаласының 9-сынып оқушылары көшбасшы болды, алматылықтардың орташа көрсеткіші 14,22 балға тең. Келесі бес аймақ: Шығыс Қазақстан (12,24), Ақмола (12,02), Астана қаласы (10,99), Жамбыл (10,75), Қостанай (10,16) облысының оқушылары тест тапсырмаларының 50%-дан артығын жетістікпен орындап шыққан. Биология пәнінен орыс тілінде оқитын оқушылар орташа 10,47 балл жинаған, бұл көрсеткіш қазақ тілінде оқитын оқушылардың нәтижесінен 0,74 балға жоғары. Тек Алматы, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарының орыс тілінде оқитын сыныптарының ОЖСБ-дағы орташа нәтижесі қазақ тілінде білім алышылардың көрсеткіштерінен төмен (69-сурет).



69-сурет – Биология пәні бойынша облыстар бөлінісіндегі орташа балл


«География» пәні ОЖСБ үдерісіне өткен 2014 жылы да, ағымдағы 2015 жылы да енгізілді. 2014 жылғы бағалауда республика бойынша орташа балл 10,13 құраған, үстіміздегі жылдың нәтижесі сәл төмен 9,73 (-0,4 балл).

Орташа нәтижеден жоғары, яғни тапсырманың 50%-ын орындап он балдан артық көрсеткішке еліміздің алты аймағының оқушылары жеткен: Алматы қаласы (14,48), Ақмола (12,23), Шығыс Қазақстан (12,12), Астана қаласы (11,31), Жамбыл (10,67), Қостанай (10,39). Қарағанды (8,17), Маңғыстау (7,71), Атырау (7,58) облыстарының 9-сынып оқушылары пән бойынша ең төмен балл жинаған.

Қазақ тілінде білім алатын мектептерден Алматы қаласының оқушылары (14,29) ең жоғары орташа балл жинап бірінші орынды иеленді, екінші көрсеткіш Шығыс Қазақстан (12,44) және үшінші нәтиже Ақмола облысы (11,46).

Орыс тілінде оқитын сыныптардың ішінде жоғары көрсеткішті алматылық оқушылар көрсетті (14,65), өздерінің қазақ тілінде оқитын құрдастарынан сәл жоғары (0,36) нәтиже көрсетті. Екінші көрсеткіш Ақмола облысында (12,96), ақмолалық оқушылардан 0,66 балл төмен көрсеткішпен Астана қаласының оқушылары үшінші нәтижені (12,30) көрсетті. Орыс тілінде оқитын сыныптардың ішіндегі орташа төмен балл алғандар: Павлодар (8,23), Маңғыстау (8,29), Атырау (8,25) облыстарының оқушылары (70-сурет).

«География» пәнінен орыс тілінде білім алатын оқушылардың орташа көрсеткіші мемлекеттік тілде білім алатын оқушылардан 1,25 балға жоғары нәтиже көрсеткіндігін және жалпы таңдауы бойынша (математика, физика, биология, химия, география) ғылыми-жаратылыстану пәндерінің ішіндегі орташа ең жоғары (9,73 балл) нәтиже екендігін атап өту қажет.



70-сурет – География пәні бойынша облыстар бөлінісіндегі орташа балл


«Химия» пәні ОЖСБ-ға 2015 жылы үшінші рет енгізіліп отыр (2012 және 2014 жылдары). Аталған пән бойынша соңғы екі бағалаудағы оқушылардың тест тапсырмаларын орындау нәтижелерін салыстыратын болсақ, 2014 жылы 9-сынып оқушылары орташа 9,07 балл алып, тест тапсырмаларының 45,35%-ын орындаған болатын, ал ағымдағы жылғы білім алушылар тапсырманың 44%-ын

орындап, орташа 8,80 балл жинады, яғни биылғы жылғы көрсеткіш -0,27 балға төмен.

Аймақтар бойынша алдыңғы қатарды өткен және ағымдағы жылы да Алматы қаласының (13,06) оқушылары алып отыр және биылғы жылы көрсеткіштерін жақсартқан. Шығыс Қазақстан (11,95), Ақмола (11,20) облыстары да тапсырманың 50%-ынан артығын жетістікпен орындаған. Маңғыстау (6,79), Атырау (6,71) облыстарының білім алушылар химиядан төмен нәтиже көрсетті, яғни тапсырмалардың 30%-ға жуығын ғана дұрыс орындай алған.

Еліміздің орыс тілінде білім алатын тоғызыншы сынып оқушылары (9,32) «Химия» пәнінен тест тапсырмаларын қазақ тілінде оқитын (8,57) құрбыларына қарағанда 0,75 балға табысты орындаған.

Орыс тілінде оқитын сыныптардың ішінде бес аймақтың Алматы қаласы (13,12), Ақмола облысы (11,51), Астана қаласы (11,06), Жамбыл (10,73), Шығыс Қазақстан (10,50) облыстарының және Алматы қаласы (13,00), Шығыс Қазақстан (12,75), Ақмола (10,87) облыстарының қазақ тілінде білім алушылары тест тапсырмаларының жартысынан көбін дұрыс орындай алған (71-сурет).



71-сурет – Химия пәні бойынша облыстар бөлінісіндегі орташа балл

Қорытындылай келе жоғарыда берілген деректерден еліміздің барлық дерлік аймақтарында жаратылыстану білім саласы пәндері бойынша орыс тілінде білім беретін мектеп оқушылардың үлгерім деңгейі қазақ тілінде оқытатын мектептерге қарағанда сәл (1,78 балл) жоғары деген қорытынды шығаруға болады.

«Математика» білім саласы бойынша қазақ тілінде оқитын сыныптар республикалық орташа көрсеткіштен жоғары нәтиже көрсетті. Орыс тілінде оқитын мектеп оқушылары мен мемлекеттік тілде білім алатын білім алушылардың білім жетістігінің арасында айырмашылық сәл ғана (0,08 балл).

«Биология» пәні тапсырмаларының құрамына функционалдық сауаттылықты анықтауға арналған сұрақтардың енгізілуі ОЖСБ нәтижесінің төменденуіне ықпал еткен, бұл жағдай оқушылардың оқу барысында алған теориялық білімдерін күнделікті өмірде қолдану дағдыларын қалыптастыруды дамыту қажеттілігін дәлелдейді.

Республика бойынша 2015 жылғы ОЖСБ жалпы орташа көрсеткіші 37,26 балды құрады, яғни сыртқы бағалауға енгізілген төрт пәннің тест сұрақтарының 50%-дан төмен тапсырмалары орындалған. Неғұрлым жоғары нәтижені Алматы қаласының оқушылары көрсетті (52,78). Сонымен қатар Шығыс Қазақстан (48,12), Ақмола (47,02), Жамбыл (40,64) облыстарының және Астана қаласының (39,63) сырттай бағалау мониторингіне қатысушылары республиканың орташа балынан жоғары нәтиже көрсетті.

Сонымен 2015 жылғы ОЖСБ-ға былтырғы жылмен салыстырғанда екі есе көп мектеп және 43780 немесе 1,6 есеге артық оқушы қамтылған.

Республика бойынша 2015 жылғы ОЖСБ жалпы орташа көрсеткіші 37,26 балды құрады, яғни сыртқы бағалауға енгізілген төрт пәннің тест сұрақтарының 50%-дан төмен тапсырмалары орындалған. Неғұрлым жоғары нәтижені Алматы қаласының оқушылары көрсетті (52,78). Сонымен қатар Шығыс Қазақстан (48,12), Ақмола (47,02), Жамбыл (40,64) облыстарының және Астана қаласының (39,63) сырттай бағалау мониторингіне қатысушылары республиканың орташа балынан жоғары нәтиже көрсетті.

Алдыңғы жылдардағы тестілеулердің қорытындысымен салыстырғанда ағымдағы жылы барлық пәндерден орташа балдың төмендегені байқалады.

Қарағанды (30,62), Маңғыстау (30,37) және Атырау (29,17) облыстарының білім алушылары төмен нәтиже көрсетті.

*Ұлттық бірыңғай тестілеу* – орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім беретін білім беру ұйымдарына түсу емтихандарымен біріктірілген, жалпы орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудың бір түрі [36].

2015 жылғы ҰБТ-ға 83263 мектеп бітіруші (нәтижелері жойылғандарды есепке алмағанда), немесе мектеп бітірушілердің жалпы санының 66,94%-ы қатысты. Олардың 60129-ы (72,22%) қазақ тілінде және 23143 (27,78%) орыс тілінде. 2014 жылы ҰБТ-да 87564 оқушы немесе бітірушілердің жалпы санының 68,93%-ы қатысқан болатын (46-кесте).


ҰБТ 2015 жылғы жалпы нәтижесі 79,42 балды құрады (14-сурет), бұл өткен 2014 жылғы көрсеткіштен 2,5 балға жоғары.

Республиканың сегіз аймағының түлектері орташа көрсеткіштен жоғары нәтижені: Алматы қаласы (92,1), Астана қаласы (86,69), Батыс Қазақстан (83,62), Ақтөбе (82,69), Қызылорда (81,7), Шығыс Қазақстан (80,19), Павлодар (80,18), Қарағанды (79,6) облыстарының түлектері көрсетті, ал 2014 жылы – тоғыз аймақ көрсеткен болатын. Алматы және Астана қалаларының, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстарының мектеп бітірушілері екінші жыл қатарынан орташадан жоғары нәтиже көрсетіп алған білімдерін көрсетуде (72-сурет).

46-кесте – ҰБТ-2015 қатысушылар саны (облыстар бөлінісінде)

№	Аймақтар	Қатысқан оқушылар саны		
		жалпы	қазақ тілінде оқитын	орыс тілінде оқитын
1	2	3	4	5
1	Ақмола	3021	1638	1383
2	Алматы	9287	7433	1854
3	Ақтөбе	4620	3592	1028
4	Атырау	3527	2640	887
5	БҚО	3116	2206	910
6	Маңғыстау	2736	2412	324
7	ШҚО	5950	3977	1973
8	Жамбыл	5921	4882	1039
9	Қарағанды	4977	2816	2161
10	Қызылорда	4182	3837	345
11	ОҚО	18125	16112	2013
12	Қостанай	2676	947	1729
13	Павлодар	2608	1240	1368
14	СҚО	2356	896	1460
15	Астана қ.	3399	1886	1513
16	Алматы қ.	5381	2731	2650
	Республикалық мектептер	1201	758	443
	РФ мектептері	180	126	54
	<b>Республика бойынша</b>	<b>83263</b>	<b>60129</b>	<b>23134</b>

Дереккөз: ҚР БҒМ ҰБТ орталығының мәліметтері бойынша



72-сурет – Облыстар бөлінісінде ҰБТ-2015 орташа балл

2015 жылғы ҰБТ Қызылорда облысының орташа балы +7,5 балға өскен (2014 жылы – 74,2 балл). Соңғы екі жылда Атырау облысында төмен нәтиже байқалады (2014 – 62,2; 2015 – 61,1 балл). Ақмола (2014 – 80,2; 2015 – 78,24),



Қостанай (2014 – 79,9; 2015 – 78,79) және Солтүстік Қазақстан (2014 – 77,9; 2015 – 77,78) облыстары былтырғы жылғы көрсеткіштерін сақтай алмады.

Тестілеудің оқыту тіліне байланысты нәтижелерінің айырмашылығы 1,21 балды құрады, яғни қазақ тілінде білім алатын түлектер орташа 79,09 балл жинаса, орыс тілінде оқыған оқушылар 80,3 балл жинаған.

Алматы (94,14) және Астана (87,7), Батыс Қазақстан (83,47), Ақтөбе (82,92), Шығыс Қазақстан (82,18), Павлодар (81,73), Қызылорда (81,71) облыстарының қазақ тілінде білім алған мектеп бітірушілері республикалық орташа көрсеткіштен жоғары нәтиже көрсетті. Мемлекеттік тілде білім алған түлектердің ішінде орташа ең төмен балл жинағандар атырау облысының түлектері (59,63). Орыс тілінде оқыған жеті аймақтың мектеп түлектері орташа көрсеткіштен жоғары нәтиже көрсетті: Алматы (89,99), Астана (85,44) қалалары, Батыс Қазақстан (83,99), Ақтөбе (81,89), Қызылорда (81,68), Қарағанды (81,6), Қостанай (80,49). Ең төмен орташа нәтиже көрсеткен Атырау облысы түлектері (65,11).

ҰБТ тапсырғын мектеп бітірушілерді қала және ауыл мектептері тұрғысынан қарастырсақ, бірыңғай тестілеуге 42522 қалалық және 40741 ауылдық түлектер қатысқан. Қалалық мектеп бітірушілердің нәтижелері ауылдық құрбыларына қарағанда жоғары (83,02 және сәйкесінше 75,67 балл (47-кесте).

47-кесте – Қала/ауыл бөлінісінде жоғары нәтиже көрсеткен аймақтар

№	Қала		Ауыл	
	Аймақтар	Орташа балл	Аймақтар	Орташа балл
1	Алматы қ.	92,1	БҚО	81,82
2	Астана қ.	86,69	Қызылорда	81,65
3	ШҚО	86,47	ШҚО	79,68
4	Жамбыл	85,29	Ақтөбе	78,89
5	Ақтөбе	85,25	ОҚО	75,93
6	Қостанай	84,71	Павлодар	75,56
7	ОҚО	83,1	СҚО	75,80
<b>Республика бойынша</b>		<b>83,02</b>		<b>75,67</b>
8	Қарағанды	82,86	Ақмола	75,49
9	Павлодар	82,24	Алматы	75,22
10	Қызылорда	81,78	Жамбыл	75,06
11	СҚО	81,18	Маңғыстау	74,69
12	Ақмола	80,91	Қарағанды	71,7
13	ШҚО	80,62	Қостанай	73,02
14	Алматы	79,67	Атырау	73,02
15	Маңғыстау	76,64		
16	Атырау	63,40		

*Дереккөз: ҚР БҒМ ҰБТ орталығының мәліметтері бойынша*

ҰБТ тапсырған мемлекеттік тілде білім алушылардың саны – 26241 оқушы, орыс тілді түлектердің саны – 16281, яғни қазақ тілінде оқығандардың саны 9960 оқушыға артық. Қазақ тілінде (83,3) оқыған қалалық мектеп бітірушілердің балдық орташа көрсеткіштері орыс тілінде (82,58) білім


алғандарға қарағанда 0,72 балға жоғары (73-сурет).

Қазақ тілінде оқыған қалалық оқушылардың ішінде ең жоғары көрсеткіш Алматы (94,14) және Астана (87,7) қалалары, Батыс Қазақстан (86,47), Ақтөбе (85,69), Жамбыл (84,98), Павлодар (84,9), Шығыс Қазақстан (84,49) облыстарының мектеп бітірушілері көрсетті, яғни бұл аймақтардың нәтижесі республикалық қалалық көрсеткіштен (83,3) жоғары болды.

Алматы қаласы (89,99), Жамбыл (86,04), Батыс Қазақстан (85,87) облыстары, Астана қаласы (85,44), Қостанай (84,66), Ақтөбе (84,04), Қарағанды (83,57), Оңтүстік Қазақстан (83,08) облыстарының орыс тілінде оқитын қалалық оқушыларының нәтижесі республикалық қалалық көрсеткіштен (82,58) жоғары болды.


Ең төмен орташа балдық нәтижені Атырау облысының орыс тілді (67,3) және қазақ тілді (60,84) түлектері көрсетті.

Ең жоғары балл мен төмен балдың арасындағы айырмашылық қазақ тілді қалалық мектептерде 33,3 балл болса, орыс тілді қалалық мектептерде 22,69 балды құрайды.



73-сурет – Оқыту тіліне байланысты орташа көрсеткіш (қала мектептері)

Ауылдық жерде білім алған түлектердің жалпы саны – 40741, олардың 33888-і қазақ тілінде және 6853-і орыс тілінде оқыды, яғни мемлекеттік тілде оқыған оқушылардың саны орыс тілді мектеп бітірушілерден 27035 оқушыға артық. Алайда, қазақ тілінде (75,83) оқыған оқушылардың орташа балдық көрсеткіші орыс тілді (74,87) құрбыларына қарағанда 0,96 балға жоғары (74-сурет).



74-сурет – Оқыту тіліне байланысты орташа көрсеткіш (ауылдық мектептер)

Елді мекендердің қазақ тілінде оқыған түлектерінен республикалық (ауылдық) көрсеткіштен жоғары нәтижені еліміздің жеті аймағы көрсетті: Батыс Қазақстан (81,9), Қызылорда (81,51), Шығыс Қазақстан (80,22), Ақтөбе (79,37), Павлодар (78,33), Ақмола (76,34), Оңтүстік Қазақстан (76,13). Ең төмен нәтижені Атырау облысының (58,86) түлектері көрсетті. Жоғары көрсеткіш пен төмен нәтиженің арасындағы айырмашылық 23,11 балды құрады.

Үміткерлердің жалпы санынан «Алтын белгі» белгісін растаған мектеп бітірушілердің үлесі 44,5%-ға дейін өсті (2014 жылы – 42,2%). Бес пәннен жинауға болатын ең жақсы нәтижені – 125 балды 5 түлек алды (2014 жылы – 4 түлек).


Еліміздің жеті аймағының орыс тілінде білім алатын мектептерінің түлектері орташа көрсеткіштен жоғары нәтиже көрсетті: Қызылорда (84,22), Батыс Қазақстан (81,48), Шығыс Қазақстан (77,6), Алматы (76,47), Ақтөбе (76,17), Солтүстік Қазақстан (75,89), Қостанай (75,72).

Ең төмен нәтижені Атырау облысының түлектері көрсетті (58,3). Жоғары көрсеткіш пен төмен нәтиженің арасындағы айырмашылық 25,92 балды құрайды.

Республика бойынша 14467 мектеп түлегі 100-ден артық балл жинаған, яғни барлық мектеп бітірушінің 17,38%-ы. Олардың 10491-і қазақ тілінде және 3676-сы орыс тілінде оқитын түлектер (75-сурет).

13654 түлек немесе ҰБТ қатысқан барлық мектеп бітірушілердің 16,4%-ы 90-100 балдың аралығында жинаған.

0-49 балдың аралығында немесе межелік деңгейді өтпегендер саны – 6843 түлекті құрады немесе барлық тест тапсырушылардың 8,22%-ы, олардың 5319-ы қазақ тілінде және 1524-і орыс тілінде білім алушылар.




75-сурет – 2015 ж. ҰБТ алынған балл бойынша түлектердің бөлінісі

ҰБТ тапсырылатын міндетті пәндер: қазақ тілі, орыс тілі, Қазақстан тарихы және математика.

«Қазақ тілі» пәнінен тестілеуге мемлекеттік тілде оқитын мектептердің 60129 түлегі қатысты, 2014 жылы 61654 мектеп бітіруші қатысқан болатын, яғни ағымдағы жылы 1525 оқушыға кем. Республика бойынша орташа балл 18,33-ті құрады, бұл көрсеткіш өткен оқу жылымен салыстырғанда 0,54балға жоғары (2014 жылы – 17,79).

Еліміздің тоғыз аймағында тестілеудің нәтижесі республикалық деңгейден жоғары нәтижені көрсетті: Алматы қаласы (20,64), Батыс Қазақстан (19,86), Қызылорда (19,55), Астана қаласы (19,27), Павлодар (18,98), Ақтөбе (18,94), Қарағанды (18,74), Солтүстік Қазақстан (18,60), Шығыс Қазақстан (18,45). Соңғы екі жылдың нәтижесі бойынша Алматы қаласы, Батыс Қазақстан облыстарының мектеп түлектері алдыңғы орында келеді.


Республика бойынша ең төмен орташа нәтижені Атырау облысының тестіленушілері көрсетті (15,45 балл), өткен жылғы нәтиже 15,34 балл болған, яғни көрсеткіш (+0,11) сәл жоғарылаған (76-сурет).



76-сурет – Мемлекеттік тілде оқитын мектептердің «Қазақ тілі» пәнінен орташа көрсеткіші (облыстар бөлінісінде)

Мектеп бітірушілердің 23087-сі қазақ тілінен тесті үздік бағаға орындап, 21-25 балдан алған. Тесттің 14-20 тапсырмасын дұрыс орындаған оқушылардың үлесі 45,78%-ды құрады. Сонымен қатар тесттің 0-3 тапсырмасын ғана, яғни «2» бағаға орындаған оқушылар саны 118 немесе қазақ тілінен ҰБТ қатысқандардың 0,2%-ы. Батыс Қазақстан, Қызылорда, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында төмен (0-3) балл алған оқушы жоқ.

Орыс тілінде оқытатын мектептердегі «Қазақ тілі» пәнінен тестілеуді 23143 түлек тапсырды және республика бойынша орташа нәтиже 16,34 балды құрады (77-сурет).




77-сурет – Орыс тілінде оқытын мектептердің «Қазақ тілі» пәнінен орташа көрсеткіші (облыстар бөлінісінде)

Республикалық деңгейден жоғары көрсеткішті Қызылорда (18,05), Батыс Қазақстан (17,99), Алматы қ. (17,69), Маңғыстау (17,39), Ақтөбе (16,99), Жамбыл (16,79), Астана қ. (16,78), Оңтүстік Қазақстан (16,76), Қостанай (16,48) облыстарының түлектері көрсетті.

10355 түлек немесе тестке қатысушылардың 44,76%-ы тапсырмалардың 18-25 сұрағына дұрыс жауап беріп, үздік білім деңгейін көрсетті. 12-17 тапсырманы дұрыс орындаған оқушылардың саны 8750 оқушы немесе тестіленушілердің 37,82%-ы. Сонымен қатар қанағаттанарлықсыз баға алған түлектер де бар, олардың саны 90 немесе жалпы оқушылар санының 0,39%. Батыс Қазақстан және Қызылорда облыстарында ғана ең төмен (0-3) балл алған мектеп түлектері жоқ екенін атап өту қажет.

Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі «Орыс тілі» пәнінен республика бойынша орташа көрсеткіш – 13,15 балл. Еліміздің он аймағының мектеп бітірушілері республикалық орташа балдан жоғары нәтиже көрсетті. Алматы қ. (16,80), Астана қ. (16,04), Павлодар (15,36), Солтүстік Қазақстан (14,60), Ақтөбе (14,56), Батыс Қазақстан (14,43), Шығыс Қазақстан (14,19), Ақмола (13,93), Қостанай (13,58), Қарағанды (13,39). Атырау облысының мектеп бітірушілері төмен 10,10 балл жинаған (78-сурет).


Тестке қатысушыларының 23,80%-ы 18-25 балл алып, орыс тілінен үздік баға алды. 12-17 тапсырманы дұрыс орындағандар үлесі 34,34%, 1148 оқушы тесттің үш тапсырмасын ғана орындай алған немесе қанағаттанарлықсыз баға алды.



78-сурет – Мемлекеттік тілде оқитын мектептердің «Орыс тілі» пәнінен орташа көрсеткіші (облыстар бөлінісінде)

Орыс тілінде оқытатын мектептердегі «Орыс тілі» пәнінің орташа көрсеткіші – 16,7 балл. Республиканың жеті аймағының: Алматы (18,39) және Астана (17,32) қалалары, Қарағанды (17,29), Батыс Қазақстан (16,91), Солтүстік Қазақстан (16,88), Қостанай (16,87), Ақтөбе (16,80) облыстарының ҰБТ тапсырушылары орташа көрсеткіштен жоғары нәтиже көрсеткен. Тестілеуде ең төмен нәтижені Атырау (13,77) облысының түлектері көрсетті (79-сурет).

Орыс тілінде оқитын 5061 түлек (21,88%) жоғары 21-25 аралығындағы балл алып, «Орыс тілі» пәнінен өте жақсы білімдерін көрсетті. 12552 мектеп бітіруші (54,26%) 14-20 балл жинап білімдерін жақсы деген бағаға растады. Сондай-ақ өте төмен білім сапасын көрсетіп 3 балға дейін ғана нәтиже көрсетіп «екілік» алғандардың саны республика бойынша 45 оқушы немесе 0,19%-ды құрады. Еліміздің он алты аймағының ішінен тестілеуден Маңғыстау, Қызылорда, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарының түлектері аталған пәннен «екіліксіз» өтті.




79-сурет – Орыс тілінде оқитын мектептердің «Орыс тілі» пәнінен орташа көрсеткіші (облыстар бөлінісінде)

«Қазақстан тарихы» пәні ҰБТ міндетті тапсырылатын пән болғандықтан республиканың барлық мектеп түлектері тестілеуге қатысты. Республика бойынша орташа нәтиже – 17,68 балды құрады, 2014 жылы 16,77 балл болған, яғни ағымдағы жылы көрсеткіш 0,91 балға жоғарылаған. Орташа республикалық көрсеткіштен жоғары нәтиже көрсеткен: Алматы қ. (19,71), Қызылорда (19,10), Батыс Қазақстан (18,92) облыстары, Астана қ. (18,50), Оңтүстік Қазақстан (18,22), Ақтөбе (17,97), Маңғыстау (17,76), Павлодар (16,87) облыстарының мектеп түлектері (80-сурет).

Аталған пәннен екі жыл қатарынан тестілеудегі ең төмен орташа нәтижені Атырау облысының мектеп түлектері көрсетті (2015 ж. – 13,54 балл, 2014 ж. – 12,86 балл).

Алматы қаласының мектеп бітірушілері екі жыл қатарынан ең жоғары нәтиже көрсетіп, алдыңғы орында келе жатқанын, сонымен қатар ағымдағы жылы еліміздің барлық аймақтарының нәтижесі өткен жылғыдан (2014 ж.) жоғары болғандығын атап өту қажет.

Тест тапсырмаларының 21-25 сұрағына дұрыс жауап беріп «5» баға алған түлектер үлесі 33,20%-ды құрады, өткен жылы 25,77% болған. 14-20 балл аралығындағы нәтижені 39222 (47,11%) көрсетіп, білімдерін жақсы бағаға растады. Өте төмен нәтиже көрсеткен түлектер үлесі 0,30%-ды құрады немесе еліміздің барлық аймақтарының 251 мектеп бітірушісі, 2014 жылы 321тестіленуші немесе түлектердің 0,37%-ы қанағаттанарлықсыз баға алды.




80-сурет – «Қазақстан тарихы» пәнінен орташа көрсеткіш (облыстар бөлінісінде)

ҰБТ таңдаған түлектердің барлығы «Математика» пәнін тапсырды. Республикалық орташа нәтиже 13,72 балды құрады, 2014 жылы 12,68 балл болған, яғни нәтиже 1,04 балға жоғарылаған. Алты аймақтың мектеп бітірушілері республикалық деңгейден жоғары нәтижеге қол жеткізді: Алматы (17,22), Астана (16,22) қалалары, Ақтөбе (14,61), Шығыс Қазақстан (14,34),

Павлодар (14,24), Қарағанды (14,11) облыстары. Алматы, Астана қалаларының және Ақтөбе облысының түлектері математикадан соңғы екі жылдың қорытындысы бойынша алдыңғы қатарда келе жатқандықтарын атап өту қажет.

16395 немесе барлық тестіленушілердің 19,69%-ы жоғары 20-25 аралығындағы балл жинап, «Математика» пәнінен үздік білім көрсетті (2014 ж. – 17,39%). Тестілеуге қатысқан мектеп бітірушілердің 42,33%-ы 12-19 балл аралығындағы нәтиже көрсетіп, жақсы баға алды. Барлық қатысушылардың 2,36%-ы немесе 1968 түлек (2,36%) математикадан қанағаттанарлықсыз нәтиже көрсетті, өткен жылы бұндай нәтижені 2869 (3,28%) оқушы көрсеткен болатын (81-сурет).




81-сурет - «Математика» пәнінен орташа көрсеткіш (облыстар бөлінісінде)

ҰБТ мектеп түлектері физика, химия, биология, география, дүние жүзі тарихы, қазақ әдебиеті, орыс әдебиеті, ағылшын тілі, неміс тілі, француз тілі пәндерінің бірін таңдады.

Еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің 26065 түлегі «Физика» пәнін таңдады. Пәннен орташа балл – 14,11 (2014 ж. 12,69). Алматы (17,15), Астана (15,76) қалалары, Шығыс Қазақстан (14,66), Жамбыл (14,62), Ақтөбе (14,44), Қостанай (14,17), Оңтүстік Қазақстан (14,14) облыстарының түлектері, сонымен қатар Алматы, Астана қалалары, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе, Қостанай, облыстарының түлектері салыстыруға алынған екі жылдың қорытындысы бойынша республикалық орташа көрсеткіштен жоғары нәтиже көрсетті (82-сурет).

4643 түлек немесе физиканы таңдаған түлектердің 17,81%-ы 20-25 аралығында балл жинап үздік нәтижеге жетті. 12-19 немесе жақсы нәтиже көрсеткендердің саны 12948 (49,68%). Ең төмен нәтиже (0-3 балл) алған түлектердің саны 438 (1,68%).






82-сурет – «Физика» пәнінен орташа көрсеткіш (облыстар бөлінісінде)

2877 мектеп түлегі (2014 ж. – 3151) «Химия» пәнін таңдады және республика бойынша орташа көрсеткіш – 16,35 балл (2014 ж. – 16,60 балл), яғни ағымдағы жылы аталған пәнді 274 түлекке аз таңдағанына қарамастан, нәтиже де сәл төмендеген (-0,25). Еліміздің тоғыз аймағының оқушылары республикалық орташа көрсеткіштен жоғары нәтиже көрсетті: Алматы қ. (18,54), Ақтөбе (17,93), Батыс Қазақстан (17,16), Астана қ. (17,13), Ақмола (16,85), Шығыс Қазақстан (16,67), Қызылорда (16,52), Оңтүстік Қазақстан (16,49), Қарағанды (15,42).


Химияны таңдаған 862 түлек тест тапсырмаларын орындауда үздік білім көрсетіп 20-25 балдың аралығындағы нәтиже көрсетті (2014 ж. – 1013). Аталған пәнді таңдаған түлектердің басым көпшілігі 51,96%-ы (51,32%) тест сұрақтарын жақсы орындап, «4» баға алды (83-сурет).

12 мектеп бітіруші үшін химияның тест тапсырмалары қиындық туғызған, яғни төмен бал жинаған, алайда Ақмола, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Қостанай, Солтүстік Қазақстан аймақтарының мектеп бітірушілерінің бұл пәннен төмен балл алмағандықтарын атап өту қажет.



83-сурет – «Химия» пәнінен орташа көрсеткіш (облыстар бөлінісінде)

Республика бойынша 26949 (2014 ж. – 29682) мектеп бітіруші «Биология» пәнін таңдаған. Пән бойынша орташа балл 17,29-ды (16,98 балл) құрады, яғни ағымдағы жылы көрсеткіш сәл жоғарылаған (+0,31). Сегіз аймақтың оқушылары республикалық орташа көрсеткіштен жоғары нәтижеге қол жеткізген: Алматы қ. – 19,58 (20,24); Қызылорда – 18,53 (17,21); Батыс Қазақстан – 17,97 (17,27); Оңтүстік Қазақстан – 17,94 (17,93); Астана қ. – 17,73 (17,93); Ақтөбе – 17,68 (17,44); Шығыс Қазақстан – 17,52 (17,42); Жамбыл – 17,52. Жамбыл облысының түлектерінен басқа аталған аймақтардың мектеп бітірушілері 2014 жылы да жақсы нәтиже көрсеткен (84-сурет).




84-сурет – «Биология» пәнінен орташа көрсеткіш (облыстар бөлінісінде)

«Биология» пәнін таңдаған оқушылардың 29,83%-ы (8038) тапсырмаларды өте жақсы орындап, жоғары нәтижеге ие болды (2014 ж. 25,52%). 12912 мектеп бітіруші аталған пәннен жақсы білім көрсетті, яғни бұл пәнді таңдаған оқушылардың 47,91%-ын құрайды. Алайда биологиядан да тест тапсырмалары қиындық туғызып, қанағаттандырарлық межені өте алмаған оқушылар бар (66 оқушы немесе 0,24%). Қарағанды, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан облыстарының және Алматы қаласының оқушыларының қанағаттандырарлықсыз баға алмағанын атап өту қажет.

2015 жылғы тестілеуде еліміздің 12386 мектеп бітірушісі «География» пәнін бесінші пән ретінде таңдады, орташа көрсеткіш 16,58 балды құрады (2014ж. – 16,79). Еліміздің тоғыз аймағының түлектері республикалық орташа көрсеткіштен жоғары нәтиже көрсетті: Алматы қ. – 18,50 (19,59); Ақтөбе – 17,68 (18,00); Батыс Қазақстан – 17,62 (18,46); Қызылорда – 17,50 (17,00); Оңтүстік Қазақстан – 17,47 (17,61); Астана қ. – 17,22 (18,06); Қостанай – 17,06 (17,16); Жамбыл – 16,92; Павлодар – 16,61 (17,18), аталған облыстардың ішінде жамбылдық түлектер 2014 жылы орташа нәтижеден төмен балл жинаған, яғни сегіз аймақ екі жылдың қорытындысы бойынша республикалық деңгейден артық балл жинаған. Атырау облысының мектеп бітірушілері төмен нәтиже көрсетті – 12,87 (13,08) (85-сурет).


Географияны таңдаған түлектердің 2835-і (22,89%), 2014 жылы 3263 оқушы немесе 24,41%-ы пәннен үздік нәтиже көрсетті. 6312 түлек немесе пәнді таңдаған түлектердің жартысынын артығы (50,96%), былтырғы жылы 6794

(50,82) тест тапсырмаларын жақсы орындап 14-20 арасындағы балл жинады. Астана қ., Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар аймақтарының қанағаттанарлықсыз баға алған жоқ, ал басқа аймақтарда тест сұрақтарын орындай алмаған оқушылар бар.



85-сурет – «География» пәнінен орташа көрсеткіш (облыстар бөлінісінде)


«Дүние жүзі тарихы» пәнін еліміздің 5153 11-сынып оқушылары таңдады (2014 ж. – 5048). Ағымдағы жылғы орташа көрсеткіш 14,56 балл, өткен жылғы нәтиже деңгейінде. Жамбыл – 16,18 (14,55); Алматы қ. – 15,90 (17,32); Астана қ. – 15,67 (16,09); Ақтөбе – 15,54 (15,29); Батыс Қазақстан – 15,49 (15,53); Оңтүстік Қазақстан – 15,45 (15,13); Қызылорда – 15,13; Шығыс Қазақстан – 14,69 (15,05); Павлодар – 14,69 аймақтарының 11-сынып оқушылары республиканың орташа көрсеткішінен жоғары нәтиже көрсетті. Қызылорда және Павлодар облыстарының түлектерінен басқалары орташа жоғары деңгейді екі жыл қатарынан көрсетіп отыр. Павлодар облысының мектеп бітірушілері мемлекеттік тестілеуді екіліксіз тапсырғанғын атап өту қажет (86-сурет).



86-сурет – «Дүние жүзі тарихы» пәнінен орташа көрсеткіш (облыстар бөлінісінде)

«Қазақ әдебиеті» пәнін 2978 түлек таңдаған, орташа көрсеткіш – 17,06 балл. Аталған пәннен 843 оқушы өте жақсы, 1412 түек жақсы білім көрсетті. Төмен балл алған оқушылар саны – 5 (Ақтөбе – 3, Оңтүстік Қазақстан – 2) (87-сурет).

Қызылорда (19,40), Алматы қ. (18,99), Ақтөбе (17,80), Батыс Қазақстан (17,75), Оңтүстік Қазақстан (17,63) облыстарының қазақ әдебиетін таңдаған түлектер республикалық орташа балдан жоғары нәтиже көрсетті.



87-сурет – «Қазақ әдебиеті» пәнінен орташа көрсеткіш

«Орыс әдебиеті» пәнін таңдаған оқушылар саны – 181 (2014 ж. 192). Орташа балл 15,85, өткен жылғы көрсеткіштен сәл төмен (16,09). Тесті 26 оқушы үдік және 100 оқушы жақсы тапсырды. 1 ғана түлек қанағаттанарлықсыз баға алды (Атырау облысы).

«Ағылшын тілін» 6612, 2014 жылы 6708 түлек таңдады. Республика бойынша орташа балл 18,93 балл, 2014 жылғы көрсеткішпен тең. Пәнді таңдаған түлектердің 2769-ы үздік және 3092-сі жақсы білім деңгейін көрсетті. 6 оқушы төмен 0-3 аралығындағы нәтиже көрсетті. Республикалық орташа көрсеткіштен жоғары нәтиже көрсеткен аймақтар: Алматы қ. (20,25), Павлодар (19,68), Астана қ. (19,63), Солтүстік Қазақстан (19,50), Батыс Қазақстан (19,34), Қызылорда (19,23), Ақмола (19,14), Қостанай (19,04).

«Неміс тілі» пәнін 45 мектеп түлегі таңдаған. Орташа балл – 18,96 балды құрады. Неміс тілін таңдаған оқушылардың 17-сі пәннен үздік және 25-і жақсы білім деңгейін көрсетті.

«Француз тілі» пәнін еліміздің 16 мектеп түлегі таңдады, орташа нәтиже 16,56 балл (шетел тілдері арасындағы ең төмен көрсеткіш). Пәнді таңдаған 7 түлек үздік және 4 түлек жақсы нәтиже көрсетті. 1 оқушы төмен қанағаттанарлықсыз баға алды (Оңтүстік Қазақстан).

Қорытындылай келе ҰБТ нәтижесі бойынша 14467 мектеп түлегі жоғары 101-125 аралығындағы балл жинаған, яғни бұл тестілеуді таңдаған түлектердің 17,38%-ы. 15468 мектеп бітіруші немесе ҰБТ-ға қатысушылардың жалпы санының 18,58%-ы 0-ден 49 балл жинады, яғни шектік деңгейден төмен нәтиже көрсетті (2014 жылы шектік деңгейден өте алмағандар 20232 немесе ҰБТ-ға қатысушылардың 23,11%-ы).

Талдау қорытындысы бойынша мектеп түлектерінің басым көпшілігі бесінші пән ретінде «Биология» пәнін, яғни болашақ мамандықтарын

биологияға байланысты таңдаған. Биологияны – 26949, физиканы – 26065, географияны – 12386, ағылшын тілін – 6612, дүние жүзі тарихын – 5153, химияны – 3151, қазақ әдебиетін – 2978, орыс әдебиетін – 181, неміс тілін – 45 және француз тілін – 16 түлек таңдаған.

Бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімделу мәселелері тұр, өйткені адам қоғамда түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін жоғары кәсіптілік және интеллектуалдық әрекеттерді қажет ететін жағдайларда заман талабына сай өмір сүріп, қызмет етуде. Осыған байланысты еліміздің оқушыларының білім жетістіктерінің деңгейін анықтау үшін Қазақстан *PISA*, *TIMSS* халықаралық зерттеулері өткізілуде [37].

*PISA (Program for International Student Assessment)* – оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы. Бұл бағдарламаның мақсаты білім беру жүйелері әр түрлі елдердің 15 жастағы жасөспірімдерінің мектепте математика және жаратылыстану ғылымдарынан алған білім, білік және дағдыларын өмірде кездесетін әртүрлі жағдайларды шешуде қолдана алуларын, сонымен қатар түрлі мәтіндерді оқып және түсінулерін салыстырмалы бағалау болып табылады. *PISA* зерттеуі үш бағыт бойынша үш жылда бір өткізіледі.

Білім беру жетістіктерін бағалау бойынша халықаралық қауымдастығы *IEA (International Association for the Evaluation of Educational Achievement)* өткізетін), *TIMSS (Trends in International Mathematics and Science Study)* халықаралық мониторингтік зерттеуі төрт жыл сайын әлемдегі 50-ден астам елдің математикалық және жаратылыстану ғылымдары білімінің дамуы үрдісін бақылауға мүмкіндік береді.

*TIMSS (Third International Mathematics and Science Study)* – математика және жаратылыстану білімінің сапасын бағалау бойынша халықаралық зерттеу. Жобаға қатысушы елдердің білім мазмұнын ескере отырып, бұл зерттеудің аясында 4-сынып және 8-сынып оқушыларының математика және жаратылыстану ғылымдары бойынша дайындықтарының сапасы бағаланады. *TIMSS* зерттеулері оқу жетістері туралы жан-жақты мағлұмат алумен қатар, ел, мектеп және білім берудің жағдайлары туралы қосымша ақпарат алуға да мүмкіндік береді. *TIMSS*-ке қатысушы елдердің құрамы алуан түрлі, олар экономикалық дамуы, географиялық жағдайы, халқының саны жағынан бір-бірінен ерекшеленеді. Бірақ олардың бәрі білім беру ұйымдарының жүйесін, оқу бағдарламалары мен оқыту әдістерін оқушылардың жетістіктері арқылы салыстыру, білім беру саласында тиімді курстар әзірлеуге арналған құнды ақпарат жинақтауға көмектеседі [37].

*PISA-2015* негізгі зерттеуіне 71 елдің білім алушылары қатысты. Халықаралық жобаның басым бағыты 15 жасар білім алушылардың ғылыми-жаратылыстану дайындықтарының деңгейін бағалауға арналған (тест сұрақтарының 44%-ы физика, химия, биология және география пәндерінен құзыреттілік деңгейін анықтауды жоспарлайды).

*PISA-2015* жобасында Қазақстан әдеттегідей кітапшада (қағазда) жазылған тапсырмалармен жұмыс жүргізді. Білім алушыларға тест буклеттерінің 30

нұсқасы ұсынылды, жауапты таңдау, сонымен қатар тапсырмалардың.

Барлық білім алушыларға жауапты таңдайтын және ашық-құрастырылған тапсырмаларды қарастыратын 30 нұсқалық тесттік буклеттер ұсынылды. Жаратылыстану бойынша ашық тапсырмалардың жалпы саны 33 құрады, математика бойынша – 38 және оқу бойынша – 55.

Зерттеуді өткізу технологиясына сәйкес, тесттік тапсырмаларды орындауға 2 сағат 15 минут, ал сауалнаманы толтыруға 35 минут берілген. 15 жастағы қатысушыларға арналған сауалнамада білім беру ұйымы, жанұя және жеке қызығушылықтар туралы сұрақтар берілсе, ал әкімшілікке арналған сауалнамада – ресурстік қамтамасыз ету туралы, кадрлік сұрақтарға, ата-аналар қарым-қатынасы және оқу процесін ұйымдаструға арналған сұрақтар ұсынылды.

*PISA-2015* зерттеуіне қатысу үшін Қазақстаннан 189 мектеп және 27 колледж іріктелініп алынды. Сонымен қатар, *PISA-2015* зерттеуіне 16 Назарбаев Зияткерлік мектептері қатысты. Қатысушылардың жалпы саны 8 074 адамды құрады, оның ішінде 7 842 15 жастағы білім алушылар және 232 білім беру ұйымдарының басшылары.

Сондай-ақ, *ЭБДҰ* талабына сәйкес ең аз қатысу көрсеткіші 95% болып табылса, нақты қатысу пайызы 98% құрады. Халықаралық бақылаушылар Қазақстанның *PISA-2015* зерттеуіне қатысу дайындығын жоғары деңгейде болғанын атап өтті.

*PISA-2015* зерттеуі қазақстандық білім алушылардың нәтижелері 2016 жылғы желтоқсанда жарияланады.

*TIMSS-2015* негізгі зерттеуіне 57 ел қатысты. *TIMSS* зерттеуі бастауыш және негізгі мектептің жаратылыстану және математика саласындағы дайындық деңгейін салыстырмалы бағалауға бағытталған.

*TIMSS-2015* зерттеуі бойынша 4 және 8-сынып оқушыларына математика және жаратылыстану пәндері бойынша 14 нұсқалық буклеттегі тесттік тапсырмалар ұсынылды. Бір буклеттегі тапсырмалар саны 4-сыныпта 45-50 сұрақты, ал 8-сынып бойынша 55-60 сұрақты тұрады. Төртінші сынып оқушыларына тесттік тапсырмаларды орындауға берілген уақыт 72 минутты, ал 8 -сынып оқушылары үшін 90 минутты құрайды. Сауалнаманы толтыру үшін оқушыларға 30 минут берілді.

Қазақстаннан 179 қатысушы мектептерден жалпы қатысушылар саны 15902 адамды құрады, оның ішінде 9579 оқушылар (4710 төртінші сынып оқушылары және 4869 сегізінші сынып оқушылары). Барлық білім беру ұйымдарында зерттеуге қатысу 97% құрады (*IEA* талабына сәйкес іріктелініп алынған қатысушылар саны 90% кем болмауы керек).

*IEA* ұйымы тарапынан тағайындалған халықаралық бақылаушы Қазақстанда *TIMSS-2015* зерттеуінің жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын және өткізілгенін атап өтті.

*TIMSS-2015* зерттеуін өткізу технологиясына сәйкес, оқушылардың нәтижелері туралы Халықаралық есеп 2016 жылғы желтоқсанда жарияланады.

Алғаш рет Қазақстан *PIRLS-2016* атты бастауыш сынып оқу және мәтінді түсіну сапасын бағалайтын халықаралық зерттеуіне қатысады.

*PIRLS-2016* апробациялық зерттеуіне қатысу технологиясына сәйкес еліміздің 14 облысынан (Астана қаласын және Қарағанды облысын қоспағанда) 34 мектеп (20 қалалық және 14 ауыл мектептері) іріктелініп алынды.

*PIRLS-2016* апробациялық зерттеуіне барлығы 2 873 адам қатысты, оның ішінде 1 388 4-сынып оқушылары, 1 388 4-сынып оқушыларының ата-аналары, 63 бастауыш сынып мұғалімдері және 34 мектеп директорлары. *IEA* талабына сәйкес қатысудың ең аз көрсеткіші 90% болып табылса, нақты қатысушылар саны 98% құрады.

*PIRLS-2016* негізгі зерттеуі Қазақстанда 2016 жылдың сәуірінде өткізіледі.

## **6 Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру деңгейлеріндегі оқу-тәрбие үдерісі: тәжірибелер және инновациялар**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу» - делінген [12].

Білім берудің жаңа парадигмасы бүгінгі күннің сабағына өзінің әсерін тигізуде, инновациялық педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану білім берудің жаңа мазмұнын енгізуді талап етуде.

Оқытудың жаңа технологиялары педагогикалық іс-әрекетті қайта құрудың жүйелі тұтас құралы ретінде тиімді пайдалану оқу-тәрбие үрдісінің сапасын жақсарту, жеке тұлғаны дамыту міндеттерін шешуге септігін тигізеді.

Зерттеуші-ғалым В.П. Беспалько: «Педагогикалық технологияны оқушының жеке тұлғалық қалыптасу процесінің жалпы жобасы оқыту мақсаттарына жетудің кепілі», - десе [38], ал, А.Я. Савельев оқыту технологиясын оқу бағдарламаларында көрсетілген білім мазмұнын іске асыратын құрал ретінде қарастырады [39].

Оқыту технологиясын жобалау мәселесі, оқыту әдістерін таңдау дидактика үшін өте маңызды. Әдістерді таңдауда белгілі дидакт Ю.К.Бабанскийдің ұсынған өлшемдерін басшылыққа алуға болады: оқыту әдістерінің оқыту қағидалары мен заңдылықтарына сәйкестік өлшемі; оқыту әдістерінің оқу материалдарының мазмұнына, оның өзіндік ерекшелігіне сәйкестік өлшемі; әдістерді таңдауда оқушылардың мүмкіншіліктерін ескеру өлшемі [40].

Педагогикалық технология өзінің айқын түсініктілігімен, мұғалім меңгеруіне жеңілділігімен, оқыту үдерісінде қолдану тиімділігімен және әмбебаптылығымен ерекшеленеді. Сонымен, педагогикалық технология оқытудың тиімді жолдары арқылы оқыту үдерісінде қолданылатын әдістер, тәсілдер мен қағидаларды іріктеу болып табылады.

Қазіргі таңда республикамыздың жалпы білім беретін мектептерінің басым көпшілігінде дәстүрлі оқыту технологиясы қолданылады.

Бүгінгі таңда мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияларды ендіруді міндеттейді.

- болашақ мұғалімдерді ақпаратты қоғам жағдайында оқып білім алуға, өмір сүруге бейімдеу;

- жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологияға бейімделген білім берудің ғылыми әдістемелік базасын жасау, білім беру жүйесін жақсарту;

- дүниежүзілік ақпараттық білім кеңістігіне орта білім беру мен жоғары білім беру жүйесін сәйкестендіре отырып кіріктіру;

- білім берудің иллюстративтік түсіндірмелі жүйесін дамыта оқыту жүйесіне көшу.

Осыған орай, оқу-тәрбие үрдісін жетілдірудің қазіргі технологияларын



жетілдіріп, мектепте сабақ беруде қолдану арқылы білім сапасын жақсартуға болатындығына басым бағыт берілуде.

Оқыту түрі өз негізіне алынған *педагогикалық технология* сипатымен анықталады.

*Түсіндірме-көрнекілік (дәстүрлі, ақпарат жеткізу) оқыту түрі.* Мұндай оқуда мұғалім ауызекі сөзбен көрнекі құралдарды қолдана отырып, оқушыларға дайын материалды ұсынады, шәкірттер ақпаратты сол күйінде қабылдайды, қайталап айтып береді.

*Проблемалы* оқытуда ұстаз басшылығында оқу, дәріске байланысты мәселелерді шешу үшін оқушылардың өз бетінше оқу-ізденіс қызметтері ұйымдастырылады. Бұл оқу түрінің тиімділігі көптарапты: жаңа білім, ептілік, дағды қалыптасады, балалардың қабілеті, белсенділігі, танымдық қызығушылығы, шығармашыл ой-өрісі және басқа да тұлғалық маңызды сапа-қасиеттері дамиды.

*Дамытушы* оқу түрі оқушылардың білім, ептілік және дағдыларының күннен-күнге арта түсуіне қажет ішкі психологиялық жағдаяттардың (зейін, түйсік, қабылдау, ес, ойлау, сөйлеу және т.б.) жетіліп баруын қамтамасыз етеді. Оқу жедел қарқынмен жоғары деңгейде жүреді, білім игеру үдерісі саналы, мақсатты және жүйелі құрылып, негізінен, теориялық ақпарат, мәліметтерді меңгеруге бағытталады.

*Шығармашыл (эвристикалық)* – оқу проблемді және шығармашыл оқудың басты қағидаттарына негізделеді. Бұл оқуда оқушының білімдік табыстары белгіленген ғылыми білімдер кеңістігіндегі оның тұлғалық шығармашыл қабілеттерінің өзінше іске қосылуымен тікелей байланысты. Осыдан, мұғалім міндеті – баланың барша ұнамды адами қасиеттерінің (нышан, талант, дарын, т.с.с.) оянуына ат салысып, оларды білім игеру үдерісіне қоса білу.

*Тұлғалық бағдарлы оқудың* мәні – білімдену бағдарламалары мен оқу үдерісі әр оқушының жеке өзіне тән танымдық ерекшеліктерін ескерумен түзіледі әрі іске асырылады.

*Компьютерлік оқу және оқыту* қызметтері электронды есептеу машиналарының кері байланысты оқыту – бақылау бағдарламаларына негізделеді. ЭЕМ оқу үдерісіндегі білім мазмұнының игеріліп жатқандығы жөнінде кері ақпараттың дәл әрі молдығынан даралап оқуды күшейтеді.

*Модульдік оқытуда* – білімдік ақпараттың шағын дидактикалық бөлшегінің – модульдің көп тарапты қызметтер атқаруынан білім мазмұнының тұтастай игерілуін қамтамасыз етуге болады.

*Қашықтықтан* оқыту түрі қазіргі заман телебайланыс жүйесін пайдаланумен көзделген мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Сондықтан, мектептегі әрбір пәнді оқыту технологиясын таңдап, іріктеу және оны іс-әрекеттік тұрғыда жетілдіру арқылы оқушының білім жетістіктерін арттыруға болады. Мұнда оқушының әрекет технологияны қабылдауы, ынтасы, құштарлығына көңіл бөлінуі тиіс.

Жаңа технологиялардың пайда болуы және оларды іске асыру әрекеті оған тән құралдар мен механизмдерді өзгертіп қана қою емес, құндылықтар бағытын, білім, білік, дағдыны қалыптастыруымен сипатталады. Білім берудегі

жаңа технологиялардың негізгі сипаты - ізгілендіру. Білімдік технологиялар жеке тұлғаны ұйымдастыруға бағытталады, онда жеке пәндердің білімдік дәрежесі өзгеріп, олар қоршаған ортаны танудың құралына айналады, оқушылардың дүниетанымы кеңейеді, дамиды. Мұндағы басты мәселе білім мазмұнын байытуға бағытталған белсенді танымдық әдістерді қалыптастыратын жаңа технологияларды жасап, оны тәжірибеге ендіру.

Қазіргі кезде мектептің оқу-тәрбие үдерісінде 50-ден астам педагогикалық технологиялардың қолданылып жүргені мәлім.

Еліміздегі мектептерді шартты түрде екі топқа бөлуге болады: қазақстандық және халықаралық. Біріншісі әртүрлі белгілі педагогикалық әдістерді, сондай-ақ оқытудың ресми авторлық бағдарламаларын кіріктіріп, қандай да бір пәнді тереңдетіп оқытатын мектепті көрсетеді. Екіншісі халықаралық білім беру стандарттары бойынша жұмыс істейді және мектептің білім беру сапасының мазмұны кең көлемді халықаралық білім беру желісіне, жүйесіне немесе бағдарламасына «кіріктірілген».

*Жалпы білім беретін мектептерде* деңгейлеп оқыту технологиясы (Қараев Ж.Д.), жүйелік негізде оқыту технологиясы (Ғалиев Г.Г.), шоғырландырып-қарқынды оқыту технологиясы (Әбдіғәлиев Қ.А., Нурахметов Н.Н.), бөлімдік-модульдік технологиясы (Жампейісова М.Н.) және т.б. қолдау табуда.

Оқыту технологияларының қайсысын болмасын пайдалану жеңіл іс емес, ол оқытушыдан білімділікті, іскерлікті, еңбекқорлықты, шығармашылықты, құнттылықты, жаңашылдықты және мол дайындықты қажет етеді.

Дамыта оқытудың бір түрі – *модульдік оқыту технологиясы*. Модульдік оқытудың негізгі ұғымы – модуль. Модуль адамның өзін-өзі дамытуының тәсілі, мөлшері. Модульдік оқытуда білім мазмұнын, білімді игеру қарқынын, өздігінен жұмыс істей алу мүмкіндігін, оқытудың әдістері мен тәсілдері арқылы оқу әрекетінің дербестігін қамтамасыз етеді. Ғалым З.Б. Бейсембаеваның пайымдауынша, модуль – әрекеттің мақсатты жоспары, ақпараттар банкі мен дидактикалық мақсатқа жету үшін материал мазмұнын жекелеудің жолы, өз бетімен жұмыс жасаудың деңгейі [41]. Ал, ғалым М.М.Жампейісова оқыту технологиясының бірнеше ерекшеліктеріне тоқталды: оқыту технологияларының білімді меңгертуге емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық үдерістерді, (есту, көру, қимыл, т.б) ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, белсенді сөздік қорын (ауызша және жазбаша) дамытуға бағытталуы, сонымен қатар оқушылармен тұрақты және жүйелі жұмыс істеу мүмкіндіктеріне байланысты. Сонымен қатар, автор модульдік оқытудың құрылымына тоқталып, модульдік оқыту технологияларын меңгеру әдістемесінің негізгі шарттарын, негізгі қағидаларын ұстанды. Дидактиканың негізгі талдаптарына байланысты бірқатар өзгерістер енгізді. Олар оқушыларды оқытуға емес, тұлғалық бағыттылығын ұйымдастыру, танымдық қызметін ұйымдастыру, оқу үдерісін өзара сөйлесу негізінде құру деп көрсеткен [42].

Модульдік оқу технологиясының негізгі идеялары:

- модульдік оқыту іс-әрекет принципіне негізделген, оқушының белсенді

іс-әрекеті жүйелі болғанда ғана білім мазмұны саналы меңгеріледі. Мұғалім дайындаған тапсырмалар оқушыларды оқу мақсатына бағыттап, оның жаңа білімді қабылдауына жағдай жасайды. Модульдік технологияның психологиялық негізіне Л.С. Выготскийдің «Оқыту процесінде оқушының ақыл-ойының дамуы», «жақын арадағы даму» аймағынан «актуальды даму» аймағына ауысуы туралы теориясы алынды. Оқушы мұғалімнің немесе сыныптас жолдастарының көмегімен тапсырманы орындайтын болса, (көмек беру, бағыт көрсету), онда ол өзінің «жақын даму» аймағында деп саналады. Бұл баланың психикалық функциясының жетілуіне септігін тигізеді. Себебі: бүгін қасындағылардың (мұғалім, сыныптас жолдастары) көмегі. Модульдік оқыту технологиясында оқу материалдарын мөлшерлеп беру арқылы білім мазмұнын жетелеуге, оны игерудің қарқынын, жолын, әдіс-тәсілін жекелеуге, оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасын жекелеуге мүмкіндік туады.

*Ж.А. Қараевтың «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» педагогикалық технологиясы* қазір Қазақстанның бар аймағында ғылыми-тәжірбиеден, сынақтан өтіп, оқыту жүйесінің белсенді әдісіне айналды. Үш өлшемді әдістемелік жүйеде, оқыту келесі формула бойынша анықталады: мақсат – мотив - іс-әрекет- рефлексия -теориялық білім. Ж. Қараевтың деңгейлік оқыту жүйесі туралы іліміне сүйеніп, әр пән бойынша деңгейлік тапсырмалар дайындауға болады. Жалпы сабақ жоспарын кейінгі кезде мұғалімдер көбіне Ж.Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы бойынша дайындайды. Ол оқушылардың тақырыпты меңгеру үшін өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылады.

Ж. Қараевтың «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» технологиясының дидактикалық матрицасының әр деңгейінің сипаттамасына сай білімді меңгеру деңгейлерінің талаптарын ұсынамыз:

1-деңгей: оқушылық деңгей – репродуктивтік деңгей:

– жаттап алуға лайықталған анықтамалар, тұжырымдамалар, ережелер т.б.

– алдыңғы сабақта жаңадан меңгерілген білімнің өзін өзгертпей қайталап, пысықтауға арналған сұрақтар;

– тапсырмалар жаңа тақырып үшін тиімді және өмірмен байланысты болуы керек. Жаратылыстану пәндерінде мұндай талаптар жаңа тақырыпты игеру соңында орындалатын ұқсас тапсырмалар құру арқылы жүзеге асырылады және олар оқушының өзі қорытып шығарған ереже, анықтама, заңдарын бекітуге арналады.

2-деңгей: алгоритмдік деңгей – елеулі белгілерді есте сақтау дағдысына негізделеді:

– өтіп кеткен материалдарды реттеуге және жүйелеуге берілген тапсырмалар, бірақ оларды орындау үшін алған білімдерін түрлендіріп, тереңдете пайдалануды қажет етеді. Жаратылыстануда мұндай іс-әрекетке келтірілетін тапсырмалар: мәтінмен берілген есептер, тапсырмалар, сұрақтар, тәжірибелер т.с.с.

– оқушының ойлау қабілетін жетілдіруге берілетін тапсырмалар. Оларда біздің ұлттық ерекшеліктерімізді ескеріп, танымдық және үйретімділік маңызы

болуы қажет болады. Бұлар: логикалық есептер, ребустар мен сөзжұмбақтар.

3-деңгей: тапсырмалары – эвристикалық танымдық іздену түрінде орындалатын тапсырмалар:

– танымдық іздену (эвристикалық) түрдегі тапсырмаларды орындау барысында оқушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген алғашқы қарапайым білімдерін (заңдылықтар шығару, анықтамалар, формулаларды жаттау, т.с.с.) жетілдіріп, тереңдетумен қатар, ол тағы да жаңа білімді меңгеріп, өзі үшін жаңалық ашуы тиіс. Мұндай жұмыс – анализ бен синтез, салыстыру арқылы тақырыптағы негізгі білімді анықтау, қорытындылау, әртүрлі әдіс-тәсілдермен есептер шығару, ребустар, сөзжұмбақтар құрастыру, проблемалық жағдайларды шешу, дағды қалыптастыруға арналған сұрақтар;

– өздігінен мысалдар мен есептер, сұрақтар құрастыру және оны өздігінен шығару, өмірден алынған мәліметтер негізінде диаграмма, графиктер салу, жергілікті жағдайда өлшеу жұмыстарын жүргізу, көрнекі құралдар дайындауға берілетін тапсырмалар.

4-деңгей: шығармашылық деңгей:

– оқушылардың жинаған өмірлік тәжірибесі мен қалыптастырған ұғым, түсініктерінің, қиялы мен белсенді ой еңбегінің нәтижесінде жаңаша, белгілі бір дәрежеде олардың жеке басының икемділігін байқататын дүние жасап шығуына негізделген: теореманы дәлелдеу, заңдылықтарды мұғалімнің көмегінен қорытып шығару, олимпиадалық тапсырмаларды орындау, өздігінен тақырыпқа реферат, баяндамалар дайындау [43].

*Г.Г. Ғалиев «Жүйелік негізде оқыту технологиясы»* оқушылардың біліктілігі мен икемділігін қалыптастыру сабақ үстінде және үйге немесе сабақтан тыс уақыттарда берілетін шығармашылық тапсырмаларды орындау кезінде жүзеге асырылады. Мұндай тапсырмаларды орындату және оларды ұжым алдында қорғату сабақтың тиімділігін, оқушылардың білім сапасын арттырады және сабақтың дамытушылық мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Қойылған міндеттерге жету жолында мынадай зерттеу әдістері қолданылды: ғылыми-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді зерделеу; оқулықтар мен оқу құралдарын, осы технология бойынша жинақталған отандық және шетелдік педагогикалық тәжірибелерді зерттеу, зерделеу, бақылау, оқытушылық тәжірибе. Жүйелік тәсіл технологиясын қолдану бүгінгі күні әлеуметтік-экономикалық жағдайда бәсекелеске қабілетті маманды дайындау мақсатын жүзеге асырумен, оқу үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізу және оқушының танымдық және шығармашылық қабілетін, меңгерген білім мен дағдысын практикада қолдану біліктілігін дамыту және қолдаумен анықталады.

Технология бойынша оқыту үздіксіз дидактикалық ойын түрінде құрылады және бірнеше кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде оқушылардың танымдық қызметке дайындығын анықтау және білімді түзету мақсатында білім мен біліктіліктің кірістік тексерілуі жүргізіледі. Екінші кезеңде өзіндік жұмысты жоспарлау жүргізіледі. Оқушылар білімді тексеруге арналған сұрақтардан тұратын өзін-өзі басқару карточкаларымен танысады. Үшінші кезеңде жүйелік-құрылымдық талдау және жалпылау (анализ және синтез) көмегімен білімнің

теориялық жалпылануы жасалады, тақырып бойынша меңгерілген білім иерархиялық өзара байланыстарын көрсету арқылы тұтас бейне түріндегі белгілі бір жүйеге келтіріледі.

Бұл технология оқу материалының құрылымдануы мен оқушыларды ғылыми таным әдісіне үйретуді үйлестіреді. Білім жүйесін құру үшін әуелі пән саласының әртүрлі жақтарын сипаттайтын және түсіндіретін білім элементтерін анықтайды. Кейін осы элементтер арасындағы байланыстарды тағайындайды. Ал бұл білім кешенін біртұтас жүйе ретінде біртіндеп баяндау және меңгеруді қамтамасыз етеді.

Жүйелік тәсіл технологиясымен оқыту төмендегі сұлбе бойынша жүргізіледі:

Оқытушы сабақтың дидактикалық мақсаты негізінде оқу материалының мазмұнын, оқытудың әдіс-тәсілдерін, сабақты өткізу пішімдерін таңдап, сабақты әзірлейді. Сабақты баяндау барысында тақырып бойынша әзірленген көрнекіліктерді пайдалану арқылы үйретілетін материалды жан-жақты қарастырады: сыртқы әсер ету факторлары және оларды ескеру, тақырып бойынша туатын мәселелерді шешу, өмірмен байланыс, зерттеулер жүргізу және отандық тәжірибе). Материалдың білімдік элементтерін анықтау бойынша шығармашылық тапсырмалар береді. Тақырыпты бекіту өзін-өзі басқару карточкаларының және оқу карталарындағы үш деңгейлі тапсырмаларын орындау негізінде жасалады.

Қ.А. Әбдіғәлиев «Шоғырландырып-қарқынды оқыту технологиясы» зертханалық жұмыс барысында оқушылардың өздерінің ізденуіне, талқылауына, жоспарлануына негізделген. «Шоғырландырып - қарқынды дамыту» технологиясы әлемдік көзқарасты қалыптастыруда тиімді оқыту технологиясы болып табылады, себебі: зертханалық жұмыс барысында оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау және шығармашылық қабілеттерінің артуына көмегін тигізеді. Проблеманы оқушылар өз бетінше шешуінен алған білімінің нәтижесін қолдануына сенімділіктері артады.

Шоғырландырып – қарқынды оқыту технологиясының тиімділігі:

1. Оқушылардың білім алуын психологиялық ерекшеліктерімен байланыстыра игеруге мүмкіндік береді.

2. Өткен материалды- бір күн ішінде бірнеше қайтара қолдану арқылы түсіну, қайтадан оқу қабілеттері артады.

3. Өздері жұптық-топтық жұмыстар жасау негізінде- әдіс-тәсілдік ерекшеліктер деңгейі артады.

Шоғырландырып- қарқынды оқыту технологиясын тиімді пайдалану үшін мұғалімнің жоғары талабы мен оқушылардың дайындығы жоғары деңгейде болуы керек. Білім сапасының нәтижесі оқытудың дәстүрлі репродуктивті және түсіндірмелі әдісіне қарағанда жоғары көрсеткіштерге ие болатыны анық.

Бүгінгі таңда жана технологияларды оқу үдерісінде қолдануда халықаралық мектептер мол тәжірибе жинақтаған. Қазақстандық және әлемдік білім беру жүйелерінің үздік дәстүрін үйлестіріп мектепте білім берудің инновациялық моделін қалыптастыруда[44].

Солардың бірі «Haileybury Almaty» мектебі. Онда білім беру – тұлғаның

жекелеме таңдауы және ұжымдық оқыту қағидасымен сараланып оқытылады. Әр оқушының жас ерекшелігін және қабілетін ескере отырып апта сайын арнайы сабақ кестесі жасалынған. Тереңдетіп оқыту үшін кейбір пәндерден топтарға бөлінген. Ол үшін білім беру бағдарламасының орталығы жұмыс жасайды, студенттерге кең деңгейлі оқыту тренингтерін ұсынады.

Дайындық тобы бөлімінен (*Crèche*-тегі) бастап бүлдіршіндердің өнер және музыка саласындағы мамандардан да тәлім алуға мүмкіндіктері бар. Бөбектер (*Nursery*) топтары мектеп формасын киіп, мектеп жиналыстарына қатысып, әр тоқсандық және пәнаралық тақырыптарды оқып үйренуге байланысты сабақтың барынша құрылымды ережелерін сақтайды. Кіріспе сабақтары барынша көрнекілік сабақтар мен оқу, жазу, қарапайым математика сияқты оқыту құралдарына қол жеткізуге көбірек көңіл бөлу арқылы ресми мектеп ұғымын таныстырудан бастайды. Ағылшын тілі бірінші болып таныстырылады: кітапханашының тұрақты келіп тұруы; әңгімелер тыңдау. Барлық оқушыларға қазақ және орыс тілдері сабақтары жүргізіледі. Аптасына екі рет дене шынықтыру және бейнелеу өнері сабақтары жүреді.

**Ки Стейдж Бірде** Дайындық тобының жалғастырушы. Оқу жоспары Англия және Уэльс Ұлттық Оқу жоспарына негізделген. Пәнаралық сілтемелер барынша білім өрісін кеңейту және сөздің мәнмәтіндік мағынасын үйрену үшін жасалған. Ағылшын тілін жетік меңгерген оқытушылар оқушыларға математика мен ағылшын тілі, ғылым, тарих пен география, дизайн мен технология және өнер пәндерінен сабақ береді. Сонымен қатар оқушыларға қазақ, орыс тілдері, бейнелеу өнері, дене шынықтыру, ақпараттық технология және музыка пәндерінің білікті оқытушылары тәлім береді. Ағылшын, қазақ, орыс тілдерімен бірге, испан және қытай тілдері де ең қажетті әлем тілдері болып табылады. Осы таңдамалы (ерікті түрде оқытылатын) тілдерді енгізу арқылы пәндер ұсынысы кең өріс алады.

Ки Стейджде оқушыларға алуан түрлі музыкалық аспаптарда ойнау мүмкіндігі туады. Ки Стейдж әрбір баланың өз бетінше жұмыс істеп, жауапкершіліктерін арттыруға жігер беру үшін ата-ана және баламен бірігіп жұмыс істейміз.

Әр стейджде екі сыныптан, әр сыныптың өз тәжірибелі оқытушысы және оқытушы көмекшісі бар. Туғызылып отырған осындай жағдай оқушылардың Хэйлибери Астана мектебінде тәлім алып, өсіп-жетілу барысында әр оқушының қажеттілігі мен жеке қабілеттеріне толықтай көңіл бөлу мүмкіндігін береді.

**Ки Стейдж Екіде** көлемі үлкен оқу жоспарын ұсына отырып, оқуын Англия және Уэльс Ұлттық оқу бағдарламасы бойынша жалғастырады, бірақ өнер, дизайн технологиясы, дене шынықтыру, ақпараттық технология, музыка, драма, қазақ, қытай, испан және орыс тілдері сияқты көптеген пәндерден кәсіби оқытушылар сабақ береді. Барлық сыныптарда қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сөйлейтін оқытушы көмекшісі өз көмегін көрсететін болады. Кең көлемді Сыныптан тыс іс-шаралар бағдарламасы балалардың оригами (қағаздан фигуралар жасау өнері), домбыра оркестрі не регби (доп ойыны) сияқты әр түрлі іс-шаралармен айналысуына мүмкіндік туғызады.

## Н. Назарбаев атындағы білім қоры

Нұрсұлтан Назарбаев атындағы білім қоры әлемде қолданылып келе жатқан көптеген білім модельдерінің ішінен білім беру мазмұнындағы, білім беру үдерісін ұйымдастырудағы ұлттық және халықаралық компоненттерді теңгеру идеясымен үйлесетін Халықаралық Бакалавриат Бағдарламаларын (*IB – International Baccalaureate*) таңдап алып жұмыс жасайды.

Халықаралық Бакалавриаттың Бастауыш мектепке арналған Бағдарламасы (*IB PYP*) – Халықаралық Бакалавриат ұсынатын үш бағдарламаның бірі болып табылады [45]. Бағдарламаның басты атрибутына ұлттық және халықаралық тәжірибенің озық үлгілерін қолдану, балаларға сапалы білім беру жүйесін жасау мақсатымен еліміздегі білім беру саласына халықаралық оқу бағдарламалары мен нормаларын енгізу және оны тарату жатады.

Халықаралық Бакалавриат Бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында Нұрсұлтан Назарбаев атындағы білім қоры инновациялық үш мектеп ашты: Алматы және Астана қалаларында «Мирас» мектептері, Алматы халықаралық мектебі.

Қазіргі уақытта «Мирас» Қазақстан Республикасында жаңа бағдарламалар мен педагогикалық технологиялар енгізген, ұлттық және халықаралық білім беру жүйелері талаптарын кіріктіре үйлестірген бірден-бір инновациялық мектеп моделі болып отыр [46].

*«Мирас» мектебі – Қазақстандағы Халықаралық Бакалавриаттың үш бағдарламасы бойынша авторизация сынағынан өткен. Сонымен қатар, Халықаралық мектеп Кеңесі (CIS) және Жаңа Англия мектептері мен колледждері Қауымдастығы (NEASC) тарапынан да авторизацияланған.*

Орта мектепте Білім берудің Ұлттық стандарттарының мазмұнды компоненттерін Халықаралық Бакалавриат бағдарламалары оқу философиясы мен оқыту қадамдарына қойылатын талаптарымен кіріктіру арқылы жаңа педагогикалық технологиялар мен әдістемелер енгізілген. *Орта мектепке арналған Халықаралық Бакалавриат бағдарламасы (MYP) 11-16 жастағы (6-10 сыныптар) оқушыларға арналған. Бұл халықаралық бағдарлама заманауи қоғам талаптарына сәйкес оқушылардың білім алуына, білік және дағдыларды меңгеруіне бағытталған. IB MYP негізгі ұстанымдарының біріне – бағдарламаның икемді болуы, оқу үдерісіне жасалатын ортақ қадамдарды қолдану талаптарын сақтаған кездегі академиялық толықтыруларды таңдаудағы үлкен еркіндік жатады.*

Сабақтарда өзара әрекет ету салалары бойынша барлық негізгі оқу дағдыларын қамтитын жобалау әрекеті шешуші орынды иемденеді. *Орта мектепке арналған Халықаралық Бакалавриат бағдарламасын 9, 10 сынып оқушыларының Жеке жобаны орындауы арқылы аяқталады. Жеке жоба қайсыбір пән бойынша орындалған Дипломдық жұмыс емес. Бағалау кезінде бірінші кезекте Жобаны әзірлеу және оны орындау кезінде оқушының пайдаланған дағдыларды меңгеруіне басты көңіл бөлінеді. Екінші кезекте өндірілген өнім сапасына көңіл бөлінеді.*

*IBMYP бағдарламасын аяқтау студенттерге IBMYP сертификатын алуға*

құқық береді, немесе сыртқы модерация арқылы Халықаралық Бакалавриат бекітетін *MYP* бағдарламасы бойынша оқу курсы өткендігін растайтын, әлемдегі ресми түрде мойындалған құжат – Жетістіктер Есебіне алынады. Жетістіктер есебі студент нақты баға алған барлық модерациялық пәндер бойынша жұмысының нәтижесі болып табылады. Сертификат барлық орнықтырылған талаптарды орындаған студенттерге ғана беріледі. *MYP* бағдарламасы бойынша оқу үш тілде жүреді: ағылшын тілінде (6-10 сыныптар), орыс тілінде (6-10 сыныптар) және қазақ тілінде (2010 жылдан 6-7 сыныптар).

Нұрсұлтан Назарбаев атындағы білім қоры мектептеріндегі білім беру процесі оқушылардың тұлғалық қасиеттері мен әлеуетті мүмкіндіктерін дамытуға тиімді жағдай жасауға, қоршаған әлеммен өзара байланыста болу, өздігінен ойлау, өзін еркін тани және көрсете білу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Мектептердің білім беру жүйесінің тұжырымдамалық, мазмұндық және іс-әрекеттік компоненттеріне Халықаралық Бакалавриат Бағдарламаларына сәйкес өзгеріс жасалынған. Білім беру мақсаттарын қайта қарап, білім мазмұны Халықаралық Бакалавриат Бағдарламаларына бейімделген, инновациялық технологиялар мен әдістемелер, студенттердің оқудағы жетістіктерін бағалаудың өлшемінің жүйесі енгізілген.

«Мирас» мектептері – негізгі мектепті бітіргені туралы Халықаралық Сертификатқа емтихан (*IGCSE* – Британ стандарты) қабылдайтын Халықаралық Емтихан Орталығы ретінде Кембридж университетінің аккредитациясынан өтеді.

Үш мектептің үшеуі де негізгі мектеп бағдарламасы (*IB MYP - Middle Years Programme*) бойынша авторизациядан өтіп, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі қабылдаған, негізгі мектепті бітіргені туралы қазақстандық куәлікке пара-пар келетін Халықаралық Сертификат беру құқығын алған.

Жоғарғы сатыдағы оқытуды ұйымдастырудың беделді әрі сапалық тұрғыдағы жаңа формасы әлемдегі жетекші университеттерге қабылдау емтихансыз түсуге құқық беретін Дипломдық Бағдарлама (11–12 сыныптар) (*IB DP – Diploma Programme*) болып табылады. Соның арқасында «Мирас» мектептерінің түлектері Гарвард, Оксфорд, Кембридж, ММХҚИ, ММУ және әлемнің басқа университеттерінде білім алуды жалғастырады.

## **«КАТЕВ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОРЫ**

Қор Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен Қазақстан Республикасы аумағындағы қазақ-түрік білім мекемелерінің білім беру қызметі аясындағы ынтымақтастық туралы 17.03.2003 жылдан өзара келісімі негізінде жұмыс істейді [47].

Қазіргі таңда «КАТЕВ» ХҚҚ-ына қарасты оқу ордалары халықаралық *ISO 9001-2000* сапа менеджменті жүйесінің стандарттарын иеленіп Түркия стандарттау институтымен тығыз жұмыс істеуде.

«КАТЕВ» қоры халықаралық деңгейдегі жаңа мектепті тиісті реформаға сай, яғни жас ұрпақтың білімі әлемдік білім деңгейіне жетсін деген талапты



орындау үшін ашып отыр.

«KATEV» қоры қазақ-түрік лицейлерінің оқу-тәрбие ісін жүргізумен қатар, республикалық және халықаралық деңгейдегі әртүрлі әлеуметтік-мәдени, ғылыми-ағарту шаралар ұйымдастырады.

Оқушылардың ізденгіштік қабілетін жетілдіру үшін жан-жақты жұмыстар қолға алынған.

Лицейлерде сабақ Қазақстан мен Түркияның білім саласындағы елеулі артықшылықтар мен жетістіктері негізінде арнайы жасақталған бағдарламаға сай өтеді. Басқа елдердің білім беру мекемелерімен ынтымақтастық орнатылған, халықаралық оқушылар жарысына дайындық мақсатты түрде жүргізіледі.

Оның сыртында ғылыми көрмелер мен халықаралық конференцияларға қазақ-түрік лицейлерінің шәкірттерінің ұсынған баяндамалары әлденеше рет жүлделі орындарға ие болды.

Қордың негізгі қызметі – орта және жоғарғы оқу орындарын, ақылы оқу курстары мен өзге де арнайы мамандандырылған курстар құруды ұйымдастыру, сондай-ақ өзіне қарасты білім мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға, оқытудың жаңа педагогикалық, ақпараттық технологияларын енгізуге, білікті кадрларды жұмысқа тартуға мүмкіндігінше қаржылай және өзге де нысанда көмек көрсету.

Бұған қоса қор жыл сайын Республикалық «Дарын» ғылыми-тәжірибелік орталығымен бірлесе өткізетін ІМРС мектеп оқушыларының халықаралық жоба жарыстары, оқу-әдістемелік семинарлар, конференция, білім көрмесі секілді түрлі әлеуметтік-мәдени бағдарламалар мен жобаларды қаржыландыруды жүзеге асырады.

### **Қазақ-түрік лицейлерінің мақсаты:**

Білімді, көп тілді меңгерген, өз елінің ертеңі үшін болашақта бәсекеге қабілетті, Отансүйгіш, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсететін, өз ұлтының құндылықтарын бойына сіңірген және оны қорғай алатын болашаққа үлкен үмітпен және сеніммен қарайтын, достық пен бауырмалдықты бойына сіңірген бейбітшілік пен келісімде өмір сүруді ғұмырына ту еткен жас ұрпақты тәрбиелеп шығару [48].

Қазақ – түрік лицейлерінде төрт тілде білім беру жүйесі.

Қазақ – түрік лицейлерінде тіл үйретуге ерекше мән беріліп, оқыту процесінде бүкіләлемдік озық әдіс-тәсілдер қолданылады.

Аталмыш білім ордаларында төрт тілде (қазақша, орысша, ағылшынша, түрікше) білім беріледі.

Дәлірек айтар болсақ, шет тілі (ағылшын тілі), математика, информатика, физика, химия, биология пәндері ағылшын тілінде; қазақ тілі, қазақ әдебиеті, қазақ тілі (орыс сыныптары үшін), қазақ әдебиеті (орыс сыныптары үшін), қоғамдық білім негіздері, құқық негіздері, Қазақстан тарихы, жалпы тарих, география, дене шынықтыру, алғашқы әскери дайындық пәндері қазақ тілінде; русская речь, русский язык, русская литература орыс тілінде өтеді.

Түрік тілі пәні түрікше оқытылады.

Қазақ тілі (қазақ тобы) - қазақ мектептері деңгейінде.

Қазақ тілі (орыс тобы) – орыс мектептеріне қарағанда тереңдетілген деңгейде.

Орыс тілі – қазақ мектептеріндегі орыс тілі деңгейінде.

Ағылшын тілі бойынша 7 – сыныпты бітірген кезде оқушылар белгілі бір деңгейде ауызекі сөйлеу тілін еркін меңгереді.

11-сыныпты бітірген кезде ағылшын тілінің *Advanced* деңгейін толық меңгеріп шығады. Түрік тілі – 7-сыныпта бастауыш деңгейде, одан жоғарғы сыныптарда қалыпты деңгейде оқытылады.

«НұрОрда» қазақ-түрік лицей-кешені «*KATEV*» Халықаралық қоғамдық қорының жетекшілігімен жұмыс атқарады. Қор лицей-кешенінің оқу және тәрбие – іс-шараларының негізін басқарады, білім беру бағдарламаларын лайықты түрде меңгерту үшін ұстаздарға қолайлы жағдайлар жасалуын, материалды-техникалық базаның қаржылай қамтамасыз етілуін, білім беру бағдарламаларының сапасы мен мазмұнының үнемі жетілдірілуін, жаңа педагогикалық, ақпараттық, технологиялық білім беру жүйесінің дер кезінде енгізілуін қадағалайды.

Оқыту тілі қазақша. 1-11-сыныпқа дейін оқушылар қабылданады. Ағылшын тілін оқу 1-6-сыныптарда – 4 сағат енгізілген. 3-сыныптан бастап информатика, 5- сыныптан түрік тілі оқытылуда. 7-сыныптан бастап жаратылыстану - математика бағыты бойынша пәндер ағылшын тілінде тереңдетіле оқытылады.

«НұрОрда» қазақ-түрік лицей-кешенінде жаңа үлгідегі сыныптар, медиа, интерактивті тақта, *iMac* компьютерлерімен жабдықталған зертхана, спорт және музыка залдары, жүзу хауызы, интернетке қосылған кітапхана, оқырман залы, асхана, мәжіліс залы бар. 1-6 сыныпта *Susan House, Katharine Scott, Paul House*; Стамбул «*Selt publishing*» баспа үйінде басылған оқулықтар қосымша оқытылады.

**«НұрОрда» қазақ бастауыш мектебі** 1-3 сыныптарда оқушылардың ауызекі сөйлесу мәдениетін, заттарды тану, оны оқи білу, жаза білу дағдысын қалыптастыру мақсаты көзделген. Мұғалімдердің сабақта қолданатын әдіс-тәсілдері: *Dyadic Echange* (жұптасып оқыту), *Cooperative Learning Group* (топтық оқыту), *Direct Teaching Method* (мұғалімнің өзіндік әдістемесі), *Showing pictures* (көрнекілік әдісі), *Naming pictures* (суретті баяндау, ат қою әдісі), *Watching videos* (видео сабақтары).

**«НұрОрда» қазақ-түрік лицейінде** оқыту 7-11 сыныптарда төрт: қазақ, ағылшын, түрік және орыс тілдерінде жүргізіледі. Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы, география, «Адам. Қоғам. Құқық», дүниежүзі тарихы, алғашқы әскери дайындық, дене шынықтыру, өзін-өзі тану, сызу – қазақ тілінде, ағылшын тілі, алгебра, геометрия, физика, химия, биология, информатика – ағылшын тілінде, түрік тілі – түрік тілінде, орыс тілі, орыс әдебиеті – орыс тілінде оқытылады.

**«НұрОрда» халықаралық мектебі** 2011 жылдың 2 қыркүйегінде Кембридж халықаралық мектебінің статусын алды. Кембридж халықаралық

білім беру бағдарламалары бастауыш сыныптарынан бастап, орта мектеп пен жоғары оқу орындарына түскенге дейін жалғасады. Кембридж халықаралық білім беру бағдарламалары келесідей атақты біліктіліктен құралады: *Cambridge Primary* (бастауыш сыныптары), *Cambridge Secondary 1* (орта буын), *Cambridge IGCSE*, *Cambridge International AS/A Levels*.

Біздің мектеп төмендегі біліктілікті ұсынады:

*Cambridge Primary Checkpoint*

- Ағылшын тілі
- Ағылшын тілі шет тілі ретінде
- Математика
- Жаратылыстану

*Cambridge Secondary Checkpoint*

- Ағылшын тілі
- Ағылшын тілі шет тілі ретінде
- Математика
- Жаратылыстану

*IGCSE*

- 0610(1): Биология
- 0620(1): Химия
- 0625(1): Физика
- 0510(1): Ағылшын тілі шет тілі ретінде (ауызша компонент)
- 0580(1): Математика (курстық жұмыссыз)
- 0417(1): Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар (АКТ)
- 0532(1): Қазақ тілі шет тілі ретінде
- 0516(1): Орыс тілі ана тілі ретінде

*AS /A Levels*

- 8693: Ағылшын тілі
- 9695: Ағылшын тілі және әдебиеті
- 9696: География
- 9697: Тарих
- 9700: Биология
- 9701: Химия
- 9702: Физика
- 9709: Математика
- 9713: Қолданбалы АКТ [48].

**Назарбаев Зияткерлік мектептер** инновациялық білім беру моделін әзірлейді, олар қазақстандық және халықаралық үздік тәжірибені интеграциялайды [45]. Зияткерлік мектептер білім берудің екі моделін іске асыруда: – **біріншісі** – ДББҰ-ның стратегиялық әріптесі Кембридж университетінің Халықаралық емтихан кеңесімен бірлесіп әзірлеген жаратылыстану- математика бағытындағы Кіріктірілген білім беру бағдарламасы; – **екіншісі** – Халықаралық Бакалавриат бағдарламасы.

Стратегиялық мақсатқа қол жеткізу үшін отандық және халықаралық білім беру бағдарламаларын үздік мазмұнын, сондай-ақ сабақ беру мен оқытудың үздік отандық және халықаралық тәжірибесін интеграциялау жүзеге асырылады. Қазақстандық мектептердің дәстүрлі түрде күшті жақтарымен біріктірілетін отандық және шетелдік алдыңғы қатарлы практикалар өзіне мыналарды қамтиды: үздік халықаралық мектептерге қойылатын талаптардың деңгейіне сәйкес келетін инновациялық Кіріктірілген білім беру бағдарламасы, үш тілде білім беру, оқу және оқудан тыс қызметті интеграциялау, құндылыққа бағдарланған білім беру, әлеуметтік жобаларды енгізу, жаңа педагогикалық әдістемелер мен технологияларды енгізу, соның ішінде:

- оқушыларды белсенді оқыту, өз бетінше оқуын дамыту;
- пәннің мазмұны мен тілді оқытуды интеграциялау;
- шығармашылық және сыни ойлауды дамыту;
- АКТ және *WEB 2.0* технологияларын тиімді пайдалану;
- зерттеу дағдыларын дамыту;
- ынтымақтастықты, коммуникативтік дағдыларды және мәдениаралық қарым-қатынасты дамыту.

Зияткерлік мектептерде *үш тілді орта құру* оқушылардың жалпы дамуына ықпал етеді. Осы саланың негізгі ерекшелігі үш тілде сабақ беру мен сабақтан тыс қызметті жүргізуді білдіреді, бұл қосымша ақпаратқа қолжетімділікті және басқа мәдениеттерді түсінуді кеңейтеді. Әрбір Зияткерлік мектептер өз тәжірибесін көрсете отырып, 3–7 мектеппен әріптестікте жұмыс істейді: коучинг және консалтинг – топтық және жеке консультациялар; шеберлік сабақтары; жаңа оқу технологиялары мен әдістемелері, үш тілді орта, сыни бағалау жүйесі, тәрбие жұмысындағы бағыттар мен көзқарастар бойынша семинарлар; кітапхана қызметін ұйымдастыру жөніндегі консультациялар; Зияткерлік мектептер базасында мектеп директорлары үшін практикалар (*Job Shadowing*) ұйымдастыру; үздік халықаралық тәжірибе мен практиканы ұсыну.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдері бойынша деңгейлі оқу бағдарламаларын әзірлеу үшін негіз ретінде шет тілін меңгерудің алты деңгейден тұратын жалпы еуропалық құзырет жүйесі пайдаланылды. Осы жүйеге сәйкес *A1* тілді білу деңгейі ең төменгі, ал *C2* ең жоғары болып табылады. Зияткерлік мектептердің оқушылары 12-сыныпты бітірген кезде бірінші тілді *C2* деңгейінде, екінші тілді *C1* деңгейінде және ағылшын тілін *C1* деңгейінде білетін болады деп күтілуде. Ағылшын тілін *C1* деңгейінде білу *IELTS* халықаралық тестінің 6,5–7,5 балына сәйкес келеді, бұл әлемнің жетекші университеттеріне түсу және оқу үшін академиялық ағылшын тілін білудің көрсеткіші болып табылады [45].

Осылайша, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің директорлары мен педагогикалық құрамы әртүрлі шеберлік сабақтарын, семинарлар, ғылыми-практикалық конференциялар өткізу арқылы сабақ беру мен оқыту, мектепті басқару және көшбасшылық мәселелерінде өз тәжірибесімен бөліседі. Зияткерлік мектептерге базалық мектеп қызметкерлерінің баруы, базалық мектеп оқушыларының Зияткерлік мектептердің пәндік олимпиадаларына қатысуы ұйымдастырылады. Базалық мектептерге Кембридж Университетімен

бірлесіп, үш деңгей (ілгері, базалық, негізгі,) бойынша әзірленген Кіріктірілген білім беру бағдарламасы негізінде бейімделген оқу бағдарламаларын, таңдауы бойынша курстардың байқаудан өткен бағдарламаларын беру жоспарланды.

ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы (ПШО) жалпы білім беретін мектептер мұғалімдерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру жолымен республиканың мұғалімдерінің педагогикалық шеберлігін дамытады. Орталықта деңгейлік бағдарламаларды әзірлеу, жаттықтырушыларды, бағалау жөніндегі сарапшыларды дайындау ұйымдастырылған, осылайша елдің педагогтерін жаңа деңгейде кәсіби дамыту үшін жүйелі шаралар қабылданды.

Зияткерлік мектептерде енгізілетін және іске асырылатын халықаралық деңгейдегі педагогикалық практикадан үздік мысалдар курстардың негізі болды. Деңгейлік бағдарламалардың мазмұны мынадай мәселелерді кешенді қарауға негізделеді:


- сабақ беру мен оқытудағы жаңа көзқарас;
- сыни тұрғыдан оқыту;
- оқыту үшін бағалау және оқытуды бағалау;
- сабақ беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;
- талантты және дарынды балаларды оқыту;
- оқушыларға жас ерекшеліктеріне сәйкес сабақ беру және оқыту;
- оқытудағы басқару және көшбасшылық.

Осылайша, Зияткерлік мектептердің директорлары мен педагогикалық құрамы әртүрлі шеберлік сабақтарын, семинарлар, ғылыми-практикалық конференциялар өткізу арқылы сабақ беру мен оқыту, мектепті басқару және көшбасшылық мәселелерінде өз тәжірибесімен бөліседі. Зияткерлік мектептерге базалық мектеп қызметкерлерінің баруы, базалық мектеп оқушыларының Зияткерлік мектептердің пәндік олимпиадаларына қатысуы ұйымдастырылады. Базалық мектептерге Кембридж Университетімен бірлесіп, үш деңгей (базалық, негізгі, ілгерілеген) бойынша әзірленген Кіріктірілген білім беру бағдарламасы негізінде бейімделген оқу бағдарламаларын, таңдамалы курстардың байқаудан өткен бағдарламаларын беру жоспарланды.

Жалпы білім беретін мектептердің оқушыларына онлайн сабақтар мен мұғалімдері үшін онлайн семинарлар өткізіледі. Жобалар жалпы білім беретін мектептерде сабақ беру сапасын арттыруға бағытталған. Онлайн сабақтар мен семинарларды Зияткерлік мектептердің мұғалімдері өткізеді.

Қазақстан Республикасы жалпы білім беру мектептерінде зияткерлік мектептердің тәжірибесі кеңінен тараған. Соның бірі көшбасшысы ретінде директорлардың тиімді тәжірибе қоғамдастығын құру [45].

Көшбасшы қасиеттерін жетілдіру үшін мектеп басшысының басты жеті рөлі ұсынылады (87-сурет).



87-сурет – Мектеп басшылығы басшылыққа алуы тиіс жеті тәжірибелік аспекті

Қазіргі мектептердің білім сапасын басқару жұмысында коучингті қолдану оқытудың сапасын арттыруға өзіндік үлес қосады. Коучинг – мұғалімнің іс-тәжірибесін жетілдіреді. Мұғалім өз жұмысында жетістікке жетуіне мүмкіндік беретін іс-әрекетті талдау және ол туралы ойлануға арналған құралдарды ұсыну мүмкіндігі коучинг факторы болып табылады. Коучинг қызмет емес, қарым-қатынас болып табылады, оның барысында тәлімгерлер объективті тыңдаушы және бағыттыушы болады. Коучинг мұғалімдерге өз мүмкіндіктерін пайдалануға көмектесу деген ұстанымға негізделген. Коучинг аяқталған соң мұғалімдер арасында орнаған қарым-қатынас біліктілігі төмендеу мұғалімнің өзіне-өзі көмектесуіне мүмкіндік алып проблемалардың шешуін өзінше табуға көмектеседі, себебі тәлімгерлік түзету қағыдатына емес, даму қағидатына негізделген.

«Тәлімгерлік» пен «коучинг» ұғымдары ұқсас қызмет түрлерін сипаттау үшін әдетте синоним ретінде қолданылады, осыған байланысты осы санаттардың мағыналары араласып кетуі ықтимал. Олардың әрқайсысына тән айырмашылықтар:

*Коучинг* – (ағылш. *coaching*) сөзбе-сөз аудармасы – *тәлім ету, дайындау, жаттықтыру*. Бұл – әріптестердің (коуч пен әріптесі) құпия, белсенді және

жасампаз өзара әрекеттестік үдерісі. Оның барысында қолданыстағы оқыту тәжірибелерін бірлесіп ойластыру, идеялармен алмасу, коуч тарапынан рефлексиялық диалогқа тарту негізінде басқа мұғалімдер өз жұмысының жекелеген салаларын жетілдіру, оларды тереңірек дамытып, анағұрлым жоғары сапалық деңгейге көтеру және іске асыру жөнінде шешім қабылдау мақсатында кәсіби білімін, игерген дағдылары мен тәжірибесін жетілдіреді [49].

Уикипедияға жүгінсек, коучинг (ағылш. *coaching* – *оқыту, жаттықтыру*) – консалтинг және тренинг әдісі; классикалық консалтинг пен тренингтен айырмашылығы – коуч кеңес және қатаң ұсыныстар бермейді, ол шешімді клиентпен бірлесе отырып іздестіреді. Ал психологиядан айырмашылығы коучингтегі мотивацияның бағытында. Коучпен жұмыс істеуде белгілі бір мақсатқа, өмірде және жұмыста жаңа, позитивті тұжырымдалған нәтижелерге жету ұйғарылады. Яғни, анықтаманы талдай кетер болсақ, коучинг адамға немесе компанияға мақсатқа, нәтижеге жетуге көмектеседі. Коучингті меңгерген маманды «*коуч*» не «*коучер*» деп атайды.

*Тәлімгерлік* – (*mentoring*) ұзақ уақытқа созылатын, тәлімгер (тәжірибелі, озық педагог) мен тәлім алушы (тәжірибесі аз педагог) арасында сенімді, жеке тұлғаға бағытталған қарым-қатынас құру үдерісі. Ол тәлім алушының педагог ретінде қалыптасуы мақсатында өзінің білімін, ойлауын, тәжірибелік іс-амалдарының тиімділігін жетілдіруде айтарлықтай қарқын алуына көмектеседі. Тәлімгерлік ету барысында тәлімгер өзінің білімімен, тәжірибесімен бөліседі, ал тәлім алушы еңбек жолында айтулы жетістіктерге жету мақсатында өзінің кәсіби дағдыларын дамытып, проблемаларды шешу жолдарын іздейді.

*Тәлімгерлік*, әсіресе дәстүрлі ұғымда, субъектінің ағалар мен даналар салған жолмен жүруіне мүмкіндік береді, ал тәжірибелі ағалары оларға білімін, тәжірибесін беріп, жоғары мүмкіндіктерге жетуге көмектеседі.

*Коучинг*, керісінше, тренерде міндетті түрде біршама мұғалімдік тәжірибенің болуын көздемейді, сонымен бірге оқыту мен оқудың нақты саласындағы нақты тәжірибелік дағдыларды беруге бағытталады.

Мұғалімге өз жұмысында жетістікке жетуіне мүмкіндік беретін іс-әрекетті талдау және ол туралы ойлануға арналған құралдарды ұсыну мүмкіндігі коучинг пен тәлімгерліктің барлық түрлерін біріктіруші фактор болып табылады.

Тәлімгерліктегі басты ұстаным қызмет емес, қарым-қатынас болып табылады, оның барысында тәлімгер объективті тыңдаушы және бағыттаушы болады. Тәлімгер тәлімгерлік үдерісіне өзінің тәжірибесін үлес етіп қоса отырып, бірқатар міндеттерді орындайды: тәлім алушыға мүмкіндіктер мен проблемаларды карауға мүмкіндік береді; стратегиялық деңгейде өзінің жаңалығымен алмасады; тәлім алушыға шынайы мақсат қоюға және оған жету жолдарын жоспарлауға көмектеседі.

Тәлімгерлік пен коучинг бойынша модельдердің көпшілігі ұқсас алғышарттарға негізделген, атап айтқанда тәлім алушы тұлға тиімділікпен және шығармашылықпен жұмыс істеуге қабілетті, ал тәлімгердің немесе коучтің түйінді рөлі – тәлім алушыларға өз мүмкіндіктерін пайдалануға көмектесу деген ұстанымға негізделген (48-кесте).

48-кесте – Коучинг пен тәлімгерлік үдерістерін салыстырмалы талдау

Тәлімгерлік	Коучинг
<ul style="list-style-type: none"> <li>• ұзақ уақыт бойы жалғасуы мүмкін жүйелі қарым-қатынас;</li> <li>• тәлім алушы үшін қажеттігіне қарай кездесу ұйымдастыру арқылы бейресми сипатта өтуі мүмкін;</li> <li>• кеңестер, ұсынымдар мен қолдау ұзақ уақыт және көп аспектілік негізде көрсетіледі;</li> <li>• тәлімгер, әдетте, - тәжірибесі көбірек білікті мұғалім, негізінен – білім беру ұйымындағы ең үлкені, ол білімін, тәжірибесін беріп, тәлім алушыға бұған дейін қолжетімсіз болып келген мүмкіндіктерге «есік аша» алады;</li> <li>• тәлім алушының қызметкер ретінде және тұлға ретінде өсуіне басты назар аударылады;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• қарым-қатынас ұзақтығы алдын ала белгіленеді;</li> <li>• әдетте, құрылымдық сипатта болады; кездесулер алдын ала жоспарланады;</li> <li>• кездесулер қысқа мерзімді (кейде уақыты шектеулі) және дамудың нақты бағыттарына/мәселелеріне бағытталған;</li> <li>• коучте біршама практикалық тәжірибесінің болуы міндетті емес;</li> <li>• коучинг білім алушыларда нақты дағдыны қалыптастыруға бағытталған;</li> <li>• басты назарда, әдетте, кәсіби/өндірістік проблемаларды шешу;</li> <li>• кеңес беру мақсаты нақты, қысқа мерзімді мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған;</li> </ul>

Тәлімгерліктің өзіне тән негізгі сипаттамасы екі адам арасында оқу қарым-қатынасын құруға негізделген және түйінді дағдыларды: белсенді тыңдай білу, тәжірибені дамыту үшін бірқатар күрделі сұрақтар қоя білу дағдыларын дамытуға бағытталған. Тәлімгер тәлім алушыға күрделі тапсырмалар беріп, қолдау көрсетуге; соның ішінде қажетті түйінді қасиеттерді: сенімділік, ортақтастық, шынайылық, адалдық танытуға дайын болады.

Тәлімгерлік аяқталған соң тәлімгер мен тәлім алушының арасында орнаған қарым-қатынас біліктілігі төмендеу мұғалімнің өзіне-өзі көмектесуіне мүмкіндік алып, проблемалардың шешуін өзінше табуға көмектеседі, себебі тәлімгерлік түзету қағидатына емес, даму қағидатына негізделген.

Тәжірибелі мұғалімдерге басқа мұғалімнің кәсіби әлеуетін арттыруға арналған идеялар мен тәсілдерді ұсыну мақсатында оларды ойлануға жетелеп, шығармашылықпен еңбек ету арқылы, мектепте үздік тәлімгер болуға көмектесе отырып, тренерлер өздеріне коуч ролін алады. Коуч ретінде әрекет ететін тренерлер мұғалімдерге өздерінің оқыту тәжірибесін жақсартуға көмектесетін болады.

Коуч өз мектебіндегі әріптестеріне қажетті дағдылар мен болашаққа деген көзқарастарын дамытуға көмектесу үшін оларды бағыттап және белсенді ынталандырып отыруға мүмкіндік алу мақсатында мұғалімге көмек көрсетеді. Бұл ретте мұғалімдерге мақсат етілген нәтижеге қол жеткізу үшін тәжірибесі аздау әріптестерімен жүргізілетін жұмысты жоспарлау және жүргізу мақсатында, ол жұмысқа арқау болатын тақырыпты алдын-ала анықтай алу қабілетін дамытуға көмектесуге басты назар аударылмақ.

Коучинг пен тәлімгерліктің тиімділігін қамтамасыз ету үдерісі үш негізгі мәселені қамтиды:

1. Мәнмәтін. Бірден пайдалануға мүмкіндік болу үшін коучингіні іске асыру белгілі бір мәнмәтінге сәйкес келуі керек.

2. Өзектілік. Ақпарат пен ұсынымдар мұғалім үшін де және олардың сабақтары үшін де барынша өзекті болуы керек.



3. Жүйелі тәлімгерлік. Тәлімгер күнде қолдау көрсетіп отырады: мұғалімдерге жақында алған дағдыларын бейімдеуде қолдау көрсетіп, олардың табысқа ұмтылуын қамтамасыз ету қажет.

Мектептегі коучинг пен тәлімгерлік негізгі жеті ұстанымға негізделеді:

1. Коучинг пен тәлімгерлік мұғалімдердің дамуы мен жетілуіне көмек көрсетудің айтарлықтай тиімді тәсілі болып табылады.

2. Коучинг пен тәлімгерлік ойдағыдай іске асырылған жағдайда оқыту мен оқудың сапасы артады.

3. Кәсібилігін жетілдіру мақсатында коуч пен тәлімгерге тренинг қажет.

4. Коучті жаттықтырып жетілдіру – тренерлердің басты міндеті.

5. Оқыту мен оқу тәжірибесіндегі болмашы қадамдар мен өзгерістер сыныптағы жағдайды айтарлықтай өзгерте алады.

6. Оқыту мен оқу тәжірибесі үшін ұсынылатын жекелеген тәсілдер мен әдістер, бір қарағанда, болмашы болып көрінуі мүмкін, бірақ жүйе ішінде жағымды өзгерістерге ықпал ететін қуатты қозғаушы күш бола алады.

7. Коучингін іске асырудың бір ғана дұрыс жолы жоқ [45].

Кейінгі кезде мектептің білім сапасын арттыруға көмектесетін әдістердің бірі *Lesson Study* сыныпты зерттеу нысандарының бірі болып табылады.

*Lesson Study* мұғалімдерді оқыту және олардың тәжірибесін дамытудағы ынтымақтастық тәсілі болып табылады және де *іс-әрекеттегі зерттеу* сияқты бірқатар циклдерді қамтиды. *Lesson Study*-де ең бастысы «сабақты зерттеу» немесе «сабақты зерделеу» үдерісі болып табылады. Бұл үдеріс барысында оқу сапасын арттыру үшін белгілі бір тәсілді қалай дамытуға болатындығын анықтау мақсатында бір топ мұғалім бірлесіп оқушылардың оқу үдерісін зерделейді. *Lesson Study*-дің түйінді сипаты креативтілік және ғылыми дәлдік болып табылады. Креативтілікті оқытудың жаңа тәсілдерін әзірлеу мақсатында бірлесе жұмыс істейтін мұғалімдердің істерінен көруге болады, ал ғылыми дәлдік жаңа тәсілдің тиімділігін көрсететін оқушының оқуы туралы деректер жинауды көздейді.

*Lesson Study* тәсілі бастапқы кезеңде оны бірлесіп егжей-тегжейлі жоспарлауды көздейді. Содан соң топтың бір мүшесі зерттеу сабағын өткізеді, ал қалған мүшелері - қадағалайды. Зерттеу сабағы аяқталғаннан кейін бүкіл топ мүшелері бірден оқушылардың оқу үдерісіне қатысты барлық нәтижелерін жүйелейді және талдайды, содан кейін *Lesson Study*-дің анағұрлым тиімді болуын қамтамасыз ету үшін оқу үдерісінде алынған нәтижелерді есепке ала отырып, жұмысты бірлесе қайта жоспарлайды.

*Lesson Study* үдерісінде бірталай уақыт бойы қалыптасқан және орныққан мынадай бірқатар қадамдар бар:

*Lesson Study* тобы өзара келісе отырып, оның жұмысының нәтижелілігін қамтамасыз ететін ережелер жүйесін жасайды, үдеріс барысында барлық мүшелер бір-бірімен сыйластық қарым-қатынаста болады;

- топ зерттеудің түйінді идеяларын келісіп алады, ол әдетте сұрақ түрінде келіп, *нені, кімді* оқытуды анықтайды;

- топ мүшелері түйінді идеяларды зерттеуге қатысты жауап іздеу үшін әдебиеттерді зерделеп, жоспарлау кезінде оларды қолдану үшін нәтижелерін қорытады;

- топ қандай сынып және қандай үш «бақылаудағы оқушы» назарға алынатынын, сондай-ақ қандай сыныптар оқу үлгерімі жоғары, орта және төмен сыныптар болып саналатынын шешеді;

- топ зерттеу сабағын жоспарлайды, жоспарда «бақылаудағы оқушылардың» сабақта өтілетін материалды игеруіне ерекше мән беріледі;

- бір мұғалім зерттеу сабағын жүргізеді, осы уақытта басқалары – «бақылаудағы үш оқушыны» басты назарға алып, сабақты қадағалайды және қажет деген жерлерін белгілеп, түртіп алып отырады;

- мұғалімдер осы зерттеу сабағы туралы олардың пікірін түсіну үшін бірнеше оқушымен сұхбат жүргізеді;

- топ зерттеу сабағы аяқталысымен бірден талқылау жүргізеді. Талқылау белгіленген құрылым бойынша жүреді: жоспарлау үдерісінде жасалған алдын ала болжамдарды салыстыра отырып, «бақылаудағы оқушылардың» оқуын қадағалау және болған айырмашылықтардың себебін белгілеу; сыныптың тұтастай оқытылуы; зерттеу сабағының барысы және оқыту үдерісі; белгіленген және зерделенген негізге сәйкес келесі зерттеу сабағының мақсатын белгілеу; топпен бірлесіп келесі *Lesson Study*-ді жоспарлау.

*Lesson Study* шығармашылық тобы (ереже бойынша үш немесе одан көп сабақ) оқыту тәсілі мен оқу бағдарламаларына енгізілетін және көпшілікке таратылатын өзгерістерге келіседі [45].

Оқытудың жаңа технологиялары педагогикалық іс-әрекетті қайта құрудың жүйелі тұтас құралы ретінде тиімді пайдалану оқу-тәрбие үрдісінің сапасын жақсарту, жеке тұлғаны дамыту міндеттерін шешуге септігін тигізеді.

Сондықтан, мектептегі әрбір пәнді оқыту технологиясын таңдап, іріктеу және оны іс-әрекеттік тұрғыда жетілдіру арқылы оқушының білім жетістіктерін арттыруға болады. Мұнда оқушының әрекеті технологияны қабылдауы, ынтасы, құштарлығына көңіл бөлінуі тиіс.

Жаңа технологиялардың пайда болуы және оларды іске асыру әрекеті оған тән құралдар мен механизмдерді өзгертіп қана қою емес, құндылықтар бағытын, білім, білік, дағдыны қалыптастыру сипатталады.

Жалпы қорыта келгенде:

- оқытудың жаңа технологияларын пайдалану арқылы оқушылардың білім мазмұнын өздігінен игеруде белсенділік, қызығушылық танытып, өзіндік ой қорытындысын жасауға ынталандырып, оларды ізденушілікке талпынуға, өз пікірін дәлелдеуге, қорғай білуге, яғни шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыруға үйретеді.

– *Жалпы білім беретін мектептерде* деңгейлеп оқыту технологиясы (Қараев Ж.Д.), жүйелік негізде оқыту технологиясы (Ғалиев Т.Г.), шоғырландырып-қарқынды оқыту технологиясы (Әбдіғәлиев Қ.А., Нурахметов Н.Н.), блоктық-модульдық технологиясы (Жампейісова М.Н.) және т.б. қолдау тапқан.

Қазақстанның халықаралық мектептері инновациялық технологиялар мен әдістемелерді оқу-тәрбие процесінде қолдануда көп тәжірибе жинақтаған.

Біздің пікірімізше, мектептің оқу-тәрбие үдерісіне оқытудың жаңа технологияларын пайдалану тиімді жолға қойылса, мектептің білім сапасы артып мұғалімдердің шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасалады, ол оқушылардың күзіреттілігін дамытуға мүмкіндік береді.

## 7 Жаңа форматтағы мұғалім: мәртебесі және құзыреттілігі

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе – білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Білім берудің мақсатын айқындау үшін Ж. Аймауытов: «Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім көзімен, саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты – осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек» [50] – деген еді. Осы мақсатқа жетелейтін бірден-бір күш ол, әрине мұғалім.

Әрине, осы тұрғыдан келгенде, ХХІ ғасыр мұғалімі қандай болу керек? – деген сұрақ әркімді ойландырады сөзсіз. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау – әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, шәкірттерін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогиканы терең меңгерген, тұрақты түрде өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан, шығармашыл тұлға. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Қазіргі заман мұғаліміне қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі болмақ.

«Ескіден қол үзбей, жаңаға қол жеткізгендер ғана мұғалім бола алады», – деген екен Қытайдың дана ойшылы Конфуций [51]. Сонымен мұғалім өткен тәжірибесін жаңамен ұштастыра алатын кәсіби қызығушылығы жоғары, танымы биік, бастаған ісінің нәтижесін көре алатын, ғылыми-зерттеу жұмыстарын таңдай білетін, педагогикалық үдерістің заңдылықтарымен етене таныс, оқытудың әдістемелік жаңалықтарынан хабардар, оқыту үрдісін ізденімпаздықпен арттыратын өз ісінің шебері болуы керек.

Сол себепті, қазіргі мұғалімнің бойында мынандай қасиеттер болуы керек: сергектік, байқағыштық, сезімталдық, сенім, әділдік, байсалдылық, ұстамдылық, сабыр сақтау, ілтипаттылық.

Жаңа формациядағы мұғалім – ең алдымен шәкіртіне өмірді, білімді үйретуші. Өйткені, ол шәкіртіне үйрететін нәрсесін өзі жан-жақты терең біледі және қалай үйретудің тәсілдері мен әдістерін жақсы меңгереді де, шәкіртін білімге қызықтыра, ынталандыра түсіндіріп, оның сезімін, әсемдік, сұлулықты түйсіндіретін эстет.

Елбасымыз өз Жолдауында: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі. Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет» [52] – деп атап көрсетті.

Осы заманғы білім беру жүйесінде мұғалімге қойылатын талаптарға тоқтала кетейік:

Біріншіден, мұғалім жеке көзқарасы бар және соны қорғай білетін жігерлі тұлға және маман мұғалім болуы қажет. Зерттеушілік, ойшылдық қасиеті бар мұғалім жалтақ болмайды. Өз ісін жетік біліп табанды жүргізетін мұғалім ғана түпкі нәтижеге қол жеткізе алады.

Екіншіден, педагогтік, психологиялық білімін жетілдіріп үйренумен қатар, сол білімін күнделікті ісінде шебер пайдалана білетін болуы керек. Дүниежүзінде ғаламдану үрдісі жүріп жатқандықтан, ақпараттар ағыны көбейді. Мұғалім қай пәннен сабақ бермесін, ол баланың әр салаға қатысты кез келген сұрағына жауап беруге дайын болуы керек. Әр мұғалімнің педагогикалық ойлау қабілеті ғылыми түрде қалыптасуы тиіс.

Үшіншіден, міндетті орта білім беру, стандартты оқулықтарды пайдалану, ақпараттардың көбеюі мұғалімнің білім берудегі жетекші рөлін жойды. Енді білім негіздерін өз бетінше оқып үйренуге оқушыны баулу міндеті тұр. Өзінің оқушысын өз бетінше білім алуға үйретпеген мұғалім қазір түпкі нәтижеге қол жеткізе алмайды. Жан-жақты даму үшін осы салада мұғалім ғана көмектесе алады.

Төртіншіден, мұғалім ұйымдастырушылық, құрылымдылық, бейімділік сараптамалық қабілеттер мен қатар өз бойындағы педагогикалық жағдаяттарды, дәйектерді, құбылыстарды талдай білуі және солардың пайда болуының себеп-салдарын анықтай білуге де бейім болуы шарт.

Бесіншіден, мұғалімнің адамгершілік, саяси идеялық ұстанымы жұмысында көрініс тауып, ол ұстанымда бала тәрбиесіне негіз етіп алуы шарт. Қысқасы, бала ықпал ету объектісі емес ынтымақтаса қызмет ететін тұлғаға айналуы қажет.

Қазақстанның Еңбек Ері А. Миразова қазіргі заманғы мұғалім бейнесі қандай болуы тиіс? – дегенге: «Болашақта мектеп мұғалімі қандай болуы тиіс екенін түсіну үшін, бүгінгі күні орта білім беретін оқу орындарында жас ұрпақты оқытып және тәрбиелеп жүрген мұғалім бейнесін қайта қарауымыз керек [53] – дейді. «Бұл орайда тілге тиек болатыны, педагогтердің біліктілігінің төмендігі, шәкірттермен арадағы педагогикалық әдептілік негіздері қарым-қатынастардың қажырлығы және оның барлық уақытта сақтала бермеуі. Сондықтан, мұғалімге тән педагогтік қарым-қатынас әрекетінің мәні мен мазмұнын ашып, ұстаздарға оның негізгі сапаларын қалыптастыруымыз қажет сияқты» [53] – деген ой қорытады. «Сонымен ХХІ ғасыр педагог имиджіне тоқталатын болсақ, «имидж» – ағылшын тілінен аударғанда «бейне», «кейіп» деген мағына береді – деп жаңа формациядағы ұстаздың бейнесін көрсетеді. Мысалы:

Тартымды имидж:

- айналасындағы адамдардың көңілін аулау кепілі;
- кез келген жұмыста жетістікке жетудің негізгі шарты.

Егер оқушылар мұғалімнің жеке тұлғасына қызықпаса пәнге деген қызығушылығы да болмайды деген байламға келуге болады. Себебі, баланың өмірінің жартысы оларға білім ғана беріп қоймай, сонымен қатар оларды тәрбиелейтін және жеке тұлға ретінде қалыптасуы мектепте өтеді. Мұғалім оқушының жеке тұлға болып қалыптасуына көмектеседі. Ақпараттың басым бөлігін біз көру арқылы аламыз, сондықтан да біздің тартымды бейнеміз өте маңызды. Оған ұқыптылық, іскерлік стиль, мәнер, әдеп, күлкі жатады. Ұстаз өзін қалай көреді және оны оқушылары қалай елестетеді? Мектеп әкімшілігі мен оқушылар сыйлау үшін және іс оңға басу үшін не істеу керек? Бар мәселе

имиджде» – дей келе имидждің маңыздылығын, құрылымын былай береді:

Имидж құрылымы: сыртқы бейне; вербалды және вербалды емес қарым-қатынасты пайдалану құралы; ішкі «Мен» сезімінің кәсібіне сәйкестігі.

Сыртқы имиджді құраушыларға: мимика, дауыс күші мен тембрі, костюм, қимыл, мәнер.

Айналаңыздағы адамның санасындағы сіздің бейнеңіз туралы көзқарас сізбен жүздесуден кейінгі сыртқы кейпіңіз бен өз-өзіңізді ұстауыңыздың тәрбиелік мәні мен сөйлесу мәнеріңіз арқылы қалыптаспақ. Сыртқы бейнеміздің үйлесімді әсер қалдыру үшін вербалды және вербалды емес қатынас қажет:

- мәнерлі сөйлеу;
- көндіре білу;
- стиль мен киім түсінің психологиялық әсерін білу;
- тұрған тұрысқа, мимикаға және мәнерге көңіл бөлу;
- шыдамдылық;
- көргіштік қасиеттері болуы керек» [53] деген ұстанымды алға тартады.

Атақты ұстаз Ш. Амонашвили: «Кез келген пайдалы реформа тек ұстаздан басталады. Егер мен жаман ұстаз болсам, менің қолыма жақсы бағдарламаларды берудің қажеті не? Ал егер мен жақсы ұстаз болсам, қолымдағы жаман бағдарлама сапалы білім беруге маған кедергі бола алар ма? Әдістемені өзіңше көріп, өзіңше түсініп, бар жан тәніңді балаларға бағышта. Әуелі шығармашыл, ойшыл, тәуелсіз ұстазды тәрбиелеу керек. Оларға ұрыспай, керісінше мадақтау керек. Олар өмір суретшілері емес пе?» [54] – деп кадр даярлау мәселесінің маңыздылығын айтады.

Мұғалімнің біліктілігін арттыруда өзіндік білім көтерудің орыны ерекше. Өздігінен білімін жетілдіру өте күрделі құбылыс, өйткені айналаны қоршаған ортаның өзі бағалы педагогикалық білім көзі болып табылады. Педагогтің өз білімін жетілдірудің төрт түрлі қызметі айқындалған, олар: жалпы мәдениеттілік, педагогикалық перспективті және өзектілік тұрғысынан білім жетілдіру, мұғалім өмірінің табиғи қажеттілігі болып табылатын тұрақты, танымдық қызмет тұрғысынан жалпы мәдениеттілік білімді дамыту, бұл ешқандай ұйымдастыруды, жоспарлауды талап етпейтін, мұғалім өмірінің күнделікті тіршілігіне айналған әдеби кітап оқу, күнделікті баспасөзді бақылап отыру, көркем әдебиетпен танысу, әртүрлі танымдық және ақпараттық телехабарларды көру, радио тыңдау, кинотеатрларға, көрмелерге, мұражайларға барып тұру, курс, семинарларға қатысып, экскурсияларға шығып отыру. Кәсіби шеберлігі шыңдалып қалыптасқанда бұл да оның өмірінің кәдімгі үйреншікті тірлігіне айналады. Кәсіби перспективті өздігінше білім алу – бұл ұстаздың өзінің педагогикалық қызметінің нәтижесін талдау негізінде пайда болған белгілі бір психологиялық, педагогикалық немесе әдістемелік мәселе төңірегінде ұзақ уақыт бойы жұмыс істеуі.

Жақсы мұғалім – бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі деп есептеледі.

Жоғарыда баяндалғандарды жинақтай келе, жаңа формация мұғалімі рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық-әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құзыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілігі мол, жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

Жаңа технологияны меңгеруде мұғалімнің жан-жақты білімі қажет. Қазіргі мұғалім:

- педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын;
- педагогикалық өзгерістерге тез төселетін;
- жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;
- оқушылармен ортақ тіл табыса алатын;
- білімді, іскер, шебер болу керек.

Халқымыз әрқашанда ұстаз мәртебесін көтеріп, аса жоғары қастерлеп, бағалаған. Ұлы Абай: «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан болады» [55] – десе, чехтің педагогі Я.А. Коменский: «Мұғалім мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз жалын иесі» [54] – деп, ұстаздар мәртебесін жоғары бағалаған.

Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, экологиялық, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналып отырған уақытта жаңа формациядағы мұғалімге жаңаша біліктілігін арттыру заман талабы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында: «Білім беру жүйесін жаңғырту барысында біз үшін келесі іс-шараларды жүзеге асырудың маңызы зор. Біріншіден, оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу. Екіншіден, педагогтер құрамының сапасын арттырудың маңызы зор. Үшіншіден, біліктілікті бекітудің тәуелсіз жүйесін құру қажет» – деген болатын.

Білім беру нәтижелеріне табысты қол жеткізуді, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартында көрсетілген міндеттерді нәтижелі орындау, алған білімін оқу және практикалық қызметте пайдалана алуын қамтамасыз ететін логикалық, конструктивті және сыни тұрғыда ойлау негіздерін қалыптастыру мақсатындағы оқытудың тиімді нысандары мен әдістерінің енгізілуі қажеттілігі педагог кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау бағдарламаларының жаңартылған мазмұнда іске асырылуын міндеттейді. Жаңа мазмұнды біліктілікті арттыру жүйесі педагогтерді оқытудың инновациялық әдістерін, қазіргі заманғы білім беру және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдана алу мүмкіндіктеріне жол ашады. Бұл мүмкіндік оқушылардың пәндік білім алулары мен алған білімді нақты өмірдегі жағдайларда пайдалана алу үрдісін қатар ала жүруіне жағдай туғызатын мұғалімнің кәсіби шеберлігімен анықталады. Педагог кадрлардың кәсіби шеберлігін шыңдау бағытындағы жаңа мазмұнды

жаңғыртылған біліктілікті арттыру жүйесі – тұлға бойындағы функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың сенімді кепілі.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі 2011 жылғы 24 мамырда мұғалімдерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін дамыту жөніндегі тұжырымдамалық тәсілдерді мақұлдады және жаңадан құрылған «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығына (бұдан әрі – «НЗМ» ДББҰ ПШО) шетелдік әріптестермен бірлесіп, озық әлемдік тәжірибе мен педагогикалық тәжірибені қолдану арқылы Қазақстан Республикасы педагог кадрлардың біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламаларын әзірлеу тапсырылды.

Деңгейлі бағдарламаның мақсаты – қазақстандық педагогтердің әдістемелік қуатын кеңейтуге, өзгермелі әлемге ұмтылған жағдайда оқытылатын пәндердің ерекшеліктеріне қарамастан педагогтердің практикалық жұмыстарына қажетті жалпы педагогикалық тәсілдер мен әдістемелік әдістерді қалыптастыруға ықпал етеді.

Деңгейлі бағдарламаның негізгі міндеттері:

- оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша оқушылардың өз бетімен оқу дағдыларына, өзін-өзі реттеуіне, белсенді азамат әрі ақпараттық технологиялар саласында маман болып қалыптасуына, түрлі аудиторияларда сындарлы диалогқа қабілетті, заманауи әлемде табысты болуына ықпал ететін мұғалімдердің білімі мен практикалық дайындығын қамтамасыз ету;

- қосымша білім көлемі мен дағдыларды алудағы педагог қызметкерлердің білім берудегі қажеттіліктерін қанағаттандыру, қарқынды өзгермелі әлем жағдайында қазақстандық мұғалімдердің үздіксіз кәсіби дамуын даярлауға ықпал ету;

- жеткілікті теориялық жоғары деңгейі және практикалық кәсіби құзыреттілігі бар, өз әріптестерін оқытып, тәлімгерлік ете алатын мұғалімдерді даярлау;

- мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығы аясында қазақстандық мұғалімдерді белсенді жұмыс істеуге даярлау.

Республика бойынша корпоративті басқару мен әлемдік тәжірибені тарату негізінде біліктілікті арттыру жүйесін жетілдіру және педагогтерді сапалы кәсіби дамыту үшін деңгейлік бағдарламалар бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттырудың жаңа жүйесі іске қосылды.

Біліктілікті арттырудың жаңа жүйесін «НЗМ» ДББҰ ПШО және «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ (бұдан әрі - «Өрлеу» БАҰО» АҚ) іске асыруда. Осы орайда, негізгі басымдылық мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамытуға қойылып отырғанын, ерекше атап өтеміз.

Жалпы, біліктілікті арттырудың жаңа жүйесін енгізудің бірқатар артықшылықтары бар, олар:

- білім беру қызметі мен ақпараттың ашықтығын қамтамасыз етуге қатысты демократизациялау принциптерін ұстану;

- біліктілікті арттыру жүйесіне институттарды материалды-техникалық жабдықтау үшін инвестициялар мөлшерінің өсуі;

- мұғалімдерді біліктілікті арттыруға ынталандыру және т.б. Ал, ең бастысы, біліктілікті арттыру жүйесі мектептердің кадрлық әлеуетін басқарудағы маңызды құралға айналуға.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ қызметін жаңғырту заманауи ұстаздың бедел-бейнесін қалыптастыруға тікелей байланысты. Сол себепті, оларда мұғалімнің бедел-бейнесінің технологиясы туралы курстар ашылған және бұл курстар үлкен сұранысқа ие болып отыр. Онда ұстаздың сәтті бедел-бейнесінің жүйелі компоненттері: жеке және тұлғалық қасиеттері, кәсіби қызметінің коммуникативтік ерекшеліктері мен тәртібі туралы мәселелер қозғалады.


Қоғамның өзгеруімен бірге ұстаздық қызметке де терең өзгерістер енді. Ақпараттық технологиялар ғасырындағы жаңалықтардың көптігі мұғалімнің алдына үлкен міндеттер қояды. Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек. Заман ағымынан қалмауы үшін мұғалім жинақы, жігерлі, өзгерістерге икемді болуы шарт.

Сонымен қатар жыл сайын мұғалімдердің білім деңгейіне, кәсіби деңгейіне, педагогикалық шеберлігінің шыңдалуына қойылатын талаптар күшеюде. Сол себептен ұстаздың біліктілігін арттыру мәселесі тек мемлекет пен білім беру жүйесінің ғана басым мақсаты болмау керек. Мысалы, әлемнің білім беру жүйесі дамыған елдерінің бәрінде біліктілікті арттыру жүйесін мемлекетпен қатар үлкен компаниялар, ғылыми орталықтар, бизнес мекемелері қаржыландырады. Білім беруге, әсіресе мұғалімнің педагогикалық шеберлігін шыңдауға құйылған инвестиция – қаржы жұмсаудың ең тиімді түрі, өйткені, «Мемлекеттің болашағын қалыптастырудағы басты рөл ұстаздың еншісінде» [55]. Осы мақсатта, талдамалық материалды әзірлеу барасында «НЗМ» ДББҰ ПШО және «Өрлеу» БАҰО» АҚ біліктілікті арттырудың жаңа жүйесінен өткен мұғалімдерге жан-жақты талдау жасадық.

2014 жылы «НЗМ» ДББҰ ПШО және «Өрлеу» БАҰО» АҚ I (ілгері) деңгей бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курсынан - 3101, II (негізгі) деңгей бағдарламасы бойынша - 3197, III (базалық) деңгей бағдарламасы бойынша - 8217 педагогті өткізсе, 2015 жылдың бірінші жартыжылдығында I (ілгері) деңгей бағдарламасынан - 1414, II (негізгі) деңгей - 598, III (базалық) деңгей бағдарламасы бойынша - 6063 мұғалімді курстардан өткізді. Талдау көрсетіп отырғандай, 2014 жылы I және II деңгейлік курстардан өткен мұғалімдерге қарағанда, III деңгейлік курстардан өткен мұғалімдер саны 2,5 есеге артық.

2015 жылдың бірінші жартыжылдығында I (ілгері) деңгей бағдарламасы бойынша курстан өткендер саны II (негізгі) деңгей бағдарламасы бойынша курстан өткендерге қарағанда 2,3 есеге артқаны байқалады. Ал, III (базалық) деңгей бағдарламасы бойынша курстан өткендер саны I (ілгері) деңгей бағдарламалары бойынша курстан өткендерге қарағанда 4 есеге, II (негізгі) деңгей бағдарламалары бойынша курстан өткен мұғалімдермен салыстырғанда 10 есеге көп екені анықталды. Бұдан шығатын қорытынды, республика бойынша III (базалық) деңгей бойынша өткен мұғалімдердің саны I, II деңгейлерге қарағанда әлдеқайда көп екені анықталды (88-сурет).






*Дереккөзі: «НЗМ» ДББҰ ПШО және «Өрлеу» БАҰО» АҚ мәліметтері*

88-сурет – 2014 жыл мен 2015 жылдың бірінші жартыжылдығында қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша деңгейлік курсты аяқтаған мұғалімдер бойынша мәлімет

2014 жылы қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, шет тілі, Қазақстан тарихы пәндері мұғалімдерінің деңгейлік курстан өтулері орта есеппен алғанда шамалас. Курстан ең көп өткен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерінің орташа балы 825-ті құраса, ең аз қамтылған шет тілі пәнінің мұғалімдерінің орташа балы 340-ты құрап, деңгейлік курстан 2,4 есеге аз өткенін көрсетті. 2015 жылы II (негізгі) деңгей бойынша курспен салыстырғанда I (ілгері) деңгейлік курстан өткен мұғалімдердің саны басым (89-сурет).




*Дереккөзі: «НЗМ» ДББҰ ПШО және «Өрлеу» БАҰО» АҚ мәліметтері*

89-сурет – 2014 жыл мен 2015 жылдың бірінші жартыжылдығында жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша деңгейлік курсты аяқтаған мұғалімдердің саны бойынша мәлімет

2014 жылы математика, информатика, биология, химия, физика, география пәндерінен II (негізгі) деңгей бойынша курстан өткендердің орташа балы 147 балл болса, I (ілгері) деңгейлік курстан өткен мұғалімдердің орташа балы 181 балды құрады. I, II, III деңгейлік курстан ең көп өткен математика пәнінің мұғалімдерінің саны 1285 болса, ең аз қамтылғаны химия пәнінің мұғалімдері 511 адамды қамтыған.


2015 жылдың бірінші жартыжылдығында математикадан – 42, информатика – 21, биология – 21, химия – 22, физика – 27, географиядан – 25 мұғалім деңгейлік курстардан өткен. Бұл көрсеткіш 2014 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда әлдеқайда аз қамтылғанын көрсетіп отыр (90-сурет).



*Дереккөзі: «НЗМ» ДББҰ ПШО және «Өрлеу» БАҰО» АҚ мәліметтері*

90-сурет – 2014 жыл мен 2015 жылдың бірінші жартыжылдығында жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша деңгейлік курсты аяқтаған педагогтер саны


Талдау эстетикалық бағыттағы пәндер қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерге қарағанда деңгейлік курстан өте аз өткенін көрсетіп отыр. 2014 жылы I (ілгері) деңгей бойынша дене шынықтыру, алғашқы әскери дайындық пәндері бойынша тек 128 мұғалім курстан өтсе, музыка пәнінен 41 мұғалім ғана біліктілікті арттыру курсынан өткен. Бұл бағытта I деңгей бойынша өткізілген курстарға қарағанда III деңгей бойынша курстардан білімін жетілдірген ұстаздар саны басым (91-сурет).



Дереккөзі: «НЗМ» ДББҰ ПШО және «Өрлеу» БАҰО» АҚ мәліметтері

91-сурет – 2014 жыл мен 2015 жылдың бірінші жартыжылдығында эстетикалық бағыттағы пәндер бойынша деңгейлік курсты аяқтаған педагогтер саны


Талдау 2014 жылы бастауыш сынып мұғалімдері I, II деңгейлерге қарағанда III (базалық) деңгей бойынша курстардан көп өткенін көрсетті. Сонымен қатар, 2015 жылдың бірінші жартыжылдығында да III (базалық) деңгейлік курстардан өткен мұғалімдердің саны басым. III деңгейлік курстардан көбінесе жас мамандардың өтуіне байланысты мұғалімдердің басым бөлігін орта жасқа дейінгі мамандар құрап отыр (92-сурет).



Дереккөзі: «НЗМ» ДББҰ ПШО және «Өрлеу» БАҰО» АҚ мәліметтері


92-сурет – 2014 жыл мен 2015 жылдың I жартыжылдығында бастауыш сынып мұғалімдері бойынша деңгейлік курстан өткен мұғалімдер саны

2015 жылы ауылдық мектептерде еңбек ететін педагогтердің деңгейлік курстан өткендерінің саны 8394 адамды құрады, қалалық мектептерде еңбек ететін 6121 адам біліктілігін жетілдірген. 2015 жылдың бірінші жартыжылдығында II (негізгі) деңгей бойынша курстан өткендерге қарағанда I (ілгері) деңгей бойынша курстан өткендердің саны артқанын көруге болады (93-сурет).




Дереккөзі: «НЗМ» ДББҰ ПШО және «Өрлеу» БАҰО» АҚ мәліметтері  
93-сурет . 2014 жыл мен 2015 жылдың бірінші жартыжылдығында қалалық, ауылдық мектептер бойынша деңгейлік курсты аяқтаған педагогтер саны

Оқыту тілі бойынша 2014 жылы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептерден деңгейлік курстардан өткен мұғалімдердің саны оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектептердегі мұғалімдерге қарағанда 2,3 есеге артық болса, 2015 жылдың бірінші жартыжылдығында 3 есеге дейін көбейген. 2014 жылы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептерден 10 174 мұғалім, оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектептерден 4341 мұғалім біліктілік курсынан өткен (94- сурет).



Дереккөзі: «НЗМ» ДББҰ ПШО және «Өрлеу» БАҰО» АҚ мәліметтері  
94-сурет – 2014 жыл мен 2015 жылдың бірінші жартыжылдығында оқу тілі бойынша деңгейлік курсты аяқтаған педагогтер саны


Талдау барысы 2014 жылы біліктілігі жоғары және бірінші санатты мұғалімдердің I, II деңгейлік курстардан өтуі екінші және санаты жоқ мұғалімдерге қарағанда басымдыққа ие болғанын көрсетті. 2014 жылы II деңгей бойынша курстан санаты жоқ 9 мұғалім, III деңгейден санаты жоқ 797 мұғалім өтсе, 2015 жылы I деңгейден санаты жоқ 1 мұғалім, II деңгейден - 10, III деңгейден 933 мұғалімнің біліктілігін арттырғанын көруге болады. Қорытындылай келе, жас мамандардың деңгейлік курстардан өту мүмкіндіктерін байқап отырмыз (95-сурет).



*Дереккөзі: «НЗМ» ДББҰ ПШО және «Өрлеу» БАҰО» АҚ мәліметтері*

95-сурет – 2014 жыл мен 2015 жылдың бірінші жартыжылдығында санаты бойынша деңгейлік курсты аяқтаған педагогтер саны


Республика бойынша 2014 жыл мен 2015 жылдың бірінші жартыжылдығында деңгейлік курстан өткен мұғалімдердің орта жасы 41 жасты құрайды. Бұдан байқайтынымыз білім сапасын арттыруда, мектепте жаңа формация мұғалімін қалыптастыруда мұғалімдердің ішкі мүмкіндігі жеткілікті деген қорытындыға келеміз (96- сурет).



*Дереккөзі: «НЗМ» ДББҰ ПШО және «Өрлеу» БАҰО» АҚ мәліметтері*

96-сурет – 2014 жыл мен 2015 жылдың бірінші жартыжылдығында деңгейлік курсты аяқтаған педагогтердің орташа саны


2014 жылы облыстар бөлінісінде I, II деңгейлер бойынша курстан өткендер шамалас болса, III деңгей бойынша курстан өткендер саны басым (97-сурет).



*Дереккөзі: «НЗМ» ДББҰ ПШО және «Өрлеу» БАҰО» АҚ мәліметтері*

97-сурет – 2014 жылы облыстар бөлінісінде деңгейлік курсты аяқтаған педагогтер саны

2015 жылдың бірінші жартыжылдығында II (негізгі) деңгей бойынша курстардан өткен мұғалімдерге қарағанда I және III деңгейлер бойынша курстан өткен мұғалімдердің саны артық. Негізінен, III деңгей бойынша курстан екінші санатты немесе санаты жоқ жас мұғалімдер өткендіктен жаңа формациядағы педагогтерді қалыптастырудың зор мүмкіндігін байқауға болады (98-сурет).



*Дереккөзі: «НЗМ» ДББҰ ПШО және «Өрлеу» БАҰО» АҚ мәліметтері*

98-сурет – 2015 жылдың I жартыжылдығында облыс бөлінісінде деңгейлік курсты аяқтаған педагогтер саны

Мұғалімдердің кәсіби деңгейінің шындалуына деңгейлік курстың ықпалы зор болмақ. Талдау көрсеткендей деңгейлік курстардан өткен мұғалімдердің орта жасы 41 жас. Бұл өз кезегінде жаңа тұрпатты мұғалімнің қалыптасуына үлкен ықпал ететіні сөзсіз.

Жаңа жүйе алдағы уақытта да «НЗМ» ДББҰ ПШО Кембридж университетімен бірлесе отырып әзірлеген педагог кадрлардың біліктілігін арттырудың деңгейлік бағдарламалары шеңберінде 3 (базалық), 2 (негізгі), 1 (ілгері) деңгейлік бағдарламалары бойынша еліміздегі жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерін оқыту курстарын өткізуді болжайды.



Деңгейлік бағдарламалар бойынша курстан өткен және біліктілік емтиханын табысты тапсырған мұғалімдерге білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген белгіленген үлгідегі сертификат беріледі.

Жобаны іске асыру 5 жылға жоспарланған. Осы кезеңде 120 000-нан астам адам (мұғалімдердің 43%-ы) аталған курстармен қамтылады деп күтілуде. Сертификатталған мұғалімдердің негізгі бағытынан бақылау жұмысының үзінділері, тірек мектептердің жұмыстарын күшейту, үнемі кедергі факторларды анықтап отыру, желілік қоғамдастықта жұмыс істеу қарқынын белсендендіру көзделеді.

Аталған үш айлық курстардың мақсаты өзінің дәстүрлі педагогикалық ойлауын өзгертуге және басқа мұғалімдер арасында оқытудың жаңа тәсілін насихаттауға қабілетті мұғалімдердің «сыни массасын» қалыптастыру болып табылады.

Педагогтердің біліктілігін арттырудың осы жаңа форматы педагогтердің кәсіби деңгейін сапалық жағынан арттыруға орасан зор мүмкіндік береді. Бағдарлама педагогтің білімділік қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған және өз жұмысына рефлексивті талдау, өз пәнін оқытудың жаңартылған тәсілдерін жасау арқылы педагогтің кәсіби деңгейін арттыруға, жаңа кәсіби белеске шығуға ынталандыруды қамтамасыз етеді.

## 8 Заманауи мектепті ресурстық қамтамасыз ету

Білім беру Қазақстан Республикасы дамуының негізгі приоритеті мен түйінді факторы болып табылады.

Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында Президент Н.Ә. Назарбаев бұл мәселеге ерекше назар аударып: «бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз білімі жоғары елге айналуымыз керек» деген міндет қойды.

Бұл міндет білім жүйесі инфраструктурасын жаңғыртуға бағытталған түбегейлі шараларды қолға алуды талап етеді.

Білім беру жүйесін жаңғыртудың негізгі буыны – жалпы білім беретін мектеп.

Мектепті жаңғырту үшін көптеген жүйелі міндеттерді шешу қажет. Олардың ішіндегі ең маңыздысы – білімнің жаңа, заманауи сапасына қол жеткізу. Оны кең мағынада қарастырар болсақ, білімнің заманауи сапасы дегеніміз – қазіргі замандағы өмірлік даму талаптарына сәйкес келуі болып табылады. Педагогикалық аспектіде – бұл білім алушылардың белгілі бір пәндік білім жүйесін меңгеруі ғана емес, сонымен қатар олардың тұлға ретінде дамуын, танымдық және құрылымдық қабілеттерінің қалыптасуын қамтамасыз ету.

Білім беру жүйесін жаңғыртудың негізгі міндеттерінің бірі білім берудің сапасын және бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру, сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

Сапалы білімнің қолжетімділігі:

- заманауи материалдық-техникалық базада жаңа құрал-жабдықтарды және озық оқу әдебиеттерін пайдалана отырып білім беруді;
- білім алушының мүддесі мен құқықтарын қорғауды, оның психологиялық және дене қауіпсіздігін сақтауды кепілдік ететін жағдайды жасауды;
- әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді, баланың даму резервтерінің (дене және психологиялық) ерте диагностикасын жасауды;
- білім алушылардың кітапхана оқу-әдеби қорларын тегін пайдалану мүмкіндігін ұсынуды қамтамасыз ету деген мағынаны білдіреді.

Мектептегі білім беру – бүкіл білім жүйесінің негізі. Ал оны әрі қарай дамыту білім беру ұйымдарының қызметін сипаттайтын үдерістер мен үрдістерді терең талдаусыз мүмкін емес.

Қазіргі кезеңде 12 жылдық білім жүйесіне ауысуға дайындық жүргізу барысында қажетті іс-шараларды жоспарлау мақсатында жалпы білім беретін мектептердің ресурстық қамтамасыз етілу деңгейін зерделеу өзекті мәселеге айналып отыр.

Ресурстық қамтамасыз ету – бұл, бір жағынан, білім беру мақсатын жүзеге асыру үшін тиісті мүмкіндіктер жасау, екіншіден, ол бүгінгі күннің талабы болып табылады.

Ресурстық қамтамасыз етуге, біріншіден, білім беру ұйымдарының

материалдық-техникалық базаларын нығайту және дамыту, екіншіден, олардың оқу-әдістемелік қорын жаңарту жатады.

Материалдық-техникалық база – білім беру ұйымдарының қызмет көрсетуінің және білім беру үдерісі сапасын қамтамасыз етудің қажетті шарты. Қазіргі таңда мектеп проблемаларының бірі оқу ғимараттарының қазіргі жағдайы болып табылады.

Қазіргі уақытта елімізде 7 мыңнан астам (дәлірек алғанда 7307) күндізгі мемлекеттік білім беру ұйымдары жұмыс жасауда, онда 2,5 миллионнан астам бала білім алуға.

Бұл мектептердің қазіргі жай-күйі төмендегідей:

1) 5954 мектеп (немесе 81,2%) 1990 жылға дейін, 2427 мектеп (немесе 33,1%) – 1970 жылға дейін салынған;

2) 177 мектеп (немесе 2,4%) апат қауіпті ғимараттарда орналасқан (апаттық жағдайдағы мектеп саны мына облыстарда басым: Оңтүстік Қазақстан – 48 мектеп (немесе 27,1%), Шығыс Қазақстан – 36 мектеп (немесе 20,3%), Қызылорда – 25 мектеп (немесе 14,1%) және Жамбыл – 25 мектеп (немесе 14,1%);

3) 4949 мектеп немесе мектептердің 67,5%-ы екі ауысымда, ал 112 мектеп немесе 1,5%-ы үш ауысымда жұмыс жасайды (екі ауысымдық мектептер мына облыстарда басым: Оңтүстік Қазақстан – 832 мектеп немесе 81%, Алматы – 547 мектеп немесе 73,6%, Шығыс Қазақстан – 391 мектеп немесе 56,9%, Қарағанды – 373 мектеп немесе 69,2%; үш ауысымдық – Алматы – 51 мектеп немесе 6,8% және Оңтүстік Қазақстан – 37 мектеп немесе 3,1%);

4) 1452 мектеп немесе мектептердің 19,8%-ы күрделі жөндеуді қажет етеді;

5) 796 мектеп немесе жалпы санының 10,8%-ы пешпен жылытылады;

6) 1776 мектеп (24,3%) суды тасымалдап пайдаланады, олар көбінесе ауылды жерлерде орналасқан.

Оқушы орындарының тапшылығы 129 601 құрайды. Мектептердің шамадан тыс толымдылығы Астана (23 245 бірлік) және Алматы қалаларында (32 247), сонымен қатар Оңтүстік Қазақстан облысында тіркелген (23 500 бірлік) [11].

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі өткізген мониторинг бойынша оқушы орындарының тапшылығы мәселесін шешу үшін 149 мектеп салу жоспарланып отыр.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен 2014-2016 жылдарға арналған үш ауысымдық мектептерді жою мәселесі бойынша Жоспар құрылды. Аталған Жоспарға сәйкес 2016 жылға дейін барлық үш ауысымдық және апатты жағдайдағы мектептерді жою жоспарланды. Аталған Жоспар ҚР ҰЭМ-мен келісілген.

Соңғы жылдардың динамикасы (2014 ж. – 7307 мектеп, 2013 ж. – 7332 мектеп, 2010 ж. – 7516 мектеп) күндізгі мектептердің саны азайып бара жатқанын көрсетеді. Негізінен, бастауыш мектептер күрт азайып отыр. Бұл мәселе шалғай ауылдардағы шағын жинақталған мектептердің жабылуына байланысты. 2014 жылғы мәліметтер бойынша республикада 3639 (49,8%) шағын жинақталған мектептер жұмыс істейді. Кейбір облыстарда мектептердің

басым бөлігі шағын жинақталған мектептерді құрайды: Солтүстік Қазақстан – 81,2%, Ақмола – 81,8%, Қостанай – 77,6%, Ақтөбе – 67,8%, Батыс Қазақстан – 61,6% және Шығыс Қазақстан – 57,3%.

Сонымен қатар, елімізде білім алушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін сақтау нормаларына сәйкес келмейтін жалпы білім беретін мектептер де жұмыс істеуде. Құрылыс түріне қарай елімізде кірпіштен және блоктан салынған мектептерден басқа саман (628 бірлік), ағаш (141 бірлік) және каркас (191 бірлік) мектептер де бар. Мектеп ғимараттарының мұндай түрлері Оңтүстік Қазақстан (188 саманнан жасалған мектеп), Батыс Қазақстан (99 саманнан және 33 ағаштан жасалған мектеп), Солтүстік Қазақстан (44 ағаштан жасалған мектеп), Алматы (40 каркастан жасалған мектеп) облыстарында көп.

Мектептегі білімнің нәтижелігіне көп факторлар әсер етеді, оның ішінде оқудың табыстылығын арттыруға мүмкіндік туғызу үшін арнайы жағдайлар жасаудың, яғни қажетті құрал-жабдықтармен жабдықтаудың маңызы зор.

Мектеп кабинеттерін жабдықтау – бұл оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін қолайлы орта жасау.

Заманауи талаптарға сай оқу кабинеттерінде оқу үдерісін кешенді жарақтандыру және оқу кабинетін жабдықтау төмендегідей мүмкіндіктерді қамтамасыз етуі тиіс:

- білім алушылардың Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес білім беру бағдарламасын меңгерудің жоспарланған нәтижесіне қол жеткізуін;

- оқу үдерісін және қоғамдық-пайдалы қызметті ұйымдастыру білім алушылардың қабілеттерін анықтау және дамытуын;

- дарынды балалармен интеллектуалдық және ғылыми-техникалық шығармашылық жұмыстар жасауын;

- білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жобалық зерттеушілік қызметін жүзеге асыруын;

- мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың оқу бағдарламаларын меңгеруін;

- білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын, өздігінен білім алу қабілеттерін дамытуды және т.б. қамтамасыз етуі тиіс.

Орта білім жүйесінде мектептердің материалдық-техникалық базасының әлсіздігіне, сондай-ақ оқу кабинеттерінің қазіргі заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілуінің төмендігіне байланысты проблемалар жеткілікті. Заманауи жабдықтармен жабдықталған кабинеттер соңғы кезде жаңа модификациялы кабинеттер деп аталады, оларға химия, биология, физика кабинеттері және лингафон мультимедиялық кабинеттер жатады.

Жаңа модификациялы оқу кабинеттері – бұл қазіргі білім жүйесін дамытуға деген ерекше көзқарас. Пәнді тиімді зерделеу тек қана жақсы жабдықталған кабинетте мүмкін болады. Заманауи құрал-жабдықтар оқушылардың пән бойынша оқу бағдарламасын тереңірек игеруіне мүмкіндік береді және мұғалімдердің сабаққа дайындалуын, оны өткізуін жеңілдетеді. Жаңа модификациялы оқу кабинеттері кешеніне арнайы жиһаз, демонстрациялық және зертханалық приборлар, оқыпудың техникалық құралдары,

мультимедиялық бағдарламалар, интерактивтік жабдықтар және т.б. кіреді.

Жаңа модификациялы физика, химия және биология кабинеттері – бұл физикалық, химиялық, биологиялық эксперименттер мен зерттеулерді орындау дағдыларын дамытатын, көрнекі құралдармен, оқу жабдықтарымен, жиһаз бен оқытудың техникалық құралдарымен жабдықталған, оқушылардың оқу, факультативтік, сыныптан тыс сабақтар және пән бойынша әдістемелік жұмыстар өткізілетін оқу бөлмесі.

Физика және химия кабинеттерін арнайы демонстрациялық үстелдермен (проекциялық аппаратты басқару пульты, су, электр қуаты, кәріз жүйесі бар) жабдықтау қажет. Мұғалім үстелі ауаны тазарту шкафтарымен жабдықталуы тиіс.

Оқу-көрнекі құралдардың оқушыларға жақсы көрінуін қамтамасыз ету үшін демонстрациялық үстелді подиумға орнату қажет.

Физика кабинетінде демонстрациялық және оқу-зертханалық үстелдерді электр қуатымен, химия кабинетінде (сумен орталықтан жабдықтауда) сумен қамтамасыз ету қарастырылады.

Оқушы аймағында оқушыларға арналған сумен және электр қуатымен жабдықталған екiорындық зертханалық үстелдер (құрылғыларымен және құрылғыларсыз) (физика зертханасы) орнатылуы қажет.

Химия кабинеті мектеп бойынша денсаулыққа зиян газ тәріздес заттардың таралуын болдырмау үшін жоғарғы қабатта орналасуы тиіс. Кабинет қажет жағдайда оқушыларды эвакуация жасау үшін далаға шығу жолындағы сатының жанында орналасуы қажет.

Химия кабинетінде ауаны тазарту шкафы болуы тиіс. Тәжірибені өткізуде қолданатын химиялық реагенттер, қышқылдар мен сілтілерді маркерлермен белгілейді, арнайы сейфте жауапты тұлғаның бақылауымен сақтайды.

Биология кабинеті табиғаттың тірі объектілерін (өсімдіктер мен жануарларды) бақылау, тәжірибе өткізу, көрсету үшін жағдай жасайды.


Биология кабинетінде мұғалім мен оқушы орындары жиһазбен, су құбырымен, электр жабдықтарымен, қажет құралдармен, приборлармен жабдыкталады және санитарлық-гигиеналық, температура режимін сақтау талаптары сақталады.

Зертханалық жұмыстарға арналған оқу құралдары мен приборларын зертханада орналасқан секциондық шкафтарда сақтау қажет.

Биология кабинетінде оқытудың аудиобейне құралдарын көрсетуге арналған әртүрлі жабдықтаумен қатар табиғаттың тірі объектілерін бақылау, тәжірибе өткізу, демонстрациялау үшін жағдай жасалуы қажет.


Бірақ қазіргі уақытта мектептердің бәрі бірдей жаңа модификациялы оқу кабинеттерімен қамтамасыз етілмеген. ҰББСБО мәліметтері бойынша осындай кабинеттермен жабдықталған мектептердің үлесі елімізде әлі де төмен, шамамен 40-60%-ды, аймақтар мектептерінің бір қатарында аталған көрсеткіш тек қана 20-30%-ды құрайды.

Жаңа модификациялы физика кабинеттерімен тек 3071 мектеп жабдықталған. Бұл көрсеткіш мектептердің жалпы санының 56,3%-ын құрайды және Астана (80,9%) және Алматы (95,7%) қалаларында, сонымен қатар Ақтөбе облысында (80,8%) (99-сурет) жоғары екені байқалады.



Дереккөз: Астана және Алматы қалалық, облыстық білім басқармаларының деректері  
99-сурет – Жаңа модификациялы физика кабинеттері бар мектептер үлесі


Жаңа модификациялы химия кабинеттерімен елімізде тек 2552 мектеп жабдықталған. Бұл 40,1%-ды құрайды. Қазіргі заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген химия кабинеттері бар мектептердің басым үлесі Астана (79,4%) және Алматы (90,9%) қалаларында, сонымен қатар Батыс Қазақстан (68,3%), Маңғыстау (61,7%) және Атырау облыстарында (58,8%) орналасқан (100-сурет).



Дереккөз: Астана және Алматы қалалық, облыстық білім басқармаларының деректері

100-сурет – Жаңа модификациялы химия кабинеттері бар мектептер үлесі

Жаңа модификациялы биология кабинеттерімен 2687 мектеп жабдықталған, бұл, сәйкесінше, 42,3%-де құрайды. Жалпы алғанда, биология кабинеттерінің жақсы көрсеткіші Алматы (91,9%) қаласында, сонымен қатар Батыс Қазақстан (74,6%) және Атырау (70,3%) облыстарында байқалады (101-сурет).




Дереккөз: Астана және Алматы қалалық, облыстық білім басқармаларының деректері  
101-сурет – Жаңа модификациялы биология кабинеттері бар мектептер үлесі

Лингафондық мультимедиялық кабинет – бұл оқушылардың өзіндік жұмысы үшін аудиобейне әдісі арқылы оңтайлы жағдай жасайтын дыбыстық-техникалық проекциялау аппаратурасы кешенімен жабдықталған арнайы сынып [11].

Лингафондық мультимедиялық кабинеттің қазақ, орыс және шетел тілдерін меңгертуде және ауызекі сөйлеу тілін дамытуда мүмкіндігі шексіз. Лингафондық кабинет білім беру үдерісін ұйымдастыруда кең спектрлі қызметтерді орындайды:

- ақпараттық;
- үйрету және жаттықтыру;
- бақылау-түзету;
- коммуникативтік;
- оқу үдерісін басқару.

Лингафондық мультимедиялық кабинеттермен еліміздің 3789 (59,6%) мектебінде жабдықталған. Лингафондық мультимедиялық кабинеттері бар мектептердің басым бөлігі Маңғыстау (98,3%), Қызылорда (94,5%) және Атырау (85,2%) облыстарында байқалады (102-сурет).



Дереккөз: Астана және Алматы қалалық, облыстық білім басқармаларының деректері  
102-сурет – Лингафондық мультимедиялық кабинеттері бар мектептер үлесі

Оқу үдерісін ұйымдастырудың жоғары деңгейін қамтамасыз етудегі маңызды факторлардың бірі компьютерлендіру және жылдамдығы жоғары Интернетке қолжетімділікті қамтамасыз ету болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар біздің күнделікті өміріміздің ажыратылмас бөлігі болып табылады және адамзат іс-әрекетінің барлық салаларына біртіндеп енуде. АКТ-ны білім саласында қолдану оқу үдерісінің белсенділігін 3 есе арттыратыны, сонымен қатар оқыту сапасын 2-3 есе жақсартатыны дәлелденген.

Көптеген елдердің білім жүйесінің басым бағытының бірі оқушылардың инфокоммуникациялық құзыреттерінің қалыптасуында. Егер бір жағынан, оқушылардың аталған құзыреттерді игеруі уақыт талабы ретінде қарастырылса, екінші жағынан, бұл талап, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, әр түрлі білім салаларын интеграциялау үшін ресурстар мен техникалық құралдарды ұсына отырып, басқа оқу пәндерін оқытудың жаңа құралдары ретінде қарастырылуына байланысты туындайды (103-сурет).



Дереккөз: Астана және Алматы қалалық, облыстық білім басқармаларының деректері  
103-сурет – Кеңжолақты интернетке қосылған мектептер үлесі

Білім жүйесін дамыту стратегиясы барлық деңгейдегі білім ұйымдарының Интернет желісіне 100% қосылуын жоспарлайды.

Қорыта келе, ең бастысы, оқытудың сапасын қамтамасыз ететін жаңа модификациялы кабинеттер, біріншіден, өркениет талабына жауап бере алатындай деңгейге көтерілуі тиіс, екіншіден, білім үдерісінің сапасын қамтамасыз етуге тиісті қолдау, қаржылай көмек көрсетіп, жағдай жасау үшін жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігін арттыру қажет, үшіншіден, оқу кабинеттерінің сапасын теориялық және тәжірибелік тұрғыдан анықтайтын мониторинг жүйесін жасау керек. Осыған байланысты білім беру ұйымдарының ресурстық қамтамасыз етілу деңгейін анықтау және бағалау үшін төмендегі критерийлер мен көрсеткіштер ұсынылады (49-кесте).



49-кесте– Білім ұйымдарының ресурстық қамтамасыз етілуі

Критерийлер	Көрсеткіштер	Индикаторлар
Кадрлық ресурстар	Мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыру	1-11-сыныптар бойынша педагогикалық қызметкерлермен жабдықталуы (%)
		Жаңа МЖМБС бойынша курстық (деңгейлік) даярлаудан өткен педагогтер үлесі (% жалпы санынан)
		Стандартқа сәйкес жалпы білім беретін мектеп директорлары мен орынбасарларының біліктілік арттыру курсынан өтуі (саны)
	Мұғалімнің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігі	МЖМБС контексінде пәндер бойынша жұмыстық бағдарламаларды жасауға қатысуы (жалпы санынан %)
		МЖМБС контексінде сыныптан тыс жұмыс бойынша бағдарламаларды жасауға қатысу (жалпы санынан %)
		Қазіргі сабақты ұйымдастыру технологияларын игерген педагогтер (жобалау-зерттеу технологиялары, деңгейлік дифференциация технологиясы және басқасы) (жалпы санынан %)
		Оқушылардың жұмыстарын ұйымдастырудың белсенді әдістерін игерген педагогтер: топтар мен жұптарда, мобильдік топтарда, оқушымен жеке жұмыс жасау (жалпы санынан %)
	Білім алушылардың жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін игерген, оқушының «портфолиосын» пайдаланатын педагогтер (жалпы санынан %)	
	АКТ құзыреттерін меңгеру	Компьютерді жетік меңгерген педагогтер (коммуникацияның қазіргі құралдарын, мультимедиялық ақпараттық көздерін және т.б. қолданатын) (жалпы санынан %)
		Оқу үдерісінде АКТ құралдарын қолданатын педагогтер (интерактивтік тақта, оқытудың сандық ресурстары) (жалпы санынан %)
Оқушылардың электрондық күнделігін қолданатын педагогтер (жалпы санынан %)		
Оқу-әдістемелік ресурстар	Оқу үдерісінің оқулықтар мен бағдарламалармен қамтамасыз етілуі	МЖМБС-қа сәйкес 1-11 сыныптарға арналған оқулықтар мен оқу құралдарының болуы (қажеттісінің %)
		Стандартқа сәйкес оқу бағдарламаларымен қамтамасыз етілуі (қажеттісінің %)

	Қосымша әдебиеттер қорының болуы (кітапханада)	Анықтамалықтармен, сөздіктермен, энциклопедиялармен қамтамасыз етілуі (саны)
		Балалар көркем әдебиеттерімен қамтамасыз етілуі (саны)
	Сыныптан тыс жұмыстың бағдарламаларының болуы	Сыныптан тыс жұмыс бойынша авторлық бағдарламалармен қамтамасыз етілуі (саны)
	МЖМБС (еркін қолжетімділікте) енгізу бойынша әдістемелік әдебиеттер, нормативтік құжаттардың болуы	Құжаттар(саны): Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысымен бекітілген орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
		Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 179 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары
		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 97 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жаратқандыру нормаларын бекіту туралы» нормалары (09.07.2013 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
		<u>Әдістемелік әдебиеттердің болуы:</u> - пәндерді оқыту әдістемесі бойынша; - критериалды бағалау жүйесі бойынша; - сабақты ұйымдастыру бойынша және т.б.(саны)
Материалдық-техникалық ресурстар	Оқу ғимараттарының болуы	Педагогикалық қызметкерлердің автоматталған жұмыс орындары бар оқу кабинеттері (саны)
		Акт залы (саны)
		Оқу-зерттеу және жобалау іс-әрекетіне, модельдеу және техникалық шығармашылық сабақтарына арналған бөлмелер (саны)
		Оқу және сыныптан тыс жұмысты жүзеге асыру үшін қажет зертханалар мен

	шеберханалар (саны) Музыка және бейнелеу өнерімен айналысуға арналған бөлмелер (кабинеттер, шеберханалар, студиялар) (саны)
	Лингафон кабинеті (саны)
	Хореография залы (саны)
	Ойын, спорттық жабдықтар мен керек-жарақпен қамтылған спорт залы, стадион, спорт алаңдары, тир, (саны)
Оқу кабинеттерін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 97 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» нормаларына (09.07.2013 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) сәйкес жабдықтау	Бастауыш сынып кабинеті
	Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті (қажеттісінен %)
	Орыс тілі мен әдебиеті кабинеті (қажеттісінен %)
	Шетел тілдері кабинеті (қажеттісінен %)
	Математика кабинеті (қажеттісінен %)
	Физика кабинеті (қажеттісінен %)
	Химия кабинеті (қажеттісінен %)
	Информатика кабинеті (қажеттісінен %)
	Тарих кабинеті (қажеттісінен %)
	География кабинеті (қажеттісінен %)
	Биология кабинеті (қажеттісінен %)
	Музыка кабинеті (қажеттісінен %)
	Бейнелеу өнері кабинеті (қажеттісінен %)
Технология кабинеті (қажеттісінен %)	
Материалдық-техникалық базаның МЖМБС жүзеге асыруына сәйкес келуі	тамақтанудың санитарлық нормаларына сәйкестігі («+» көрсеткішінің болуы, – «-» болмауы)
	өртті болдырмау нормаларына ( «+» көрсеткішінің болуы, – «-» болмауы)
	қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігін сақтау нормаларына сәйкестігі ( «+», көрсеткішінің болуы– «-» болмауы)

## Қорытынды

Білім беру – «Қазақстан-2030» Стратегиясының маңызды ұзақ мерзімдік басымдықтарының бірі. Қазақстан қоғамының заманауи геосаяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайы, әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуі Қазақстан Республикасында орта білім беру жүйесін жаңғыртуды талап етіп отыр. Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ. Егеменді елдің жас жеткіншектерін қалай тәрбиелесек, қазақ елінің болашағы да соған байланысты болмақ. Сондықтан орта мектептегі білім мен тәрбиені дамытуымыз үшін бүгінгімізді байыптап, ертеңімізді жоспарлап отыру қажет. Қазақстандағы орта білімнің жағдайы мен болашағына талдау жасау осы мақсаттан туындап отыр.

Талдамалық жинақта Қазақстанда орта білім беруді дамыту әлемдік білім беру реформалары контексті тұрғысынан қарастырылған.

Заманауи білім саясатының басшылыққа алатын бағдарларының бірі білім сапасы болып табылады. Білім сапасы мемлекеттік деңгейде ғана емес, нақты білім беру ұйымы деңгейіндегі бағалау мазмұны болып табылады.

Талдамалық жинақты жазу барысында орта білімді дамытуға халықаралық және отандық озық тәжірибені енгізу үшін республиканың 16 аймағындағы оқыту сапасын және оқу-тәрбие үдерісін зерделеу, білім мазмұнын, оқыту әдістерін, оқулықтар мен оқу бағдарламаларының сапасын, оқу-әдістемелік және материалды-техникалық базаларын талдау, инновациялық педагогикалық технологиялардың енгізілу жағдайын зерделеу, педагогикалық кадрмен және ресурстық қамтамасыз етілу жағдайын талдау жұмыстары жасалды.

Қазақстандағы орта (бастауыш, негізгі және жалпы орта) білім: жағдайы, мәселелері және дамуының басым бағыттарын анықтау үшін халықаралық зерттеулер, ОЖСБ, ҰБТ нәтижелеріне сараптама жүргізілді. Мектептер мен аймақтарға ресурстарды үлестіру және білім беруді басқару қағидаларымен оқу жетістігі мониторингісінің нәтижесіне салыстырмалы сараптама жасалды. Сонымен қатар, қосымша білім беру, инклюзивті білім беру, шағын жинақты мектептер, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу және т.б. бойынша жүргізілген жұмыстар назарға алынып зерделенді.

Әлемдегі орта (бастауыш, негізгі және жалпы орта) білім беру жүйесіндегі әдіснаманың өзгеруі мен мазмұнның жаңару бағыттарын зерделей отырып, орта білімнің дамуының негізгі үрдістері анықталды: ізгілендіру, қоғамдандыру, демократияландыру, вариативтілік, интернационалдандыру, жаһандандыру, дифференциациялау, жаңғырту, аймақтандыру, үздіксіздік.

Орта білім беру жүйесінің көрсеткіштеріне талдау нәтижесі бойынша жыл сайынғы жалпы білім беретін мектептер желісі қысқарып (оның ішінде ауыл мектептері), керісінше оқушылар саны өсуінің оң өзгерістері анықталды. Бұл шағын жинақты мектептерді ірілендіру үдерісі есебінен болып отыр. Дегенмен, ауылдық жерлерде орналасқан мектептердің саны қала мектептеріне қарағанда басымырақ (3,3 есе артық), ал оқушылар санында айтарлықтай айырмашылықтар жоқ. Оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізілетін мектептер үлесі төмендеп (оның ішінде оқыту орыс тіліндегі мектептер), ал аралас тілдегі мектептер саны артып отыр.

Салыстырмалы талдаулар көрсеткендей алдыңғы жылдарға қарағанда елімізде шағын жинақты мектептер мен онда білім алатын оқушылар саны азайып келеді. Мұндай үрдіс шағын ауылды мекендердегі тұрғындардың аудандық поселкалар мен қалаға көшуіне байланысты. Материалды-техникалық базаның жабдықталмауы тиімді оқу үдерісін ұйымдастыруға және толыққанды жұмыс істеуіне кедергі келтіруде. Мектепте оқушылар саны аз болған сайын бір оқушыға бөлінетін шығын мөлшері, мектеп ғимаратын, қызметкерлердің еңбек ақысын қоса есептегенде көп болатынын тәжірибе көрсетті. Осыған орай ШЖМ шоғырландыру немесе жабу үдерісі шынайы қажеттілік болып отыр.

Талдамалық жинақта облыстық және қалалық білім басқармаларынан алынған ақпараттар мен мәліметтер негізінде инклюзивті білім беру бойынша салыстырмалы талдаулар жасалды. Жалпы білім беретін мектептерде арнайы жағдайларды қамтамасыз етудің онтайлы динамика үрдісі байқалады. Республикамыздағы инклюзивті білім беру жалпы білім беру жүйесіне мүмкіндіктері шектеулі балаларды қосу басымдылығына ие. Жалпы білім беретін мектептерде арнайы сыныптардың ашылуы, мүмкіндіктері шектеулі балаларға түзеу-педагогикалық қолдау оңалту орталықтарында, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінде, мектептердегі логопедиялық пунктарда жүзеге асырылуы анықталды. Республикамыздағы инклюзивті білім беру жағдайын зерделеу барысында алдыңғы жылдармен салыстырғанда инклюзивті біліммен қамтылған жалпы білім беретін мектептер саны артқандығын, арнайы сыныптардың азайғанын, инклюзивті сыныптардың артқандығын, инклюзивті біліммен қамтылған мүмкіндіктері шектеулі оқушылар санының артқандығын, инклюзивті білім беру саласында жұмыс істейтін арнайы педагогтер (логопед, сурдопедагог, тифлопедагог, олигофренопедагог) мен психологтар, инклюзивті білім беру курсынан өткен педагогтер санының аздап артқандығын көрсетті.

Оқу жылындағы статистикалық деректерді салыстырмалы талдау ауыл мектептеріндегі мұғалімдердің үлесі қала мектептеріне қарағанда артығырақ болғанымен, жоғары білімі бар және жоғары санатты ауыл мұғалімдерінің үлесі қала мұғалімдеріне қарағанда төмен екені, арнайы орта білімі бар педагогтер үлесінің артқаны анықталды. Дегенмен, қазақстандық мектептерде, шағын жинақты мектептерде педагогикалық кадрларға, яғни пән мұғалімдеріне, ерекше оқытуды қажет ететін балаларға білім беру қызметін көрсететін мамандарға қажеттіліктер жылдан жылға көбірек байқалуда.

Балаларға қосымша білім беру бойынша ұйымдардың контингенті мен желісін салыстырмалы талдау елімізде қосымша білім беру қызметін көрсететін әртүрлі ұйымдар желісінің түрлері (ауылдық және қалалық жерлерде) өскенін байқатты. Бұлардың қатарында балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы, экология және өлкетану орталықтары, оқу-әдістемелік және экологиялық орталықтар, аула клубтары, спорт және өнер мектептері, балалар сауықтыру лагерлері, балалар мен жасөспірімдердің арнайы олимпиадалық резерв мектептері т.б. ұйымдар. Соңғы үш жылда қосымша білім беру ұйымдары желісін кеңейту ауылдық жердегі балалардың қатысуын 51,5 мың адамға,

қалалық жерде 13,8 мың адамға өсуін қамтамасыз етті. Дегенмен, қосымша білім беру ұйымдарының инфра құрылымы әлсіз және мектептен тыс ұйымдарда балалардың қосымша біліммен қамтылуы төмен деңгейде. Қосымша білім беру ұйымдары педагог кадрларының сапалық құрамы туралы сараптамалық деректер көрсеткендей, жоғары педагогикалық білімі бар педагогтер үлесінің өсуі көрінгенмен, қосымша білім беру ұйымдары жұмыс жасайтын жалпы орта білімі бар педагогтер саны төмендеп отыр.

Талдамалық жинақта әлемдік білім беру кеңістігіне енудің мемлекеттік саясатын ескеріп, Қазақстандағы білім беру жүйесінің заманауи даму деңгейінде қызмет атқарып жатқан білім беру ұйымдарының жаңа үлгілері халықаралық мектептердің, атап айтқанда Қазақ-Түрік лицейлері, «Мирас» халықаралық мектебі, «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, Астанадағы *Heileybury* мектебі және Алматыдағы *Heileybury* мектебі оқу орындарындағы басқарудың, басшылық ету, бақылау жүргізу жолдарының және білім беру үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктері көрсетілген. Талдау нәтижесінде халықаралық мектептерде тілдік дағдылар сөйлеу әрекетінің төрт түрінің дамытылуы, үштілдік саясаттың жүзеге асырылуы, оқу пәндерінің кіріктіріліп оқытылуы, оқушының дамуын шынайы бағалау мақсатында оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі қолданылуы анықталды.

Орта білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудегі Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, үлгілік оқу жоспарлары, оқу бағдарламалары, оқулық және оқу-әдістемелік кешендері, сандық білім беру ресурстарының жүзеге асырылу кезеңдеріне, олардың құрылымы мен мазмұндық ерекшеліктеріне, өзгертулер мен толықтыруларға салыстырмалы талдаулар жасалды. Экономикалық Ынтымақтастық және Даму Ұйымдарының 2014 жылғы өткізген зерттеулері қорытындысын есепке ала отырып, мектептегі оқу бағдарламалары мен оқу материалдарының күрделілігі және олардың білім мазмұнының заманауи талаптарға сәйкес келмеуі, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға толыққанды мүмкіндік бермеуі, академиялық пәндерге артық жүктеме берілуі, теорияға шамадан тыс ерекше назар аударылуы, үлгермейтін балаларға қол жетімсіздігі, жоғары сынып оқушыларына шағын пәндерді тереңдетіп оқытуды қамтамасыз етудің және пәндерді таңдау еркіндігін берудің қажеттілігі анықталды.

Орта білім деңгейлері бойынша білім алушылардың оқу жетістігінің мониторингісі бойынша ұлттық бағалау жүйесінің (пәндер бойынша облыс бөлісінде ОЖСБ, ҰБТ) нәтижелеріне және *PISA-2015*, *TIMSS-2015* халықаралық салыстырмалы зерттеулері мен *PIRLS-2016* апробациялық зерттеуіне қатысу дәрежелеріне талдаулар жасалды.

Жинақта бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру деңгейлерінде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудағы тәжірибелер мен иновацияларға талдаулар жасалып, жалпы білім беретін мектептерде қолданыстағы педагогикалық технологиялардың тиімділігі, Қазақстанның халықаралық мектептердің оқу-тәрбие үдерісінде қолданыстағы жаңаша инновациялық технологиялар мен әдістемелер көрсетілді.

Сонымен бірге, жаңа форматтағы мұғалімнің мәртебесі және құзыреттілігі

бойынша мұғалімнің біліктілігіне қойылатын талаптар тұжырымдалып, мұғалімдердің біліктілігін жетілдірудің жаңа жүйесі бойынша «НЗМ» ДББҰ ПШО мен «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ-да ұйымдастырылып өтіп жатқан деңгейлік бағдарламалардың (3 айлық деңгейлік курстар) артықшылық жақтары көрсетілді. Сараптама барысында Республика бойынша III (базалық) деңгей бойынша өткен мұғалімдердің саны I, II деңгейлерге қарағанда әлдеқайда көп екені анықталды және деңгейлік курстардан өткен мұғалімдердің орта жасы 41 жас екені байқалды. Бұл өз кезегінде жаңа тұрпатты мұғалімнің қалыптасуына үлкен ықпал ететіні сөзсіз. Аталған үш айлық курс мұғалімнің дәстүрлі педагогикалық ойлауын өзгертуге және басқа мұғалімдер арасында оқытудың жаңа тәсілін насихаттауға қабілетті мұғалімдердің «сыни массасын» қалыптастыруға бағытталғанын көрсетті.

Заманауи мектепті ресурстық қамтамасыз ету бойынша, яғни білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базалары мен оқу-әдістемелік қорының жай-күйі зерделеніп, жалпы білім беретін мектептер жаңа модификациялы оқу кабинеттерімен, лингафондық мультимедиялық кабинеттермен, кеңжолалық интернетпен қамтамасыз етілуі төмен деңгейде болуы анықталды. Білім беру ұйымдарының ресурстық қамтамасыз етілу деңгейін анықтау және бағалау үшін критерийлер мен көрсеткіштер тұжырымдалды.

Сонымен, республиканың 16 аймағындағы оқыту сапасын және оқу-тәрбие үдерісін зерделеу барысында республиканың орта білім беру жүйесін одан әрі дамыту мақсатында келесідей ұсынымдар жасалды:

*Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету бойынша:*

- «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДБҰҰ тәжірибесі негізінде жалпы орта білім берудің мазмұнын жаңарту жұмыстарын жандандыру;
- оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында оқулықтар мен ОӘК, оқу бағдарламаларының мазмұнын жаңарту;
- ГИК, PISA, TIMSS халықаралық салыстырмалы зерттеулерде қазақстандық мектеп оқушыларының көрсеткіштерін көтеру мақсатында білім беру ұйымдарына әдістемелік көмек көрсету жұмыстарын жалғастыру;
- оқыту барысында мәселелерді анықтау үшін пән мұғалімдерінің әдістемелік бірлестіктері отырыстарында халықаралық зерттеулер, БЖСБ, ҰБТ нәтижелеріне сараптама жүргізуді жандандыру;
- оқытуды қызметтік, практикалық-бағдарланған қатынастарға, дағды қалыптастыруға бағдарлау;
- тұлғалық-бағдарланған тәсілдерді даралау мен іске асыруды қамтамасыз ететін оқытуды бейіндеуді күшейту;
- жалпы орта білім мазмұнын жаңарту бойынша оқушылардың оқу жетістігін бағалау үшін критериалды бағалау жүйесін енгізу мен әдістемелік нұсқауларды әзірлеуді қамтамасыз ету;
- «Мәңгілік Ел» Ұлттық идеясын жүзеге асыру аясында мектептерде мақсатты түрде тәрбие жұмыстарын, барлық оқу пәндерінің тәрбиелік мәнін күшейту;

– «Мәңгілік Ел» біріктіруші жалпыұлттық идеясының негізінде қазақстандық өзіндік сананы және мәдени бірлікті қалыптастыру бойынша жұмысты күшейту;

– мектеп оқушыларының қажеттілігі мен қызығушылығын толығымен қанағаттандыру үшін арнаулы білім жүйесінде шығармашылық қызметтің түрлерін кеңейту, соның ішінде ғылыми-техникалық бірлестіктер, оқу-зерттеушілік бағыттарын дамыту;

– Қазақстанның халықаралық мектептері оқу-тәрбие үдерістерінде іске асырылған әдістемелер мен инновациялық технологияларды қолдану тәжірибелерін барлық жалпы орта білім беру ұйымдарына тарату;

– педагогтардың білімге қажеттілігін өзектендіру үшін біліктілікті көтеру жүйесінде әдістемелік қызметтің іс-әрекетін, педагогикалық қызметкерлерді курсаралық және курстан кейінгі сүйемелдеуін, білім бағдарламаларын игерудің нәтижелік сараптамасын, білім беру ұйымдарында инновациялық тәжірибелерді енгізу мен таратуды күшейту.

*Ресурстық қамтамасыз ету бойынша:*

– жалпы білім беру мектептерінің материалдық базасын, соның ішінде ауылдық мектептердің және мектептен тыс ұйымдардың инфрақұрылымын жаңғырту;

– жаңа модификациялы оқу кабинеттерімен, лингафондық мультимедиялық кабинеттермен, кеңжолақты интернетпен қамтамасыз ету үлесін арттыру;

– жалпы білім беретін мектеп педагогтерінің қызметтерін ынталандыру, оларды іріктеу және нәтижесін бағалау механизмін жасау;

– білікті мамандар әлеуетін сақтап қалуға және білім беру жүйесін тұтастай дамыта отырып, өзінің білім деңгейін көтеруде педагогтерді уәждеуге мүмкіндік беретін аттестаттау рәсімін өткізу механизмін жетілдіру;

– білім беру үдерістерін топтау үшін жеткілікті уақытты ұсыну мақсатында есеп беру көлемі, жүктеме, төлем қағидаларын қайта қарау, мұғалімдердің жұмысын оңтайландыру;

– мектептік білім берудің кадрлық әлеуетін күшейту, үш деңгейлі Кембридж жүйесі мен қысқа мерзімді курстар бойынша біліктілігін арттыру курстарын жандандыру;

– орта білім беру саласына озық педагогикалық тәжірибені тарату мақсатында жалпы білім беру мен Назарбаев Зияткерлік мектептері арасындағы байланысты нығайту;

– білім беруді ақпараттандыру, электрондық оқытуды және оқытудың инновациялық технологияларын, сонымен бірге *Lesson Study* әдісін, көшбасшылықты кең көлемде пайдалану;

– орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерін қайта даярлау курсынан сатылай өтуін қамтамасыз ету.

*Инклюзивті білім беруді дамыту бойынша:*

– инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына



мақсатты бағытталған көмек ұйымдастыру;

- қайта даярлау бойынша инклюзивті курстар санын арттыру;
- арнайы педагогика және арнайы психология саласында педагогтердің құзыреттілігін арттыру;

- оқушыларды және әртүрлі санаттағы ерекше оқытуды қажет ететін тұлғаларды қамту сапасын жақсарту;

- арнаулы және инклюзивтік білім беруді дамытуды оқу-әдістемелік және нормативтік-құқықтық тұжырымдамалық жетілдіру;

- инклюзивті білім беру жүйесінде психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру үшін мамандардың (сурдопедагогтың, тифлопедагогтың, олигофренопедагогтың) мөлшерлемесін енгізу.

*Қосымша білім беруді дамыту бойынша:*

- қосымша білім беруді жетілдіру және қолжетімділікті ұлғайту;
- мектептерді басқаруды жетілдіру және балаларға қосымша білім беру жүйесінің сапасын арттыру;

- қосымша білім беруде әсіресе, әлеуметтік аз қамтылған, девиантты мінез-құлыққа бейім балаларды қамту;

- жаңа буын бағдарламаларын жасау, қосымша білім беру мазмұнын жаңарту, көптілді (үш тілде) білім беруді дамыту;

- балалардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағдарланған, балаларға қосымша білім беру жүйесінің бағыттары бойынша бағдарламалық-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету жұмыстарын жандандыру;

- қосымша білім берудің ресурстық орталықтары ретінде қолданыстағы мектептен тыс ұйымдарды, қосымша білім беру ұйымдары педагогтері мен мектеп мұғалімдерінің кадрлық әлеуетін тарту арқылы қызығушылықтары бойынша мектеп үйірмелерін ашу үшін пайдалану;

- қосымша білім беретін пәндерден колледждер мен педагогикалық жоғары оқу орындарында педагогтер даярлау бойынша Үлгілік жоспарларын енгізу;

- білім беру ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігі, қосымша білім беру сапасын бағалау критерийлері мен өлшемдерін жасау;

- ата-аналарға және педагогтерге көмек ретінде қосымша білім беру бағыттары бойынша балаларға жас ерекшеліктерін ескере жинақтар, нұсқау, бағдарлама, әдістемелік құралдарды енгізу және тарату, әзірлеу: көркемдік-эстетикалық, музыкалық, ғылыми-техникалық, туристік-өлкетанулық, биологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, әскери-патриоттық т.б.

*Шағын жинақты мектепті дамыту бойынша:*

- интернаттық ұйымның альтернативасы ретінде мектептен алыста тұратын облыстағы балалар үшін интернат желісін ұлғайту;

- оқыту мен тәрбиелеу сапасын арттыру бойынша шағын жинақты мектептерге, ресурстық (тірек) орталықтарға әдістемелік көмек көрсету жұмыстарын жандандыру;

- жас мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсетуді күшейту, сондай-ақ

облыстық ресурстық орталықтарда ШЖМ-нің оқушыларының нәтижелерін және үздік мұғалімдердің жұмыс тәжірибесін тарату;

- облыстық білім басқармасына және «Өрлеу» АҚ облыстық филиалында біріктірілген сыныптар да сабақ өткізу әдістемесі бойынша қысқы және жазғы каникулдар арасында біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру;

- мұғалімдерді 2 пән (пәндердің бағыты) бойынша бір жылдық біліктілігін арттыру курстарында қайта даярлауды ұйымдастыру;

- педагогикалық жоғары оқу орындарына ауылдағы шағын жинақты мектеппен (шығу семинарларын, он-лайн режимінде конференциялар, шығармашылық-сыныбын, дөңгелек үстелдерге) ынтымақтастық бағдарлама әзірлеу және оны жүзеге асыру;

- оқушылардың әлеуметтенуін, алдын ала кәсіби бағдарын және бейіндік оқытуды жүзеге асыруда ұйымдастырушылықты жақсарту, кадрлар және ресурстармен қамтамасыз ету;

- аралас мамандықтар бойынша жоғары білікті педагогикалық кадрларды көп салалы мамандықтарды дайындау жүзеге асыру;

- ШЖМ дамытуға педагогикалық мамандықтары бар жоғарғы оқу орындарының оқу жоспарына элективтік пәндер және арнайы курстар енгізу.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» // Казахстанская правда. 17 қаңтар 2014.
- 2 Назарбаев Н.Ә. Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай жиырма қадам // Казахстанская правда, 10 шілде 2012.
- 3 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығы. – Астана. 2010 ж.
- 4 Шаймуханова С.Д., Кенжебаева З.С. Модернизация образования республики казахстан: состояние и перспективы развития // Успехи современного естествознания. – 2014. – № 5 (1). – С. 174-178.
- 5 Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация. – М.: Когито-Центр, 2002. – 396 с.
- 6 Эдгар Фор. Учиться быть // Всемирный доклад ЮНЕСКО. Париж: ЮНЕСКО, 1972 г.
- 7 «Дакарские рамки действий, Образование для всех» (ОДВ) // Всемирный форум по образованию. Дакар. 2000 г.
- 8 Эйхельбаум де Бабини А.М. Сходства и различия в развитии современных моделей образования // Перспективы: вопросы образования. Париж: ЮНЕСКО, 1992. №4. -С. 51, 53.
- 9 Купцов О.В. Непрерывное образование его структура. // Высшее образование в Европе. Том XVI. №1, 1991. -С. 29-30.
- 10 Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің жағдайы мен дамуы туралы ұлттық баяндама, 2013. – Астана: ҰБСБО, 2013 ж.
- 11 Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің жағдайы мен дамуы туралы ұлттық баяндама, 2014 жыл. – Астана: ҰБСБО, 2013 ж.
- 12 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III. «Білім туралы» Заңы// Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің сайты: URL: <http://www.edu.gov.kz/>
- 13 Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері (жоба).
- 14 Республикалық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес берудің 2015 жылғы 1 қаңтарға берген мәліметтері негізінде.
- 15 Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары // Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 25 ақпандағы № 61 бұйрығы.
- 16 Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды) (2011 жылғы 2 ақпандағы өзгертілген және толықтырылған нұсқасы).
- 17 Понс А., Аморосо Д., Херчински Я., Хейфец И., Локхид М., Сантьяго П. Обзор политики по улучшению эффективности использования ресурсов в школах. Казахстан. 2015, - 236 с.
- 18 АО «Информационно-аналитический центр» (ИАЦ). (2014), Обзор

ОЭСР «Политика повышения эффективности использования ресурсов в школах: страновой базовый доклад по Казахстану».

19 Васильев В.П. Командно-коллегиальное управление школой как фактор качества образования: / Дис.... канд. пед. наук: 13.00.01: -Великий Новгород, 2004. - 149 с. РГБ ОД, 61:05-13/901 <http://www.lib.ua-ru.net/>

20 Білім беру ұйымының қамқоршылық кеңесі қызметі және оны сайлау тәртібі туралы үлгі ережелер 22 қазан 2007 жыл № 501. Дереккөз: <http://adilet.zan.kz>

21 Материалы республиканского семинара-совещания «Актуальные вопросы деятельности попечительских советов общеобразовательных школ республики». г. Петропавловск. – 2012. – 24 февраля. // [www.edu-sko.kz](http://www.edu-sko.kz)

22 Попечительский совет НПО «Школа самоопределения». INTERNET: [news.1september/fep/ps/sprav.html](http://news.1september/fep/ps/sprav.html)

23 Теоретико-методологические основы создания образовательных стандартов 12-летней школы в контексте обновления содержания образования: Научно-исследовательской работа. – Астана: НАО им. И. Алтынсарина, 2014. – 112 с.

24 Научно-методическое обеспечение полиязычного образования в системе средней и высшей школы: Научно-исследовательской работа. – Астана: НАО им. И. Алтынсарина, 2014. – 90 с.

25 Научно-методические основы информатизации системы среднего образования в контексте инновационного развития общества: Научно-исследовательской работа. – Астана: НАО им. И. Алтынсарина, 2014. – 103 с.

26 Научно-методологические основы формирования экологической культуры учащихся в условиях модернизации системы среднего образования: Научно-исследовательской работа. – Астана: НАО им. И. Алтынсарина, 2014. – 60 с.

27 Дидактические основы интеграции содержания среднего, технического и профессионального, послесреднего, высшего образования: Научно-исследовательской работа. – Астана: НАО им. И. Алтынсарина, 2014. – 109 с.

28 Психолого-педагогические основы духовно-нравственного развития личности в этнокультурном пространстве: Научно-исследовательской работа. – Астана: НАО им. И. Алтынсарина, 2014. – 94 с.

29 Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты ҚР Үкіметінің 23.08. 2012 жылғы № 1080 қаулысы. – Астана.

30 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім) // Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 09.07. 2010 жылғы № 367 бұйрығымен бекітілген және енгізілген. - Астана, 2010. – 16 б.

31 Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығы. – 1176 б.

32 Обзор политики по улучшению эффективности использования ресурсов

в школах Казахстана. – Астана: ОЭСР и Международный банк реконструкции и развития // Всемирный банк, 2015 г. – 236 с.

33 Мониторинг апробации цифровых образовательных ресурсов по истории Казахстана для 11 класса на русском языке в пилотных школах. – Алматы: АО «НЦИ», 2012. – 24 с.

34 Қазақстан тарихы бойынша 5-сыныпқа арналған қазақ тіліндегі сандық білім беру ресурстарды пилоттық мектептерде сынақтан өткізу сараптамасы. – Алматы: «ҰАО» АҚ, 2012. – 36 б.

35 Анализ результатов внешней оценки учебных достижений учащихся 9 классов (ВОУД-2015). Аналитический сборник. / Л. Забара, Д. Ташибаева, Г. Ногайбаева. - Астана: АО ИАЦ, 2015. - 64 с.

36 Анализ результатов единого национального тестирования (ЕНТ-2014). Аналитический сборник. / Г. Кусиденова, А. Алина. - Астана: НЦОСО, 2014. – 70 с.

37 TIMSS халықаралық зерттеуі. Әдістемелік құрал – Астана, 2012, ҰББСБО. - 77 б.

38 Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. -М.: 1989. – 225 с.

39 Савельев А.Я. Проблемы автоматизации обучения // Вопросы психологии. 1986, №2. –С. 11-20.

40 Бабанский Ю.К. Методы обучения в современной общеобразовательной школе. – М.: Просвещение, 1985. - 208 с.

41 Модульдік оқытудың тиімділігі [Мәтін] / Бейсенбаева З. // Ұлағат. 2007. №2. - Б. 23-29.

42 Жампейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. - Алматы. 2006. -С. 105-134.

43 Қараев Ж.А., Көбдікова Ж.У. Технологиялық тәсіл негізінде педагогикалық жүйені жаңартудың өзекті проблемалары. - Алматы, Жазушы, 2005. - 200 б.

44 Studfiles файловый архив для студентов // [www.studfiles.ru](http://www.studfiles.ru)

45 Стратегия развития автономной организации образования «Назарбаев интеллектуальные школы» до 2020 года. Утверждена решением Высшего Попечительского совета АОО НИШ 18 апреля 2013 года.

46 «Мирас» халықаралық мектебінің сайты // <http://www.miras.kz>

47 Қазақ-түрік халықаралық қоғамдық қоры сайты // [https://vk.com/katev\\_edu](https://vk.com/katev_edu)

48 Нұрорда халықаралық мектебі сайты // <http://www.nurorda.kz>

49 Ұстаздар сайты // <http://u-s.kz/>

50 «Ғылым және оқу пәні ретінде педагогика тарихы пәні, міндеттері және зерттеу әдістері» [Электрондық ресурс] [add.coolreferat.com/docs/index](http://add.coolreferat.com/docs/index).

51 Мен – жаңа форматтағы педагогпын [Электрондық ресурс] [multiurok.ru/guli-1986/blog/mien](http://multiurok.ru/guli-1986/blog/mien).

52 Назарбаев Н.Ә. Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері // <http://adilet.zan.kz/>.

53 Миразова А. Мұғалім беделі – білім сапасының кепілі // Ана тілі. № 26.

2015.

54 Педагог кадрлардың біліктілігін арттырудың жаңа жүйесі қалай іске асырылуда. // Білім берудегі менеджмент. №3. 2014. – Б. 29-32.

55 Абай. –Алматы, 1995, 2-том, - 198 б.

## Мазмұны

	Кіріспе.....	3
1	Әлемдегі орта (бастауыш, негізгі және жалпы орта) білімнің дамуының негізгі үрдістері: әдіснаманың өзгеруі және мазмұнның жаңаруы.....	6
2	Қазақстандағы орта (бастауыш, негізгі және жалпы орта) білім: жағдайы, мәселелері және дамуының басым бағыттары.....	17
3	Орта білім жүйесіндегі менеджментке заманауи көзқарас.....	90
4	Мектептегі білім беру үдерісіне ғылыми-әдістемелік тұрғыдан көмек көрсету.....	111
5	Орта білім деңгейлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің мониторингі: ұлттық бағалау жүйесінің және халықаралық салыстырмалы зерттеулердің қорытындысы.....	137
6	Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру деңгейлеріндегі оқу-тәрбие үдерісі: тәжірибелер және инновациялар.....	168
7	Жаңа форматтағы мұғалім: мәртебесі және құзыреттілігі.....	187
8	Заманауи мектепті ресурстық қамтамасыз ету: талдау және жаңа көзқарас.....	202
	Қорытынды.....	212
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	219

**Қазақстандағы орта білім: жағдайы және болашағы**

**Талдамалық жинақ**

Басуға 07.08. 2015 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.

Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.

Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 14,0.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
«Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» РМҚК  
010000, Астана қ., Орынбор көшесі 4, «Алтын Орда» БО, 15-қабат